

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И  
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ 80 жылдығына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған *«II Абылайхан оқулары»* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы  
14 сәуір 2021 ж.



Сборник материалов международной научно-практической конференции *«II Абылайханские чтения»*, посвященная 30-летию Независимости Республики Казахстан, 80-летию КазУМОиМЯ им. Абылай хана и реализации программы «Рухани жаңғыру»  
14 апреля 2021 г.



Proceedings of the International Scientific and Practical Conference *«II Ablai Khan Readings»* dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, the 80th anniversary of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages and the implementation of the "Rukhani Zhangyru" program  
April 14, 2021



Алматы, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И  
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND  
WORLD LANGUAGES**



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ 80 жылдығына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған **«II Абылайхан оқулары»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы  
14 сәуір 2021

Сборник материалов международной научно-практической конференции **«II Абылайханские чтения»**, посвященная 30-летию Независимости Республики Казахстан, 80-летию КазУМОиМЯ им. Абылай хана и реализации программы «Рухани жаңғыру»  
14 апреля 2021

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference **«II Ablai Khan Readings»** dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, the 80th anniversary of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages and the implementation of the “Rukhani Zhangyru” program  
April 14, 2021

УДК 323 (574)  
ББК 66.5 (5 Каз)  
В 87

*Рекомендовано к изданию Ученым Советом Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана  
(Протокол № 9 от 28 апреля 2021г.)*

**Главный редактор**

**Кунанбаева С.С.**

*Ректор КазУМОиМЯ им.Абылай хана,  
Академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор*

**Ответственные редакторы**

**Успанова У.М.**

*Проректор по научной и инновационной деятельности  
КазУМОиМЯ им.Абылай хана, д.э.н., профессор*

**Сережкина Т.В.**

*Проректор по воспитательной и социальной работе  
КазУМОиМЯ им.Абылай хана, к.филос.н., доцент*

**Шайморданова З.Д.**

*д.ист.н., профессор, КазУМОиМЯ им.Абылай хана*

**Члены редакционной коллегии**

**Әбжанов Х.М.,** ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор

**Самедов С.А.,** д.и.н., профессор, РАНХиГС при Президенте РФ, Москва, Россия  
**Алзахкуй Вандан,** д.и.н., профессор, Советник МОН Монголии

**Хайруллаева В.Х.** – к.филос.н., профессор

**Чатыбекова К.К.** - д.ист.н., профессор, КазУМОиМЯ им.Абылай хана

**Ауелгазина Т.К.** – д.полит.н., доцент, КазУМОиМЯ им.Абылай хана

**Карабаева З.М.** - к.ист.н., доцент, КазУМОиМЯ им.Абылай хана

**Әлі Б.К.** - к.соц.н., КазУМОиМЯ им.Абылай хана

**Маулен А.** – магистр, КазУМОиМЯ им.Абылай хана

В 87 «II Абылайханские чтения», посвященные 30-летию Независимости Республики Казахстан, 80-летию КазУМОиМЯ им. Абылай хана и реализации программы «Рухани жаңғыру»: Сборник материалов международной научно-практической online-конференции (14 апреля 2021г.) – Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана. Издательство «Полилингва». – 2021. – 246 стр.

**ISBN 978-601-270-472-3**

В сборник международной научно-практической конференции «II Абылайханские чтения», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан, 80-летию КазУМОиМЯ им. Абылай хана и реализации программы «Рухани жаңғыру» включены статьи зарубежных ученых, ученых научно-исследовательских институтов, преподавателей высших учебных заведений, студентов, магистрантов и докторантов.

Издание рассчитано на историков, студентов, магистрантов и преподавателей вузов. Все материалы опубликованы в предложенном авторами варианте.

УДК 323 (574)  
ББК 66.5 (5 Каз)

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ / PLENARY SESSION

## АЛҒЫ СӨЗ / ПРЕДИСЛОВИЕ

**Кунанбаева С.С.**, Ректор КазУМОиМЯ им.Абылай хана,  
Академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор

**Уважаемые участники и гости конференции!**

Мы рады приветствовать Вас на онлайн международной научно-практической конференции!

Мы живем в сложное, но интересное время, наполненное событиями и делами, несмотря на COVID-19. Заявленные темы конференции «30-летие Независимости Республики Казахстан», «80-летие КазУМОиМЯ им. Абылай хана» и реализация программы «Рухани жаңғыру» удивительным образом коррелируются друг с другом и взаимосвязаны.

Абылай хан, чье имя носит наш университет и который в этом году отмечает свой юбилей, мечтал сохранить суверенное государство казахов. И его мечта сбылась в условиях независимости Республики Казахстан. Геополитическая ситуация XVIII века, ознаменованная острой борьбой за раздел мира, формулировала вопрос о степени противостояния казахского общества общемировой трансформации. Поднятый в 1771 г. на белой кошке в святом Туркестане Абылай хан продолжал реализацию своих политических планов в интересах народа, прилагая усилия по защите территории Казахстана. Его государственно-политическая деятельность прошла в постоянной борьбе за сохранение территориальной целостности страны.

«Абылай хан – герой национальной истории Казахстана XVIII века. Имя Абылая стало достоянием отечественной и мировой истории с того момента, как произошла решающая для судьбы казахского народа – Аныракайская битва. ...Аныракай стал символом вступления Казахстана в новую эпоху мирохозяйственных и международных отношений», - сказал уважаемый Абжанов Хангельды Махмудович, Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, присутствующий на сегодняшней конференции.

Новая эпоха, новое время для Казахстана наступило 30 лет назад, когда Казахстан стал независимым государством. И подрастающее поколение должно стать символом Казахстана, но уже новой эпохи, нового десятилетия независимости страны XXI века. Подрастающее поколение должно усвоить эту историческую память и через историческую память развивать национальное самосознание.

И программа «Рухани жаңғыру» задала вектор духовного возрождения казахстанцев, что дает основания для принятия и реализации определенных мероприятий с тем, чтобы не растерять свою национальную идентичность и найти общие ценности.

Сегодня мы находимся на пороге четвертого десятилетия нашей независимости, когда акцент делается на качественное образование и его доступности, на знание английского языка, для того чтобы влиться в мировое информационное пространство. Это время, когда новое поколение может реализовать свои идеи и планы на основе полученных в университет компетенций, адаптированных к вызовам времени. Университет, пройдя путь от учительского института, стал современным вузом: широкий спектр социально-гуманитарных наук и образовательных программ, высококвалифицированный преподавательский состав, современные образовательные технологии, в том числе в условиях он-лайн обучения, развитие фундаментальной и прикладной науки, интеграция в международное образовательное и научное сообщество. И эти факты стали возможными благодаря независимости Республики Казахстан.

Сегодня мы с гордостью говорим, что по реализации программ иноязычного образования Университет стал ведущим ВУЗом в Казахстане и Центральной Азии по развитию и обеспечению иноязычной подготовки и переподготовке преподавательских кадров.

Сегодня наши выпускники работают в государственных и международных структурах, посольствах РК, составляют ядро дипломатического корпуса Республики Казахстан. Они работают в транснациональных корпорациях и больших международных компаниях, генеральными директорами и директор ассоциаций, объединений и т.д.

Уважаемые гости и участники конференции!

В работе международной конференции принимают участие специалисты из Монголии, России, Франции с широким охватом исследователей и студентов и магистрантов из разных вузов Казахстана.

Научного поиска, творческого обмена идеями, опытом и научного поиска!

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ  
«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ» ҰЛЫҚТАЛУЫ**

**Шашаев Ә.Қ.**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология  
институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

**Аннотация.** Бұл мақалада, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы міндеттер мен оның орындалу барысына талдау жасалады. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтына мемлекеттік тапсырма ретінде бағдарламалық мақалада айтылған «Ұлы даланың ұлы есімдері» энциклопедиялық оқу-ағарту саябағының Тұжырымдамасын жасау тапсырылғандығы және оны жүзеге асыру барысы осы мақалада жүйелі түрде баяндалады. Тәуелсіз Қазақстанның рухани тірегі боларлық бұл бағдарлама, жастардың отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымын қалыптастыруға және тарихи санасын қалыптастыруға зор үлесін қосады. Мақаланың негізгі өзегі осы арнада өрбіп, иллюстрациялық суреттермен де безендірілген.

**Түйін сөздер.** Рухани жаңғыру, Ұлы даланың жеті қыры, ұлы есімдер, тарих, оқу, ағарту.

**INAUGURATION OF THE «GREAT PERSONALITIES OF THE  
GREAT STEPPE» WITHIN THE FRAMEWORK  
OF SPIRITUAL MODERNIZATION**

**Shashayev A.K.**

Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
candidate on history,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

**Annotation.** This article will analyze the tasks and the progress of their implementation in the program of the Elbasy “Rukhani Zhangyru” and the program article “Seven Facets of the Great Steppe”. The Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov, as a state task, was instructed to develop the Concept of the encyclopedic educational park “Great Names of the Great Steppe”, set out in the program article, and the progress of its implementation will be systematically covered in this article.

This program, which has become the spiritual foundation of independent Kazakhstan, makes a great contribution to the formation of patriotism and citizenship and the formation of the historical consciousness of young people. The main part of the article is developed against this background and is decorated with illustrative materials.

**Keywords.** Spiritual modernization, the Great Steppe, seven facets, Great Names, history, reading, enlightenment.


Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмасын орындау мақсатында «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын жүзеге асыру бойынша іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қай кезеңде болмасын, тарихын түгендеп, оның тәжірибесіне жүгінген мемлекет ұлы тұлғаларын әспеттеген, себебі, өткенің осы тұлғалардың қызметі арқылы зерделенеді. Өйткені, қоғам тарихында басты рөлді ұлы тұлғалар атқарған. Тарихтан белгілі, әрбір халық үшін өзінің дана, отансүйгіш, елжанды, өр мінезді, алып тұлғалы перзенттерінің үлгісі маңызды. Халықтың халық болуы, мемлекеттілігі, тарихы мен мәдениеті, өнері мен өнегесі озық көшбасшылардың қызметінің арқасында қалыптасады.

Ұлы тұлғалар – өздерінің мәдени-ғылыми, рухани-әлеуметтік басымдылықтары арқылы тарихтың сан алуан белестерінде ел мен жердің қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандырып, оның дамуына айтарлықтай үлес қосқан, атқарған қызметі өз өлкесінің аясынан шығып, әртүрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдерде бүкіл қазақ даласына танымал болған адамдар.

Ұлы даланың ұлы есімдері мәселесіне Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында тоқталған болатын. Мақалада өткен дәуірлердегі дүние жүзіне белгілі тұлғалар (Ескендір Зұлқарнайын, Конфуций, Шекспир, Гете және т.б.) бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр делінген [1]. Елбасы «Ұлы дала тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» деп, Қазақ хандығы, Түркі қағандықтары, мұсылман Шығысының мемлекеттерінің (әз-Тәуке мен Абылай, Күлтегін мен Бейбарыс, және т.б.) атақты қайраткерлерін ерекше атап көрсетеді. Тағы бір тамаша жетістік, Елбасымыздың Мысыр мен Сирияға ресми сапары барысында Дамаскіде әл-Фараби кесенесі мен тарихи-мәдени орталығының салынуы, Сұлтан Әз-Захир Бейбарыс кесенесін және Каирдегі Сұлтан Әз-Захир Бейбарыс мешітін қалпына келтіру туралы келісімге қол қойылғандығы. Сол секілді әл-Фарабидің –1150, Абай Құнанбаевтың -175, Алтын Орданың – 750 жылдық мерейтойлары да халықаралық деңгейде атап өтілмек [2].

Алдыңғы жылдың басында Алматы қаласында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмасын орындау мақсатында «Ұлы даланың ұлы есімдері: зерттеудің методологиялық әдістері» атты республикалық «Дөңгелек үстел» өткізген едік. «Дөңгелек үстел» мақсаты – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырманы іске асыру аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын орындау шеңберінде ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың жалпы әдіснамалық тәсілдерін әзірлеу, «Ұлы даланың ұлы есімдері» оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын құру тұжырымдамасының жобасын және ғалымдар қауымдастығы мақұлдаған әрі жалпыұлттық мүдделерге сай келетін, ғылыми тұрғыдан қалыптастырылған «Ұлы даланың ұлы есімдері» тізімін талқылау болды. «Дөңгелек үстелдің» шеңберінде «Ұлы даланың ұлы есімдері» оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын құру тұжырымдамасының жобасы және «Ұлы даланың ұлы есімдері» тізімі талқыланып, арнайы қарар қабылдады.



Енді осы жобаға кеңірек тоқтала кетейік. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашудың негізгі мақсаты ретінде Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайту болып табылатынын атап көрсеткен еді. Бұдан басқа, қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің өзекті галереясын жасауды қолға алу, сондай-ақ «Ұлы дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет делінді.

Ал, бұл үшін Қазақстан Республикасының тиісті ұйымдастырушылық, зияткерлік және нормативтік-құқықтық базасының бар болуы «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағартушылық энциклопедиялық саябағы жобасын іске асыруға мүмкіндік беретінін атап кеткеніміз жөн. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңында (1992 жылғы 2 шілде), ерекше термин: «жаңадан тұрғызылған монументальдық өнер туындылары» деген бар, оның мәні, ұлы тұлғалар мен аса маңызды тарихи оқиғаларды мәңгілік есте қалдыру үшін салынған монументальдық өнер туындылары (ескерткіштер, стеллалар, бюстілер) қолданысқа түседі.



Халықаралық тәжірибенің көрсететіні, әлемнің озық елдері мемлекеттіктің негіздерін нығайту, азаматтық қоғамды қалыптастыру мақсатында ата-бабаларының әрекеттерін, атақты көшбасшы тұлғалардың, мәдениет қайраткерлерінің, Отан қорғаушыларының өмірі мен қызметін зерттеу мен естеліктерін сақтауға ерекше қараған. Міне, сондықтан жобаны жасау барысында жергілікті және халықаралық осы секілді үлгі тұтарлық саябақтар мен мемориалдық кешендердің тарихымен жан-жақты танысу әрекеттері жасалды.

Мысалы, АҚШ-та атақты ұлттық саяси қайраткерлер мәңгі есте сақталынған. Атап айтқанда, салынуы 1927 жылдан 1941 жылға дейін созылған АҚШ-тың Рашмор тауындағы Ұлттық мемориалында АҚШ-тың төрт президентінің, яғни Джордж Вашингтонның, Томас Джефферсонның, Авраам Линкольннің және Теодор Рузвельттің бет мүсіндері жасалған. Бұлар АҚШ-тың ең атақты президенттері деп саналады, өйткені елдің негізінің қалануы, дамуы және өркендеуі дәл осы тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты. Ескерткіштер Рашмор тауының оңтүстік-шығыс жағында, Блэк-Хиллс Ұлттық қорығында, Оңтүстік Дакотада орналасқан. Осы мемориалдың аумағы бес шаршы шақырымнан асады.

Сонымен қатар, АҚШ-та 2004 жылғы 24 мамырда Вашингтонның Ұлттық галереясында Екінші дүние жүзі соғысының ардагерлері ұлттық мемориалы ашылды, бұл Екінші дүние жүзі соғысы майдандарына қатысқан АҚШ әскерінің 16 миллион жауынгерлері мен майданда қаза тапқан 405 мың жауынгерлерінің құрметіне тұрғызылған. Екінші дүние жүзі соғысы мемориалы лавр шоқтарымен безендірілген, 56 колоннамен қоршалған Кемпірқосақ деп аталатын су қоймасы болып табылады. Колонналар соғыс кезінде штаттар мен аумақтардың бірлігін танытады.

Ал Ресейде Бірінші дүние жүзі соғысы кезінде, 1916 жылы Вязьма қаласында Жоғары Калуга көшесінен бастап, Станционное тас жолы бойымен өтетін бульвар салынған. Ол Бірінші дүние жүзі соғысының қаһармандарына арналған. Бульвардың ортасында қаңылтырдан жасалған және ашық түсті мәрмәрлі биік обелиск (ескерткіш бағана) тұрғызылған.

Келесі бір кешен 1954-1960 жылдары Түркияның Шанаққалесінде Бірінші дүние жүзі соғысы кезінде Галлиполь шайқасында қаза тапқан 250 мың түрік жауынгеріне арналған Шейіттер мемориалы. Мемориалдың астында мұражай, ал оның жанында түрік жауынгеріне арналған ескерткіш

және түрік зираты бар. Зиратта қаза тапқан жауынгерлердің туған қалалары бойынша ажыратылған мемориалдық тақталар қойылған, әрбір тақтайшаның екі жағында қаза тапқандардың есімдері жазылған.

Сонымен қатар, 2001 жылы Түркияда Фетхие қаласының ортасындағы жағалауда Түркияның Ұлттық қаһармандарына ескерткіш орнатылған. Фетхедегі қаһармандар ескерткіші: Азаттық соғысында, Шанақкале үшін болған шайқаста, сондай-ақ, Кипр мен Кореядағы қақтығыстар кезінде қаза тапқандардың рухына бағышталған. Ескерткіш тұғырын қоршаған барельефтер шайқаста қаза тапқан түрік жауынгерлерінің бейнесін көрсетеді.

Ұлыбританияда 1921 жылғы 16 мамырда Уэльс ханзадасы Англияның оңтүстік-батысындағы, яғни Эксетерде Бірінші дүние жүзі соғысы жылдарына арналған Әскери мемориалды Девон графтығында тұрғызған. Мемориал пішіні крестке ұқсас. Крестің өзі гранитті үш сатылы тұғырға орнатылған.

Алманияның Танненберг қаласындағы Ұлттық ескерткіш Бірінші дүние жүзі соғысы кезіндегі 1914 жылғы жеңістерге, атап айтқанда Танненберг түбіндегі орта ғасырлар дәуірінде 1410 жылы және Мазур көлдері маңында болған шайқастардың құрметіне солай аталған құрылыс алаңы. Шығыс Пруссияда 1924–1927 жылдары салынып, 1945 жылға дейін болды.

Францияда Шарль де Голль алаңында орналасқан Салтанат шеруі қақпасында (Триумфалдық арка) Революция мен Бірінші империя кезінде Францияға қызмет еткен 660 қолбасшылардың есімдері ойып жазылған.


Міне осылай, тарихтың белгілі кезеңдерінде әртүрлі мемлекеттер тұтастай ансамбльдер мен мемориалдық кешендерді салғандарын көріп отырмыз, олардың мақсаты кезінде мемлекеттіліктің қалыптасуына ерекше үлес қосқан атақты қайраткерлерін, ұлттық қаһармандарын мәңгі есте сақтау.

Қазақстан туралы айтатын болсақ, қазақтың әскери, қоғамдық, мемлекеттік, сондай-ақ мәдениет қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған көптеген ескерткіштер бар, бірақ олар, әдеттегідей, ортақ тақырыптағы ансамбльдер мен мүсіндік ескерткіштер тобын құра алмаған, міне сондықтан да Елбасы ұсынған оқу-ағартушылық энциклопедиялық саябақты құрудың қажеттілігі туындап отыр.

Жобаны жасау барысында анықталғаны, қазіргі кезде аталған мәселе бойынша кешенді қамтылған іргелі зерттеулер іс жүзінде жоқ деп айтуға болады, Ұлы дала аумағындағы тұлғалардың тарихи үрдістерге тигізген әсері мен қосқан үлесінің ғылыми негізделген критерилері нақтыланбаған. Сондықтан да, Қазақстан тарихындағы ұлы есімдерді, тым әсірелемей тұтастай ала, жанды образын жасай отырып зерттеу мен танымалдандыру қажет. Ұлы дала аумағындағы тұлғалардың тарихи үрдістердегі орнын «Ұлы даланың ұлы есімдері» саябағын құру оқу-ағарту энциклопедиясын жасауға, ұлы ойшылдар, ақындар мен өткенің ұлы билеушілерінің бейнесін жасайтын галереясын қазіргі әдебиетте, театрда, музыкада және көркем суретте жекелеген Интернет ресурстарында орналастыруға ғылыми нұсқаулық болатын ұсыныстар дайындау қажет.



Әрине, жоба барысында күтілетін нәтижелер көп, дегенімен солардың негізгі дегендеріне тоқтала кететін болсақ, бұл ең алдымен - «Ұлы Даланың Ұлы есімдерінің» өмірі мен қызметі туралы ғылыми деректерді және материалдары айналымға тартылады. Сонымен қатар, «Ұлы Даланың Ұлы есімдері» атты оқу-ағартушылық энциклопедия-саябағы интерактивті картасын жасау арқылы геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып мультимедиялық қосымшалар арқылы қазақ халқының ұлы тұлғаларының өмірі мен қызметімен танысу мүмкіндігіне қол жеткізіледі.



Ал, халықаралық аренада Қазақстан мен қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларын танымал етудің тиімді тетіктері әзірленіп, жүзеге асыру мақсаты да қойылған.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Н.Ә. Назарбаев Рухани жаңғырудың басты тетіктері ретінде алты бағдарламалық жобаны жүзеге асыру міндетін қойған болатын. Солардың бастыларының бірі «Туған жер» бағдарламасы. Оның маңызы туралы Елбасы: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді» - деп атап көрсеткен еді. Бұл ұлттық мәдениетіміз бен тарихи сананы қалыптастырудағы өзекті мәселе. Яғни, экономикалық және саяси реформалардың нәтижелері оңды көрсеткіштерге жеткізе бастаған кезде, рухани саланың да кенжелеп қалмай алға басуына апаратын міндеттер алға қойылған болатын. Тарихшы ретінде Елбасының айтқан сөзінің астарына үңілер болсақ, онда терең мағына жатыр. Жаһандану үрдісіне тартылу барысында ұлттық құндылықтардың жойылу қаупі мен еуропалық ұстанымдар үлгісінің басымдылық көрсетіп бара жатқанын айтпасақ болмайды. Бұл әсіресе тәуелсіздігін енді қалыптастыра бастаған елдер үшін аса қауіпті. Сырттан ағылып, ентелеп еніп жатқан ақпараттар тасқыны санасы толық жетіліп болмаған жастарымыз үшін сол күйінде, ой елегінен өткізіп жатуға мұрша берместен қабылдануда. Нәтижесінде Батыстық құндылықтар (жеке тұлға мүддесінің үстемдігі, тек өзі үшін ғана өмір сүру, қандай жолмен болсын пайда табу, және т.б.) үстемдік құрып, ата салтымыз бен отбасылық құндылықтарымызға нұқсан келтіріп, мүлдем ұлтымызға тән емес жат пиғылдар мен теріс діни ағымдардың мысқылдап еніп жатқанына куә болып

отырмыз. Міне осыған қарсы тұрарлық идеологиялық негіздеме ретінде Елбасының жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласын атап өтуіміз керек. Соның ішіндегі аса маңыздыларының бірі Қазақстан азаматтарының бойындағы Отан сүйгіштік қасиетін одан әрі нығайтуға бағытталған «Туған жер» бағдарламасы. Бұл біздің қауіпсіздігіміздің стратегиялық негізі, тәуелсіздігіміздің кепілдігі мен тұғырлық тірегі. Олай дейтін себебіміз, ата –бабамыздан бері қалыптасқан дәстүр бойынша кіндік қаны тамған жерін, туған үйін (мейлі ол, «Ат байласа тұрғысыз», қу дала, тақыр болса да) тастап кетпей «киелі мекен», «ата-бабамның» жерленген аруақты жері деп қастерлеп, тапжылмай отыруы нәтижесінде, бастарынан қаншама қайғы-қасірет өткенімен, жойылып кетпей, сол зұлматтардан аман шығып, осыншама ұланғайыр территорияны аман алып қалды.

Туристік кластерді қалыптастыру, экскурсиялар және білім беру мақсаттарына арналған басқа да іс-шаралар үшін «Ұлы Даланың Ұлы есімдері» атты оқу-ағартушылық энциклопедия-саябағы мүсіндік ескерткіштерін пайдалану жүзеге асырылады. Отандық, аймақтық және халықаралық деңгейде қазақ халқының ұлттық тарихи мұраларын насихатталады. Қазақ халқының бірегейлігін нығайту бағытындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге де қосар үлесі болмақ. «Мәңгілік Ел» және «Ұлы Дала Елі» идеялары негізінде қазақ халқының құндылық жүйесін нығайтылады.

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. - 21 қараша.
2. В Институте прошла Международная научно-теоретическая конференция «Роль личности в истории Отечества в рамках практической реализации статьи Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи». 19.11.2019 г. // <https://iie.kz/?p=10339>

ӨОЖ 94 (574)

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН – СҮРГІН СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Әбжанов Х.М.**

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Кенжебаев Н.Т.**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қуғын-сүргін статикалық құбылыс емес. Кеңестік тарихтың қандай кезеңінде болмасын, жаһандық өркениетке, адамшылыққа қарсы қылмыстық сипаты сақтала берді. Ол патша заманында езілген ұлттарды да аямады. Қ.Кемеңгерұлы солардың ішінен 36 ұлтты бөлек алып, социалистік құрылыстың алғашқы 7 жылы ішінде бастарынан өткен өзгерістерді саралапты. Кеңестік қырағы цензура талабымен жақсы таныс болғандықтан жарқын жақтарына басымдық бергені түсінікті. Соның өзінде көңілдегі кірбінді жасыра алмайды. Мұнысы поляктар туралы жазғанынан мен мұндалап тұр: «Осы күнде, - дейді Қ. Кемеңгерұлы, - Ресейде үш миллион поляк бар. Әлі де великорус пен украиндар үлкен ауылдыққа салып, полякты шетке қағып, бас асаулықтарын кейде көрсетіп жібереді».

Автордың астарлы сөзін ұға алған Ә.Байділдин кітапқа жазған алғы сөзінде оны сынауды артық санамаған екен. «...Ұлтшылдық, атаққа табынатындық, қиялшылдық... – тар «мен мұндалап», ым қағып тұр. Шырай бұзу, мәдениетті жалғыз көтермелеу, «бадырақ көз – сен тимесең, мен тимеймін» деп, төңкеріс шағында елсақтау – бұлардың бәрі жазушының сыңаржақтылығынан келіп шыққан әңгімелер». Аз ұлттарға арналған тұзақ пен тозақ алда күтіп тұрғанын жас сыншы қайдан білсін.

Азаматтарды бірлік пен биліктен, құқық пен бостандықтан, жер мен меншіктен, ана тілі мен руханияттан ажырату, сабақтастық пен жалғастықты бұзу 1917 жылғы қазан төңкерісінен 1991 жылғы тамыз бүлігіне дейін бірде ашық, бірде жасырын асқан қатігездікпен жүзеге асырылды. 74 жылға созылған кеңестік қуғын-сүргін ұлттық тарихымыздың қасіретті беттерін толтырып ғана қойған жоқ, ол халқымыздың менталитетінде ауыр із қалдырды. Оңалмастай бұзылған менталитет адамды адам қалпынан айырды, бумеранг сынды қайта оралып, сол қуғын –сүргінді

ауық-ауық қоздырудың себебіне айналды. Ең бастысы - қазақ менталитеті бұрын-соңды мұндай қысымға зорлық-зомбылыққа, келеңсіз өзгерістерге ұшырамаған еді.

Оның дем берушісі - партия органдары, іске асырушысы - төтенше комиссия (ВЧК), біріккен саяси басқарма (ОГПУ), ішкі істер халық комиссариаты (НКВД), кейінгі мұрагерлері – мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, жергілікті құрылымдары. Осылардың тарихын – ішкі құрылымын, қаржыландырылуын, өкілеттігі мен құзыретін, штаттық кестесін, т.б.с.с. жаңаша зерттеу қажет. Сонда қуғын-сүргіннің эволюциясы мен ерекшеліктерін тереңірек білуге жол ашылады. Мәселеге ғылыми бойлаудың үлгісін ҰҒА академигі М.Қойгелдиевтің «Қиянат анатомиясы», профессор Т.Омарбековтың «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері», ғылым кандидаты, жазушы Б.Қойшыбаевтің «Ұлттық апатты тану» кітаптарынан көреміз [1].

Кеңестік қиянаттың Қазақстанда қолданылуы, шарықтауы, дағдарысы үш кезеңнен өтті. Халықаралық ахуал да оңтайлы ықпалдаспай тұрмады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияның әлсіреуі, Осман империясының ыдырауы, революциялық қозғалыстың Еуропаны шарпуы кеңестік Ресейдің нығаюына септеспесе, бөгесін туғызбады. 1929 жылы АҚШ-та басталған «Ұлы депрессия», фашизмнің күшеюі, Гитлердің билікке келуі – бәрі «үлкен террорға» сылтауды күшейтті. Екінші дүниежүзілік соғысты жеңіспен аяқтаған КСРО-ға қарсы тұрарлық мемлекет енді қалған жоқ десек, артық айтқандық емес.

Сонымен, Қазақстандағы қуғын-сүргіннің бірінші кезеңі – 1917-1928 жылдар. Революция мен азамат соғысы жылдарында кімнің ақ, кімнің қызыл екенін қалың көпшілік айырып үлгермеді. Бүгін біреуі келіп тонаса, ертеңінде екіншісі тонады. Заңсыздық социалистік идеяны жүзеге асырудың негізгі тәсіліне айналды. Пролетариат төңкерісін үркінішпен қабылдаған ұлттық аймақтарда басқа амал да жоқ еді. Қазақстанда жұмысшы табы халықтың 1 пайызын да құрамады. Қазақ коммунистері емге табылмайтын. Осыдан 100 жылға жуық – 1925-1926 жылдары жазылған Гранаттың энциклопедиялық сөздігінде қазан революциясы мен КСРО-ны құруға белсене қатысқан 289 тұлғаның өмір жолы берілген екен. Арасында бір қазақ жоқ. 1915 жылдан партия мүшесі саналатын Ә.Жангелдин есімі аталмайды. Осыны білген большевиктік орталық жат идеядан шошытып алмау үшін алғашқыда сақтықпен қимылдады, кейде шегініске де барды. Жаңа экономикалық саясат шегіністен туындады.

1917-1928 жылдарды жаппай қуғын-сүргінге даярлық кезеңі десек қателеспеспіз. Бабаларымыздың рухани мұрасы аса мығым болғандықтан ұлттық менталитетті бұза алмады. Әрине, бұдан адам шығыны болмады деген қорытынды тумауы керек. Большевиктер билік қолға тиісімен ату мен асуды бастап кеткен еді. Алғашқы құрбандардың бірі Қошкенің жездесі Отыншы болды. Ел-жұртының перзенті болған оның қазақсы болашақтың шырағын сөндіргендей екенін күңірене қағазға түсірген екен: «Жаңа гүлденіп келе жатқан Алаштың көшбасшы азаматтарға өте мұқтаж уақытында қанішер, жендет большевиктердің қолынан мезгілсіз қаза таптың. Ертеден ел қамын ойлап, Алаш тілегін қолыңа шырақ қылып ұстап едің, сол шырақтан өміріңнің ақтық сағатына шейін айырылмадың». Өзінің де есеюіне олжа салғанын қимай еске алады: «Білім дариясына сусындауыма, саяси көзімнің ашылуына себепкер болып, ұлтшылдықтың өріне сүйреп едің, алыста жатсаңда ақыл сабағыңды хатпен беріп, ұстаз болып едің».

Екінші кезең – 1929-1953 жылдар. Тоталитарлық зорлық-зомбылықтың, заңсыздықтың шарықтаған тұсы. Екі ұрпаққа аяусыз қолданылған қуғын-сүргін ұлттық апатты әкелді. Қазақстан аумағынан асып, халықаралық ауқымда – Қытайдағы, Моңғолиядағы қандастарымызға да қолданылып жатты. Ұлттық менталитеттің үш құрамдас бөлігіне – ақыл-ес, рух, болмысқа әлеуметтік негізінен ажырау қаупі төнді. Егер кеш қалыптасқан немесе менталитеті әлжуаз халық болсақ, 30-жылдарғы алапат ашаршылық пен жаппай қуғын-сүргіннен, 40-50- жылдарғы демографиялық қыспақтан кейін этнос ретінде сақталмай, басқаның құрамына жұтылып кетер едік.

Үшінші кезеңі – 1954-1991 жылдар. Бұған әшкереленуі мен бәсеңдеуі тән. Адамдардың көзін құрту емес, санасын, менталитетін идеологиямен жаншу алға шықты. Себебі социализм ізгіленген жоқ, дей тұрғанмен тоталитаризмнің зәрлі уыты сарқылды. Алайда ұлттық апаттың салдары анық көрінді. Қазақ мектебі, тілі, салт-дәстүрі, ислам діні атасына қымбат, немереге

жат бола бастады. Мәңгүрттенгендер жалған саяси мәдениет пен қатысудың арбауына түсті. Демографиялық азшылықтағы қазақты, адасуға бет түзеген дәстүрлі менталитетті құтқарып қалғандар – бабаларымыздан жеткен рухани мұра, дүниеге ұрпақ әкелу үдерісін бәсеңдетпеген аналарымыз, ақылды, рух пен болмысты заманауи биікке жаңғыртқан гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық саладағы зиялыларымыз. Халықаралық қатынастар мен әлемдік ақпарат кеңістігіне кіру оң нәтижесін берді.

Қазақстандағы қуғын-сүргін сипаты жағынан барша Одақтағымен сәйкес, ал ерекшеліктері мыналар:

1. Қуғын-сүргінді Кремль қожайындары бастады. Марксизм ілімін жамылған олар қолдан құдай жасағысы келді, шексіз биліктерін орнатуға ұмтылды, алғашқыда балама пікір білдірген бәсекелестерінің, кейінде ешбір қылмысы жоқ миллиондардың көзін жойды. Нәтижесінде коммунизм мен фашизм практикасында, іс-әрекеттері арасында айырмашылық қалмады [2].

Қазақстанға қуғын-сүргін сырттан таңылды, сырттан келді. Оның саяси, құқықтық-нормативтік, ұйымдық негіздері де Мәскеу үлгісімен қалыптастырылды.

2. Қазақстандағы билікке талас Орталықтағыдай партиялық немесе теориялық мазмұнда жүрген жоқ. С.Сәдуақасұлының сөзімен айтсақ, «қазақ оқығандарының арасында 1905-ші жылы, 10-шы жылы да, 17-ші жылы да саяси негіз салынған партия болған жоқ». Әлсіздігі соншалықты, қуғын-сүргіннің бастау-бұлағы келмейді. Демократияшыл көңіл-күй инерциясымен алғашқы 2-3 жылда ол мемлекеттік құрылыс идеясы мен практикасы – Алаш автономиясы, -Түркістан мұхтарияты, Түркі республикасы төңірегінде өрбіді. Ұлттық мемлекет құру жолындағы күресте қазақ қайраткерлері қуғын-сүргін ұйымдастыруды күн тәртібіне қойған емес. Есесіне күшінің молдығына сенген әрі ұлыдержавалық шовинизммен уланған ақ қарсыластарының бәрі – Колчактан Дутовқа дейін, «қызыл қамқоршылары» Сталиннен Горбачевқа дейін қуғын-сүргінді басты қаруы ретінде қолданды.

3. Қазақстандағы кеңестік қазақ басшылары Кремльдегілерге қанша жерден ұқсағысы келгенмен коммунизм идеясының білімпаздары болмағанына қоса, республикадағы толыққанды билік иесі мәртебесіне жеткен емес. Бұлар қуғын-сүргіннің шын мағынасында ұйымдастырушысы немесе басшысы санатына жатпайды. Мәскеудің бұйрығын, талабын көзсіз орындаушылар ғана. Төбесінен Кремль жіберген кіші қожайындар қадағалап тұрғандықтан ауыздағы сөздерін де айтуға жарамады. Айта алғандары – Алаш қайраткерлері, Т.Рысқұловтай, С.Сәдуақасовтай дарындар аяусыз жойылды.

4. XX ғасыр басында Ресей империясындағы қазақтар түркі халықтарының құрамындағы ең көбі әрі интеллектуалды әлеуеті, қоғамдық-саяси белсенділігі тұрғысынан көш басында тұрған еді. Тоталитарлық қуғын-сүргін осы күштің демографиялық ресурсын жойып жіберуге шақ қалды, қайраткер зиялы қауымын бас көтермейтіндей жаншыды, менталитетінің ұлттық тамырын суалтты. Одақтас республикалардың бірде-бір байырғы халқы тап қазақтай апатқа ұшыраған жоқ. Ғасыр басындағы 6 млн. қазақтан 1939 жылы тарихи отанында 2.3 млн қалды. 1926 жылғы санақта бізден әлдеқайда аз өзбектер 13 жыл ішінде 4.8 млн-ға жетіпті.

5. Қуғын-сүргіннің даярлық кезеңі бүкіл КСРО-да орын алғанымен оған жаппай сипат беру Қазақстанда Голощекин факторымен ертерек басталып кетті. 20-жылдардың екінші жартысындағы «Кіші қазан» науқаны, байтұрсыновщинамен, рысқұловщинамен, қожановщинамен күрес, елден ығыстыру, Алашорда басшыларын жаппай қамау осының айғақ-дәлелі. Тіпті Мәскеудің өзінде Бухаринді, Каменевті, Зиновьевті саяси тұғырдан түсіру 30-жылдары жүзеге асқаны белгілі. Одақ көлемінде кәмпеске науқаны күштеп ұжымдастыру жылдарында орындалса, бізде оған дейін-ақ әрі 2-3 ай ішінде жүзеге аса қалды.

6. Қазақтың мемлекетшіл санасы мен менталитетін большевиктер өз мүддесіне асыра пайдаланды. Абай айыптаған жақсы мен жаманды айыра алмау дерті ұлттың өзін-өзі қорғау механизмін – тілдегі, тарихтағы, руханияттағы, салт-дәстүрдегі төлтумалықты жойып жібермесе де, әлсіретті. Білмеген у ішеді. Ресми идеологияға құлай берілгендіктен мемлекетшілдігіміз ондаған жылдар бойы қуғын-сүргінге септесу функциясын атқарды. Сорақылығы шектен шықты. 1937 жылы студенттер өздеріне дәріс оқыған профессорды жапон шпионы деп күйелесе,

«Бекмаханов ісінде» де осы сорақылық қайталанды. 1986 жылдың профессоры әлемге танымал әріптесін нәсілшілдікпен айыптады. Ұлы Отан соғысы жылдарында кеше ғана қазақты қойдай қырған тоталитарлық құрылысты жан аямай қорғағанымыз да мемлекетшіл санадан. Өйткені ғасырлар қойнауында қалыптасқан тарихи түсінікпен мемлекеттік билікті жаманшылыққа қимады. «Өкімет өлтірмейді» деген сөз содан шыққан шығар, сірә. Диссиденттік, оппозициялық қозғалыстардың әлсіздігін де осыдан көреміз. Кемел мемлекетшіл сана мен менталитет тәуелсіз, азат елде ғана жасампаз миссияны атқара алады екен [3].

7. Басқа Одақтас республикалардағы байырғы халықтардың менталитетінің, мемлекетшіл санасының өзегінде ұлттық мүдде тұрса, Қазақстанда олардың басын біріктіруші фактор әсіре қызыл социалистік идеология еді. Алаштың классикалық партия биігіне көтеріле алмауы, халық милициясының кәсіби әскерден әлсіздігі, тұрғындар құрамында кедейлер қауымының жойдасыз көптігі, қаналғандарды хан қыламын деген саяси арандатушылардың, яғни большевиктердің үстемдігін орнатты. Менталитетімізді, мемлекетшіл санамызды тығырыққа тіреген социалистік идеологияның ыдырауы 40 жыл өткен соң, яғни тоталитарлық қуғын-сүргіннің әшкереленуімен басталды. Сол шамада ұлттық апаттан қансыраған қазақ менталитетінің екінші оянуы да дүниеге келді. Ол тез есейді. Венгриядағы, Чехословакиядағы, Қытайдағы сілкіністер мен катаклизмдер бекер кетпеді. 60-жылдардағы «Жас тұлпар» мен О.Сүлейменов құбылысы, 70-жылдардағы «АзиЯ» мен Целиноград оқиғасы, 80-жылдардағы желтоқсан көтерілісі ұлттық тарих сахнасына жаңа менталитет пен жаңа қазақ баласы көтерілгенін паш етті.

Қазақтың болашағына Қ.Кемеңгерұлы да қалтқысыз сенген еді. Оның себебін мыналардан көрді: «1. Қазақта діни фанатизмнің әлсіздігі. 2. Қазақтың еліктігіштігі. 3. Көптің қамын қарастырған үкіметтің барлығы. 4. Қазақ елінің жалпы оқуға ұмытлғандығы». Болашақты болжауы ақталды. Бүгін көптің қамын қарастыратын үкіметіміз де, мемлекетіміз де бар.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы тапсырмасы мен шешімі отандық тарих ғылымына үлкен жауапкершілік жүктеді. Тарихи әділдік қалпына келмей, тәуелсіздік миссиясы діттеген мақсатына жетпейді. Миссияны жүзеге асырушы адам қуаты – менталитет.

#### Әдебиет

1. Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане : (Сборник документальных материалов 20-50-х годов XX века) / [сост.: М. К. Койгелдиев, В. И. Полулях, Ш. Б. Тлеубаев] - Алматы : Алаш, 2013 . - 382.

2. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым - өткенге тағзым» халықаралық форумының материалдары = Материалы международного форума «Память во имя будущего», посвященного Дню памяти жертв политических репрессий. 29-31 мамыр Семей - 2014 / ; [бас ред. Ш. А. Әмірбеков]. - Семей : 2014 . - 378 б.

3. Түймебаев Ж. К. Восстановление исторической справедливости - основа национального самосознания // Казахстанская правда. - 2020. - 2 июня (№ 105).- С. 3.

ӘОЖ 94 (574+075)

### ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ САЯСИ ТҰҒЫРЛАРЫ: САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

**Нұрымбетова Г.Р.**

саяси ғылымдарының докторы, профессор  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.  
gulshat\_nurymbet@mail.ru

Демократиялық даму - Қазақстанның өрелі, ерікті таңдауы. Демократиялық өзгерістер бір күнде, бір сәтте жүзеге асырылатын, жылдам нәтиже беретін үдерістер емес. Осы орайда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Демократияны жариялап қана қоймай, оны жан-дүниемен сезіну, бастан өткеру керек. Демократия – бұл жолдың басы емес, оның діттеген мақсаты» [1] - деуі бұл

үдерістің күрделілігін айқындай түседі.

Артта қалған жылдар ішінде кешенді зерттеу мен талдауды талап ететін саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени салаларда көшелі өзгерістер болғаны мәлім. Тәуелсіздігімізді алған сәттен ескі жүйенің орнына жаңа саяси-экономикалық құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық дәстүрді жаңғырту сияқты күрделі үдерістерді бастан өткердік.

XX ғасырдың 90 жылдарында басталған өзгерістер қоғамның барлық саласын қамтып, жаңа саяси құрылымдарды дүниеге әкелді. Әсіресе мемлекеттік басқарудағы, саяси жүйедегі трансформация, партиялық және сайлау жүйелеріндегі, ақпараттық кеңістіктегі ілгерілеулер, Конституцияның қабылдануы сияқты саяси үдерістерді назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Сонымен, саяси жаңару президенттік институт, кәсіби парламент, көппартиялық, үкіметтік емес ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары т.т. жаңа құрылымдарды қалыптастырды.

Күрделі де көпқырлы мәселенің бірі – еліміздегі президенттік институттың қалыптасуы. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР-нің XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Қазақ КСР-де Президент қызметін тағайындау туралы қабылданған тарихи шешімнің арқасында Қазақстанда президент институтының негізі қаланып, мемлекеттілігіміздің дамуындағы жаңа бір кезең басталды. Бұл қадам біздің демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттарды қабылдауға ашық екенімізді білдірді. Бірақ президент институты кеңестік саяси жүйеде бұрын-соңды болмағандықтан, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын анықтау барысында көптеген қиыншылықтарды еңсеруге тура келді. Олардың қатарында, атап айтқанда, президенттік институтты ендіру мемлекеттік басқарудағы түбегейлі өзгерістерге бірден әкеле қоймағаны, оның басқа билік тармақтарымен қарым-қатынасын реттейтін механизмнің болмауы сияқты мәселелер тұрды. Әрі оның заңдық-құқықтық негіздері де әлсіз болды. 70 жылдан астам үстемдік құрып, темір торлы құрсауда болған кеңестік саяси жүйенің мемлекеттік билік құрылымдарын қозғалысқа әкеліп жаңа жағдайда жұмыс жасату оңай шаруа болған жоқ. Оның үстіне қайта құру дәуірінде қоғамның билікпен байланысында белгілі дәрежеде рөл атқарып, халықтың арасында бедел жинап үлгірген Жоғарғы Кеңес өз еркімен биліктік өкілеттіктерінен бас тартқысы келмеді. Осы уақыттағы Президент пен Парламент қарым-қатынасына Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай баға береді: «Парламенттегілер ескірген идеологиялық әдістер мен стереотиптерді бұрынғы екпінмен қолдай отырып, біздің мемлекет пен қоғамды реформаландыру бағытындағы барлық әрекеттерімізге тұсау салды» [2, 61 б.].

Осы билік тармақтары арасындағы қарама-қайшылықтар мен теке-тірестерді 1995 жылы 28 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы шешті. Сөйтіп, жаңа Конституция президент институтына жетекші роль берілетін мемлекеттік құрылысты бекітті. Әрине президенттің жаңа мәртебесі мен оның өкілеттік ауқымының кеңдігі отандық ғалымдармен, саяси қайраткерлермен әр қалай бағаланып, сыналды да. Дегенмен, мұндай қадамның өтпелі кезең талабынан туындағанын уақыттың өзі дәлелдеді.

1995 жылдан бастап Президент пен Парламент қарым-қатынасы түбірімен өзгеріп, тіптен жаңа сападағы қарым-қатынас орныға бастады. Әрине, бұл қарым-қатынастарды реттеуде заңдық-құқықтық негіздер маңызды рөл атқарды. Президент пен Парламент қарым-қатынасына ықпал еткен факторлар қатарында, бірінші кезекте, екі палаталы, тұрақты негізде қызмет ететін кәсіби Парламенттің құрылуы; екіншіден, Парламент құрамындағы депутаттар санының 154 депутатқа дейін көбейіп, жоғарғы палата - Сенатқа 15 депутатты Президенттің тағайындауы; үшіншіден, Мәжіліске сайлау принципінің өзгеруі және партиялық тізім негізінде сайланатын депутаттар санының 10-нан 98-ге дейін көбеюі. Мінеки, осы өзгерістер Президент пен Парламенттің одақтастар ретінде қызмет жасауына септесті.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен түзетулер Президент пен Парламент қарым-қатынасына маңызды жаңалықтар алып келді. Президент өкілеттіктерінің кейбірі Парламент құзырына көшті. Бірақ Президент пен Парламенттің келісіп қызмет ету негіздері кеңейтілмесе, шайқалған жоқ. 2017 жылғы Конституциялық реформа мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлді. Конституциялық реформаға сәйкес, сыртқы істер, ішкі істер және қорғаныс министрлерін

президент бұрынғыдай өзі тағайындайды. Министрлер лауазымына кандидаттарды президентке премьер-министр ұсынады. Жаңа өзгерістерге сәйкес, президент құзырындағы министрлер кабинетін жасақтау және олардың жұмыстарын қадағалау жұмыстары парламентке берілді. Осылайша, Үкіметтің де, парламенттің де жауапкершілігі арта түсті. Бүгінде Президенттік институт еліміздегі демократиялық өзгерістерді жүзеге асырудың іргелі негізі.

Келесі бір іргелі мәселе - демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттар мәселесі. Қазіргі заманғы демократиялық қоғам мен саяси жүйені дамыған партиялық құрылымсыз көз алдымызға елестету қиын. Демократиялық режим жағдайында азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үдеріске партиялар айналдыра алады. Осы мүдделерді білдіру тұрғысынан алғанда саяси партиялар азаматтық қоғамның басты тірегі.

Егемендіктің 30-шы жылына қадам басқан уақытта Қазақстанның партиялық жүйесі де түбегейлі өзгерді. Кеңестік дәуірде үстемдік еткен бірпартиялық жүйенің орнына бірте-бірте көппартиялық жүйе орнықты. Саяси саналуандылықтың арқасында, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай, жүздеген партиялар мен қоғамдық қозғалыстар дүниеге келді. XX ғасырдың 90 жылдарында партиялар мен қоғамдық қозғалыстар коммунистік партияға қарсы, балама ұйымдар ретінде қалыптасты. Партиялық жүйедегі өзгерістерге 1991 жылы қабылданған, ҚазССР Жоғарғы Кеңесі мазмұны одақтас заңмен мазмұндас «ҚазССР қоғамдық ұйымдар туралы» заңның, 1996 жылы және 2002 жылы қабылданған «Саяси партиялар туралы» заңның ықпал еткені сөзсіз. Әсіресе, саяси партияларды құру, тіркеуден өткізу талаптарының өзгеруі партиялар санының бірде көбейіп, бірде азаюына алып келді. 2007 жылы жүзеге асырылған саяси реформа партиялар қызметіне тікелей әсер етті. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Парламент Мәжілісін қалыптастырудың жаңа тәртібі енгізіліп, ол партиялық негізде қалыптасатын болды. Осы талаптарға сәйкес өткен 2007 жылғы парламенттік сайлауда Парламент Мәжілісіне бір ғана партия өте алды. Осыған орай, Саяси партиялар туралы заңға 2009 жылы 6 ақпанда заңды либералдандыру мақсатында түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ бұл өзгерістер партиялық алаңдағы саяси күштердің санына да, сапасына да аса әсер ете алған жоқ.

Бұған дәлел 2011 жылы 3 сәуірде кезектен тыс өткен президенттік сайлау. Өкінішке орай, президенттік сайлау партиялар қызметін жандандыра алмады. Тіптен бұған дейінгі қалыптасқан (1999 ж., 2004 ж., 2005 жж.) сайлау науқанында партиялардың бой көрсету дәстүрі де байқалмады. Дегенмен, Заңның жүзеге асуы келесі 2012 жылғы және 2016, 2021 жылдардағы Парламент Мәжілісіне сайлаудан көрініс тапты. Сайлау нәтижесінде үш саяси партия жеңіске жетіп, Мәжіліс құрамына өзгеріс әкелді. Жалпы саяси партиялар белсенділігі қоғам дамуындағы баламалылыққа, саналуандылыққа жол салатыны белгілі. Сондықтан билік пен қоғам арасындағы байланыстырушы құрылым ретінде еліміздегі партиялардың дамуы демократия жолындағы қажеттілік.

Қазақстан азаматтары демократиялық институттардың басты элементі ретінде сайлауда дауыс беруге қатысу, сайлану құқы арқылы еліміздің тағдырына тікелей араласуда. Себебі, сайлау барысы мен нәтижелері мемлекет дамуының сипатын, ертеңін анықтайтыны сөзсіз.

Тәуелсіздік тұсында өткен Президенттік сайлаулар, Парламент Мәжілісіне және мәслихат сайлаулары азаматтық қоғамның, құқықтық мемлекеттің қалыптасуындағы маңызды кезеңдер болды. Біз олардан демократиялық даму жолындағы елдің жетістіктерін де, кемшіліктерін де көреміз. Қазіргі сайлаулардың кеңестік дәуірдегі сайлаулардан басты айырмашылығы - еркін, бәсекелестік, баламалық негізде ұйымдастырылуында. Мысалы, Жоғарғы Кеңес, кейін Парламент Мәжілісіне сайлаулар барысында 1994 жылы наурыз айында 42 мандатқа 64 үміткер, 1995 жылы желтоқсан айында 67 мандатқа 285 үміткер, 1999 жылы қазан айында 67 мандатқа 566 үміткер болған, 2004 жылы қыркүйектегі Парламент Мәжілісінің депутаттығынан үміткер ретінде 67 мандатқа 681 адам ұсынылған [3]. Сонда, 1994 жылы бір мандатқа 1,5, 1995 жылы - 4, 1999 жылы - 8, 2004 жылы - 10 үміткерден келіп отыр. Президенттік сайлауларға келетін болсақ, онда 1991 жылы - 1, ал 1999, 2005, 2011 жылдардағы сайлауларда 4, 2015 жылы - 3, 2019 - 7 үміткерден болған. Парламенттік және Президенттік сайлаулардың баламалық негізде өтуі

азаматтарға таңдау жасауға мүмкіндік бергені сөзсіз.

Дамыған демократиялық мемлекеттер негізін жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен еркіндіктері заңдық тұрғыдан қамтамасыз етіліп, саяси қорғалатын азаматтық қоғам құрайтыны белгілі. Азаматтық бастамашылдық қоғам игілігіне қатысты саналы және белсенді қызмет ретінде азаматтық қоғамды дамытудың маңызды сипаттарының бірі. Сондықтан мұраты демократиялық мемлекет құру болып табылатын Қазақстанға осы азаматтық қоғам негізін қалыптастыру өте маңызды. Біздің елімізде де азаматтық қоғамды қалыптастыру үрдісі үшінші сектордың дамуымен тығыз байланысты. Үшінші секторды өздерінің коммерциялық емес мақсаттарын мүдделік топтар, одақтарға т.б. бірігу арқылы жүзеге асыруға ұмтылатын ерікті индивидтер бірлестігі құрайды. Қазақстандық тәуелсіз қоғамдық ұйымдар шетелдік донорлар арқасында үкіметтік емес ұйымдар деген атауға ие болды. Бастапқы кезде үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық қаржыландырылу көздеріне байланысты халық арасында беделі жоғары болған жоқ. Тіптен халық арасында үкіметтік емес ұйымдар халықаралық және шетелдік донорлардың қаражаттарын тарту үшін, өздерінің жеке мүдделерін шешу үшін ашылады деген пікір басым еді. Бірақ Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымының, одан кейін бағдарламаның қабылдануы олардың қызметін жандандырды. Оған дәлел - 2001 жылы ресми тіркелген ҮЕҰ саны 1767 құраса [4, 26-б.], бүгінгі күні Қазақстанда 22 000 астам үкіметтік емес ұйымдар қызмет етуде [5]. Өкінішке орай, үкіметтік емес ұйымдар негізінен қалалық жерлерде қызмет жасап, ауылдық жерлер назардан тыс қалуда. Біздің ойымызша, басты назар ауылдық жерлерге бөлінуі керек. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелері жылдан-жылға көбеймесе, азаяр емес. Дегенмен, үкіметтік емес ұйымдар еліміздегі демократияны дамыту жолында азаматтық бастамашылдықты дамыту арқылы үлес қосуда.

Демократиялық қоғам құруда, демократиялық құндылықтарды қалыптастыруда, оны кеңінен таратуда ақпараттың, бұқаралық ақпарат құралдарының орны зор. Шамасы «Мәліметі мол адам - жер-жаһанның иесі», - деп бекерден-бекер айтылмаса керек. Ақпарат адамдар санасына, азаматтық позициясын анықтауға, азаматтық және саяси белсенділігіне, өмір сүруіне, тұрмысы мен демалысына шешуші тұрғыдан ықпал етеді. Қазақстандағы ақпаратты таратуды демократияландырудың бір белгісі мемлекеттік, мемлекеттік емес, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының қатар өмір сүруі.

Ақпараттық кеңістіктегі сандық өзгерістер сапалық жетістіктермен қатар жүруде. Соның бір көрінісі - мемлекеттік емес, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының халық алдына таңдау мүмкіндігін беруі. Таңдау мүмкіндігі саяси үдерістерге тек біржақты көзқарасты, біржақты пікірді берумен шектелмей, балама пікірді де қатар беріп отыру арқылы жүзеге асырылуда. Мұндай балама пікірлерді беру арқылы ақпаратты жеткізу халыққа ой-түрткі де бола алады.

Тағы бір үлкен мәселе – азаматтардың сөз еркіндігі мен ақпарат алу құқына байланысты. Конституция бойынша Қазақстанның әрбір азаматы сөз еркіндігі мен ақпарат ала алу құқығына ие. Сөз еркіндігі кез-келген демократиялық қоғам негізі болып табылатындығы белгілі. Әрі еркін ойлайтын, шығармашылық адамның дамуының алғы шарты. Сөз еркіндігі тек оң қабылданатын ақпаратқа, мәліметке байланысты ғана емес, сонымен бірге билікті қобалжытатын ақпараттарға да қатысты болуы тиіс. Мінеки, осы міндетті жүзеге асыру бұқаралық ақпарат құралдарының еншісінде. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында халықты толғандырып жүрген өзекті мәселелер бойынша ашық пікір таластар, пікір-сайыстар ұйымдастыру кеңінен тарап отыр. Мысалы, «Қазақстан» телеарнасындағы - «Алаң», КТК телеарнасындағы - «Астарлы ақиқат» хабарлары өзекті мәселелер бойынша сан-алуан пікірлерді ашық талқылау арқылы халыққа ой-түрткі бола алды. Бірақ еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат сапасы мен шынайылығы көңіл толарлық деп айту қиын. Себебі, саяси ақпарат пен жаңалықтарды таратуда әлі күнге дейін біржақты, сыңар ақпарат беру үстемдік етіп отыр. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары тек кіріс көзіне айналмай, жеке, әрі тәуелсіз қоғамдық институт ретінде қалыптасуы қажет. Тек сонда ғана ақпаратты таратудағы бостандық туралы айта аламыз. Айта кеткен жөн, соңғы уақытта әлеуметтік желілер де ақпаратты таратуда кеңінен қолданылуда.

Осы уақыт аралығында қол жеткізген жетістіктеріміздің ең бастысы қоғамның барлық

саласына, яғни саяси саламен қатар экономикаға да, мәдениет саласына да сан-алуандылықтың енуі. Жоспарлы экономика тұсында мемлекет қамқорлығына сеніп, болашақтан қам жемей өмір сүрген халқымыз үшін көптеген қиындықтар әкелгеніне қарамастан нарықтық экономикаға көшу нәтижелі болды.

Қорытындылар болсақ, қол жеткізген жетістіктерімізбен қатар әттеген-ай дейтін тұстарымыз да баршылық. Мәселен, шынайы саяси бәсекелестіктің болмауы, барлық деңгейде бірдей заңның орындалмауы, т.с.с. Бірақ мұратымыз демократиялық, құқықтық мемлекет құру болғандықтан «Заң алдында барлығы да тең» қағидатымен өмір сүруіміз керек. Билік сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де «халық үніне құлақ асатын мемлекетке айналуы тиіс».

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н. Демократию нельзя объявить, ее можно лишь выстрадать // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.
3. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. – Алматы, 2005.
4. Қазақстанның бейүкіметтік ұйымдары: кеше, бүгін, ертең. БҰҰ Даму бағдарламасының тапсырысы бойынша басылған. - Алматы, 2002. - 77 б.
5. Пятиминутный путеводитель по НПО // [www.esquire.kz/3804-pyatiminutniy\\_putevoditel\\_po\\_pro](http://www.esquire.kz/3804-pyatiminutniy_putevoditel_po_pro)

ӘОЖ 93/94 (574)

### АБЫЛАЙ ХАН - ҚАЗАҚ ЕГЕМЕНДІГІНІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫ КӨШБАСШЫ

**Симтиков Ж.Қ.**

саяси ғылымдарының докторы, профессор Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан,  
[zhomart-67@mail.ru](mailto:zhomart-67@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақала қазақ тарихының елеулі кезеңіндегі тарихи тұлға қазақ егемендігінің іргетасын қалаушы көшбасшы Абылай ханның өмірінің ерекше тұстарын ашуға арналған. Ол дарынды дипломат, қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы ретінде жауынгерлік ұранға айналса, бүгінгі таңда есімі тәуелсіздік символына айналды. Дипломат ретінде бірнеше тілді меңгерген, мұсылманша сауатты шешен сөйлейтін, мемлекеттіктің негізін қалаушы. Жастайынан жоңғар басқыншыларымен соғысқа белсене қатысқан жауынгер. Ұрыс даласында асқан ерлік көрсетіп қолбасшы ретінде танылған. Қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші. Домбырашы ретінде өзі шығарған 20 - дан астам күйі бар. Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын әрі ешкімге тәуелсіз мемлекет құруға бағытталды. Абылай ел арасында аса зор беделге ие болған. Қазақ халқының басқа халықтармен терезесі тең дамуы үшін жан аямай арпалысқан хан. Сыртқы саясатта көршілес Ресеймен және Қытаймен татулық, достық қатынас сақтап, олардың қолдауы арқасында жоңғар басқыншылығын талқандауды жөн көрді. Қазақ көпвекторлы саясатының негізін қалаушы. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Абылай деген ат тәуелсіздік, бостандық, бірлік, ерлік, азаматтық, мемлекеттік тәрізді ұғымдармен бірге айтылатын болды.

**Түйін сөздер:** Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, Орта жүздің сұлтаны, Абылай, Сабалақ, Әбілмансұр, Төле би, Бұқар жырау.

### ABLAI KHAN IS THE FOUNDER OF KAZAKH SOVEREIGNTY

**Simtikov Zh.K.**

doctor of political sciences, professor Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,  
[zhomart-67@mail.ru](mailto:zhomart-67@mail.ru)

**Annotation.** The article is devoted to the disclosure of special aspects of the life of Abylai Khan, a historical figure at a significant stage of Kazakh history, the founder of Kazakh sovereignty. He was a talented diplomat, a tireless statesman, a brave commander, and today his name has become a symbol of independence. As a diplomat, he speaks several languages, speaks a literate Speaker of Muslim origin, and is the founder of statehood. From an early age, he took an active part in the war with the Dzungarian invaders. He was recognized as a commander who showed great courage on the battlefield. A talented kuishi who is free from the spiritual qualities of the Kazakh people. As a dombrist, he has more than 20 KUIS. The entire internal political activity of

abylai was aimed at creating a centralized and independent state. Abylai had a great authority among the people. Khan, who fought hard for the equal development of the Kazakh people with other peoples. In his foreign policy, he maintained friendly relations with neighboring Russia and China, and thanks to their support, he decided to defeat the Dzungarian occupation. Founder of the Kazakh multi-vector policy. During his lifetime, the legendary name Ablai was associated with such concepts as independence, freedom, unity, courage, citizenship, and the state.

**Keywords:** Aktaban shubyryndy, alkakol sulama, Sultan of the Middle zhuz, Ablai, Sabalak, Abilmansur, Tole bi, Bukhar Zhyrau.

Қанша уақыт өтсе де, қазақ халқының жадына Абылай хан қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келеді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды. Мұхтар Әуезов жазған мына сөздерді дәл қазіргі Тәуелсіздік заманында еске алып отырсақ, артық болмас: «Қазақтың дербес ел болуына, әрі - беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас».

Абылай хан (1711-1781) Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары қазақ ордасының негізін салған Өз - Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе - жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш - жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Бұл, Ш. Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. Абылайдың азан айтып қойылған аты - Әбілмансұр. Ол мұсылманша жақсы білім алады. Шығыстың жеті тілін білді. Домбыраны жақсы тартты. Оның өзі шығарған 20 - дан астам күйі бар: «Ақ толқын», «Шаңды жорық», «Сары бура», «Дүние қалды»... Он бес жасқа толған кезінен бастап жоңғар басқыншыларымен соғысқа белсене қатысты.

Сұлтанның бойы ортадан жоғары болатын. Жауырыны қақпадай, дене күші зор еді. Замандастары оны батылдығы, ержүректігі және әбжілдігі үшін қатты құрметтейтін. Ол өз ғұмырының ең соңғы күндеріне дейін жауынгерлерімен бірге болды. Соғыста қолға түскен барлық олжаны бөлісті. Жаумен шайқастар кезінде бірнеше рет жаралы да болды. Абылай Орта жүздің сұлтаны болады. Ал Әбілмәмбет хан қайтыс болған соң, 1771 жылы 3 жүздің өкілдері қасиетті Түркістанда Абылайды ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Абылай хан дәуірін білу арқылы біз қазіргі заманымыздың ерекшелігін, қадір - қасиетін, мән - маңызын түсінеміз. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Төле бидің тәлім - тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады.

Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтырыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т. б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі. Қай жылы туса да 1730 - 33 жылдар аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе - жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қонтажы Қалдан Сереннің жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын әрі ешкімге тәуелсіз мемлекет құруға бағытталды. Абылай өзінің күш

- жігерін келесі бағыттарға жұмсады: біріншіден, оның бір орталықтан басқарылатын мемлекет құруының сәті түсті. 1771 жылы ол Түркістан қаласында қазақтың бүкіл үш жүзінің ханы болып жарияланды. Екіншіден, ол сот билігін күшейте түсті. Үшіншіден, Абылай қазақ рулары мен тайпаларының арасындағы өзара қырқыс, алаусыздықтан туындайтын қақтығыстар мен барымта алуды тоқтатты. Ең соңында, ол қазақтардың егіншілікпен, шөп шабумен және балық аулаумен айналасуына қолдау көрсетті. Хан қазақ даласындағы керуен саудасын күшейтуге барынша көп көңіл бөлді. Абылай хан ақын - жырау, әнші - күйшілер мен діни қайраткерлерге қамқорлық жасап отырды. Абылайдың кеңесшісі Бұқар жырау болды. Абылайды жырлауда да сыртқы жауға қарсы күрес, ел ынтымағы, ел бірлігі Бұқар өлеңдерінің негізгі өзегі болып отырды.

«Ей, Абылай, Абылай!» деген өлеңінің бір жерінде жырау:

Қырық беске келгенде,

Жақсы мен жаман демедің.

Елу жасқа келгенде,

Үш жүздің баласының

Атының басын бір кезеңге тіредің, - дейді.

Абылай туралы өлеңдерінде Бұқар оның жақсылық жақтарын көріп қана қоймайды, кемшіліктерін де айтады. Ол «Ей, Абылай, Абылай!»- деп, азуы алты қарыс ханға өктем сөйлейді. Айтарын бүкпейді, батыл айтады. Өйткені жырауға ел бірлігі, ел тағдыры қымбат. Өз дәуірінің ойлы ақыны Бұқар жырау ханның ісі халық тілегіне қайшы келіп, елдің батырлары мен ханның арасы алшақтап бара жатса, Абылайдың қателіктерін ашық көрсетіп, ел бірлігі үшін олардың арасына дәнекер болып, ханға дұрыс бағыт сілтейді. Бұқар жыраудың көп өлеңдерінің Абылайға арналуының негізгі себебі қазақ елін сол замандағы беделді Абылай ханның айналасына топтастыру еді. Енді бірде «Үш жүздің басын құрадың», - деп, Абылайды Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте елге басшылық етгің, оның азаттық жолындағы күресінің ұйымдастырушысы, қолбасшысы болдың деп мадақтайды. Жыраудың бұл жерде де айтайын деген негізгі ойы - қазақ елінің бірлігі. Сол ел бірлігін ұйымдастырудағы, әрі бірлікті ұстай білудегі Абылайдың рөлін көрсету, үш жүздің басын қосып, күшін біріктіріп, сыртқы жаулармен күресті басқара білгендігін дәріптеп, осы жағынан оны басқаларға үлгі ету. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржынқақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т. б. күйлердің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген. Мәңгі риза халық «Ер есімі ел есінде» дегендей, Абылай ханның құрметіне еліміздің көптеген қалаларына ескерткіштер орнатып, оқу орындарына, көше мен даңғылдарына оның есімін беруде. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991 жылы Алматының басты даңғылдарының біріне Абылай есімі беріліп, темір жол вокзалының алдына ат үстіндегі ескерткіші орнатылды. Хан ескерткіші Көкшетау, Жезқазған, Павлодар қалаларында да бар. Қазақстанның 1993 жылғы ең бірінші төл теңгесінде бейнесі бедерленді. 2005 жылы Абылайдың өмір жолына арналған «Көшенділер» фильмі түсірілді. 2008 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың қатысуымен Петропавл қаласында «Абылай хан ордасы» кешені ашылып, алдына ескерткіші орнатылды. Оның есімі Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне берілген.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөздері де әрбір азаматқа ой салуға тиіс: «Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға. Бірақ, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін, сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек... Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет... Мен үшін Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ тарихы ұлт - азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, жанпидалық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауымыз керек» [1].

Абылай ханның қазақ хандығын нығайту жолындағы қызметіне тоқталар болсақ, ол туралы көптеген дастандар, аңыз - әңгімелер, өлең - жырлар, тарихи деректер мен зерттеулер бар. Абылай ханды еске алғанда біз оны батыр, Орта жүздің сұлтаны, сосын Орта жүз және де бүкіл қазақ халқын біріктіріп, қазақ хандығын біртұтас мемлекет ретінде сақтап қалып, оның Ұлы ханы болып, өзіне қазақтың барлық хандары мен билерін - сұлтандарын бағындыра алғанын және де саяси қайраткер, ақылды қолбасшы, дарынды мәлімгер, күйші екенін айтқанымыз жөн.

Абылай хан бүкіл өмірін қазақ халқы (қазақ елінің) бостандығы, егемендігі үшін арнады. Шоқан Уәлиханов «Қазақ жерінде Абылайдың даңқы аса зор. Абылай заманы оларда қазақтың ерлік заманы болып саналады» деп жазған еді. Абылайдың шын аты - Әбілмансұр. 1711 жылы әкесі Көркем Уәли Түркістанға сұлтан болып тұрған кезде дүниеге келген. Бұл кезең қазақ халқы үшін өте қауіпті, ауыр кезең еді. Үш айдаһардың (Жоңғар, Қытай, Ресей) ортасында қазақ мемлекетінің жойылып кету қаупі төніп тұрды. Қытай мен Ресей жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып отырды. Ауыр «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары Абылай 12 жасында жауынгерлердің қатарына қосылады да, 22 - де батыр, қолбасшы ретінде танылады [2].

XVIII ғасырдың орта шенінде қазақ елін жаулардан қорғау үшін Абылай Ресеймен және Қытаймен татулық, достық қатынас сақтап, олардың қолдауы арқасында жоңғар басқыншылығын талқандауды жөн көрді. Ең ірі қауіп жоңғарлардың басқыншылығы екендігін түсінді. 1740 жылғы шайқаста Абылай қазақ жауынгерлерінің тікелей қолбасшысы болды. Қазақ әскері жоңғарларға қатты соққы берді. Жоңғарлар көп шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Абылай қазақ әскерлерін ұйымдастырып, жауға қарсы көтеріп, басын біріктіріп, негізгі әскери күшті жинап көрші мемлекеттерге қазақ хандығы біртұтас ел екенін көрсетті. Абылай сұлтан бұл кезде қазақтарды біртіндеп жоңғар шабуылдарынан құтқарып, елдің тыныштығын, халықтың тұтастығын, мемлекеттің егемендігін, тәуелсіздігін сақтап қалуды мақсат еткен. Бұл мақсатты іске асыру барысында ол Ресей империясының 1740 ж. Орынборда (тамыздың 28-і) сұлтан Абылай «верным добрым и послушным ... и подданным быть ...» деп Ресей империясының өкіметіне, кейін Қытай мемлекетінің бодандығын қабылдауға мәжбүр болды. Тарихшы – ғалым Н. Мұхаметқанұлы «XVIII ғасырдағы Чин патшалығы мен қазақтардың қарым-қатынасы» атты мақаласында былай деп жазады: «1755 ж. Орта жүз ханы Абылай Чин хандығының елшілерін күтіп алған кезде, оларға Чин хандығына бағынышты болу ниетін білдірді: «Ұлы мәртебелі патшаның орталық ойпатты билеп отырғанын бұрыннан естуші едім, арада асқар тау, алып өзендер көп, жер шалғай болғандықтан тарту-таралғы апара алмадық. Міне, бүгін патшаның құдіреті шалғайды шарлап, Ілені сапырып, Лама дінін көркейтті. Қазақтар мен жоңғарларға тыныштық орнатылды деп қуанып отыр. Мен шын ниетіммен мәртебелі патшаға қараймын» [3]. Ал бұл туралы А. Левшин былай деп жазады: «Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра, ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен шын мәнінде ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз басшы болды» [4].

Екі ірі мемлекетпен дипломатиялық, сауда қарым-қатынастарын орнатып, кезінде жоңғарлар басып алған Алтай, Тарбағатай өңіріндегі қазақ қоныстарын қайтарып алды. Қазақтар жаппай ата-мекендеріне орала бастады. Жоңғарлармен күресте халықтың басын біріктіруде ерекше рөл атқарды. Абылай сұлтан өзінің шебер саясаткерлігінің арқасында Ресей мен Қытай сияқты ірі империяларды өз саясатымен санасуға мәжбүр ете отырып, іс жүзінде елдің дербестігін, жерінің тұтастығын сақтап қалды.

Абылай өткір ойлы, терең білімді шешен адам болған. Бірнеше түрік халықтарының және де парсы, қытай, орыс тілдерін жетік білген. 1741 жылы Абылай сұлтан жоңғарлардың қоршауында қалып, тұтқынға түседі. Тұтқында болған екі жыл ішінде олардың тілі мен жазуын үйреніп, жоңғар хандығының ішкі саяси жағдайын жіті бақылап, бұл мемлекеттің күштілігі – мықты орталықтанған билікке бағынуында және де халықтың бірлігінде екенін түсінеді. Абылай сұлтан және де бірге болған серіктері, барлығы отыз бес адам қалмақ тұтқынынан 1743 жылдың 5-і қыркүйегінде елге қайтып оралады. Абылайдың тұтқындағы екі жылдай уақыт ішінде өзінің қадыр-қасиетін жоғалтпай жоғары ұстауы, сөз жүйесіндегі тапқырлығы мен батылдығы

жауларын таңқалдырған. Қалдан Церен Абылайдың даналағына бас иіп, оған жоғары мәртебелі сый - сыяпат көрсеткен және де «ол (Абылай) заманынан жүз жыл бұрын ерте туды, бүкіл әлемді билеу қолынан келеді» деп тегіннен - тегін айтпаған болар. Осы мәселеге байланысты орыс деректерінде былай жазылған: «Он, Аблай, от зюнгарцев с великим награждением отпущен, а именно: дана ему палатка, шитая золотом шуба, крытая парчою золотою, палатка железная складная, панцырь и прочее». Жоңғарлардың қонтайшысы Қалдан – Церен «менің ұлымды өлтірген сен бе?» - дегенде Абылай былай жауап берген екен «... балаңды өлтірген мен емес, халық, менің қолым халықтың бұйрығын орындаушы ғана». Бұл оқиға туралы Үмбетей жырау «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» атты жырында былай дейді:

«Өлтірем деп Қалдан хан  
Орайына Шарыштың,  
Сөзіне қарсы сөз айтып,  
Жауаптастың, қарыстың.  
Қапияда тұтылдың,  
Қалмаққа бітеу жұтылдың,  
Шешендік жолын тұтыңды,  
Үш ауыз сөзбен құтылдың ...»

XVIII ғ. 50-шы жылдары Жоңғар мемлекеті саяси дағдарысқа ұшырап, әлсіреп, ыдырай бастады. Бірақ, Абылай хан ол елді қырып шапқан жоқ. Себебі Қытай империясымен Қазақ елінің арасында буферлік рөл атқарған Жоңғар хандығының мүлдем жойылуы неге әкеліп соғатынын Абылай жақсы түсінген. Сондықтан да ол қалмақ халқының Қытай басқыншыларына қарсы ұлт - азаттық күресін қолдады. Бірақ, қалмақтар ауыз бірліктен айырылды, соның нәтижесінде 1756-1757 жылдары Цин империясы Жоңғар мемлекетін жойып, халқын қырып тынды [5].

XVIII ғ. орта кезінен бастап Абылай қазақ елінің ерікті, іргелі біртұтас ел болуын, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуін қалады. Ол елді отырықшылыққа көшіруді, Үш жүздің басын қосуды, туған Отанын жаудан қорғауды мақсат етті. Абылай хандық құрған кезде ханның жанында Кеңес болған. Оған барлық жүздердің өкілдері қатысып, маңызды мәселелерді қарайтын және де бүкілқазақтық Құрылтай шақырылып, соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтармен арадағы сауда мен дипломатиялық қарым – қатынас мәселелері қарастырылып отырды.

Ташкент, Ходжент, Сайрам, Шымкент, Созақ, Түркістан қалалары азат болған соң, яғни қазақ хандығына қайтадан қарағаннан кейін, Үш жүздің бірлігінің көрінісі ретінде ежелгі Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы болып белгіленді.

Мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау үшін, басқыншылардан елін қорғай алатын жауынгерлік қабілеті бар әскери күш жинап, оларды басқаратын тапқыр әскер басшыларын өзінің қасына жинай білген және де өзінің жоғары дәрежедегі қолбасшылық қасиеті бар екенін көрсете алған. Орыс казактары салып жатқан бекініс, қамал–қалалардың маңындағы жайылымды жерлерден айырылып қалмау үшін, орыс мұжықтарынан қазақтарға егіншілікті үйретуге әрекет етті.

Ал сауда - саттық жүргізу ісіне көп көңіл бөлгені де орынды еді. Бұрын айырбас сауда тек Орынборда ғана жүргізілсе, енді 1760-шы жылдары Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілетін болды. Ертіс өзенінің сол жағын бойлай шығысқа - Қытайға қарай «Абылай жолы» атты сауда жолы салынды. Қазақ хандығы мен Қытай арасындағы сауда - саттық биік дәрежеге көтерілді. Тарбағатай мен Құлжада жәрмеңкелер ашылып, олар қазақтарға малын, қолөнер бұйымдарын Қытай тауарларымен айырбастауға мүмкіншілік тудырды және Ресей мен Орта Азия мемлекеттеріне де Қытаймен сауда қарым - қатынасын орнатуға жол ашты.

1771 жылы үш жүздің өкілдері жиналып Абылайды бүкіл қазақтың ханы етіп сайлайды. Оның хан атағын Қытай императоры да, орыстың ақ патшасы да бекітеді. Ресей патшасы Екатерина II Абылайды хандыққа бекіту, әйтпесе, оған әлдебір нұсқаулар беру үшін оны талай рет Петербургке, не Орынборға арнайы шақыртады, алайда Абылай хан ол шақыртуларға: «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ», - деп жауап берген. Шын мәнінде де Абылай ханның тұсында қазақ мемлекеті өзінің ішкі,

сыртқы саясатын ешкімге жалтақтамай дербес жүргізді. Ол өз мемлекетінің дербестігін бәрінен де жоғары санады.

Сондықтан, Цин империясы Жоңғар мемлекетін қырып-жойып, шауып тастағаннан бастап Абылай бірнеше елшілер жіберіп, Қытай мемлекетімен бейбіт саяси қатынас орнатуға тырысты. Қытай империясы бірнеше қайтара шапқыншылық жасап, қазақ жерін жаулап алмақшы болды. Қытай мемлекетін жеңу оңай емес екенін түсінген Абылай хан онымен бейбіт келісімге келіп, сауда - саттыққа жол ашып, оны Ресей империясына қарсы қолданған. Қытаймен бейбіт қарым - қатынасты өрбіте отырып, Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей империясы қазақ жерінің шекарасына бекіністер, қамал - қалалар салып, оларды орыс казактарымен толық жайғастырып жатқанда және де Жайықтың, Ертістің тағы басқа өзендердің жағасына қазақтар малын жаюына тиім салу жөніндегі жарлықтарын шығарғанда Ресеймен жағдайды шиеленістіруге бармай, мәселені дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ресей патшалығының отаршыл, басып алу саясатының құрбаны болу қаупі тұрғанын сезді.

XVIII ғ. 70-шы жылдары Түркістан аймағында тұратын қазақтарды қырғыздар шауып, мал-жандарын айдап әкетіп отырады. Қазақтар Абылайдан өздерін қорлықтан құтқарып, қорғауды талап етеді. 1779 жылы Абылай әскерлері қырғыздарды талқандап, басшысы – Садырбаланы тұтқынға алады. Қырғыздар келісімге келіп, бітім жасауды өтінеді. Сосын, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ қалалары босатылады, ал 1781 жылы Ташкентті бағындырады, оны алым-салық төлеп тұруға міндетті етеді. Абылай хан «... өзі әулет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды. Сонда 1781 жылы дүние салып, мүрдесі Қожахмет Яссауидің мешіті алаңына жерленді», - дейді Ш. Уәлиханов.

Абылай хан мемлекеттің, қазақ халқының жағдайын шұғыл түзеді. Абылай кезеңі тарихта ең бір елеулі кезең болды. Жау қуылды, халық өз жерінде емін – еркін тұрмыс құрды, бірлікке, ұйымшылдыққа негізделген хандық билігі құрылды. Солай бола тұрса да Абылай хан көзі тірісінде Қазақ елінің мемлекетінің тұрақты болуының тарихи жағдайын жасап үлгермеді. 1781 жылы Абылай хан дүние салғаннан кейін еліміздің тұтастығы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігінен айырыла бастады.

Абылай хан – XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Ол туралы орыс ғалымы А. Левшин былай дейді: «Абылай тәжірибесі, ақыл – айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді».

Бұл жерде Абылай ханның XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі екенін айта кеткен жөн болар. Себебі қазақ қоғамында күйдің алар орны айрықша, ең мол дерек көзі күй тілінде және күй аңыздары түрінде сақталған. Абылай ханның күйлерінің тақырыбы нақтылы өмір құбылыстарына арналған және де ел қамы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойларын сипаттайды. Абылай ханның күйлері туралы Ш. Уәлиханов, А. Затаевич сияқты ғалым - зерттеушілер кезінде жазған. Олар: «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Қоржын қақпай», «Жетім торы» т.б. «Бұл күйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұрпақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді елестетеді» дейді Ш.Уәлиханов [2].

Абылай ханның алға ұстаған саясаты, мақсаты – қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді. Алайда ол дүние салғаннан кейін қазақ мемлекеті қайта бөлшектеніп ыдырай бастады. Ресей империясы қазақ жерін отарлауды қызу қолға алды. Оны іске асыру әр түрлі жолдармен іске асты, яғни әскери шеп бекіністер салу, қазақ жерін тартып алу, хандық билікті жою, рухани отарлау және т.б.[6-7].

Абылай кезінде қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы жақсарды. Қазақ халқы бірлікке, тәуелсіздікке, бейбіт өмірге ұмтылды. Абылай сұлтан болған кезінде ақыл-айласымен, сабырлы салмақтылығымен маңайына Төле би, Айтеке би, Қазыбек би, Байдалы би, Сасық билерді, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай т.б. батырларды, Бұхар жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау сияқты сыншы-

жырауларды топтастыра білді. Абылай ел арасында аса зор беделге ие болған. Қазақ халқының басқа халықтармен терезесі тең дамуы үшін жан аямай арпалысқан хан. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Абылай деген ат тәуелсіздік, бостандық, бірлік, ерлік, азаматтық, мемлекеттік тәрізді ұғымдармен бірге айтылатын болды.

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н. Абылай аңсаған азаттық // Казинформ, 2013 жылғы 2 қазан, [https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-nursultan-nazarbaev-abyлай-ansagan-azattyk\\_a2593898](https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-nursultan-nazarbaev-abyлай-ansagan-azattyk_a2593898)
2. Уалиханов Ш. Шығармалар жиынтығы (түпнұсқа: Ч.Ч. Валиханов. Собр. соч.), 4-т., А., 1985, 241, 290-б. Орысша 18-19 ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары (түпнұсқа Казахско-русские отношения в XVIII-XIX в.). – Алма-Ата, 1964.- 215-б.
3. Мұхаметқанұлы Н. Абылай ханның қазақ хандығын нығайту жолындағы қызметі. // Қазақстан Тарихы 27 тамыз, 2016 жыл #facts@history\_qaz #khan@history\_qaz
4. Левшин А. И. Описание орд и степей казахов // Министерство образования и науки Республики Казахстан. Павлодарский государственный университет им. С. Торайғырова. - Павлодар: НПФ «ЭКО», 2005. - 212 с. - (Библиотека казахской этнографии. Том 9).
5. Әуезов М. Абылай туралы жыр мен әңгімелер: Зерттеу. – 1947. – 10-296б. Машинкаға басылған. М. Әуезов жөндеген дана. Қ – 1124, № 1.
6. Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы. - Алматы «Ғылым» баспасы, 1985 ж., Ауезов М.О., Ф.М. Достоевский и Чокан Валиханов. - Москва, 1960.
7. Ақжолұлы Ш. Абылай хан - тарихи тұлға МББ аты // «www.bilim-all.kz\_Білім алл»

ӘОЖ 93/94 (574)

### ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РӨЛІ

**Ауелгазина Т.К.**

саяси ғылымдарының докторы, доцент

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы, Қазақстан, [a.tolkyn@mail.ru](mailto:a.tolkyn@mail.ru)

**Аңдатпа:** Абылай хан – (Әбілмансұр, Сабалақ, Абылай сұлтан) қазақтың белгілі ұлы хандарының бірі. Ол 1711 жылы, кезінде Орта Азияның бірнеше қаласының билеушісі «қанішер Абылайдың» баласы «Көркем Уәлидің» шаңырағында дүниеге келген.

Абылай ресми түрде 1771 жылы, тек Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін ғана таққа отырады. Абылай өз заманының көреген де ақылды саясаткері, жаужүрек батыры, өткір ойлы, дарынды дипломаты болған. Ол сонымен қатар мұсылмандық білім алған, сауатты да айбынды билеуші болған. 1730 жылдардан бастап Абылай хан көрші елдермен келісімдерге қатысып, қазақтардың барлық әскери жорықтарын басқарады.

1771 жылы үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Бұл бір жағынан «бөліп алда, билей бер» саясатының көрінісі еді.

Абылай ханның көреген және шебер дипломатиялық саясатының нәтижесінде XVIII ғасырдағы көшпелі этностардың ішінде қазақтар алдыңғы орынға шықты.

Абылай хан Қазақстанда және одан тысқары жерде дарынды қолбасшы, зерделі саясаткер ретінде танылды. Ол қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдыруды мақсат етті.

Абылай ханды XVIII ғасырдағы ұлы жыраулар Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтіқара, батырлардан Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, атақты билер Ұлы жүздегі Төле би және Орта жүздегі Қазыбек би мен Кіші жүздегі Әйтеке билер үнемі қолдап отырды.

Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Абылай ханның көрегендікпен жүргізген ішкі және сыртқы саясаты барысында Қазақ хандығы қуатты, біртұтас мемлекетке айналды.

1781 жылы Абылай хан Түркістанда қайтыс болып, Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленеді.

**Түйін сөздер:** тарих, Қазақ Ордасы, Қазақ хандығы, қазақ мемлекеттілігі, хандық билік, жырау, дипломатия, ішкі саясат, сыртқы саясат, қос векторлы саясат.

## THE ROLE OF ABLAI KHAN IN PRESERVING AND STRENGTHENING THE KAZAKH STATEHOOD

**Auelgazina T.K.**

doctor of Political Sciences, Associate Professor

Ablai Khan Kazakh University of international relations and world languages,  
Almaty, Kazakhstan, a.tolkyn@mail.ru

**Abstract:** Ablai Khan (Abilmansur, Sabalak, Ablai Sultan) is one of the great Kazakh khan. He was born in 1711, in the family of “Korkem Uali”, who was the son of “Kanisher Ablai”, the ruler of several cities in Central Asia.

Ablai officially ascended the throne in 1771, only after Abulmambet Khan’s death. Ablai was a far-sighted and wise politician of his time, a brave hero, a witty, talented diplomat. He also received a Muslim education, was a competent ruler. Since the 1730s, Ablai Khan participated in agreements with neighboring countries and led all military campaigns of the Kazakhs.

In 1771, representatives of three zhuzs elected Ablai Khan in Turkestan. Ablai was actually a great khan not only of one Middle Zhuz, but of the entire Kazakh Horde. The Emperor of China, the Dzungarian Khanate, and the states of Central Asia officially recognized Ablai as the entire Kazakh Khan. However, having outlived him with growing authority, the Russian Tsarina Catherine II presented Ablai with the award only as the Khan of the Middle Zhuz. On the one hand, it was an expression of the “divide and rule” policy.

As a result of the far-sighted and skillful diplomatic policy of Ablai Khan, the Kazakhs came to the first place among the nomadic ethnic groups of the XVIII century.

Ablai Khan was recognized as a talented commander, a wise politician in Kazakhstan and abroad. He sought to turn the Kazakh Khanate into a powerful state.

Ablai Khan was constantly supported by the great zhyrau of the XVIII century Bukhar zhyrau, Umbetey, Tatikara, batyrs Kabanbay, Bogenbay, Malaysary, famous Bii Tole bi in the Great Zhuz and Kazybek bi in the middle Zhuz and Aitek in the Younger Zhuz.

Ablai pursued a policy adapted to the geopolitical position of the Kazakh people, located between the Russian and Chinese empires. In the course of Ablai Khan’s far-sighted domestic and foreign policy, the Kazakh Khanate turned into a strong, unified state.

In 1781, Ablai Khan died in Turkestan and was buried in the mausoleum of Khoja Ahmed Yassawi.

**Keywords:** history, Kazakh Horde, Kazakh Khanate, Kazakh statehood, Khan’s power, zhyrau, diplomacy, domestic policy, foreign policy, dual-vector policy.

Абылай (азан шақырып қойған аты Әбілмансұр) – XVIII ғасырда билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Үш жүздің басын қосқан Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі, аса көрнекті саяси қайраткері және қолбасшысы.

Абылай ханның арғы тегі Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан, бергі бабалары Қазақ хандығының іргетасын қалаушы Өз Жәнібек хан, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, жоңғарлармен соғыста аты шыққан Салқам Жәңгір хан. Абылай (Қанішер) сұлтан Абылай ханның атасы, одан туған Уәли сұлтан (Көркем Уәли) – әкесі, 1723 жылы жаугершілікте қаза табады. Абылай - Жәңгір ханның бесінші ұрпағы.

Абылай әкесі Уәлиден айырылып, жетімдіктің зардабын ерте тартады. Жас ханзаданың балалық шағы мен жасөспірім кезі қуғында өтеді. Ханның сенімді көмекшілерінің арқасында Әбілмансұр аман қалған екен. Жаугершілік заманда туып, өскен Абылай шыққан тегін, өзінің хан тұқымынан екенін жасырып келген. Жас кезінен өжет, батыл, ақылды болып қалыптасқан. 1730-33 жылдар аралығында жоңғарлармен болған соғыстардың бірінде бұрын белгісіз болған жас жігіт ортаға «Абылай» деп ұрандатып шығып, қалмақтың қас батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. Оған дәлел ретінде Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» деп басталатын өлеңінен бір шумақ келтіре кетейік:

«Ай, Абылай, Абылай...

Сен жиырма жасқа жеткен соң,

Алтын тұғыр үстінде  
 Ақсұңқар құстай түледің.  
 Дәулет құсы қонды басыңа,  
 Қыдыр келді қасыңа».  
 Абылайдың аты жиырма жасқа келгенде шыққанын Үмбетей жырау да растайды:  
 «Ей, Абылай, Абылай,  
 Жиырма жасқа толғанда,  
 Қалмақпен соғыс болғанда  
 Алғашқы бақты тапқанда,  
 Шарыштың басын қаққанда,  
 Қанжығаңа бас байлап,  
 Жау қашты деп айқайлап,  
 Абылайлап шапқанда...».

Тарихтан белгілі XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ елі үшін бұрын-соңды болып көрмеген қанды қырғын мен «Елім-айлап» еңірей босқан зар заманның қатал сынағы орын алған кезең еді. Дәл осы уақытта қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрған кезде Абылай елді бірлікке шақырып, үш жүздің басын құрап, анталаған жауға тойтарыс берді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Қалмақтың қас батырын жеңген оның аты қазақ даласына кең тарап, енді халық оны «Абылай» деп атап кетеді. Сөйтіп, аты көзі тірісінде-ақ аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай хан өзінің бүкіл ғұмырын қазақ мемлекеттілігін нығайту мен халықтың бірлігін қамтамасыз ету ісіне арнады. Бұл игі мақсатты жүзеге асыруда тамаша көмекші ретінде Бұқар жырауды таба алды. Жырау ұзақ уақыт бір билеушінің төңірегіне топтаса алмаған халқын ханның маңайына топтастыруға көмектесуді өзінің негізгі миссиясы деп білді.

1730-1741 жылдары Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы берді. Аталған кезеңде қазақ жерін жаудан азат ету қимылдары мен жорықтарына Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қосып қатысады. Олар әлі елге танылмаған жас Абылайды жорыққа алып шығып, ерлігін сынайды, батырлық ісіне тәнті болып, оны өз орталарынан хан етіп көтереді, сөйтіп, ханның сенімді адамдарына айналады.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, Қытай империясы мен Ресейдің арасында қалған Қазақ хандығының саяси жағдайының күрделілігін ескере отырып, осы екі мемлекетпен де мәмлеге келудің қажеттілігін жете түсініп, дипломатиялық жолдарды тиімді пайдалана білді. «Өзінің қадір-қасиетіне сенімді бола отырып, ол батылдығымен әрі байыпты мінез-құлқымен қолдаушыларды өз қатарына шебер тартып, жауларға күшпен қауіп төндіре отырып, кейде орыс, кейде қытайлардың қуатын қажеттіліктеріне қарай мойындады; бірақ іс жүзінде мүлдем тәуелсіз билеуші болды» [1, 254 б.]. Осы орайда 1740 жылы тамызда Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербор мен Бейжіңге елшіліктер аттандырды (1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елшілік жіберген).

1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғарияның билеуші топтарының арасында таққа талас өршіді. Жоңғар хандығына ие болған Лама Доржи қазақ еліне шапқыншылықты қайта өрбітіп, билігін нығайтқысы келді. Алайда Абылай әскері бірнеше шайқастарда ойрат басқыншыларына қатты соққы беріп, жеңіске жетіп, Жетісу мен Тарбағатайдағы қазақ қоныстарын қайтарып алды. Осылайша, Абылай елдің дербестігін толық қалпына келтіруге барынша күш салып, өте-мөте шебер сыртқы саясатты жүзеге асырды.

1752-1757 жылдар аралығында ол бастаған қазақ әскері ойрат, жоңғар әскерлерімен шайқасты. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан кейін қытайлар Абылайдан бітім сұрады.

Тегеурінді әскери қимылмен қатар, шебер жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтерді. Абылай Ресей империясымен тығыз қатынастарды жалғастыра отырып, Қытай империясынан да қол үзбестен Қазақ хандығының дербестігін сақтап қалуды мақсат етті. «Абылай өзінің Қазақ хандығының қуатты Ресей империясына да, Цин империясына да саяси тәуелділігін барынша төмендетуге бағытталған табиғи және өмірлік ұмтылысында 25 жылға жуық уақыт ішінде аймақта екі векторлы сыртқы саясатты табысты түрде жүргізіп келді» [2, 164 б.]. Бұл жайт Абылай ханның асқан көрегенділігі мен мәмлегерлігін көрсетеді.

Абылай әскері 1755-1765 жылдары Қырғыз ұлысына жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, күні бүгінге дейін сақталып отырған қазақ пен қырғыздардың Нарынқолдан Қордайға дейінгі шекарасын анықтайды. «Абылай бірқатар қырғыз руларын бітімгершілікке келуге мәжбүрлеп, кепіл ретінде олардан аманат алды» [3, 126 б.]. Яғни, қырғыз билеушілері Қазақ хандығын мойындап, вассалға айналуға мәжбүр болды.

Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы алаш жұртының санасында «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. Бұл 1771 жылы Еділ қалмақтарының жоңғарға қазақ жері арқылы үдере көшуі еді. Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, Жем бойында қалмақтарға алғашқы соққы берді. Балқашқа жақындаған кезде Абылай бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды. Осы кезде қалмақ басшылары Ұбашы мен Серен бітімге келуді, бүкіл ел-жұртымен бодандыққа қабылдауды сұрап, елші жіберді. Кіріптар ұсынысты талқылау үшін шақырылған әскери кеңесте Абылай тағы да көрегендік танытып, жеңілген жауды қырып-жоюдың қажеті жоқ екендігін дәлелдеуге тырысты. Еділден ауған қалмақпен келіссөзге келіп, тым құрыса олардың жоңғарға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік беру жөніндегі Абылай түйінінің аржағында шығыстағы ұлы көршімен болашақтағы қарым-қатынасты ойлау жатты. Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да Абылай саясатының тереңдігі мен кемеңгерлігін айқын көрсетеді.

Осылайша, Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасындағы туындаған қайшылықтарды қазақ хандығының мүддесіне тиімді пайдаланып отырды. Тарихшы-ғалым В.Я. Басин атап көрсеткендей «Абылай Ресейдің немесе Цин империясының қамқорлығы оның даладағы қызметіне кедергі келтіретінін түсінді. Сондықтан ол осы екі держава арасындағы маневрлік тактикаға жүгінді, бұл оған белгілі бір дәрежеде салыстырмалы түрде тәуелсіз саясат жүргізуге көмектесті. Дәл осы саясат бірде-бір қырғыз ханының Абылай сияқты шексіз билікке ие болмауына ықпал етті» [4, 241 б.]. Өз кезегінде Абылай Ресей мен Қытай мемлекеттері арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген қос векторлы саясат жүргізіп отырды.

Сонымен қатар, Абылай хан Ресей мен Қытай арасында амал-айла құралымен қазаққа тиімді саясат жүргізе отырып, аталған елдермен шектесетін ел шекарасын сақтап қалуда, күйреген жоңғар қонысынан қазақтың жерін қайтаруда, оңтүстіктегі ежелгі қоныстарды кеңейтуде ерекше қажыр-қайрат көрсеткен біртуар көсем болды.

Сұлтан Абылай өзінің атақ-даңқы немере ағасы Әбілмәмбет (Өз-Тәукенің немересі) ханнан асып тұрса да, оның көзі тірісінде тақ иесімін деп ұмтылмайды. Жоңғар хандығы күйреп, Орта жүзде Абылайдың атақ-даңқы артып бара жатқанын байқаған орыс үкіметі Абылайға кісі салып, оны Орта жүзге хан етпек болған ойларын жасырын жеткізеді. Абылай бұл ұсыныстан «Әбілмәмбетті әке орнына құрмет тұтатынын, оған үлкен хандықтан басқа атқарар жұмыстардың баршылық» (5, 607 б.) екенін айтып, үлкен биліктен бас тартады. Абылайдың хандыққа Әбілмәмбеттің көзі тірісінде ұмтылмайтынына анық көздері жеткен орыс үкіметі «шарасыздан»: «...Әбілмәмбет көбіне Түркістанды мекендейді, әрі күші көп. Оны Абылай құрмет тұтады, ақыл-кеңесін тыңдайды. Сондықтан Әбілмәмбет тірі кезінде ол ордада (Орта жүзде) басқа хан тағайындаудың пайдасы жоқ» [5, 87 б.], - деген қорытынды шығарады.

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері 1771 жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде Абылайды Орта жүздің ханы

етіп тағайындайды. «Шындығында, оның билігі Орта жүзден басқа, негізінен Кіші және үлкен жүздерге таралды» [4, 239 б.]. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Тарихи деректер, аңыз-жырлар да Абылайдың үш жүздің әміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Мәселен, Абылайдың хандық мөріне батырлық лаузымның «Баһадүр Абылай хан бин султан Уәли» деп таңбаланып, ханның тікелей ұрпағы Ш.Уәлихановтың «Хандар шежіресінде» «Хан Абылай батыр» [6, с.174] деп айшықталып берілуі – оның хандық саяси билікке батырлық, жаугершілік қасиеттерімен көтерілгендігін айғақтайды.

Бұл жайт туралы Т. Сұлтанов былай жазады: «Абылай сұлтанның хан болып сайланғаны 1771 жыл. Құрылтайда оны ақ киізге көтеріп, үш жүздің ұлы ханы деп жариялайды. Арада бес жыл өткеннен кейін, Орынбор шенеуніктерінің өтіне сұрауымен орыс патшайымына өзін үш жүздің билеушісі етіп бекіту жөнінде өтініш білдіріп хат жолдайды. Ханның бұл мәселеде оңай келісуі Ресеймен жақын қарым-қатынасты сақтауды көздеген ниет емес еді, тез күш ала бастаған өзбек әулеттерінің Қоқанд иелігінің саяси қамтуындағы Тянь-Шань қырғыздары мен Сыр бойындағы отырықшы елдің екпінін басып қою үшін орыс шекаралық әскер басшыларынан тұрақты әскер алу болатын.

...Өтініш қабылданғанмен, Петербургтың ұлы хандық институтын күшейту ниеті жоқ еді. II Екатерина патшайым Сыртқы істер коллегиясының ұйғарымына сүйеніп, 1778 жылдың 24 мамырында оны тек Орта жүздің ханы етіп бекітеді, бүкіл қазақ елінің билеушісі болып сайланғаны есепке алынбайды» [7, 103 б.]. Ол жөнінде И.И.Неплюев: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болуы мүмкін» деп жазды.

Өмірінің соңғы он бес жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. Сөйтіп, Абылай хан кемеліне келіп, күш-қуаты артқан уақытта ата-бабасының қонысын өзіне қаратады. «Абылайдың Ташкентпен және Ходжентпен соғысы, – деп жазады Ш.Уәлиханов,- Жизаққа дейінгі жеті шаһарды алумен тынады. Олардың арасында Әзірет-сұлтан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалар бар. Ал Ташкент алым-салық төлеп тұруға тиісті болды» (8, 111 б.). Ташкент және оның маңындағы шағын қалаларына өз билігінің орнағанын ол 1771 жылы орыс патшайымы II-Екатеринаға үш жүз Алашқа хан сайланғанын айтып жазған хатында айтады. Онда ол былай дейді: «Менің ата-бабама туыс болған Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет хан қайтыс болды. Олар дүниеден өткен соң, хан болу жолы маған тиді. Олар қайтыс болғаннан кейін, қазақтың барлық жүзі, яғни Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз хандары мен сұлтандары бір ауыздан Ташкенттің кішігірім және үлкен қалаларымен бірге отырып, 1771 жылы Түркістан қаласында, мұсылманның әулие Қожа Ахметтің басында, әдеттегіміздей дұға оқи отырып, мен үш жүз Алаштың ханы етіп сайлағаны хақ» [9, 87 б.].

Абылай хан – Қазақ хандығын нығайтып, үш жүздің басын біріктірген, солтүстік-батысында Ресейдің, шығысында Қытайдың отарлауынан елімізді аман сақтап, жоңғар мен қалмақтың, Хиуа мен Қоқанның шапқыншылығын тойтарған, толыққанды тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асырған көреген саясаткер әрі соңғы хан болды. «Орта Орданың батыл әрі ақылды сұлтаны, кейін хан тағына ие болған Абылай қалыптасқан жағдайларға қарай, бірде Ресейдің, бірде Қытайдың ұстанған саясатын ескере отырып, Орта Орданың тәуелсіздігін өзі қайтыс болғанға дейін, яғни 1781 жылға дейін сақтай алды» [10, 201 б.]. Шоқан Уәлиханов жазғандай, «Абылай заманы - қазақтардың ерлік ғасыры» болып қалды.

Абылай ханның билік құрған заманы мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның арасын үш ғасыр уақыт бөліп жатыр. Бұл кезеңнің бір-бірінен айырмашылығы да, ұқсастығы да баршылық. Отыз жасқа толар-толмастан саясат пен билікке белсене араласқан XVIII ғасырдың ұлы тұлғасы Қазақ Ордасын экономикалық әлеуеті шектеулі, халқының саны аз болғанына қарамастан Жоңғарияның, Ресейдің, Қытайдың, іргелес Орта Азия билеушілерінің басынуынан қорғауға баға жетпес үлес қосып, мемлекетті басқарудың тамаша мектебінен өтті. Қазақ елінің Еуразия кеңістігіндегі, Орталық Азиядағы беделі мен егемендігін орнықтырып, орасан зор нәтижелерге қол жеткізді. Абылай көзі тірісінде аты аңызға айналып, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін 40 жыл бойы аттан түспей күрескен ұлы тұлға. Ол билік жүргізген жылдар Дала тарихына Абылай дәуірі боп кіруі тегін емес. Сол уақытты қазақ халқы зор құрметпен еске алады.

Абылай хан 1781 жылы өмірден қайтты. Тарихи ұлы тұлғаның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қойылған. Халық жадында ол тәуелсіз Қазақ мемлекетінің символы іспеттес.

Тәуелсіздік таңы атқаннан бергі отыз жылдың ішінде Абылайдың шынайы іс-қызметін оқып, біліп өскен, ұлы бабасымен мақтанатын қаншама буын ұрпақ қалыптасты. Тәуелсіздіктің ұлттық санадағы жемісі нақ осы жайт болып табылады.

#### Әдебиет

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат. - 656 с.
2. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы: ДайкПресс, 2001. – 600 с.
3. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Аblaй-хан: внешняя и внутренняя политика. – Изд. второе, исправленное. – Алматы: Жазушы, 2001. - 168 с.
4. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата, 1971. – 276 с.
5. Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). - Алма-Ата: АН Каз ССР. – 1961. - С.607.
6. Валиханов Ч.Ч. Родословное древо казахских ханов и султанов // Соб.соч. в 5 т.- Алма-Ата, 1984. - Т.4. - С.174
7. Сұлтанов Т. Қазақ хандығының тарихы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 160 б.
8. Валиханов Ч.Ч. Аblaй //Собр. соч. в 5-ти томах. Т. IV. - А., 1985. - С.111.
9. Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. - С.87
10. Валиханов Ч.Ч. Статьи из «Географического статистического словаря Российской империи» // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.4. – 197-208 с.

ӨЖ 93/94 (574)

### ҚЫТАЙ ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ АБЫЛАЙ ХАН ЖӨНІНДЕГІ ТАНЫМЫ МЕН САЯСАТЫ

Мұқаметханұлы Н.

т.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
nabizhan.muhametkhanuly@gmail.ru

**Андатпа.** Мақала Қытай Цин (Qing) патшалығының орда күнделіктері - Qing shilu-да хатталған деректерге сүйене отырып, Цин империясының 1697 жылы қазақтарды алғаш естігеннен бастап, 1750-жылдары қазақтарға назар аударуының тарихи себептеріне талдау жасайды. Сондай-ақ Цин империясының Абылай жөніндегі танымы және қазақтарға қолданған саясатын қарастырып, бірқатар тың тұжырымдар жасайды. Автор Цин империясы Әмірсана арқылы Қазақ хандығын білді және оның басшысы Абылайды таныды деп санайды. 1755 жылы Жоңғар хандығына жорық жасағанда Цин империясы қазақтарды да бағындыруды көздеген жоқ деп есептейді; Цин империясы қазақ даласына қашып кеткен Әмірсананы тұтқындау үшін, үш бағтпен әскер аттандырып қазақ жеріне барғанда, Абылай хан баса-көктеп келген қалың қолға қарумен тойтарыс жасады, екі тарап бірдей арандалады. Алайда Абылай әскери қақтығысты дипломатиялық жолмен шешеді. Ол Цин империясының назарын экономикалық сауда жасауға аударып, қытай әскерлерін кері қайтарды. Сондай-ақ 1758 жылы Үрімжіден, 1760 жылы Қорғастан, 1763 жылы Тарбағатайдан арнайы базар ашып, екіжақты «Жібекке жылқы айырбастау» саудасын өрістетті.

Мақалада Қазақ хандығының Цин империясының вассалы болмағанын олардың орда хаттамалары арқылы және Корея, Вьетнам сияқты мемлекеттермен салыстырып дәлелдейді. Цин империясы мен Абылай хан арасында территория мәселесі бойынша қарама-қайшы ұстанымдарды атап көрсетіп, Абылайдың қазақтың шығыстағы атмекенін жұмсақ тәсіл арқылы, яғни қазақтарды жылжытып көшіру арқылы иелегенін дәйектейді. Автор Цин империясының Абылай хан жөніндегі танымының дұрыс, Қазақ хандығына қолданған саясатының жағымды болды деп тұжырым жасайды.

**Түйін сөздер:** Цин империясы, Жоңғар хандығы, Абылай хан, территория, саяси дипломатиялық қатынас, экономикалық сауда, қазақ қоғамының дамуы.

## THE QING DYNASTY'S COGNITION AND POLICY TOWARDS ABLAI KHAN

Mukhamethanuly N.

Doctor of History, Professor

Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The article analyzes the historical reasons for how the Qing Empire first learned about the Kazakhs in 1697 and drew attention in the 1750s, based on data published in the historical diaries of the Qing Empire of China “Qing Shilu”. The article also discusses the cognition of the Qing Dynasty to the Ablai and his policy towards the Kazakhs, and draws a number of new conclusions. The author believes that the Qing Empire knew the Kazakh Khanate through Amirsana and recognized its leader Ablai. In the campaign against the Hungarian Khanate in 1755, the Qing Empire did not intend to subjugate the Kazakhs; When the Qing Empire went to the Kazakh land to capture Amirsana, who fled to the Kazakh grasslands, Ablai Khan repelled the powerful blows of Qing people. Both sides were similarly provoked, Ablai Khan resolved the military conflict through diplomatic means, he turned the attention of Qing Empire to economic trade and repulsed Chinese troops. He also opened special markets in 1758 in Urumqi, 1760 in Khorghos and 1763 in Tarbagatai, and expanded the bilateral trade of “exchanging silk for horses”.

The article proves that the Kazakh Khanate was not a vassal of the Qing Empire through their Horde protocols and in comparison with countries such as Korea and Vietnam. This article emphasizes the conflicting position between the Qing Empire and Ablai Khan on territorial issues. He believes that Ablai Khan occupied the eastern Kazakh homeland through a gentle method which is relocating Kazakhs.

**Key words:** Qing Empire, Hungarian Khanate, Ablai Khan, territory, political diplomatic relations, economic trade, development of Kazakh society.

Цин (Чиң) империясы – манчжур ақсүйектері құрған Қытайдағы ең соңғы (1644-1911 ж.) абсолютты феодалдық патшалық. Цин империясы тұсында, Абылай хан кезінде Қазақ хандығы мен Қытай Цин династиясы арасында тікелей қарым-қатынас орнаған. Цин империясының сол кездегі Абылай хан жөніндегі таным-түсінгі, олардың қазақтарға қолданатын саясатын қабылдауға негіз болды. Сондықтан бұл мәселеге талдау жасаудың маңызы зор деп санаймыз.

Цин империясы «Қазақ» («Hasake - 哈萨克») деген халықты XVII ғасырдың соңында ғана естіген. 1697 жылдың сәуір айында Цин патшалығы ордасына келіп түскен мәліметте: «Ғалдан Түрпан, Яркен, Самархан, Қазақтың мыңдаған руларын бағындырды» делінген. Оған император Канци: «патшалығымыз бұл іске араласпайды» [1, 4-б.] деп жауап қайырғаны орда күнделігінде хатталған. Осы деректен Цин империясының қазақтарды алғаш естігені және ол кезде қазақтарға назар аудармағанын аңғаруға болады.

Алайда Цин империясы Жоңғар хандығына жорық жасау қарсаңында қазақтарға қатты назар аударды. Өйткені олар жоңғарларға шабуыл жасағанда қазақтардың аңысы – реакциясы қандай болатынын білгісі келді. Сондықтан олар қазақтар жөнінде жан-жақты ақпараттар жинай бастады.

**Цин империясы 1755 жылы Абылайды Қазақ елінің басшысы деп таныған.** 1755 жылдың қаңтар айында император Цяньлун жариялаған жарлықта бірінші рет Абылайдың аты аталады. Онда император «қазақтың Абылайы» [2. 3 б.] деп сөз бастайды. Бұдан Цин империясының Абылайды қазақ елінің басшысы деп танығанын білуге болады. Өйткені олар «Абылай қатарлыларды [Пекинге] бастап келіп, патшамен диларластыруды» жоспарлайды. Осыған байланысты император Цяньлунның 1755 жылы ақпан айында түсірген жарлығында: «... қазақтар жөнінде жоңғарлар тыныштандырылған соң Бан Ди, Саралы нақтылы ұсыныс жолдасын деген жарлық Әмірсанаға айтылды» [2. 482 т., 20 б.] делінген. Бұл құжаттар Цин империясының жоңғарға жорық жасаған кезде қазақтар жөнінде нақты жоспар құрмағанын көрсетеді.

Мұнда, Цин империясы Абылайды қалай білді? – деген сұрақ тәбиғи түрде туындайды. Өйткені соған дейін бір-біріне мүлде атізін салмаған қытайлар қазақтарды соншалықты терең біліп кетуі мүмкін емес еді.

Бажайлап бақсақ, Цин империясына қазақтарды және оның Елбасы болып тұрған Абылайды таныстырған адам, ол - Жоңғар князы Әмірсана екен.

Әмірсана қазақтардың қыр-сырын өте жақсы білетін адам. Ол кезінде Ғалден Серен өлкеннен кейінгі хандық таққа таласқан күрес барысында Абылай ханнан көп көмек алған. Ал Абылай хан ол кезде өзара қырқысқан жоңғар ақсүйектерінің әлсіздерін қолдап, мықтыларын әлсірету саясатын қолданған болатын.

Алайда Әмірсана Цин империясының қолдауы арқылы Жоңғар ханы болуды көздеп, 1754 жылы өз жақтастарын бастап барып Цин империясына берілді. Цин империясы Әмірсана арқылы жоңғардың да, қазақтың да жалпы саяси әлеуметтік жағдайын жақсы иеледі. Мысалы, 1755 жылы ақпан айында хатталған орда күнделігінде, «Бан Ди және Әмірсанаға ұқтырылсын: ұлы іс сәтті аяқтаған соң, қазақ және басқалар адалдықпен алдымызға келіп берілетін болса, онда олардың басшыларын лайығымен астанаға ертіп келіп патшамен дидастарластырып, шен-мәртебе беру керек. ... Егер олардың бізге берілгісі келмесе, онда оларды әскери шабуылмен алудың да қажеті жоқ. Олардан қалай қорғануымыз керек немесе орайы келіп тұрғанда бітіріп алатын жұмыстарды істеп алайық. Әмірсана қазақтардың жағдайын терең біледі, ол Бан Димен ақылдасып шешсін» [2. 483 т., 23 б.], деп жазылған.

Цин империясының Жоңғар хандығын жойғаннан кейінгі, яғни 1755 жылы мамырдағы патша жарлығында «...Жоңғарлар бұрыннан бері қазақтарға өш. Патша оларды тыныштандырған соң жарлық түсіріп: жоңғарлардың өз беттерімен әрекет жасап, қазақ халқын талан-таражылауына қатаң тиім салды. Ал сен қазақтар бізге өз еріктеріңмен берілесіңдер ме, жоқ па, ол өз еріктеріңде. Алайда әрқайсыларың өз шекараларыңды сақтаңдар, өз беттеріңмен жоңғарларды барымталауларыңа болмайды. ... Осы жарлықты жеткізгеннен кейін, олардың жағдайын екжей-текжейлі мәлімдеңдер» [2. 483 т., 24 б.] делінген.

Цин императорының әскери уәзірлеріне түсірген және бір жарлығында: «... Және де қазақтар жөнінде, қазақтың Абылайына жіберген жарлықты оған түсіндіру керек. ... Қазір жоңғар жері тыныштандырылды, олардың барлығы бізге бағынған пақыр болды. Осыған дейін олардың сендерге жасап келген зиянкестіктері қазірден бастап мәңгі тоқтатылды. Сендер бізге шын ниеттеріңмен қарасаңдар, сөзсіз патшаның мейір шапағатқа бөленесіңдер. Егер өз алдымызға ел боламыз десеңдер, тек тыныштықпен шекараны сақтайсыңдар, сұғанақтық жасап бізді әуре-сарсаңға салмасаңдар болғаны. Осы жарлықты түсіндіріп айтыңдар, олардың аңысын - рақиясын байқап, тез мәлімдеңдер» [2. 488 т., 15 б.] деп жазылған.

Бұл жарлықтардан Цин империясының басты мақсаты - қазақтарды өзіне бағындыру емес, олардың «жоңғар жеріне» баруын шектеу және жаңа шекарасының тыныштығын сақтау болғаны айдан анық байқалады. Өйткені Цин империясы Әмірсана арқылы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы басты мәселе - жер иелігі екенін жақсы білген. Сондықтан қазақтар жер мәселесін әлі де көтеруі мүмкін деген оймен алдын-ала Абылай ханға ескертіп отырған жайы бар.

**Цин империясы өздігінен берілген Әмірсанаға сенбеген.** Цин империясы Жоңғар хандығын жойған соң Әмірсананың іс-әрекеттерін жасырын бақылады. 1755 жылы шілде айында генерал Бан Дидің патша ордасына жолдаған мәліметінде: «Естуімше, қазақтардың басшысы ноян Абылай жасырын түрде Әмірсанамен кеңес өткізіпті. ... Олар мәңгі тату боламыз деп келісіпті. ... Әмірсана әртүрлі қарама-қайшы істерді істеп жүр, оны тұтқындап жазалау керек» [2. 492 т., 10 б.], деп жазылған.

Бұл мәлімет шындыққа жанасады. Себебі, Әмірсана Цин империясының оны Жоңғар хандығының ханы етіп тағайындамағанына қатты наразы болып, қарулы көтеріліс жасағаны және соғыста жеңіліп Абылай ханға қашып барып паналағаны тарихтан белгілі.

**Әмірсананың себебінен қазақтар мен Цин империясы арасында күрделі саяси-әскери жағдай қалыптасты.** Цин империясы Әмірсананы қазақ жерінен тұтқындап келуге үш бағытпен қалың қолын аттандырады. Ал Абылай хан қазақ жеріне баса-көктеп келген қалың қолға қарумен тойтарыс жасады. Алайда ол мәселені дипломатиялық жолмен шешті. Сондықтан Цин империясы өзінің қол бастаған сардарына түсірген жарлығында: «Қазір сұмұрай Әмірсананы тұтқындасаңдар дереу әскерлерді кері шегіндіріңдер. Егер оны әлі ұстай алмаған болсаңдар, онда Далдаң сияқтылар Абылай хан бабаға (қытайша түпнұсқада «Abulai han baba - 阿布賚汗巴巴») деп жазылған – Н.М.) айтсын: қалың қолымыз тек сұмұрай Әмірсананы тұтқындау үшін келген еді, сендер қарсылық көрсетіп, біздің әскерлерден жеңілдіңдер. Егер сендер Әмірсананы

тұтқындап берсеңдер, дереу ұлы патшаға мәлімдейміз, ол сендерге зор мейір-шапағатын көрсетеді. Қазір күн суытып келеді, қалың қол уақытша кері шегінеді, келер жылы тағы келеді. Әмірсананы тұтқындамай тоқтамаймыз, екі жыл немесе он, жиырма жыл келе береміз, онда сенің жеріңде тыныштық болмайды - деп айтыңдар да, әскерлеріңді кері шегіндіре беріңдер. Бұл жарлықты Чжао Хуэй Далданаға тез жеткізсін» [2. 519 т., 8 б.] деп бұйырады.

1757 жылы шілде айында Цин империясының шекараны тыныштандырушы генералдың орынбасары Чжао Хуэй мен кеңесші уәзір Фу Дэның патша ордасына жолдаған мәліметінде: «Қазақ ханы Абылай қарсылық көрсеткеніне өкініп, адалдық танытып тарту-таралғы жіберген елшісі лагерьге келді» [2. 543 т., 12 б. ] деп жазған.

Тарихи ақиқатты айту керек, Цин империясында Жоңғар хандығын жойған кезде, қазақтарды бағындырайын деген мақсат болған жоқ. Керісінше, Қазақ хандығын дербес ел ретінде мойындап, Абылай ханды сол елдің басшысы - ханы деп таныды. Сондықтан Цин патшалығының императоры Цяньлунның 1757 жылы 31 қыркүйекте Абылай ханға жолдаған ресми грамотасында: «... өзің бұрын хан екенсің, патша хандығыңды бекітті» [2. 543 т., 16 б. ] дегені, - соған дәлел болады. Цин империясының қазақ хандарына жолдаған грамоталары, іс жүзінде олардың қазақ хандарын танығанын, мойындағынының символы ғана болатын. Ал, қазақ хандары үшін айтқанда – ол ұлы елдің оны хан деп танығанын білдіретін айғақ іспеттес дүние еді.

Жоғарыдағы құжаттар, Цин империясының Абылайды білген 1755 жылдың өзінде-ақ, оны Қазақ елінің басшысы – ханы деп санағаны, сондай-ақ Қазақ хандығын дербес ел деп санағанын дәлелдейді. Бұл іс жүзінде Цин империясының қазақ елінің қоғамдық шынайы болмысын дұрыс тануы болып табылады.

**Цин империясы Қазақ еліне дербес мемлекет ретінде саясат қолданды.** Цин империясы шығысындағы Кореяға, Оңтүстік-шығысындағы Вьетнам сияқты елдерге сюзеренді мемлекет ретінде үстемдік жүргізді. Ол елдерге саяси шонжарларын жіберді, әскер ұстады және салық алып тұрды. Ал қазақ сияқты Орталық Азия елдеріне ондай үстемдік орнатқан жоқ немесе орната алған жоқ.

**Абылай ханның этнотерритория ұғымы тарихи негізде қалыптасқан.** Абылай ханда ұлттық аумақтың кеңістігі жөнінде анық ұғым болған. Цин империясы жоңғарларды бағындырған соң, жоңғарлар бізге тәуелді болғандықтан олардың атының тұяға жеткен жерлер - Қытайдың аумағына енуі керек деп санады. Ал, Абылай хан Цин империясының бақылауында қалған қазақтың шығыстағы ежелгі атамекені қазақтарға қайтуы тиіс деген ұстанымда болды.

Сондықтан Цин императоры «жерімізге қазақтар кимелеп кіріп кетпейді деуге болмайды» деген болатын. Тіпті, Цяньлун патшаның өзі: «Іле бұрыннан жоңғар бұратаналарының кіндік жері болып келген. Егер онда әскер ұстап, тың игермесек, жақын жерде тұрған қазақтар мен бұраттар (қырғыздар –Н.М.) орайдан пайдаланып онда келіп мал бағатын болады, онда біз оларды қуып әуіре боламыз» [2. 548 т., 9-10 б.] деген. Сондай-ақ ол шекара шонжарларына: «Егер Абылай ойраттар жеріне еніп келіп мал бағуды талап ететін болса, оған олардың шекарадан асып келулеріне болмайды деп айтыңдар» [2. 548 т., 9-10 б.] деп тапсырма берген.

**Абылай хан Цин империясына алғаш жіберген елшісінен территория талабын қойды.** Цин империясының оған қайтарған жауап хатында: «... Ал сен (Абылайды меңзеп отыр – Н.М.) талап қойып отырған Тарбағатайға келсек, сен ол жерді бұрынғы біздің ата жұртымыз – мал бағатын жеріміз еді, ол жерді патша мейірімділікпен жарылқап бізге беруін өтінемін депсің. Ол өңір енді ғана тыныштандырылды. Қазірше иен жатыр. Патша ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар. Сондықтан ол жерді сендерге жарылқап беріп жіберу – мемлекеттің жүйесіне қайшы келеді» [2. 548 т., 9-10 б.], деп жазылған.

Абылай хан Цин империясына жіберген және бір елшісінен Іле аймағын талап етеді. Соған орай 1760 жылы 8-маусымда Цин патшалығының Абылай ханға жолдаған жауап хатында: «Сенің елшілерінің айтуынша, ойрат жері қазір иен жатыр екен. ... Сен және де патша жарылқағанның үстіне жарылқай түсіп, қазақтардың Ілеге барып мал бағуына рұхсат берсе депсің. Тарбағатай сияқты жерлер ежелден жоңғарлардың жайылым жері, патша қалың қолмен ол жерді тыныштандырды. Сен қазақтар, бұраттар (қырғыздар – Н.М.) ташкентдіктер, әндіжандықтар, бадақшандықтар

барлықтардың өз ықыластарымен ішке (бізге – демекші – Н.М.) қарадыңдар. Қазақтар сендердің жерлерің ұлан-қайыр кең дала. ... Қазір Іле және басқа жерлерге ішкеріден әскерлер бірінен соң бірі келіп тың жер игеріп жатыр. Абылай хан сен бұрын Тарбағатай сияқты жерлерді сұрап, мал бақсақ деп өтінген едің, патша оған да рухсан бермеген болатын. Бүгінгі талабың тіпті артық» [Бұл да сонда] деп, қазақтардың ежелгі атамекенін өзіне қайтарудан бастартады.

Алайда Абылай хан қазақтың шығыстағы атамекеніне оралуды жұмсақ тәсілмен, яғни біртіндеп жылжып көшіп бару саясатын жүргізу арқылы іске асырды. Соның нәтижесі - бүгінгі таңда Қытайда өмір сүріп отырған екі млн-дай этникалық қазақтар.

**Абылай хан Цин патшалығымен сауда келісімін жасады.** Абылай хан Цин империясымен сауда жасауды алғаш 1757 жылы ұсынды. Сол жылы қазақ қоғамына қауіп-қатер төндірген Цин империясының қалың қолын дипломатиялық жолмен шешу үшін Абылай хан олардың назарын экономикаға аударып, олармен сауда жасағысы келетінін айтты. Осы оқиғаға байланысты шүршіт қолын бастаған сардар Чжау Хэйдың патша ордасына жолдаған мәліметінде: «Қазақтың Дәмеш және Тоқтау деген екі адамы әскери штабымызға келіп, кешірім сұрап, екі ат тарту етті. Олар ойламаған жеден қалың қолдарыңызбен шайқасып қалып, екіжақ бірдей арандалдық. Міне, бүгін ат тарту етіп, кешірім сұрап келдік дейді. Сондай-ақ олар бізбен сауда жасау ниетін де білдірді» [2. 508 т., 4- б.] делінген. Цин үкімте қазақтармен сауда жасауға бірден келісіп, дайындық жұмыстарын бастайды.

Абылай хан екіжақты сауданы Үліңгір көлі (қазіргі Қытайдың Алтай аймағының Буыршын ауданында) жағасында жасауды айтады. Цин патшалығы ол жерді алыссынып, Үрімжіде сауда жасауды ұсынады. Абылай хан онымен келіседі. Сондықтан 1757 жылы 15 желтоқсанда хатталған Ци империясының орда күнделігінде: «Қазақтармен Үрімжі де сауда жасауды Абылаймен келіскеміз, патша өз жарлығымен бекіткен» [2. 550 т., 10 б.] дейтін дерек, соның айғағы.

Екіжақты келісім бойынша 1758 жылы Үрімжіден, 1760 жылы Іледе – Қорғасытан, 1763 жылы Тарбағатайдан арнайы базар ашылып, қазақ-қытай арасында «Жылқыға жібек айырбас» саудасы өрістейді.

Цин үкіметі қазақтармен жасаған саудаға зор маңыз берді. Қазақтармен «жасалатын сауда сөзсіз әділ болуы керек. Саудада екіжақ тең пайда көруі тиіс» деген Сауда ережесін қабылдайды.

**Цин империясының қазақтарға қолданған саяси-дипломатиялық саясаты.** Манчжур-Цин патшалығы да Қытайдың соған дейінгі басқа династиялары сияқты өзін «Тәңідір ұлы», «Аспан астының қожасы» деп санады да, өздерімен дипломатиялық байланыста болған төңіректегі елдердің барлығын өздеріне «сырттай тәуелді болған елдер – Waі ran» деп атады. Сондықтан олар төрткіл дүниедегі елдердің Цин империясы ордасына ұдайы елші жіберіп сәлем беріп, тарту-таралғы ұсынып тұруын, өздеріне жасалған үлкен құрмет, зор мәртебе деп санайды. Сонымен Цин патшалығы ордасы сәлемге барған елшілерге және олар арқылы сол елдің патшаларына, хандарына жіберетін сыйлығының құны, олардың апарған кәде-сыйлықтарынан бірнеше есе көп болып отырды. Сондықтан жат елдер Цин патшалығы ордасына сәлемге барудың саяси мәнін ескермей, оның экономикалық пайдасына қатты қызықты. Әсіресе, біздің қазақтар осылай болды.

Цин патшалығының қазақ елшілерін қабылдау ережесінде: «Қазақтар әр үш жылда бір мәрте патшаға сәлемге келуіне болады»; «қазақтардың Бейжиңге келіп патшаға сәлем берушілеріне ұйғырдың бектері қатарында мәміле жасалсын; Пекинге келіп патшамен кездескен қазақ елшілеріне ұйғырдың бектеріне берілетін дәрежедегі қонақасы берілсін», деп көрсетілген. Алайда қазақ сұлтандары сұранып жүріп шамамен әр екі жылда бір рет барып тұрды.

Цин империясы қағаз жүзінде қазақтарды өздеріне «сырттай ел болғандар» қатарында санады. Бірақ іс жүзінде Қазақ хандығының ішкі сыртқы істеріне қол сұққан жоқ. Оларды дербес мемлекет қатарында санады. Цин патшалығы: «Қазақтар – орыстардан жасқанады. Сондықтан олардың орыстармен жақсы болуы ақылға қонымды іс. Олар шын ниетімен бізге сәлем-сауғыт әкеліп жатса, оларды жарылқауымыз керек. Егер келмесе, оның да оқасы жоқ. Олар орыстардан қорқа ма, жоқ па, оған біз назар аударып жатпаймыз» [2. 550 т., 20 б.] деген. Кейін тіпті «... Қазақтардың Ресеймен қарым-қатынас жасауына тыйым салмаймыз» [2. 580 т., 20 б.] деп, ашық айтқан болатын. Цин империясы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына араласпау принципін бастан-аяқ сақтады. Осы

арада Цин империясының вассалы болған Кореяға Жапония қадам басқанда Қытай жойқын соғыс ашып (1894-1895 ж.), жер қаба жеңілгенін ескерсек, арадағы айырмашылықты анық аңғарамыз.

Тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, Цин империясының Абылай хан жөніндегі танымы дұрыс, қолданған саясаты жағымды болды деуге негіз бар. Содан да болар, Абылай ханның Қытай Цин империясына қолданған дипломатиялық саясаты өте табысты болды. Оның басты көріністері XVIII ғасырды Қазақ хандығының нығаюы мен өрлеуінен, халқымыздың этнотерриториясының қалпына келуімен сипатталады. Демек, Абылай хан өзінің алдына қойған мақсаттарын негізінен іске асырған, тарихи миссиясын жоғары деңгейде орындаған тұлға.

Жапонияның Орталық Азияны зерттеуші белгілі тарихшы ғалымы Сакуш Тору: «Цин патшалығы үкіметі шекара өңірінің саяси тұрақтылығын сақтау үшін, қазақ хандарын өзіне сәлемге келіп тұратын саясат қолданды. Абылайдың қойған талаптарының барлығын қабылдады» [3. 345 б.] деген, тұжырымы негізсіз емес.

Егер, біз жоғарыда пайымдалған тарихи шындықты мойындайтын болсақ, онда отан тарихында қалыптасқан бірқатар қасаң қағидаттарға өзгеріс жасауымыз керек.

Көріп отырғанымыздай, Цин империясы Абылай ханды 1750-жылдары Қазақ елінің басшысы – ханы деп таныған. Сондай-ақ олар қазақтар жөнінде тек Абылаймен санасып отырған. Саясатта болсын, саудада болсын, әлде шекара мәселесінде болсын, бәрінде тек Абылаймен сөйлесіп, келісімге келіп отырғаны бұлжымас тарихи шындық.

Мен осы негізде, Ресей деректері негізінде Абылайды 1771 жылы ғана жалпы қазақтың ханы болды деген көзқарас, тарихи шындыққа жанаспайды деп санаймын.

Менің пайымдауымша, Абылай 1743 жылы Орта жүздің ханы болды (бұл жөнінде жазған дүниелерім жарияланған), 1750 жылдары бүкіл қазақ елін биледі. Сондықтан Қытай Цин империясы Абылайды Қазақ елінің бірден бір өкілі – ханы ретінде таныды және соған орай саясат қолданды. Мұның дәлелін жоғарда келтірдік. Бұл бір.

Екіншіден, Қазақ хандығын Цин империясының вассалы болды дейтін қытайлық көзқарасты қабылдауға болмайды. Қытайға вассал болған Корея, Вьетнам елдерінде мәселе соғыспен шешілген. Ал, Қазақ хандығы Ресей тарапынан отарланып өз билігін аяқтаған. Оған Цин империясы мүлде киліккен емес.

Үшіншіден, Ресей мен Цин империясы қазақ аумағынан мемлекеттік шекарасын алғаш айырғаннан кейін (1864 ж.), жерімен бірге бірқатар қазақ ру-тайпалары Қытай құрамында өтті. Цин империясы соларды тікелей билеп-төстеді.

1750-ші жылдары Қытай Цин империясы Абылайды Қазақ елінің басшысы – ханы деп танығанын, және тек онымен санасып саясат қолданғанын көріп біліп отырып, өзіміз Абылайдың ұлы хандық билік мәртебесін мойындамай отырғанымыз, - тым абсурдтық емеспе?! дегім келеді. Сондықтан Абылай хан жөнінде сақталған қазақ, орыс және қытай деректерін жалпы салыстырып талдау жасап, тарихи шындыққа жанасатын ғылыми тұжырым жасайтын кез келді деп санаймын.

#### Әдебиет

1. Цин патшалығы Шэньзу патша орда күнделіктері (Qing shen zu shi lu-清圣祖实录). - 183 т.
  2. Цин патшалығы Гаозун патшаның орда күнделігі (Qing Gaozong shilu - 清高宗实录). - 481 т.
  3. Сакуш Тору. XVIII-XIX ғасырдағы Шығыс Түркістан қоғамдық тарихын зерттеу. - Киото. -1963. Zhangying қытайша аудармасы. -Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. – 1994. - 408 б.
- ӘОЖ 93/94 (574)

### АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ГЕОСАЯСАТЫ

**Изтаева В.А.**

Абылай хан атындағы ҚХҚжәнеӘТУ-нің доценті,  
саяси ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан

**Андатпа.** Елдің санасында сақталған орасан саяси оқиғаларды, халқының қамын ойлаған ірі саяси көсемдердің өмірі мен қызметі, тарихта қалдырған іздері әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақ жадында десе

болады. Ғасырлар бойы ел азаттығы үшін күрескен саяси тұлғаларды зерделеу, ғылыми тұрғыдан талдау және оның нәтижесін бүгінгі заманымыздың талабына сай сараптау арқылы, анықталған құндылықтарды насихаттауға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп отыр. Абылай хан қазақ қоғамына қосқан саяси-әлеуметтік қызметтерін ғылыми тұрғыдан зерттеу, олардың тұлғалық қасиетін ашып, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп тарту, халық арасында насихаттау, идеялық пікірлерін сараптауды зерттеу көзіне айналдыру-бүгінгі күн талабы.

Абылай ханның басты мақсаты Қазақ хандығының тәуелсіздігін қамтамасыз ету болды. Дипломатиялық құралдарды шебер қолдана отырып, Абылай өзінің әскери және саяси билігі кезінде Жоңғария уақытша басып алған қазақ жерлерін (Тарбағатай мен Алтай тауларында, Зайсан көлінің шығысында) қайтарып алуға күш салды. Жоңғария тәуелсіз мемлекет ретінде жойылғаннан кейін де маньчжур-цин билігі осы стратегиялық маңызды аймаққа қонуға деген талаптарын жариялауды тоқтатқан жоқ.

**Түйін сөздер:** геосаясат, қазақ қоғамы, саяси өмір, жер тұтастығы, саяси сана, саяси билік, азаттық пен тәуелсіздік, ұлттық намыс.

### GEOPOLITICS OF ABLAI KHAN

Iztaeva V.A.

Associate professor, candidate of political science

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

Almaty, Kazakhstan

**Annotation.** The geopolitical goal of Ablai Khan was to ensure the independence of the Kazakh Khanate. Using diplomatic means, Abylai used energy to return the Kazakh lands (in the Tarbagatai and Altai mountains to the east of the Zaisan Lake), a temporarily occupied Dzungaria for the time being. Even after the liquidation of Dzungaria, as an independent state, the Manchu-Chinese authorities did not stop making claims about their land in this strategically important area.

**Key words:** geopolitics, Kazakhstani society, political life, territorial integrity, political consciousness, political power, freedom and independence, national interests.

Қазақтың құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан ғайыр даласын қорғау, сақтап қалу, оны келешек ұрпаққа аманат ету әсіресе, Тәуке ханнан кейін ыдыраған Орданы қайта тұрғызу, құлаған туды қайта көтеру елдің бірлігі арқылы жүзеге асытындығы белгілі. Мемлекет болашағына, ұлттың тағдырына қатысты саяси мәселелерді шешуде ердің ерінің қолынан ғана келеді. Бетегелі жерде берекелі елдің болуын, көршілес мемлекеттермен тереземіздің теңесуін, құтты жеріміздің тұтастығын сақтауға атсалысқан, соны көксеген Абылай ханның саясатын ғылыми тұрғыда зерттеу қазіргі ұрпақтың жұмысы.

Қазақ халқының саяси өмірінде елін, жерін қорғаған хандарымыз бен батырларымыздың халқының бірлігін, тұтастығын ойлаған ұлт перзенттері болғанын ұрпақ біледі. «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» жылдары қазақ халқының өмір сүруі мен жойылып кету қаупі тұрғанда отаншылдық, атамекенін, жерін, ерлігін ұран етіп көтеріп, халқын бірлікке шақырған хандары олардың идеяларын, үндеулерін халқына жеткізіп отырған жыраулар болды.

XVIII ғасырда елдегі саяси жағдай халқының ұлттық намысын оятып, халықты «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығаратындай ауызбіршілікке, тұтастыққа, бірлікке топтастыруға мүмкіндік туғызды. XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында қазақ қоғамында жоңғар шапқыншылығынан кейін халық әбден тозып, азып күйзелген кезең болды. Іштегі саяси билік үшін тартыс, жүзге бөлінген қазақ халқының жағдайы күрт төмендеді. Қазақ хандығының бірлігі мен берекесі кетті. Халықтың жүздің билері мен хандарына деген ризашылықтары жоғалып, мықты қазақ хандығын құруды армандады.

«Қазақ халқын талай хандар билеген, бірақ Абылай хан болған дәуірде шыңғыс әулетінен тараған ханзадалардың құны құлдыраған кезі еді. Ел басына күн туған кезде қазақ елінің ханзадалары тақта емес ұрыс алаңында сынға түсті», - деп көрсеткендей Абылай ханда ел басына күн туғанда өзінің де «керек болса өзім атқа қонғалы отырмын» - деген сөзі қырғыздардың қазақ ауылына тыныштық бермей шапқыншылығына наразылығын білдіріп айтқан сөздері тарихи деректерде сақталған.

Философ Ғ.Есім айтқандай: «тарихтан белгілі біздің елге қызыққан жау көп болды. Солардан қорғап жерімізді бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған аталарымыз жеке меншікті білмеген. Ел қорғаған батыр да, ел сөзін билеген би де жеке меншік болмаған. Жерге қауымдық меншік болған соң, қазақта бір сана қалыптасқан. Ол қазақ жерінің тұтастығын қорғау» [1] болды.

Жер барлық халықтың соның ішінде қазақ үшін киелі де, қасиетті ұғым. Қазақ халқы өз жерін қорғауды елдіктің белгісі деп түсінген. Жерді құндылық тұрғысында түсіну жер тағдырын адам және ел тағдырымен байланыстыру қазақ дүниетанымында ерекше элементтердің бірі. Қазақта «Жер-Анасы», «Су-Атасы», «Нан-баласы» деген аталы сөздер бар. Бұл сөздердің мағынасынан халықтың жерсіз болашағының жоқ екенін аңғарамыз.

Осы жер үшін, жерінің тұтастығын сақтау мақсатында Абылай ханның саясатының рөлі зор. 1756 жылы Шаған, Оба ауданында, Қарқаралы таудың Жарлы өзенінің бойындағы, Шідерті өзенінің қасында тарихта Шүршітқырылған деген атпен сақталған шайқас осының дәлелі [2]. деректерден көруге болады. Қазақ-қытай келіссөз жүргізіліп бітім қабылданады. Қытаймен саяси қатынастың маңыздылығы, Тарбағатай, Ертіс, Іле маңындағы құнарлы жерді кері қайтару дипломатиялық жолмен шешіліп отырды. Байырғы қазақ қоныстарын қайтаруда Абылай ханның саяси беделі тек Орта жүзде ғана емес, Ұлы, Кіші жүздерде де арттырды. Қазақ жерінде қазақ хандарының сыртқы саясаты ел бірлігі мен жер тұтастығын сақтау болды. Абылай хан Түкістан, Сайрам, Шымкент қалаларын қазақ жеріне қайтадан қайтарады. Тіпті Ташкент қаласының өзін салық төлеуге мәжбүр етті. Себебі «Абылай хан жоңғар, қытай және қазақтардың экспансиялық саясатына тойтарыс берумен жүргенде, Қоқан хандығының айдап салуымен кейбір қырғыз манаптары Ташкент пен Шудың аралығындағы Түркістан, Созақ Сайрам т.б. қалаларды басып алу мақсатымен ұлы жүз қазақтарын шапқыншылыққа ұшыратады. Осы тұста Абылай хан тағы да қазақ қолын өзі бастап шығып, қырғыздардан біржолата қазақ жерін босатады. Абылай ханның бұл ерлігі де оның даңқына даңқ қосады. Бұл туралы Үмбетайдің:

«Анау бір жылы аттанған  
 Әскерді қырғыз қырғанда,  
 Басынан оба қылғанда,  
 Бұл хабарды ел біліп,  
 Көп батырмен сен жүріп.  
 Көзіңнен жасың көл қылып,  
 Қысылған әскер басының  
 Қасына барып тұрғанда,  
 Ақ боз атты шалғанда,  
 Мойныңа кісе салғанда,  
 Бабай түкті шашты Абыз  
 Содан бата алғанда,  
 Тілеуің қабыл болғанын,  
 Басыңа қыдыр қонғанын

Ұмыттың ба, соны Абылай», - деп жырлауы қисынды деуге болады [3].

Абылай хан Ресей мен Қытай империясының ортасында орналасқан қазақ елінің геосаяси жағдайында икемделген саясат жүргізді. Абылай Орталық Азиядағы мықты, күшті қазақ хандығын көтерді, онымен Ресей, Қытай империясын санастыра отырып, Қазақ хандығындағы мықты бір орталықтан бағынатын мемлекет құра білді. Абылай хан хандық құрған тұста, өзінің басқару жүйесінде қазақ хандығын, территориялық тұтастығын сақтай отыра, қазақ елін Ресей мен Қытайдан кейінгі ең мықты мемлекетке айналдырды. Бірақта елдің батыс шекарасында Жайық маңында болған Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі қазақ жерінің тынышын бұзбай қойған жоқ. Соның ішінде қазақ жеріне көзін сұға қарағандарға сазайын беріп отырған. Орыс губернаторы И.Рейнсдорпқа Абылай ханның жолдаған мынадай хаты бар. «Менің қарауымда сондай-ақ Ұлы және Кіші ордалар да бар, Ұлы жүз қазақтары Түркістан қаласына таяу Ташкент уәлаятына тұрады. Ол уәлаятта менімен жауласып жүрген қырғыздар бар. Міне солар біздің адамдарға дамыл-тыныштық бермей, әлсін-ала шабуылдап, ауылдарын тонап, қатын-баласына

дейін тартып әкетіп жүр. Бұндай озбырлықтан бізді қорғай көріңіз деп көз-жасыммен өтінемін. Тентектерді тыйсын, бұзықтарды бұғауласын деп балаларым мен бауырларымды, елдің жақсы-жайсандарын аттандандырдым. Олардың артынан ата-мекен қамы үшін өзімде атқа қонғалы отырмын» [4], - деген сөздерінен Абылай ханның батырлығы мен батылдығының дұшпанға қарсы керек болса, өзі де атқа қонатындығын көрсетеді. Абылай хандай ұлы қолбасшының арқасында қазақ халқы өзінің ұлттық санасын, дәстүрін, менталитетін, ұлттық рухын, тарихын сақтап, Қазақстанның тәуелсіздігін құруға негіз салды. Абылай қазақ даласының даналығын, күш-қайратын бойына сіңіре отырып, халқымен бірге ұлт санасын, психологиясын, ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білді. Абылай ұстаған саясат қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалуға бағытталған ол кездегі бірден-бір дұрыс саясат болды. Абылай ханның кейбір идеялары осы күнге дейінде өз өзектілігін жойған жоқ, Абылай ханның сол кездегі белгілеп берген территориясы осы күнге дейін сақталып отыр, ұрпаққа аманат ретінде сақталуын, елім, жерім деп еңбек ететін саяси лидерлерді уақыт талап етеді

Абылай хан есімі ол тек Қазақстанда ғана емес, ХҮІІІ ғасырда Орта Азияда, халықаралық деңгейде ерекше құбылыс болып саналды. Абылай хан қазақ халқының санасында тарихи-саяси тұлға болып танылады. Қазақ халқын біріктіріп, дербес, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруы халқымыздың есінде ұлы бейне болып қалыптасуының бірден-бір себебі. Қашанда саяси тұлғаға баға беру, оны ғылыми тұрғыдан талдау ұқыптылықты қажет етеді. Қоғамның тізгінін ұстап, ұлтымыздың ұлы мақсаттарына жанын салған, халқын жұмылдырып, бір тудың астына топтастырған Абылай ханның саяси ролі маңызды. Ата-баларымыз осынау ұлан-байтақ жерді аттың жалында, түйенің қомында, найзаның ұшында, қылыштың жүзінде жүріп қорғаған» [5], - дей отырып, Н.Ә.Назарбаев «ата -бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық.

Соны ертеңге жеткізу келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау. Бұл мақсат жүзеге аспайынша азаттық баянсыз», - екенін, алға қойған мақсаты нақты, түсінікті, мақсатқа жету тактикасының жолы халқының мүддесіне қамдалған сарабдал саясаткер.

«Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме! Ел тірегі ері, ер тірегі елі бола білген қауымның басы бағынан кетер ме? Есті ерінді ез тұтсаң өзіңді өзің қорларсың, есеріңді ер тұтсаң іргеңізден жау кетпей, төріңізден дау кетпей, сойқаннан жолығып, сорларсыңда зарларсың. Ел мұраты көрешек, ер мұраты келешек. Көрешегін күйттеген түбі қоймас сүрінбей, келешегін күйттеген жетелі ер адаспас бағзыдан қалған із бар ғой» - Құлтөбедегі Әйтеке бидің айтқан сөз жолдарынан саяси лидердің беделінің халық алдындағы маңыздылығын көрсеткенде [6].

Көптеген мемлекеттер мен халықтардың басына қиыншылық тускенде, халық арасынан халық мүддесін қолдайтын жеке тұлғалардың болғанын халық біледі. Әрбір халықтың ұлы тұлғалар есімімен тығыз байланысты тарихы бар. «Әрбір тарихи тұлғаның еңбегі, әрбір тарихи оқиға сол кезең аясында ұлт мүддесі тұрғысынан екшеліп, әділ бағасын алу қажет» [7].

Қазақстан саясаттану ілімі тарихында ХVІІІ-ші ғасырда қазақ даласында елдің саяси өміріне атсалысқан қазақтың саяси қайраткері Абылай хан туралы ғылыми жұмыстар аз. Тарих толқынын терең зерттеп түсіну үшін, сол қоғамда өмір сүрген жеке тұлғалардың өміріне терең талдау жасауды талап етеді.

### Әдебиет

1. Қазақ даласының ойшылдары (ХVІІІ-ХІХғғ). – Алматы, 2004. – 292 б., Есім Ғ. Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы, 1994.- 66-67бб.
2. Тайшыбай З. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. - Астана. - 2005.- 125-127 бб.
3. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1984.
4. Казахско-русские отношения в ХVІ-ХVІІІ вв. Док. 272. – Алматы, 2004. - 694-695 с.
5. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. - 330 бет.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. –190 б.
7. Нысанбаев Ә.Н. Демократия және ашық қоғам. – Алматы, 2001.- 48 б.

**ҚАЗАҚСТАН МЕН АБЫЛАЙ ХАН ТАРИХИ ДАМУ ЛОГИКАСЫНДА  
КАЗАХСТАН И АБЫЛАЙ ХАН В ЛОГИКЕ ИСТОРИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ  
KAZAKHSTAN AND ABYLAI KHAN IN THE LOGIC OF HISTORICAL DEVELOPMENT**

УДК 93/94 (574)

**КАКОЕ МЕСТО ЗАНИМАЛИ ГОСУДАРСТВЕННАЯ ФОРМА  
ХАНСТВА И ТИТУЛ ХАНА В ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОМ  
«РЕПЕРТУАРЕ» ПОЛИТИЧЕСКИХ ИНСТРУМЕНТОВ XIX-XX ВВ.?**

**Гзавье Аллез,**

старший научный сотрудник, Французский Институт  
Исследований Центральной Азии (IFEAC), Бишкек

Мой доклад касается одного из важнейших элементов «репертуара» или каталога институтов власти Центральной Азии: политической формы ханства или титула хана, которые были введены тюрками. Чингисхан принял этот институт власти, на котором он основал монгольскую империю. Этот процесс был описан в книге Джейн Бербанк и Фредерика Купера «Империи в мировой истории: власть и политика разнообразия» [1], я не буду на нем останавливаться. Ханство стало легитимной политической системой в Центральной Азии, несмотря на политический распад и конфликты между различными линиями чингизидов за контроль над регионом. Легитимность чингизидов, т.е. только чингизид мог стать ханом, введенная Чингисханом, сформировала политическую жизнь Центральной Азии и сыграла определенную роль в долговечности политической модели ханства. Институт ханства существовал в Центральной Азии до монгольского нашествия (Караханидское ханство 942-1212 и Каракитайское ханство 1124-1218), но он конкурировал с другими формами: персидским титулом шаха (государство Хорезмшахов 1077-1231 годах), арабским титулом эмира (Саманидское государство 875-999 и Газневидское государство 977-1186) или султана (Газневидское государство), и другим тюрким политическим институтом, бей и бейлик (Сельджукское Государство 1037-1194).

Среди населения Центральной Азии, чьи современные этнонимы существовали уже в XVI веке, только у казахов линии чингизидов являлись составной частью народа, а именно группа төре. Появление казахского народа связано с союзом между линиями чингизидов, имеющий легитимное право стать политическими правителями, и родами, которые идентифицируют себя как в объединяющем элементе, представленном төре, так и в генеалогическом единстве. Эта политическая конструкция была выражена Тынышпаевым в начале XX века в его комментарии к предложению: «Алаш алаш болғанда, Алаша-хан болғанда»: «Время, когда алаш стал действительно алашем, а Алаша – ханом, то есть казахи объединились в одну мощную государственную организацию, и первым объединившим ханом был Алаша» [2]. Остальные ханства Центральной Азии определялись регионально: Бухарское, Хорезмское, Кокандское. Туркмены, каракалпаки и кыргызы находились в более или менее сильной зависимости от этих ханств. Генеалогическое единство было центральной политической основой для них.

Система чингизидов начала подвергаться сомнению с созданием Кокандского ханства в XVIII веке, которое установило узбекскую династию во главе государства и, таким образом, порвало с легитимностью чингизидов, сохранив политическую форму и титул хана. Легитимность этой династии складывалась из различных элементов, особенно религиозных и тимуридских. Бухарское ханство было преобразовано в эмират в самом конце XVIII века, что позволило узаконить захват власти узбекской династией и ее отход от простых марионеточных ханов из чингизидов.

Эти изменения произошли тогда, когда Центральная Азия претерпевала глубокие геополитические изменения. Во второй половине XVIII века пришел конец великим переселениям и утверждению русской и китайской имперской власти, с устранением джунгаров и отчасти Персии. Эти потрясения вызвали новый вопрос о политическом единстве и положили начало

размышлениям о ранней национальной форме. Стихи Махтумкули (1724-1807) о туркменском единстве – один из примеров.

XIX век усилил эту динамику из-за царской колонизации и ослабления государств Центральной Азии. Ханство и титул хана продолжали представлять политическую явность и несомненность в Центральной Азии, но их основание постепенно менялось. Период 1840-1850-х годов занимает центральное место в этом процессе.

Война под руководством Кенесары Касымова была частью этого конфликта по поводу природы казахской политики: Губайдулла хан, Касым Аблайханов, затем Кенесары хотели сохранить политическую форму ханства и титул хана, который они все еще считали актуальным. Именно для того, чтобы утвердить свою власть в дипломатических отношениях и благодаря сплочению многих казахских родов, Кенесары был избран ханом в 1841 году. Эти выборы состоялись спустя почти 20 лет после принудительного изгнания Губайдуллы хана : ни Касым, ни брат Кенесары Саржан не стали добиваться этого титула.

Поднятие на белой кошме Кенесары соответствовало принципу чингизидов. Однако титул хана уже был отменен царской властью. Кенесары считал что свой народ находился под угрозой и пытался защитить его существование, сохраняя казахские институты и территориальную «автономию». Кыргызы и туркмены, оказавшись в похожей ситуации, не имели внутри себя чингизидов. Тем не менее, они мобилизовали этот институт власти: хан стал формой сверх лидера, объединяющего народ.

В 1842 году Ормон (1791-1854) был первым, кого подняли на белой кошме, и кто объединил северные кыргызские племена против русских и Кокандского ханства. У него не было преемника: случай с кыргызом Исхаком Асановым (1844-1876) весьма свидетельствует о двусмысленности, связанной с этим титулом. Он выдал себя за внука Кокандского хана – Полот-хана – чтобы возглавить восстание против правящего хана в 1873 году. Только потомок хана мог иметь легитимное право возглавить восстание или политически объединить роды.

Туркмены также избрали своих первых ханов в 1850-х годах, когда они воевали против персов, Хорезмского ханства, а затем и Российской империи. Говшут-хан был избран ханом рода Теке в 1855 году, затем после его смерти в 1858 году, за ним последовали Нурберды-хан и его сын Махтумкули-хан в 1880 году.

Во всех трех случаях – казахском, кыргызском и туркменском – титул хана был мобилизован как единственная доступная модель, но попытки переформулировать политическое существование потерпели неудачу из-за военных поражений.

Постепенно ханство перестало появляться как политическая форма, способная соответствовать новому геополитическому контексту и изменениям в центральноазиатских обществах. Парадоксально фигура хана продолжала оставаться важной моделью: единственной легитимностью государственности, основанной на прошлой истории. Во время колонизации и в начале советского режима хан как образ независимого прошлого и политического существования оставался единственной легитимной фигурой, чтобы возглавить восстание. С другой стороны, этот титул уже не был связан с реальным политическим проектом и возрождением ханства. Выборы ханов больше не были актом объединения, а касались только родов, выбирающих своего представителя. Этот аспект рассматривается в статье, опубликованной мной и Изабель Оайон в 2019 году [3].

Со второй половины девятнадцатого века и даже в начале двадцатого века элиты Центральной Азии стремились создать новую легитимность, чтобы восстановить политическую государственность для своего народа. Она основывалась на современных течениях глобальной истории того времени, а именно на создании наций. Образ ханства и хана потерял свой престиж, потому что эта модель не соответствовала современности: она стала инвективой или признаком отсталости, неприятия современности как для русских, так и для значительной части элиты Центральной Азии, особенно казахской. В их конфликте в начале 1910-х годов Алихан Букейханов пренебрежительно обвинил Бахытжана Каратаева в желании быть избранным ханом. Со своей стороны, царская власть продолжала систематически называть лидеров восстания ханами с целью их политической дискредитации. Однако этот титул не был настолько распространен

среди населения, как о нем часто писали. Многие лидеры отказывались от него: в частности, Каната Ыбыке уулу (1860-1916) среди кыргызов и Абдугапар Джанбосынов, который предпочел титул эмира.

Среди казахов отметим еще один парадокс, связанный с фигурой Аблай-хана, которого всегда превозносили те же самые элиты, но которые не задумывались о восстановлении ханства. В данном случае акцент ставился на память о политическом единстве и слиянии рода и линии чингизидов. Это объединение все еще сохраняло видимую реальность в политической жизни Казахстана: до 1918 года төре продолжали иметь политическое преимущество. Они составляли подавляющее большинство среди депутатов, избранных в Государственную Думу в 1906 и 1907 гг., и двое из трех кандидатов на посту председателя Алашорды в 1917 были также төре.

В советский период ханство ассоциировалось с феодализмом, и даже если после 1991 года история Центральной Азии была пересмотрена во всех республиках, включая Казахстан, в основном ханство не представляло политической модели, отвечающей вызовам современного мира. Никакая политическая легитимность, опирающаяся над династиями чингизидов в Казахстане или над потомками тех, кто были избраны ханом в Кыргызстане или Туркменистане, не была мобилизована в отличие, например, от Франции, где монархическое движение, даже в небольшом количестве, продолжает до сих пор существовать. В Центральной Азии существует разрыв преемственности между ханствами и обретением независимости 1991 года.

Политическое воображение, связанное с ханством, по сути своей является частью коллективной памяти, что можно было наблюдать во время празднования 550-летия Казахского ханства. Оно не представляет собой реальной политической альтернативы: единственные ссылки относятся к полностью переработанной версии того, что называется степной демократией или курултаем, особенно в Кыргызстане. В XIX веке этот принцип также частично служил оправданием для введения выборов в казахских степях царской властью.

Фигура хана в очень редких случаях может быть положительно связана с одним из лидеров Центральной Азии, но в большинстве случаев она служит для осуждения предполагаемого злоупотребления властью: в Кыргызстане было изобретено новое слово «ханституция» чтобы дискредитировать конституционный референдум 2021 г.

Титул хана также претерпевал трансформацию в индо-иранском мире: он был эквивалентом вождя рода или губернатора провинции, затем он был подкреплен именами, чтобы обозначить знак уважения, прежде чем просто стать элементом имени семьи.

#### Литература

1. Burbank J., F. Cooper, *Empires in World History: Power and the Politics of Difference*. - Princeton: Princeton University Press, 2010.
2. Тынышпаев М. История казахского народа. - Алматы : Санат, 1998. – С. 145.
3. Hallez X., Ohayon I. Making political rebellion “primitive: 1916 rebellion in the Kazakh steppe in long-term perspective (ca. 1840-1930) [Сделать политическое восстание примитивным]: восстание 1916 года в казахской степи в долгосрочной перспективе] // In : Chokobaeva Aminat, Cloé Drieu, Alexander Morrison (eds.). *The Central Asian Revolt of 1916. A collapsing Empire in the age of War and Revolution*. - Manchester: Manchester University Press, 2019. – P.256-288.

УДК -13

### СОВРЕМЕННЫЕ РОССИЙСКО-КАЗАХСТАНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Семедов С.А.

д.ф.н., профессор, Институт управления и регионального развития, РАНХиГС при Президенте РФ, г. Москва, Россия, email: sa-semed@mail.ru

**Аннотация:** Российско-казахстанские отношения на современном этапе носят позитивный взаимовыгодный характер. Геополитические реалии и глобальные процессы современного мира

оказывают влияние на международные отношения, однако, двусторонние отношения во многом определяются не столько «внешним контекстом», а конкретной позицией Казахстана и России. В эпоху тектонических сдвигов в мировой политике и мировой культуре Казахстан не замыкается на сопредельных государствах, и стремится расширить поле для внешнеполитического маневрирования: страна активно развивает экономические, политические, культурные, спортивные, научные, образовательные связи с внерегиональными акторами, включая США, Японию, Республику Корея, Евросоюз, Турцию, Индию, Сингапур, Индонезию и другие государства. Казахстанская внешнеполитическая концепция демонстрирует желание активно развивать всесторонние отношения с внерегиональными участниками международных отношений, что, отнюдь, не является показателем снижения уровня двусторонних отношений.

**Ключевые слова:** Россия, Казахстан, глобализация, геополитика, двусторонние отношения, историческая память, имидж, «мягкая сила», дипломатия.

### RUSSIAN-KAZAKHSTAN RELATIONS IN THE EPOCH OF GLOBALIZATION

**Semedov S.A.**

Ph. D., Professor, Institute of Management and Regional Development, RANEPa under the President of the Russian Federation, Moscow, Russia, email: sa-semed@mail.ru

**Abstract:** Modern Russian- Kazakhstan relations have a positive and mutually beneficial character. Geopolitical realities and global processes of the modern world influence international relations. However, bilateral affairs are generally defined not by the “outer context” but by the specific position of Russia and Kazakhstan. In the epoch of tectonic movements of modern politics and modern culture Mongolia is trying not to focus only on neighboring countries and is reaching to widen her field of international manoeuvring. The country is actively developing her economical, political, cultural, sports, scientific and educational relations with extra-regional actors, including USA, Japan, Republic of Korea, European Union, Turkey, India, Singapore, Indonesia and other states. The Kazakhstan international concept demonstrates its wish to actively develop extensive relations with extra-regional actors in international relations that by no means indicates the decline in the level of bilateral relations.

**Key words:** Russia, Kazakhstan, globalization, geopolitics, bilateral relations, historical memory, image, «soft power», diplomacy.

Место России и Казахстана в системе международных отношений определяется целым комплексом геополитических, географических, политических, экономических факторов. В современном мире, характеризующемся анархизмом межгосударственных отношений, турбулентностью, динамизмом политических процессов, крайним снижением политической культуры, важно сохранить культурно-цивилизационную самобытность. Ведь процесс глобализации, характеризуется как универсализацией, так и актуализацией, и повышением интереса к локальным культурам, что дает основание говорить о процессе «глокализации». Мы живем в эпоху, когда «принципы и механизмы рынка неправомерно экстраполируются на область принятия решений» [1]. Россия и Казахстан проходят путь переосмысления своего места и роли в истории человечества. Имея разные, но во многом пересекающиеся исторические пути, наши страны во многом похожи в силу того, что мы имеем почти 260 лет совместной истории в составе единого государства (в 1731 г в состав Российской империи включен Младший Казахский жуз). Современные российско-казахстанские отношения основаны на принципах равноправия, уважения суверенитета, территориальной целостности и национальных интересов партнера. Казахстан, как и Россия, в силу своего геополитического положения и значительного экономического потенциала не замыкается на узорегиональных проблемах. Россия и Казахстан являются активными участниками региональных международных отношений: СНГ, ШОС, ЕАЭС, ОДКБ, ОБСЕ, Совета Европы. Отношения между Россией и Казахстаном носят дружеский стратегический и взаимовыгодный характер.

**Российско-казахстанские отношения** развиваются в контексте отношений как с соседними государствами (Центральная Азия), так и с внерегиональными участниками международных отношений. Дипломатические отношения между Казахстаном и Российской федерацией были

Қорытындылай айтқанда, Абылай ханның Қытай елімен шарт жасауының саяси астары, қазақ мемлекетінің дамуын сақтау және нығайтуға бағытталған болды.

Жалпы, Абылай хан тату-тәтті көршілік саясатын ұстануға тырысты. Ол Ресей мемлекетімен дипломатиялық, сауда байланыстарын орнатты. Абылай хан өз қол астындағы халықты Ресей әскери қызметкерлерінің орынсыз талаптары мен әрекетінен қорғай білді.

1759 жылы патша үкіметінің әкімшілігі Әбілмәмбетті тағынан тайдырып, оның орнына өзінің отыруын ұсынды және оған барлық жағынан қолдау көрсетуге уәде етті, бірақ Абылай сұлтан одан бас тартты. 1778 ж патша үкіметі Абылайды бір ғана Орта жүздің ханы деп таныды [4].

Қазіргі таңда екі жақты байланыстың құқықтық-келісімдік негізі 300-ден аса құжатты қамтиды. Екі ел арасындағы байланыста саяси сенімділік пен өзара түсіністік күшейіп

келеді. Екі жақты қатынастардағы елеулі оқиғалар қатарында мемлекетаралық шекараның делимитациялануы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігі табанын бөлу туралы келісімінің қабылдануы, екі ел арасындағы байланыстардың тереңдеуіне жол ашқан Ресейдегі Қазақстан жылы мен Қазақстандағы Ресей жылдарының кезек өткізілуін атап өтуге болады

Жалпы екі ел тәуелсіздік алғалы бірнеше рет кездесулер өткізіп, әр-түрлі салада біршама жетістікке қол жеткізіп, екі жақты маңызды құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде экономика саласында да бірталай келісім-шарттар болды. Әрине екі елдің бір - бірімен қоян - қолтық араласып кетуіне жол ашатын нәрсе, бұл—екі елдің ел басшыларының кездесуі болып табылады. Осыған орай 1992 жыл 25 мамырда достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім-шартта екі елдің экономикалық ынтымақтастығы негізделген. Онда нәтижелі жалпы экономикалық кеңістікті құру үшін барлық деңгейлердегі шаруа субъектілердің тең құқықтығы мен өзара тиімді экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдетуге тараптар жәрдемдесетініне назар аударды. Тараптар экономикалық өзгерістер саласындағы әрекеттерін, оның ішінде құрылымдық, ақша - несие, валюта, салық және баға саясатын қоса алғанда, үйлестіред [5].

1992 жылы 23 - шілдеде Алматыда, екі ел үкіметтері делегацияларының кездесуі кезінде, тек - металлургия кешені саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, төленбеген қарыздарды реттеу тәртібі және келісілген ақша - кредит саясатын жүргізу туралы, Оралда жасалған екі жақты келісімдерді іске асыру барысы туралы және сауда - экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыру туралы хаттамаларға қол қойылды. Осы жылдың қазан айында Көкшетауда Қазақстан мен Ресей президенттерінің кездесуі болып, оның қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме жасалды. Онда былай делінген: Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бұдан былай да экономикалық байланыстарды үйлестіру, еркін сауда принциптеріне негізделген ортақ кедендік - экономикалық кеңістік, ақша - кредит саясаты, бірыңғай төлем құрамы - сом, өзара сауда ісінде арам бәсекелестікті жою, келісілген протекциялық саясат екі мемлекеттің де шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында төте байланыстарды жолға қою, диверсификацияланған технологиялық концерндер мен кешендер құру негізінде жүргізілетін кең ауқымды экономикалық ынтымақтастыққа бірінші дәрежелі мән берді. 1995 жылы Қазақстан-Ресей қарым қатынасы жемісті түрде дамуын жалғастырды. Жыл ішінде Қазақстан мен Ресей Президенттерінің екі кездесуі өтті [2].

Қорытындылай келе Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөздері де әрбір азаматқа ой салуға тиіс: «Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға. Бірақ, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін, сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек... Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет... Мен үшін Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ тарихы ұлт - азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауымыз керек».

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1 том. - Алматы, 1999.
2. Нәсенов Б. Абылай хан. - Алматы, 2005.
3. Қасымбеков М.Б. Назарбаев Нурсұлтан Абишевич – основатель независимого государства. – Алматы: ТОО Қазақ энциклопедиясы, 2010.
4. Заркын Т. Казахский хан Абылай. – Алматы: Изд-во «Ел-шежіре», 2013.
5. Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). - Алматы, 2003.

ӘОЖ 94(574): 373.016

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ФОРМУЛАСЫ

**Ділдәбек Н.Е.**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті, Туризм мамандығы 1-курс,

Алматы, Қазақстан, [dildabek.nazerke@bk.ru](mailto:dildabek.nazerke@bk.ru)

Ғылыми жетекшісі: Жанақова Н.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған проф.

**Андатпа:** мақалада консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының мән-маңызы мен рөлі еліміздегі татулық пен келісім формуласы ретінде қарастырылады. Ассамблеяның қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімнің конституциялық қағидатын іске асыру тетігі ретінде әрекет ететіндігі атап өтіліп, мұның өзі азаматтық қоғам мен мемлекеттің диалогтық алаңы қызметі деңгейіне көтерілгендігіне назар аударылады. Еліміздегі этностардың мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін дамыту үшін барлық мүмкіндік жасалғандығын осы ұйым қызметі арқылы анық байқауға болатындығын мақалада келтірілген деректер айғақтайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы ХХІ ғасырда азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың және оны ел азаматтарының әрбір жаңа буынында молайтудың маңызды тетіктерінің бірі болып қалады. Мақала соңында әлемдік жаһандану жағдайында Қазақстан халқы Ассамблеясының егемендік пен тәуелсіздікті сақтау шарттарының бірі, ұлттық қауіпсіздік факторы болып табылатындығы туралы қорытынды жасалады.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, ұлт, саясат, халық, тарих, заң, Ассамблея, татулық, келісім, реформа, этнос.

## ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN-THE FORMULA OF PEACE AND HARMONY

**Dildabek N.E.**

Ablai Khan Kazakh University of international relations and World Languages,  
Faculty of Management and international communications, 1st year, specialty Tourism,

Almaty, Kazakhstan, [dildabek.nazerke@bk.ru](mailto:dildabek.nazerke@bk.ru)

Scientific supervisor: Zhanakova N. T., candidate of historical sciences, associate professor.

**Annotation:** The article considers the significance and role of the Assembly of people of Kazakhstan as a formula for unity and harmony in our country. The Assembly of the People of Kazakhstan concentrated its work on the involvement of ethnic groups to the processes of modernization, the solution of national objectives. Today, the Assembly contributes to the creation of favorable conditions for further strengthening of inter-ethnic consent, tolerance in society and the unity of the people. The proceedings ensures the integration of efforts of ethnocultural associations, helps the revival, preservation and development of national cultures, languages and traditions of the people of Kazakhstan. Special attention is paid to the fact that in many respects, thanks to the work of the Assembly in our country, a unique model of inter-ethnic and interfaith consent was formed, a special atmosphere of trust, solidarity and mutual understanding, when every citizen, regardless of ethnic or religious affiliation, possesses and enjoys all the completeness of civil rights and freedoms. guaranteed by the Constitution. In conclusion, the role of this unique institution - the Assembly of the People of Kazakhstan, which continues to play a crucial role in ensuring public consent and national unity, creating a reliable base of the country's progressive development.

**Key words:** Kazakhstan, nationality, politics, people, history, law, Assembly, unity, consent, reform, ethnos.

Көпэтносты Қазақстан үшін тұрақтылықты, этносаралық келісімді қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүргізудің негізгі міндеті болды. Бұл саясаттың өмірде іске асырылуы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінде көрініс тауып, ол халықаралық тұрғыдан мойындалды. Оның бірқатар айрықша ерекшеліктерін атап көрсеткен жөн.

Біріншіден, ҚР Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын толықтай реттейтін нормалар бар. Ол «біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталады, бұл әуел бастан-ақ елдің барлық азаматтарының ортақтығы идеясын білдіру үшін жазылған. Бұл ретте бізде аз ұлттар ұғымы қолданылмайды. Біз біргеміз, біртұтаспыз және үлкен ұлт немесе

кіші ұлт деп бөлінбейміз. Осылайша, біздің еліміз әу бастан-ақ мәдениеттердің, тілдердің, халық дәстүрлерінің алуан түрлілігін мойындай отырып, азаматтық қоғам құру жолын таңдады. Қазақстандық бірегейлік – жалпыазаматтық құндылықтарды, экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктер теңдігі жүйесін орнықтыруға негізделген.

Екіншіден, мемлекет ұлт саясатының ойластырылған стратегиясын іске асыра отырып, дәйекті түрде этносаралық қатынастар саласындағы тұрақтылықтың кепілі. Бұған мына фактілер дәлел болады: Тәуелсіздік жылдарында тек Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) қызметіне қатысты мәселелер бойынша Конституцияға, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға екі рет түзетулер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы қабылданды.

Бұдан басқа, мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы, «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылға арналған бағдарламасы», басқа да құжаттар әзірленіп, іске асырылды. Яғни, этносаралық келісім мәселелері мемлекет пен қоғамның басты назарында. Осының арқасында Қазақстан бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудің ең тиімді жүйелерінің біріне ие болды.

Негізгі институт – 1995 жылы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оны құру идеясын Елбасы Н.Назарбаев 1992 жылы өткізілген Қазақстан халықтарының I форумында жария еткен болатын [1, 557-б.]. 2007 жылғы конституциялық реформа Ассамблеяны конституциялық мәртебесі бар мекеме ретінде бекітті. Ассамблеяға кепілді түрде парламенттік өкілдік қамтамасыз етілді, ал ол сайлайтын Мәжілістің 9 депутаты Қазақстанның этностық топтары мүдделерінің барлық жиынтығын құрады [2, 25-б.9]. Мәжілістің қазіргі шақырылымында 31 адамнан тұратын ҚХА депутаттық тобы жұмыс істейді, оған Парламенттегі барлық партиялардың өкілдері кіреді. Облыстық мәслихаттарда да осындай топтар құрылған.

2008 жылғы қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, ол оның қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді, орталықтағы және өңірлердегі институционалдық вертикаль бірлігін қамтамасыз етті.

Үшіншіден, Ассамблея қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімнің конституциялық қағидатын іске асыру тетігі ретінде әрекет етеді, бұл – азаматтық қоғам мен мемлекеттің диалогтық алаңы. Оның қызметі қоғамдық келісім мен бірлікке қатысты Конституция нормаларының толық, табысты және сөзсіз іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, ҚХА құрылған сәтінен бастап елеулі қоғамдық инфрақұрылымды қалыптастырып, біріктірді.

Бүгінде Ассамблея қамқорлығымен 1025 этномәдени бірлестік (ЭМБ) жұмыс істейді, оның ішінде 28-і республикалық мәртебеге ие. ЭМБ активі – 348 мың адам. Елімізде 40 Достық үйі, ал Алматы қаласында – Республикалық Достық үйі Ассамблеяның көпфункционалды ресурстық орталығы ретінде жұмыс істейді. 2009 жылы Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сараптамалық кеңесі (ҒСК) құрылды. Оның құрамында 52 ғалым, зерттеу институттарының басшылары мен қоғам қайраткерлері бар. Барлық өңірлерде ғылыми-сараптамалық топтар құрылып, олардың қызметіне 300 ғалым мен сарапшылар тартылған. Бұл топтар үшін өңірлік жоғары оқу орындары ғылыми базалар болып табылады.

ҚХА ҒСК-нің ғылыми-әдістемелік және білім беру базасы – Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, онда Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы ашылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының қауымдастығы құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен колледждерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 42 кафедрасы жұмыс істейді. Ұлттық академиялық кітапханада ҚХА ғылыми депозитарийі бар, онда 1400-ден астам дереккөздер қамтиды, олардың көпшілігі электронды форматта.

Барлық өңірлерде Ассамблеяның қамқорлығымен облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың ұжымдарында 3014 Қоғамдық келісім

кеңесі және 1753 Аналар кеңесі құрылған. Олар жергілікті жерлерде, халықтың өзекті мәселелерін шешуге, соның ішінде қақтығыстардың алдын алуға белсене қатысады.

ҚХА қызметінің бір бағыты – қоғамдық келісім саласында медиацияны дамыту. Инклюзивті желіге 1 республикалық және 32 өңірлік кеңес, сондай-ақ 628 медиация кабинеті кіреді. Ассамблея қайырымдылықтың дамуына жәрдемдеседі. Жыл сайын қайырымдылық ұйымдары мен донорларының жалпы республикалық науқаны мен «Қайырымдылық керуені» форумы өткізіледі.

2017 жылы меценаттық және қайырымдылық қызметін дамытуға сіңірген еңбегі үшін «Жомарт жан» төсбелгісі тағайындалды.

2011 жылы республиканың барлық өңірлерінде өкілдіктері бар «Қазақстан халқы Ассамблеясы кәсіпкерлерінің қауымдастығы» құрылған болатын. Қауымдастықтың қызметі бизнес-жобаларды қолдауға, инновацияларды, жаңа технологияларды, инвестицияларды тартуға және енгізуге, кәсіпкерлік топтарды шоғырландыруға бағытталған.

2017 жылдан бастап Ассамблеяның жаңартылған көпфункционалды [assembly.kz](http://assembly.kz) веб-порталы іске қосылды.

Бесіншіден, этностардың мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін дамыту үшін барлық мүмкіндік жасалған.

Ұлттық театрлар: ұйғыр, корей, неміс, өзбек театрлары табысты еңбек етуде. Алғашқы үшеуі 2017 жылы «академиялық» деген мәртебеге ие болды.

Республикада этномәдени бірлестіктердің тіркелген Бұқаралық ақпарат құралдарының саны – 52. Ең ірі республикалық газеттер мемлекеттің қолдауымен жарық көреді.

Қазақстандық этностардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілдерін дамытуға қолдау көрсету үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бөлінеді.

Осылайша, Қазақстанда этносаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді саяси-құқықтық және институционалдық-басқарушылық жүйесі қалыптасты.

Бүгінде елдегі этносаралық қатынастар тұрақты. Әлеуметтік мониторинг деректері бойынша, респонденттердің 93%-ға жуығы өзара достықты қолайлы және тыныш деп бағалайды, осы саладағы мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі де шамамен 93%. Респонденттердің 97,0%-ы өзінің біртұтас Қазақстан халқына жататынын мақтанышпен айтады. Биылғы жылдың басында қоғамдық сананы, әлеуметтік саясатты жаңғырту міндеттерін көрсететін ҚХА дамуының жаңартылған тұжырымдамасы (2025 жылға дейін) қабылданды. Әлеуметтік-демографиялық және этносаралық салалардағы ғылыми жұмыстардың 2018-2020 жылдарға арналған жиынтық жоспары дайындалды. Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік ассамблеялары үшін үлгілік модель ретінде Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту бағдарламасы іске асырылуда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Президенттің бес әлеуметтік бастамасын ілгерілету бойынша ағартушылық жоба әзірленді. Ассамблея «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы, «Ұлы дала елінің киелі мұрасы» тарихи-экологиялық жобасы сияқты өз жобалары мен акцияларын да өткізеді.

Еліміздің жаңа тарихының шешуші кезеңдерінде Ассамблея әрдайым тұрақтандырушы және біріктіруші рөл атқарды. Қазақстан халқы ықпалдастығының бағыттарын көрсете отырып, Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі күрделене түседі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы XXI ғасырда азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың және оны ел азаматтарының әрбір жаңа буынында молайтудың маңызды тетіктерінің бірі болып қалады. Жаһандану жағдайында бұл егемендік пен тәуелсіздікті сақтау шарттарының бірі, ұлттық қауіпсіздік факторы болып табылады. Осылайша, алдымызда қоғамда бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуде, жан-жақты жаңғырту үдерістерінде Ассамблеяның рөлін одан әрі күшейту бойынша жұмыстар, сондай-ақ қазақстандық қоғамды рухани жаңартуға белсенді қатысу міндеті тұр [3].

Қазақстан халқы Ассамблеясы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасы бойынша құрылған біріктіру мен ықпалдастықтың бірегей институты және солай болып қала береді.

## Әдебиет

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.5. –Алматы: Атамұра, 2010. - 688 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. –Алматы: Қазақпарат, 2017. -508 б.
3. Түймебаев Ж. Бірлік – халқымыздың басты байлығы // Егемен Қазақстан. - 2020. - 1 мамыр.

ӘӨЖ 94(574) «17»:327

## АБЫЛАЙ ХАН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Әлхан З.Б.

Абылай хан атынд. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Шығыстану факультеті, Шығыстану мамандығы, 1-курс студенті.

Алматы, Қазақстан. alkhanzere@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Жанақова Н.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған проф.

**Аңдатпа:** мақалада бүкіл өмірін туған халқы мен елінің бостандығы, тәуелсіздігі жолына арнаған аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат Абылай ханның басшылығымен қазақ халқының туған жерді жаудан азат ету жолындағы қиян-кескі ұрысы, сыртқы дұшпанға сол кезеңнің күрделі геосаяси жағдайында айналадағы мемлекеттермен қарым-қатынаста дербестігін сақтауға қол жеткізуі – ұлттық тарихымыздың жарқын беттері ретінде тәуелсіздік мұраттарымен сабақтастыра қарастырылады, Абылай ханның ел билеген кезеңінде үлкен өзгерістер жасап, мемлекет билігін орталықтандыру, Қазақ ордасының іргесін одан әрі нығайту бағытындағы сан-салалы қызметі жан-жақты көрсетіледі. Сонымен бірге Абылайдың Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізгендігіне жете көңіл бөлінеді. Қазақ халқының жадында Абылай хан қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып, оның есімі тәуелсіздік символына айналғандығы жөнінде ой қорытылады.

**Түйін сөздер:** мемлекет, ел, қоғам, хандық, қолбасшы, дипломат, ұлттық, саясат, тәуелсіздік, республика.

## ABLAI KHAN AND THE IDEA OF INDEPENDENCE

Alkhan Z.B.

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,

Faculty of Oriental Studies, specialty Oriental Studies, 1st year student.

Almaty, Kazakhstan. alkhanzere@gmail.com

Scientific supervisor: Zhanakova N.T., candidate of historical sciences, ass. professor

**Annotation:** The article is devoted to the phenomenon of one of the most prominent statesmen in the history of Kazakh statehood, Khan Ablai, who was an intelligent politician, a competent diplomat, a talented commander, whose main task was to preserve and strengthen the Kazakh Khanate. The article also notes that Ablai Khan remained in the history of the country not only as a military leader who united the forces of the people against external enemies, but also was a strong statesman in foreign and domestic policy: his talent as a diplomat as a ruler manifested itself in such a contradictory situation, as he used disagreements between Russia and China are in the interests of their people. And the conclusion reveals the role of Ablai Khan as an outstanding state figure who managed to serve for the good of his homeland, remaining in the memory of grateful descendants as a person who managed to unite the Kazakh lands, defend their independence and territorial integrity.

**Key words:** state, country, society, khanate, military leader, diplomat, national, leader, politics, independence.

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат Абылай хан – Қазақстан тарихындағы тағдырлы бір кезеңнің бүкіл тауқыметін бойына жүктеген тұлға. Қазақ елінің айбынын асыру мен ордасын орнықтыру жолында көптеген игі істер атқарды. Бұл ретте Абылайдың мемлекетшіл парасаты, жаужүрек батырлығы, кемел қолбасшылығы, көреген қайраткерлігі, тапқыр бітімгерлігі айқын көрінді. Осындай ерекше қасиеттерінің арқасында ол

хандық дәрежеге көтеріліп, өз төңірегіндегі түрлі әлеуметтік топтардың қолдауына ие болды. Абылай ел билеген кезеңінде үлкен өзгерістер жасап, Қазақ ордасының іргесін одан әрі нығайтты. Сол қиын-қыстау кезеңде «өмір сүруінің өзі екіталай болған Қазақ мемлекеті ХҮІІІ ғасырдың орта шенінде Абылай ханның арқасында қайта түлеу жолымен жүріп, екі жүз жылдық соғысты жеңіспен аяқтады, ал одан кейін де тағы бір, неғұрлым елеулі сынаққа ойдағыдай төтеп берді. Абылай бұл дүниеден өткен кезде, оның ордасы болашақтағы тарихи буырқаныстарға қарсы тұрып, келер ұрпақтарға лайықты эстафета бере алатындай рухани күш-құдіретке жеткен еді» [1, 267-б.].

Абылай хан бүкіл өмірін туған халқы мен елінің бостандығы, тәуелсіздігі жолына арнады. Ханның ел таныған ұрпағы, шөбересі, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» атты зерттеуінде: «Қазақ жерінде Абылайдың даңқы аса зор. Абылай заманы қазақтың ерлік заманы болып саналады» деп жазып, Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бір қазақ ханының болмағанын, оның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттерін, «ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын рубасылар мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін» тыйғандығына назар аударды, сонымен бірге: «Қазақтың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған», – деп нақты атап көрсетті [2, 430-б.].

Әскери қимылмен қатарласа жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді. Соның нәтижесінде оның даңқты әскери қайраткерлігі, талантты қолбасшылық қабілеті 1730-1740 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді. Алмағайып заманда Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға жалынды жырларымен үндеп, ақыл-кеңес берген ұлы жырау, Абылай ханның ақылшы-биі Бұқар Қалқаманұлы: «Қалданменен ұрысып, жеті күндей сүрісіп...» деп суреттеп, ол соғысқа Абылайдың сенімді серіктері Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысқандығын ерекше атап өтеді [3, 97-98-б.]. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстағы бар билік Абылайдың қолына көшеді.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, жоңғарлармен соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. Бүкіл қазақ халқының ханы ретінде танылып, халықаралық деңгейде беделі өскен Абылай хан туралы, бес томдық «Қазақстан тарихының» 3-томында ханның тағы бір талантты ұрпағы, белгілі тарихшы-ғалым Едіге Уәлиханов атап өткендей: «ресми түрде Ресейдің бодандығында болғанымен, сыртқы саяси акцияларда ол егемендігін сақтап қалды. Жекелеген қазақ билеушілерімен және Цин сарайымен арадағы қатынастардың сипаты әдеттегі елшілік байланыстар шеңберінен шықпады» [1, 268-б.].

Міне осындай айлакерлік саясатының арқасында Абылай 1740 жылы тамызда Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге жай ғана келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербор мен Бейжіңге елшіліктер аттандырды: 1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елшілік жіберген. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. Абылай 1745 жылы Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі жоңғарлардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды.

Абылай Қытай мен Ресей сияқты алып империялардың арасында қалған Қазақ хандығының халықаралық саяси жағдайының күрделілігін ескере отырып, осы екі мемлекетпен терең саяси қатынастарды алдыңғы орынға қою қажеттілігін жете түсінді. Бұл ретте орыс тарихшысы А.И.Левшин өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым

еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді» деп Абылайдың көрші елдермен қарым-қатынаста еркін, тәуелсіз саясат ұстағанын айқын жазды [4, 254-б.].

Ал тарихшы-ғалым В.Я.Басин Абылайдың Ресей мен Қытай мемлекеттеріне бағытталған қос векторлы саясатын былай түсіндіреді: «Абылай Ресей мен Цин империяларының жанашырлық танытуы оның ел ішіндегі қызметін мықтап ұстайтындығын айқын түсінді. Сол себепті осы екі алпауыт мемлекеттер арасында амалдау саясатын ұстанды, мұның өзі оған белгілі бір дәрежеде біршама дербес саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Дәп осы саясат бірде бір қазақ ханының Абылай сияқты шексіз билікке ие бола алмағандығын дәлелдеді» [5, 241]. Шынында да «Қазақтың бірде бір ханы оған дейін де, Абылайдан кейін де мұндай шексіз билікке ие болып, халық құрметіне бөленген емес» [6, 211-б.].

Сұңғыла басшы Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. Жазба деректерде Абылайдың шет ел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. Сыртқы саясаттағы көреген де білгір дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз кезінің халықаралық аренадағы өте беделді мемлекет басшысы деңгейіне көтерді. Саяси ахуал тұрақталған шақта Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. Бұл ретте сонау 1949 жылы жарық көріп, әлі күнге дейін құндылығын жоймаған «Қазақ ССР тарихы» атты іргелі ғылыми еңбектің 1-томында: «Аблайдың Қазақ хандығын біріктіру жолындағы, феодалдық бытыраңқылықты жою жолындағы күресі прогрестік күрес болғандығы сөзсіз. Қазақ халқының өркендеуіне кедергі болған, қазақтың тәуелсіз өмір сүруін сақтап қалуға керекті біртұтас Қазақ мемлекетін құруға бөгет болған, ғасырлар бойы орнаған патриархтық қатынастарды Аблай өзінен бұрынғы хандардың қайсысынан да болса батыл түрде бұзып отырды» деп Абылай ханның қайраткерлік тұлғасына сол кеңестік сыңаржақ саясат кезінің өзінде әділ баға берілген [7, 209-б.].

Білікті қолбасшы ретінде Абылай соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, әсіресе әскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұрты мен атамекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болды. Абылай сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбады және көбіне үстем шығып отырды. Ол ел басына күн туған осындай аласапыран шақта даналығымен, батырлығымен, парасатымен, ел мұңын, халық жүгін, тарихи ауыр кезеңде жауапкершілікпен сезіне білгендігімен хан сайланды да, халықтың ішінен іріктеліп, сұрыпталып барып, жеке дара шықты, қазақ халқының басын қосты, күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін іргелі елге айналдырды. Осылайша кемеңгер басшы қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекет деңгейіне көтере алды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабында айрықша атап жазғандай: «Халықтың ерік-жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның бір басында бейнеленді. Батырларымен тізе қосып, қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсеткен, сөйтіп, халықтың ұйтқысы болған Абылай ханның ерліктері сонау қатал заманда қазақ рухын қайта түлетудің бір алтын діңгегіне айналды» [8, 284-б.].

Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Парасатты хан ұлттың ұйтқысы, рухани көсемі болған атақты дала даналары Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірлесіп, сыртқы және ішкі алауыздықтарға қарамастан ұлтты тұтастандырып біріктіру жолында ынтымақтаса еңбек етті. Тарихи деректер, аңыз-жырлар да Абылайдың үш жүздің әміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде таныды. Оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті.

Абылай хан Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Ол ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде саяси аренаға көтерілді, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалуда баға жетпес тер төкті.

Абылай ханның саяси көзқарастарының негізгі өзегі және идеясы – күшті, тәуелсіз, бір орталықтан басқарылатын қазақ мемлекетін қалыптастыру, Ресей, Қытай сияқты ірі мемлекеттермен тең құқықтық дәрежеде қарым-қатынас жасау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принципін мойындату болды. Осы мақсатқа Абылай хан сыртқы және ішкі саясатты қалыптастырады, қазақ мемлекетінде алауыздықты сұлтандардың таққа таласу әрекеттерін барлық шараларды пайдаланып, тежеуге күш салумен қатар «Билер кеңесінің» қызметін де өз қолына шоғырландырады. Қазақ мемлекеттілігінің сыртқы саясатында Абылай хан қазақ халқының бейбіт өмірін қамтамасыз етуді ең басты міндетіне жатқызып, Батыс және Шығыс шекараларын қауіпсіздендірудің барлық айла-әрекеттерін жасап бақты. Ең алдымен, Жоңғар мемлекетінің шапқыншылығын біржолата тоқтатуды билігінің басты мақсаты деп таныды. Абылай ханның қазақ мемлекеттілігін нығайтудың дипломатиялық саясаты мақсатқа сай келетін деңгейде қалыптасты. Қазақ қоғамының, заман талабының тамырын дәл баса білді. Жоңғар мемлекетімен соғысу барысында оның асқан даналық, айлакерлік қасиеттері айқын байқалды, оны ішкі шиеленістермен, қақтығыстарымен ушықтырып, қазақ әскерін көп шығынға ұшыратпай, жеңіске жеткені үлкен баға берерлік оқиға. Қазақ мемлекеттілігін осылай айлакер, көрегенділік саясатпен оның қарулы күштерін және сыртқы шапқыншылықтан әбден қажыған қазақ халқын аман сақтап қалу сол заманның күн тәртібінде тұрған мәселе еді.

Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.

Қорыта айтқанда, Абылай өз заманының тынысын да, ағысын да, даму барысын да терең түсінген қайраткер болды. 1991 жылы 2 тамызда Көкшетауда хан Абылайдың туғанына 280 жыл толуына арналған республикалық ғылыми конференцияда академик М.Қ.Қозыбаев: «Абылай... Бұл есімді атағанда ісі қазақ атаулының жадына «бостандық», «егеменді ел», «қазақ елі», «қазақ халқы», «туған жер», «Отан», «ел бірлігі», «ынтымағы» сияқты қасиетті ұғымдар оралады... XVIII ғасырда Еуразиялық сахарда Петр I, Екатерина II, Қалдан-Серен сияқты әлемге есімі әйгілі мемлекет қайраткерлері қатарына қазақ жұртынан тек қана Абылай көтерілді» деген еді.

Ол ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасатымен, ел мұңын, халық жүгін, тарихи ауыр кезеңде жауапкершілікпен сезіне білгендігімен хан сайланды. Ол халықтың ішінен іріктеліп, сұрыпталып барып, жеке дара шықты, қазақ халқының басын қосты, күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін іргелі елге айналдырды.

Абылай ханның басшылығымен қазақ халқының туған жерді жаудан азат ету жолындағы қиын-кескі ұрысы, сыртқы дұшпанға сол кезеңнің күрделі геосаяси жағдайында айналадағы мемлекеттермен қарым-қатынаста дербестігін сақтауға қол жеткізуі – ұлттық тарихымыздың жарқын беттері.

Абылай тағылымының біз үшін тепе-теңдікті сақтау, таразы басын аумай ұстау бағытына меңзейді. Тәуелсіз Қазақстанның саясаты бұған толығымен жауап береді. ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізген саясаты мен ісі және осы жолдағы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың сан-салалы қызметі – Абылай хан бастаған ұлы тарихи миссияның заңды жалғасы.

Ол Қазақ мемлекетінің өзге елдермен тең тұрып, сыйлы болуы үшін бар күшін жұмсады. Халықтар арасындағы сыйластық пен достық өте маңызды нәрсе. Абылай хан сол сыйластықтың дамуына бар мүмкіндік жасады. Ол бейбітшілікте өмір сүріп, тәуелсіздікті сақтап қалу үшін орыс және Қытай мемлекеттерімен келісім-шарт жасаған данагөй хан, білгір саясатшы.

Абылай халықаралық аренада да Қазақ халқының жалғыз заңды билеушісіне айналды деп айтуға болады. Ханның ішкі саясат пен халықаралық аренадағы егемендіктің құжат жүзінде де, іс жүзінде де сақталуы қазақ даласындағы айбынды билеушінің дипломатиялық жеңісі деп қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев 2013 жылы Абылай ханның 300 жылдығына байланысты жазылған «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласында: «Абылай ханның ұлағатты өмір тарихын ұлтқа, ұрпаққа кеңінен өнеге ету керек. Жас ұрпақ Абылай ханның Қазақ елінің тарихындағы алар орнын жақсы білуге тиіс. Бұл кейінгі буынның жүрегіне отаншылдық нәрін егіп, бойында мемлекетшіл қасиеттердің өркен жаюына ықпал етпек» деп зерделі ойлар айтқан болатын [9]. Біз, жас ұрпақ ұлы хан Абылай бабамыз қызғыштай қорып, тұмарындай тәу еткен, армандап кеткен Қазақ елінің Тәуелсіздігін тәуелсіздігін нығайту жолында аянбай қызмет ету баршамыздың парызымыз деп білуіміз абзал.

#### Әдебиет

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 бет.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – Т.1. – 777 с.
3. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 бет.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
5. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). – Алма-Ата, 1971. – 276 с.
6. Көркем суретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. – Алматы, 2006. – 312 бет.
7. Қазақ ССР тарихы: ерте заманнан осы күнге дейін. Өңделіп, толықтырылған екінші басылуы. – Алма-Ата: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1949. – Т.1. – 528 бет.
8. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
9. Назарбаев Н. Абылай аңсаған азаттық // Егемен Қазақстан. – 2013. – 2 қазан.

ӘОЖ 93(930-2)

### ҚАЗАҚИ БЕНЖАМИН ФРАНКЛИН

**Абдакова А.Б.**

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Аударма ісі және филология факультеті, 1 курс, Алматы, Қазақстан

[abdakovaaa3@gmail.ru](mailto:abdakovaaa3@gmail.ru)

Ғылыми жетекші: Қарабаева З.М., т.ғ.к., доцент.

[Karabaeva\\_Zarixan@mail.ru](mailto:Karabaeva_Zarixan@mail.ru)

**Аннотация.** Қазіргі уақытта ұлттық идеяға байланысты батырлардың, билеушілердің, кеңесшілердің, судьялардың бейнелерін көркемдік бейнелеу және қыраулар, ақындар мен прозаиктердің шығармашылығында жаңашылдық түсіндіру басым бола бастады. Бұл мақалада ғалымдар мен музыкатанушылардың ғылыми жарияланымдарындағы Абылай туралы тарихи материалдар мен деректер талданады. Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығында 300 жылдығы аталып өткен ұлы тарихи тұлғаның өмірі мен қызметі қазақ дәстүрлі мәдениетінде-халық ертегілерінде, аңыздарда, дастандарда, тарихи әндер мен аспаптық шығармаларда кеңінен көрініс тапты. Ауызша шығармашылықтың музыкалық-поэтикалық ескерткіштерінде Абылай ханның бейнесі оның серіктері – Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжай, Баян және т.б. батырлардың ерлік істері туралы аңыздары арқылы ашылған.

Халық бақыты идеясы, туған жерді қорғау және жеке бас бостандығы, Абылайдың атымен байланысты - осы идеялардың иесі, Бұқар жырау, Мәшһүр Жүсіп, Шади Жәңгірұлы, Мағжан Жұмабаев, Әбіш Кекілбаев – жыраулар, ақындар мен прозаиктердің шығармашылығында көркемдік нұсқа болып табылады. Бұл тұрғыда Берлинде Айтбаев Мәжит (1914-1945) авторы болып табылатын «Абылай хан»

(1943) поэтикалық жинағының жариялануының аз ғана белгілі фактісі қызықты. Кітапқа екі дастан, үш баллада, төрт музыкалық нөмір және қырық бір өлең енген. Және де Абылай ханның атына салынған Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ ЖОО-дағы 80 жылдық білім, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы: қоғамдық сананы жаңғырту, рухани саланы трансформациялау, біріктіруші жалпыұлттық құндылықтарды, қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тереңдету туралы айтылған.

**Түйін сөздер:** Абылай хан, Рухани жаңғыру, тәуелсіздік, дипломатия, Бенжамин Франклин, Н.Назарбаев.

### KAZAKHSTAN'S BENJAMIN FRANKLIN

**Abdakova A.B.**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages., Faculty of Faculty of  
Philology, 1year Almaty, Kazakhstan;

abdakovaaa3@gmail.ru

Scientific adviser: Karabaeva Z.M., PhD, associate professor.

Karabaeva\_Zapixan@mail.ru

**Annotation.** Currently, in connection with the national idea, the artistic embodiment of the images of heroes, rulers, advisers, judges and innovative interpretation in the works of zhyrau, poets and prose writers prevail. This article analyzes the historical materials and facts about Ablai in scientific publications of scientists and musicologists. The life and work of the great historical figure, who turned 300 years old on the twentieth anniversary of Kazakhstan's independence, is widely reflected in traditional Kazakh culture-folk tales, legends, sagas, historical songs and instrumental works. In the musical and poetic monuments of oral creativity, the image of Ablai Khan is revealed by the legends about the exploits of his companions – Kabanbai, Bogenbai, Zhanibek, Olzhai, bayan and other batyrs.

The idea of national happiness, protection of the native land and personal freedom, is associated with the name of Ablai-the bearer of these ideas, Bukhar zhyrau, Mashhur Zhusup, Shadi Zhangirovich, Magzhan Zhumabayev, Abish Kekilbayev-is an artistic variant in the works of zhyrau, poets and prose writers. Interesting in this sense is only the little-known fact of the publication in Berlin of the poetry collection “Ablai Khan” (1943), the author of which is Aitbayev Mazhit (1914-1945). The book includes two sagas, three ballads, four musical numbers, and forty-one poems. The 80-year education at the Kazumoimya University named after Ablai Khan, the program “Rukhani Zhangyru” was also announced in the name of Ablai Khan: modernization of public consciousness, trans.

**Key words:** Ablai khan, Ruhani zhangyru, independence, diplomacy, Benjamin Franklin, N. Nazarbayev.

Қазақтың Бенжамин Франклинi. Тарихи тұлға. Мен неге тақырыбымды «Қазақтың Бенжамин Франклинi» деп алдым? Өйткенi Франклин өз заманында, өз елiнде белгiлi дипломат, қоғам қайраткерi болған. Тiптi ол сабын жасаушының баласы болған екен. Ол тек қана өзiнiң ұйымдастырғыш қабiлетiмен, саясатта шыңдай алған. Сол себептi Абылай ханда Қазақ ордасында өшпес iз қалдырып кеткен. «Ғалымның хаты өлмейдi, Жақсының аты өлмейдi» деген емеспе? Абылайға дейiн де, одан кейiн де бiрде-бiр қазақ ханы осындай шексiз билiкке ие болған жоқ. Бұл, ең алдымен, оның билiгiнiң сөзсiз харизматикалық сипатына байланысты болды, көреген саясаткер және дипломат, Абылай өзiнiң жақтаушыларының сүйiспеншiлiгi мен қарсыластарының құрметiне ие болды.

1757 жылдан 13 жылға дейiн Бенджамин Франклин Американың Ұлыбританиядағы төрт штатының мүдделерiн қорғады, ал 1775 жылы саясаткер және шенеунiк континенттегi екiншi колониялар конгресiнiң делегаты болды. Томас Джефферсон басқарған топтың құрамында Франклин Америка Құрама Штаттарының Елтаңбасының (үлкен мөрдiң) эскизiн жасады. 1776 жылы шiлдеде Декларацияға қол қойылғаннан кейiн, “бiрiншi американдық” Ұлыбританияға қарсы соғыста қолдау табу үшiн Парижге барған топтың басында тұрды. 1778 жылдың қысына дейiн Бенджамин Франклиннiң арқасында келiсiм бойынша француздардың қолы тұрды, ал билiктi дипломат Парижде елшi ретiнде қалды. Францияда ол “тоғыз апа” масондық үйiне кiрiп, алғашқы американдық масон болды.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербург мен Бейжіңге елшіліктер аттандырды (1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елшілік жіберген). Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесін пайдаланып отырды. Тамаша дипломатиялық дарын танытқан Абылай үшін Қытай мемлекетімен жүзеге асырылған келіссөздер келесідей шарттарға негізделген шешімге алып келеді:

«1) Орта Азияны мекендейтін Қазақ елі өз территориясына иелік етеді. Өз ісін өзі басқарады.

- Қытай империясы Абылай ханды қазақ елінің бас уаңы (бас князь) деп ресми таниды.
- Қытай әскерлері бұдан былай қазақ еліне шапқыншылық жасамайды.
- Қытай әскерлері және қытай сауда керуендері жүретін жолдар, сондай-ақ жәрмеңке (сауда базары) болатын жерлерді Абылай уаңмен алдын – ала келісіп, сол белгілеген жер арқылы ғана өтеді. Сол жолдардың қауіпсіздігі сақталады.

- Осы келісімді сертпен бекітудің сыртында екі жақ өз хандарының ең жақын адамдарын аманатқа ауыстырып, келісімді кепілдендіреді» [1]. Осылай екі тұлғада дипломатиялық қарым-қатынас жасаудан да бір-бірінен кем түспей, шыңдай білген.

АҚШ-тың Тәуелсіздік соғысы жылдарында Бенджамин Франклин отарлар Одағының жоспарын жасады, ол пошта бөлімшесінің жұмысын жолға қойды (бас постмастер болды), Тәуелсіздік декларациясының авторлары және Армия Бас қолбасшысы Джордж Вашингтонның кеңесшісі болды. Жаңа ғана туылған республика одақтастарды іздей бастағанда, Франклин Францияға барып, миссияны керемет орындады. 1778 жылы Франция Американың тәуелсіздігін Еуропадағы алғашқы держава ретінде мойындады.

Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, тәуелсіздік деген мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә.

Ғылымдар мен әдебиетке тәуелділігі үшін Франклин ағылшын, француз, латын, итальян және испан тілдерін қосқанда 5 тілде сөйледі! Ол өзін-өзі үйреткен және әрқашан тілін жетілдірудің жолдарын іздеген.

И.Бреховтің жазуынша: «Абылайдың өзі де қытайша оқи да, жаза да, сөйлей де біледі», – дейді. Сонымен қатар Абылай хан қырғыз, қалмақ, парсы тілін меңгерген. Абылай жоңғар тұтқынында болған сұлтандардың арасында ойрат тілін үйреніп алғанын білеміз. Абылай ханның кезеңінен бастап дәл қазіргі минутқа дейін қазақ халқының есінде екені сөзсіз. Ол қолбасшы, мемлекет қайраткер еді. 1771-1781 жылы Қазақ ордасында дүние есігін ашқан. Әбілмансұр «Ақтабан шұбырынды» жылдарында бірден жетім қалып, Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Ол 13 жасында үйсін Төле бидің түйесін бағады. Төле би оның сырт келбетіне қарап, аш жалаңаш бейнесіне қарап «Сабалақ» деген есім берген деседі. Абылай ханның азан шақырып қойған есімі- Әбілмансұр. Хан тағына отырғаннан кейін оған Абылай хан деген есім берген. Бала кезінен көрген қиындықтарынан кейін өмірлік тәжірибені бойына ерте сіңірген. 1730-1733 жылдары аралығында болған ұрыста Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, Қалдан Сереннің туысы Шарышты өлтіреді. Осы ұрыстан соң Қазақ даласына беделді Орта жүздің ханы атанады. Осылай Әбілмансұр есімі барлығының есінен ұмытылып, Абылай хан есімі дүниеге келеді. Абылай «Хан» болғаннан бастап тәуелсіз ел құруға ұмтылады. Абылайдың қолбасшылық қабілеті соғыстардан ерекше көріне бастаған. Осындай Абылайдың қабілеттерін «Қалданменен ұрысып, жеті күндей сүрісіп...» деп суреттеген үзіндіден байқауға болады. Қытай дипломатиясы Абылайды өз жағына бұрып, қолдау көрсету уәдесіне бағынуға саяды. олар Ресеймен соғыс жағдайында және Богдыханудың азаматтығын алуға қол жеткізді. Ал Абылай дипломатиясы Қазақстанның екі қуатты империяның қыспағында тұрғанын, бұл жағдайда оған Ресеймен де,

Қытаймен де тату көршілік, достық саясатын ұстану, бірде-бір Тараппен, бірде-бір Тараппен қақтығыспау маңызды екенін негізге алды.[2]

Бірқатар жарияланымдарда Абылай Орта жүздің ықпалды сұлтандарымен бірге Цин бодандығын қабылдағаны атап өтілген. Алайда, Абылай Богдыханның бодандығына ант бергендігі туралы құжаттық дәлелдер әлі жоқ. Қазақстан Цин империясының вассалдары қатарына жатқызылғаны туралы ғана айтуға болады.

Абылайдың тұрақты келіссөздерге бейімділігі «Шығыс қаскүнемдік саясатымен» емес, Қазақ хандығын нығайту ниетімен түсіндіріледі. Батылдық, батылдық, әскери қулықтар, дене күші, жанды ақыл, ерекше дарын Абылайды бүкіл қазақ қоғамының көшбасшысы, бүкіл дала білетін ықпалды саяси қайраткер етіп таныды.

Абылайдың сыртқы саяси бағытын бағалауда кеңестік тарихнамада оның Ресей империясымен және Цин Қытаймен өзара қарым-қатынасында «қаралау» саясатын ұстанғаны туралы ұстаным кең тараған. Мұндай пікірмен толық келісуге болмайды. Абылай өзінің сыртқы саяси бағытын нақты тарихи сәлемдемелерге салды. Қазақ қоғамында мемлекеттіліктің даму деңгейі әлі де төмен болған кезде, тұрақты армия болмаған кезде, осы Тараптардың кез келгенімен қарама-қайшылыққа баруға болмайды. Жоңғарияның шабуылына байланысты 1740-1741 жж. оқиғалар патша үкіметінің қазақтарға көмегіне сену қиын екенін көрсетті. Цин әскерлерінің Қазақстанның шекара маңындағы аудандарына басып кіруі мұны тағы да растады. Мұндай жағдайда екі тараптың қалыпты мемлекетаралық қатынастарды қолдау саясаты мүмкін болды. Осы ақылды және көреген саясаттың арқасында. Абылай Сібір қалаларының нарықтарына шығып, Шыңжаңмен сауда-саттық жүргізіп, бір кездері жоңғарлар басып алған жерлерді қайтарып алды [3].

Осылайша, Абылай хан ұлы мемлекет қайраткері болды, оның өмірі басқыншыларға қарсы табанды күресте өтті. Бұл күресте ол өзін ақылды және көреген саясаткер ретінде көрсетті. Ол бірыңғай мемлекеттік биліктің қазақ қоғамы үшін ерекше маңыздылығын түсініп қана қоймай, ол үшін нақты іс-қимыл жасады. Абылайдың ішкі саясаты орталық билікті нығайтуға бағытталды. 18 ғасырдың бірінші ширегінде әрбір рулық бірлестік дерлік дербес болды және өз билері, ру билеушілері басқарды. 18 ғасырдың 30-жылдарында бұл жүйе өзгере бастады, сұлтандардың рөлі өсе бастады. Абылай жүздер мен үлкен бірлестіктерді басқаруға ұлыстық жүйенің элементтерін енгізуге ұмтылды. Мұндай билеушілердің рөлін ханның көптеген ұлдары сомдады.

Абылай орталық билікті күшейту - өз дәуірінің мықты тұлғаларының қызметіне сүйену үшін қабылдаған екінші іс-шаралар кешені. Абылай ханның маңынан XVIII ғасырдың ұлы жыршылары: Бұқар жырау, Үмбетей, Тәттіқара, Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары батырларын, үлкеннен Төле би, Орта жүзден Қазыбек билерін көреміз. Осы және басқа да іс-шаралар берік орталықтандырылған мемлекет құрудың негізі болды.

Абылай ханның ішкі және сыртқы саяси қызметінің арқасында Қазақ хандығы біршама қуатты және біртұтас мемлекетке айналды.[4]

Қазақтардың этникалық құрамы XVIII ғасырдың ортасында қалмақтар, башқұрттар, қырғыздар, қарақалпақтар және Орта Азия халықтарының есебінен айтарлықтай толықтырылды. Шамамен алынған есептеулер бойынша, қазақтардың саны 3 млн-ға жетті, тарихта Орталық Азияның бірде-бір көшпелі халқы бұл белгіге жеткен жоқ.

Абылай хан өмір жолын ат үстінде өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болған. Абылай хан 1781 жылы Түркістанда қайтыс болып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленді. Абылай хан мемлекеттің, қазақ халқының жағдайын шұғыл түзеді. Абылай кезеңі тарихта ең бір елеулі кезең болды. Жау қуылды, халық өз жерінде емін – еркін тұрмыс құрды, бірлікке, ұйымшылдыққа негізделген хандық билігі құрылды. Солай бола тұрса да Абылай хан көзі тірісінде Қазақ елінің мемлекетінің тұрақты болуының тарихи жағдайын жасап үлгермеді. 1781 жылы Абылай хан дүние салғаннан кейін еліміздің тұтастығы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігінен айырыла бастады.

Абылай нағыз дара тұлға екенін әр қазақ біледі. Бірақ сіз сол данышпан хан Абылайдың өмірде үш арманы болғанын білесіз бе?!

Абылай хан хан дүниеден өтер шағында қоштасуға келген Бұқар жырау: «Хан ием, не арманың бар?», – деп сұрайды. сонда Абылай:

«Үш арманым бар еді:

Біріншісі, менің елім мал емшегін емген ел еді, аяғына дейін жер емшегін емгізе алмадым.

Екінші, менің тұсымда қан көп төгілді. Соған өкінемін. Егер мен жаудың қанын төкпесем, ол менің қанымды төгетін еді.

Үшінші, елімде телі мен тентек көп болды, бастарын біріктіру қиынға түсті, – деген екен.

Енді бұл арманды орындау қазіргі ұрпақтың қолында екені сөзсіз [5].

Бүгінгі кезеңде Абылай ханның атын алған университет (Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ) Қазақстандағы жоғары орындарының бірі. 1941 жылы Алматы шет тілдері институты деп аталған. 2001 жылдан бастап Абылай атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті деп аталды. Бүгінде бұл оқу орнының тарихына 80 жыл болды. Және де еліміз тәуелсіздік бесігінде тербегелі 30 жыл. Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Тәуелсіздік арман етіп қойған Абылай хан мақсатына жетіп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Тәуелсіздік неге киелі ұғым? Намыс қанын жерге төккен ата-бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірінде өткен шайқастар, аштық, қуаңшылық, жазықсыз кеткен жұрттың көз жасына қарап тәуелсіздіктің керемет ұғым екенін сезінемін. Халқым! Біз бейбіт елдің ұрпағымыз, батырлардың қаны төккен жерді басып жүрміз. Елдің еркіндігін аңсау бар, оған жету бар және оны ұстап қалу деген жауапкершілік бар. Үш түрлі кезеңнің үш түрлі тарихы бар. Біз дәл осы кезеңнің үшіншісіндеміз. Яғни, келешекке бастаушы, келешекті жасаушы ұрпақпыз. Ендеше қолда бар алтынның қадірін білу оны келесі бір дәуірге аманаттау және жеткізу – мойнымыздағы парыз.

Ғасырға жуық еліміздің ізденімпаз жастарына алғаш рет шетел тілінде жол сілтеп, үлкен өмірге жолдама сыйлап келе жатқан қара шаңырақ - Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне 80 жыл толды. Оқу ордасы Республикамыздың білім беру жүйесіндегі алатын орны мен атқарып келе жатқан қызметтері ауқымдыда, аса жауапты. Университеттің өткен тарихына қысқаша шолу жасасақ, Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінде ірге тасы қаланды. Соғыстың ауыр зардабы еліміздегі халық ағарту ісіне, кеңес мектебінің өміріне әсер етпей қойған жоқ. Соғыс басталған кезде республикада 12 жоғарғы оқу орыны, 11 ғылыми-зерттеу және жобалық технологиялық ұйымдар, 2 жобалау институты, 2 ауылшаруашылық тәжірбилік станция, 6 зауытқа қарасты ғылыми-зерттеу және конструкторлық бөлімшелері, Алматы қаласындағы ботаникалық бақ пен зоологиялық парк жұмыс жасады [1]. Соғыстың алғашқы жылында бірнеше оқу орны ашылған, сол оқу орнының бірі- Шет тілдер университеті. Сондықтан өзіміз еңбек жасап жүрген университетіміздің тарихына ерекше тоқталып өткім келеді. Қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінің негізі, ірге тасы – Қазақ Мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институты КСРО Халықтық комиссарлар кеңесінің 1940 жылдың 16 қыркүйегіндегі №1696 қаулысымен құрылды. Алғаш Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдерін даярлайтын институты болып құрылды КСРО Халықтық комиссарлар кеңесі орта мектептер мен ЖОО-да шет тілдерін оқытуды жақсарту мақсатында одақтас республикаларға шет тілдерін (неміс, ағылшын, француз) оқытуды үшінші сыныптан бастауды және аптасына шет тілін оқуға екі сағат уақыт бөлуді тапсырды, нәтижесінде оқу оқу жоспары бойынша шет тілін оқуға бөлінетін сағаттар саны үшінші сыныптарды 26 сағатқа, ал төртінші сыныптарда 28 сағатқа дейін өсті.

Мектептер мен ЖОО-ын шет тілдері мұғалімдерімен қамтамасыз ету үшін КСРО ХКК қарасты Жоғарғы мектеп істері бойынша комитетке және одақтас республикалардың халықтық комиссарлар кеңестеріне әр республикада қосымша 1-2 педагогикалық және мұғалімдердің институтын ашып, оларға студенттер қабылдаудың жоспарын бекіту тапсырылды. Одақтас Үкіметтік Қаулысына сәйкес Қазақстанда бір мұғалімдердің шет тілдері университетін ашу көзделді. 1940 жылы жаңа ашылып жақан педагогикалық және шет тілдері университеттері үшін орта мектеп типінде он екі ғимарат салу жоспарланды. Осы ғимараттардың бірі Алматы қаласында (Төле би мен Наурызбай батыр көшелерінің қиылысында) салына бастады.

Партияның қалалық комитеті және қалалық жұмысшы депутаттар кеңесінің орындаушы комитеті шұғыл түрде институттың оқу корпусын салу мәселесін, атап айтсақ құрылыс жұмыстарының кестесін, жұмысшы күшіне, материал мен транспортқа деген қажеттіліктерді қарастырды. Олар ҚазКСР халықтық комиссарлар кеңестеріне қарасты Экономикалық кеңеске материалдар бөлу мен құрылыста жүрген бес көлікке шина және жанармай бөлу туралы ұсыныс жіберді. Құрылысты бақылау Сталин аудандық партиясының хатшысына жүктелді.

1941-1942 оқу жылының басында оқу ғимаратының екі секциясы дайын болды. Бұл өз кезегінде екі ауысымда сабақ жүргізуге және 40 студентті жатаханаға орналастыруға мүмкіндік берді. Аудиториялар мен жатаханаларға қажетті жабдықтар дайын болды. Оқуға қажетті кітаптар мен әдебиеттер сатып алынды. Ұстаздар грамматикалық және сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған мәтіндерді даярлаумен айналысты.

Жаңа корпусы игеру барысында туындаған әскери жағдай жоспарды түбегейлі өзгертті. Үкімет институттың оқу корпусын НКВД Жоғарғы мектебіне беруге шешім шығарды. Шетел тілдер институтына кітапхана техникумының ғимараты берілді.

Мұғалімдерді таңдау және алғашқы студенттерді қабылдауға дайындық жұмыстары 1941 жылдың жазында басталды. Оқуға түсушілерге арналған дайындық курстары құрылды. Алғашқы қабылданған студенттер саны 231 адам болды, оның ішінде: 113 адам – ағылшын тілі факультетіне, 97 адам – неміс тіліне, 21 адам – француз тіліне түсті. Оқуға түскендердің ішінен 94 адамның (40%) 9 сыныптық білімі болса, 47 адам (20%) техникум бітірген, 20% аса адам он сыныптық, қалғандарында жоғарғы және аяқталмаған жоғарғы білім болды. Бірінші жылы студенттерде 14 оқу тобы: 6-ағылшын, 6-неміс, 2-француз топтары болды. Сабақ кітапхана техникумында бір ауысыммен өтті [2].

Алғашқы түлектер ұлттық құрамына қарай төмендегідей сипатталды: 155-орыс, 11-украин, 9-неміс, 13-қазақ, 28-еврей, 4-белорус, 3-поляк, 3-татар.

Қиын материалдық-тұрмыстық және өндірістік жағдайларға қарамастан институт қызметін тоқтатпады. Институтта еңбекке қабілетті профессорлық-оқытушылық ұжым қалыптасты, ұжымда бір профессор, бірнеше доцент және 30 жуық оқытушылар жұмыс жасады.

1941 жылдың аяғында Қазақ мемлекеттік мұғалімдердің шет тілдері институтының бірінші жарғысы бекітілді. Институт ҚазКСР Халықтық комиссарлар кеңесі бекіткен жеке оқу-ғылыми мекеме болып табылады, институт Қазақ халықтық комиссарлар кеңесіне қарасты Жоғарғы мектеп басқармасына бағынды. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламалары, кафедраларды құру ҚазКСР ХКК қарасты Жоғарғы мектеп істері бойынша бүкілодақтық комитетпен бекітілді. ЖОО жою құқығына Одақтық Үкімет ие болды [3].

Жарғы бойына институттың құрылымы төмендегідей болды: ағылшын, француз, неміс тілдері факультеттері, кафедралар, оқу-көмекші бөлімшелер (кабинеттер мен кітапхана). Факультеттер кафедраларды біріктіретін және мамандарды даярлауды іске асыратын оқу-әкімшілік бірлік болып табылады. Факультеттерді ХКК тағайындайтын декандар басқарды.

Институт директорының басшылығымен Институт кеңесі (ғылыми кеңес) құрылды, кеңес құрамына директордың оқу және ғылыми істер бойынша орынбасары, директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі бойынша орынбасары, факультеттердің декандары, кафедра жетекшілері, аға оқытушылар, кітапхана меңгерушісі және партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері кірді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1993 жылдың 23 маусымында Алматы шет тілдер педагогикалық институтының (АПИИЯ) атауын, Қазақ мемлекеттік әлем тілдері

университетіне өзгерту туралы қаулы қабылдады. Заманның талабына сай 1998 жылы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті болып өзгерді. 2001 жылдан бастап, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті атымен аталады. Президент пен Үкімет институттың Ғылым кеңесінің институт атауын өзгертуге байланысты ұсыныстарын қолдай отырып, жаңа Университеттің басты мақсаттарын анықтап берді. Бұл – ғылыми-педагогикалық потенциалды тиімді пайдалану, олардың әлем тілдерінің кең спекторы бойынша мамандарды даярлау ісіне қосатын үлестерін арттыру болды Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ, оның профессорық-оқытушылық құрамы, факультеттер, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары жемісті білім беру мен ХХІ ғасырдың талаптарына сай мамандарды даярлайды. 1999 жылдан бастап университетті филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Салима Сағиқызы Құнанбаева басқарады. Университеттің көп салалы қызметін ұйымдастыру, басқару оқу орнының басшысына тікелей байланысты. 1972 жылдан 50 жылдай Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде қызмет жасап, осы университеттің басшылық жұмысында ширек ғасырдай уақыт мерзімінде *кемел білімі мен асқан парасаттылығы мен, беделді ғалымдарды тәрбиелеп отырған*, ұжым жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын ұйымдастырушы, тұлға. Университеттің білім беру миссиясы: халықаралық – бейімделген типті заманға сай, инновациялық - бағытталған бірыңғай ғылыми - білімді кешен, ҚР - ның елдің даму стратегиясында көп қырлы халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету. Стратегикалық бағыты, Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті - әлемдік деңгейдегі элиталық вуздың бірі, шет тілі білім беру жүйесін инновациялық түрде дамыту көшбасшысы және әдістемелік орталығы, стратегиялық басқарудың тиімді жүйесі бар, халықаралық білім беру стандарттары мен талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын университет. Университет мәртебесін алғалы бері оның дамуының жаңа кезеңі басталды. ҚазХҚ және ӨТУ-де көптеген гуманитарлық шет тілдік және халықаралық бейін салаларында сұранысқа ие біліктілігі жоғары мамандарды даярлау үшін барлық жағдай жасалған. ҚазХҚ және ӨТУ-ді дамытудың басты ұстанымы – бұрынғы тамаша педагогикалық дәстүрлерге сүйене отырып, барлық заманауи және таңдаулы әдістерді басшылыққа алу. Осы ұстаным бойынша, университет Қазақстан жоғары оқу орындарының рейтингісінде биік көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Университет мамандарды жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура, екінші жоғары білім) деңгейлік бағдарламалары мен кредиттік технологиясы бойынша даярлауды жүзеге асырады. Университеттің ең маңызды міндеті - жастарға ел және әлем азаматтары ретінде рухани тәрбие беру. Әлемнің жетекші университеттерінің шетелдік ғалымдарын дәрістер оқуға, консультациялар мен семинарлар өткізуге, сонымен қатар магистранттар мен докторанттарға шетелдік ғылыми кеңесшілерді шақырады [4]. Студенттерінің дербестігін дамытуға ықпал ету – білім беру саласындағы құқықтарды қорғау мәселелерінде, іскерлігін қалыптастыру, сондай-ақ әр студенттің зияткерлік әлеуеті мен шығармашылық қабілеттерін барынша толық дамытуға ықпал ету мақсатында студенттермен жұмысы жолға қойылған.

Университеттің білім беру бағдарламасына тоқталсақ: білім беру бағдарламасының алдына қойған мақсаты анық әрі білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған. ҚР МЖМБС стандартына сәйкес, қойылған мақсаттары нақты, айқын, толыққанды. Білім беру бағдарламасының мақсаттары қоғам мен еңбек нарығы сұраныстары мен қажеттілігін өтеу міндеттерін қамтиды. Білім беру бағдарламасының мақсаттарында элективті пәндерді оқыту арқылы арнайы мамандық бойынша білімінің тиянақты, толыққанды болуы ескерілген. Ұлттық дәстүрлер мен мүдделерге жауап беретін білім беруді және сапаны қамтамасыз етудің тұтас жүйесін құруды мақсат етеді. Болон үдерісі негізінде оқу бағдарламалары мен пәндердің өзара сынақ критерийлерін және біліктіліктерін үйлестіру, академиялық ұтқырлық, ЖОО дербестігі, өзге елдердегі оқу тәжірибесі, технологиялары және әдістемелерімен алмасу мүмкіндіктері қарастырылған.

Оқу бағдарламасын іске асыруда аудиториялар замануи талаптарға сай оқу үдерісінің жоғары дәрежеде өтуіне мүмкіндік беретін мультимедиалық проекторлар, компьютерлер, телекоммуникация және бағдарламалық жабдықтармен жабдықталған. Барлық компьютерлер Интернетке шығатын ортақ локальді желіге қосылған. Оқу үдерісін оқу және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық бөлімше университет кітапханасы болып табылады. Жаңа түскен оқулық, оқу құралдары туралы ақпарат кітапхананың дәстүрлі каталогы мен автоматтандырылған электрондық жүйесіне енгізілген. Кітапханада электрондық каталогтар мен толық мәтінді электрондық оқу материалдарын Интернет арқылы қолдануға жағдай жасалған

Университетте оқытушыларға қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып студенттер үшін онлайн сабақтар өткізілуде. «Білім беру порталы» платформасының құрамдас бөлігі болып табылатын білім беру және электронды оқыту порталы, ішкі электронды почта жүйесі, электрондық құжатайналымы жүйесі, электронды кітапхана жұмыс істейді.

Оқу үрдісіне қазіргі ақпараттық технологияларды қолданумен бірге жаңа технологиялар, электрондық оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиа технологиялары, видеодәрістер және кейс-әдістер енгізілді. Университеттің оқу-әдістемелік бөлімі оқытудың инновациялық әдістерін енгізудің орталықтандыру жұмысын жүргізеді. Университетте бітіруші магистрант, докторант жұмыстарының шынайылығын тексеретін Антиплагиат бағдарламасы жұмыс істейді. Білім берудің нәтижелілігін біліктілік негізінде ғана емес, оқу пәндерінің циклі (модулі) негізінде бағаланады. Нарықты зерттеу мақсатында түлектердің жұмысқа орналасу мониторингісі жүзеге асырылады. Жыл сайын университет түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларымен кездесу, бос орын жәрмеңкелерін ұйымдастыру, жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету қарастырылған. Университет тарапынан кадрлар деңгейі үнемі қадағаланып іріктеу жүргізіліп отырады. 2016 жылдан бастап оқытушы-профессорлық құрамның жылдық жұмыстарының нәтижесін бағалап, жинақ тау мақсатында әрі университеттің стратегиялық және шұғыл мақсаттарын жүзеге асыру үшін әрбір қызметкердің үлесін көрсететін Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-дің КРІ жобасы енгізілген. Оқытушы-профессорлық құрамның КРІ нәтижесінің есебі автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. КРІ жүйесін енгізудегі мақсат оқытушылардың біліктілігін жоғарылатуды материалдық және моральдық тұрғыда ынталандыру, педагогикалық және ғылыми қызметінің нәтижелілігін қолдау, оқытушы қызметі деңгейін және тиімділігін көтеру. Білім беру жүйесін басқаруда, оқу-тәрбие үдерісін дамытуға бақылау- басшылық жасап, студенттерге терең *білім* беруіне жағдай жасап, оқытушылармен жұмыс жасап жүрген университеттің проректорлары А.С. Чакликова, М.У. Успанова, Т.С. Сerezкина, Т.Ә. Кульгиндинова, Оқу басқарма бастығы А.Т. Мергенбаева, әкімшілік-ұйымдастыру Ж.Ш. Жанбағысовалардың тынымсыз еңбектерімен айтарлықтай ерекше үлес қосып келеді.

Қазір 2021 жылдары Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық және әлем тілдері университетінде 17 тілден дәріс беріліп, құрамында түрлі мамандық иесін даярлайтын 7 базалық факультет жұмыс істейді: аударма және филология факультеті, педагогикалық факультет, менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультеті, халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану факультеті, қосымша білім беру факультеті мен экономика және құқық факультеті. Сондай-ақ лингвистикалық колледж, халықаралық туризм менеджментінің колледж-лицейі, білім беру орталықтары, мұғалімдер біліктілігін көтеру институты, төрт ғылыми-зерттеу орталығы және ғылыми-зерттеу институты, диссертациялық кеңестер, магистратура, аспирантура жұмыс істейді. Оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына 40 кафедра ұжымы, 500-ден астам оқытушылар құрамы қатысады, оның ішінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының 3 академигі, 48 ғылым докторы, профессор, 200-ге жуық ғылым кандидаттары бар. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде 12 елшілікпен байланыс орнатылған, шет елдердің 16 университетімен және білім беру орталықтарымен студенттер мен оқытушылар алмасып, жыл сайын тағылымдама өткізу ісі жолға қойылған. Университеттің алты мамандығы AQAS білім беру бағдарламалары

Халықаралық Агенттігі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі халықаралық аккредитациясынан өтіп, халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес білім беріп келеді. Жалпы, тарихы терең, тағылымы мол білім ордасының қол жеткізген табысы аз емес. Бүгінде мұнда 5500-ден астам студент 38 мамандық бойынша білім алып жатыр. Бүгінде 14 беделді халықаралық ассоциациялардың: Университеттердің Халықаралық ассоциациясы (ЮНЕСКО), Eurasia-Pacific United ассоциациясы, Туризм бойынша үш Халықаралық ассоциацияның (ATLAS, AMFORTH, EURHODIP), франкофондық университеттердің Халықаралық ассоциациялары (AUF), Жоғары мектеп ғылымдары халықаралық академиясы, Халықаралық қатынастар мектептері (МГИМО) ОӘБ ассоциациясы, ММЛУ ассоциациясы, Еуропалық тілдік кеңесінің (ELC) ассоциациясы, ШЫҰ-ына мүше елдердің гуманитарлық университеттері консорциумының, ЕврАзЭС-ке мүше елдердің лингвистикалық университеттері консорциумының, Бельгия EUPRERA (The European Public Relations Education and Research Association) ассоциациясының, The European Association for International Education (EAITE) ассоциациясының мүшесі болып табылады Университетте «Кембридж сертификациялау» бағдарламасы іске қосылған. Оқу орны қызметінің басты көрсеткіштері – университетті бітірушілерге деген сұраныстың болуы. Университет түлектері бәсекеге қабілетті және олардың білім сапасын жоғары бағалап отырған жұмыс берушілердің сұранысына ие болуы жоғары білікті профессорлар мен оқытушылар ұжымы, білім беру бағдарламаларының заманауи мазмұны, материалдық-техникалық базасы мен ойластырылған оқу үдерісін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіліп отыр. Біздің бітірушілеріміздің 85%-дан астамы ЖОО бітірген жылдың өзінде-ақ жұмысқа орналасуы - олардың еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуының дәлелі.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ өзінің 80 жылдық тарихында атқарған елеулі істері мен тындырған қыруар еңбегі өте зор ол еліміздің үкіметі мен Білім мен Ғылым министрлігі тарапынан да, халықаралық ынтымақтастық тарапынан да, қоғамдық қауымдастық тарапынан да лайықты марапаттарды иеленіп келеді

#### Әдебиет

1. Нурсултанова Л.Н. Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) – Алматы. – С.119.
2. Кенжебаев С.Ж., Иванова А.М., Козлов П.Г. Казахскому государственному университету международных отношений и мировых языков им Аблай хана 60 лет (1941-2001). - Алматы, 2001. - С. 58.
3. Жумашев Р.М. Высшая школа Казахстана в период Великой Отечественной войны // Вестник КарГУ. -2010.
4. Касымова Н. Изменения в сфере образования Алматинской области в годы Великой Отечественной войны // Вестник КазНПУ. - 2016.

ӘОЖ 9 (574)

### АБЫЛАЙ ХАН ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ

**Қоңырбаева К.М.**

филос. ғ.к.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,  
Алматы, Қазақстан, konyrbaeva56@mail.ru

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттілікті нығайту барысында өзінің төл тарихи мұраларын жаңғырту мәселесі қозғалады. Заманауи қазақ мемлекеттілігін жетілдіруде өзінің тамырларына негізделген әдіснама ретінде оралу, Абылай хан дүниетанымының философиялық-құндылықтық ерекшеліктерін талдау арқылы мүмкін алатыны негізделеді. Абылай хан тұлғасын этикалық-философиялық тұрғыдан зерделеп, адамгершілік қалыптарының тиімді де, ұтымды тұстарын болашақ ұрпақ зердесіне үлгі ретінде ұсынуға талпыныстар жасалған. Автор адамның бейсана қабаттарында мүлгіп жатқан рухты оятудың кілті, отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралы болған ұлттық идеялардың әлеуетін ашып көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі рухани жұтандалуға қарсы Абылай хан және оның айналасындағы би-шешендері мен

ақын-жыраулары, батырларының өнегелі өмірі мен ұлағатты істері ұлтты рухани жаңғыртудың, өзіндік ұлттық санасын қалыптастырудың әдіснамасы ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дүниетаным, құндылық, мемлекеттілік, азаттық, еркіндік, тәуелсіздік, демократия, жариялылық, мәмлелгерлік, рухани жаңғыру.

## THE IDEA OF FREEDOM IN THE WORLDVIEW OF ABYLAI KHAN

**Konyrbaeva K.M.**

Cand. of Philos.

Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies,  
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Kazakhstan, konyrbaeva56@mail.ru

**Abstract:** The article deals with the issue of reviving the original historical heritage in the course of strengthening the independent statehood in Kazakhstan. In improving the modern Kazakh statehood, it is proved that a return to the methodology based on its roots is possible through the analysis of the philosophical and value features of the worldview of Abylai Khan. Attempts were made to ethically and philosophically comprehend the personality of Abylai Khan, as well as to present effective and rational aspects of moral principles as an example for future generations. The author reveals the potential of national ideas, which have become the key to the awakening of the spirit, embodied in the subconscious level by educating patriotism. Spiritual degradation at the present stage is considered by Abylai Khan and his surrounding bi-orators, akyns, batyrs as a methodology for the spiritual modernization of the nation, the formation of its own national identity.

**Key words:** worldview, value, statehood, freedom, independence, democracy, publicity, independence, spiritual modernization.

Қазіргі кезеңдегі рухани құлдыраулар барысында бабаларымыздың адамгершілік қалыптарының тиімді де, ұтымды тұстарын болашақ ұрпақ зердесіне үлгі ретінде ұсыну бүгінгі күннің талаптарының бастысы болып табылады. Сонымен қатар ұлттық тәрбиеде маңызы зор болған еркіндік пен тәуелсіздік үшін күрес жылдарындағы мұралардың әлеуетін анықтау арқылы ұрпақтарының бейсана қабаттарында мүлгіп жатқан рухты оятудың кілті. Қазіргі қазақ мемлекеттілігін жетілдіруде өзінің тамырларына негізделген әдіснама ретінде оралуға, Абылай хан дүниетанымының философиялық-құндылықтық ерекшеліктерін анықтап-талдау арқылы мүмкіндік аламыз.

Жаһанданудың рухани дағдарыстарынан пайда болған жан күйзелісі мен рухани кеңістіктің ойсыраған тұстарын Абылай хан сияқты қазақ қайраткерлерінің адамгершілікті-моральдік, философиялық-этикалық даналық ойлармен толықтыру қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезеңдегі рухани жұтаңдалуға қарсы халқымыздың рухани-мәдени мұралары ішінде шоқтығы биік, қазақтың өзіндік ұлттық санасын қалыптастыруда теңдессіз рөл атқарған Абылай хан және оның айналасындағы би-шешендері мен ақын-жыраулары, батырларының өнегелі өмірі мен ұлағатты істерін ұлттық сананы жаңғыртуда ұтымды пайдалана білген жөн.

XVIII ғасыр қазақ халқы тағдырында қасіретті оқиғаларымен де, қастерлі есімдермен де із қалдырды. Шоқан Уәлиханов «Абылай» атты мақаласында «Осындай сұм заманда Абылай сұлтан өзіне елді қарата алған. Барлық жортуылдарға қатысып, алғашында қатардағы жауынгер ретінде өзінің батырлығы мен керемет айралығы арқылы жеңістерге жете алады. Қонымды кеңестері мен қорғаныс жөніндегі ойлары арқылы ол данышпан деген атаққа ие болды. Абылай шынында да көптеген тәлкек пен ұрыстарды басынан кешіреді, ақырында, оның атағы аспандап, қырғыздар оны тіріліп келген аруақ, ұлы істер істеуге жіберілген деп санаған. Қырғыздардың аңыздарында Абылайдың есімі әлдебір даңққа бөленген. Абылай заманы олар үшін қырғыз рыцарьларының ғасыры сияқты. Оның жорықтары, оның батырларының жеңістері эпикалық әңгімелердің сюжетіне айналған», – деп жазды Шоқан Уәлиханов [1, 299-300 бб.].

Хандық кезеңнің рухани-мәдени кеңістігіндегі – эпостық дәстүр, жыраулық поэтикалық философия, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, мақал-мәтелдер мен аңыз әңгімелердің терең өмірмәнділік тұжырымдары тұтаса келе, қазақ дүниетанымының жалпы бағдарларын айқындайды. Мемлекет құрушы халықтың бірегейлігі, ауызбіршілігі ұлттың ұлы қасиетінің

арқасында ғана мүмкін болады. Қазақ халқының бастан кешкен елеулі оқиғалары жыраулар шығармашылығында идеялық, этикалық-философиялық бедерін тапты. Олардың туындылары елі мен жерін қорғау үшін күресте халыққа рух беруші күшке айналды. Жыраулар интеллектуалды күшке ие топ ретінде хандық биліктің саяси ойын, халықтың дүниетанымдық бағытын да қалыптастырды. Ұлтжандылық, елдің бірлігі мен тұтастығы, ұлт азаттығы, адам құқығы мен ар-ожданын қорғау, әділеттілік, өзара сүйіспеншілік пен татулыққа негізделген махаббат туралы ой-толғаулар Абылай хан тұсындағы қазақ ойшылдарының негізгі ұстанымдары мен қағидаттары еді. Абылай ханның ақылшысы, батагөйі Бұқар жырау халықты орталықтандырылған хандық билікке бағынуға үндейді. Ғасырға жуық ғұмырында бірнеше ханның билік жүргізуінің куәгері болған абыз жырау түсінігінде хан – жұртты жұдырықтай жұмылдыратын ұйтқы. Мемлекеттік дербестікке қол жеткізудің негізгі ұстанымдары адамдар арасындағы өзара түсінушілік пен сыйластық. Бұл жерде қоғамның өзіндік санасы, даму әлеуеті, дүниетанымы көрініс табады.

Үнемі жаугершілік кезеңдерді бастан өткізген қазақтар ата-бабаларының аруақтарын, жауға қарсы шапқан батырларын, әулие адамдарын пір тұтты. Оларда қайтыс болған алғытектерінің рухтары ұрпақтарын үнемі желеп-жебеп отырады деген ұғым қалыптасқан. Кеңістік пен уақыттан тәуелсіз ата-баба аруағы өз ұрпақтарын қайғы-қасіреттен сақтап, алапат соғыстарда жеңіске жетуіне көмектесетіндігіне сенімдері күшті болды. Осындай сенім күшімен рухтанған, тайпа туының рәміздік қасиеті мен бабасының аруағын пір тұтынған Әбілмансұр сынды жас батыр «Абылайлап» жау шебіне кіріп, аруақ қолдап жеңіспен оралады. Жас батыр адам еркіндігін, жұртының азаттығы мен ел тәуелсіздігін өз өмірінің мәні деп ұғынуын оның іс-әрекеті көрсетті. Өмір мәнділігі жөнінде: «ру мен тайпаның сақталуы үшін, ұрпақ пен ұрпақтың жалғасуы үшін жеке адамдарға екінің бірінде өз өмірін қиюуды қажет етеді. Ал жеке адам көбінесе оны даусыз мойындаған. Яғни, әрбір жеке адам үшін оның өз өмірінен бағалырақ нәрсенің болғаны ғой... Өз өмірін де, басқа адамдардың өмірін де, тіпті жер бетінде тіршілік атаулыны бағалай білу мәнділіктің басталатын көзі. Бірақ осы мәнділікті, осы құндылықты өз жан-дүниесінің үнемі ақтаушы, оның рухани ұмтылыстарына ұдайы бағыт беруші күшке айналдыру, тек адамның өз тіршілігінен жалпы тірлікті жоғары қою шартынан шығады. Осы жалпылықты өзі үшін мән етуден басталады» [2], – деп жазды белгілі философ Қ.Әбішев.

Көшпелі қазақ көзқарасында жаугершілік заманда ат жалын тартып мінген ер азамат, жауынгер майдан алаңында жаумен шайқаста шейіт болса, оған еш өкінбеген. Өйткені олардың түсінігінде бұндай өлім «ақ өлім» деп саналған. Ақтамберді жырау қартайған шағында, төсек тартып жатып: «Бар арманым, айтайын, батырларша жорықта, өлмедім оқтан қайтейін» – деп армандаған екен. Елі мен жерін қорғау жолында жан берудің өзі олар үшін өлімнің ең қадірлі-қасиетті түрі болып түсінілген. Оларға еркіндік жоқ жерде өмірдің мәнісі де қалмайды. Сондықтан жауынгер-жыраулар өздерінің жалынды жырларында «жалаңаш бар да жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр» деп сарбаздарға рухтандырушы күш бере, өздерінің азаттығы жолындағы күрсете қайтпас қайсарлыққа үндеді. Жырау үнінен жауынгерлік рух сезіледі. Сөздің рухы, заттың киесі, дуалы ауыздан шыққан сөз, бата деген қастерлі ұғымдардың қазақ ментальділігін, этикалық қағидаттарын қалыптастыруда маңызы зор болды. Халық өз еркінен айрылған тұстары осы қасиеттерден біртіндеп айрыла бастады. Ол дінсіздік жайлаған тұстары мүлдем белең алды. Өркениеттің бір белгісі еркіндік. Өмірі өзін емін-еркін ұстаған қазақтың дүниеде қорқатыны бостандықтан айрылу болған. Абақтыға қамалу ол үшін өлімге тең көрінген. Соғыста қорқу, үрку дегенді білмеген. Ата-бабасынан қалған оның бір ерекшелігі соғыста өлемін деп қорықпаған. Оның қорқатыны тұтқын болмау, зынданда отырмау, не құл болмау, – деген философы Д. Кішібеков қазақтардың еркіндікке деген құштарлығын ашып көрсетеді [3, 46- б.].

Абылай ханның ел билеушіге тән қасиеттерін зерделеуде ежелге грек философы Платонның іліміндегі мемлекетті басқарушы адам қандай болуы керек деген қағидасына орайлас тұстарымен салыстыруды жөн көрдік. Платон оларды топтарға бөліп, бірінші топтағы басқарушыларға – данышпандарды (философтар) жатқызады. Олардың негізгі қызметі – мемлекетті дұрыс басқару. Ал екінші топқа әскери адамдарды, яғни мемлекетті қорғаушыларды жатқызады.

Көне грек философының мемлекетті қорғаушылар ішкі-сыртқы жаулардан қорғап қана қоймай, соғыс өнерімен қоса поэзия, музыкамен де айналысса деген пайымдаулары ел билеуші ердің жан-жақты жетілген Тұлға болуын талап еткендіктен еді. Мемлекетті басқарушының бойынан Платон іздеген осы қасиеттер Абылай хан бойынан табылған-ды. Абылай Тұлғасы өзінің әмбебаптылығымен де дараланды. Ең бастысы Абылайдың қазақ халқының даналық философиясын бойына сіңірген ақыл иесі болуында. Соған қоса өнерден де құр алақан емес-ті, және де сол киелі өнерді дарытып қана қоймай, өз жан тебіреністерін музыка тіліне көшіре білген нәзік сезімді күйшілігі де болған. Абылай XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі. Абылай күйлері, өздерінің аты айтып тұрғандай сол кездегі нақты өмір құбылыстарына арналған. Мысалы: «Ақтолқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жол», «Садақ қақпай», «Сары бура», «Шаңды жорық» деп аталатын күйлерімен қазақ халқының музыка өнеріне де өз үлесін қосқан композитор деп білеміз [4]. Тұлғаның әмбебаптылығы, рухани жетілгендігі шығармашылығы арқылы өлшенеді. Абылай күйлері жаугершілік заманның жорықтарында дүниеге келген. Қазақтың ер жүрек батыры Баянның қазасына арнап «Шаңды жорық» күйімен азаланса, «Қоржынқақпай» күйі қазақтардың Еділ бойындағы қалмақтармен соғысында жеті күн ашыққандағы халін шертеді. Абылай көшпелілер қоғамының рухани әлемін тереңдей меңгерді. Ал түрік ойшылы Жүсіп Баласағұни ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ұшан-теңіз ақыл-парасат, түзу ниет, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілділік, жарқын жүзділік, кекшіл болмауды жатқызады. Ел билеушіге барынша жоғары талаптар қояды. Мемлекеттің гүлденуі мен халқының бақытқа кенелуі ел билеушінің өте зеректігі мен іскерлігіне байланысты деп топшылайды. Дастанда елбасының бойынан табылуы тиіс қасиеттерді:

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,  
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,  
Бектің аты бар жаһанға тараса,  
Күн-күн сайын құты артса тамаша.  
Бек хаалықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер.  
Бек дегенің білікпенен берік тұр  
Білік кетсе, бек қалады – желік құр  
[5, 215 б.].

Ал Абылай ханның іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен саясаткерлігі, сол кездің қайшылыққа толы саяси жағдайларын көрегендікпен болжаған әдіс-айласы Ресей патшасы мен Қытай императоры Боғдыханынан кем болмағаны баршаға аян. Абылай ханның сыртқы саясатта жеткен жетістіктері Қытай, Ресей сияқты алып империяларға Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін мойындатуы болды. Кең байтақ қазақ сахарасын мекен еткен халықтарды біріктірген ұлттық идеясын жүзеге асыруы, оны беделді тұлға дәрежесіне көтерілді. Өзінің табиғи қабілеттілігіне қоса бабаларының өмір философиясын бағдар еткен Абылай айналасына билері мен батырларын, жырауларын топтастыра да білді.

Абылай хан айналасына нағыз талантты, іскер, білімді адамдарды топтастыра білді. Қазақ халқының тағдырын шешуде көш бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері мемлекеттік істерді реттеуге тікелей атсалысты. Көреген көшбасшы жас жеткіншек Қазыбекті елшілерге қосып, қанатын қомдатқан еді. Сол сапардан Қаздауысты Қазыбек би атанған жас жігіттің даңқы мемлекеттік мәселелерді шешуде іскер мәмлегер дәрежесіне дейін көтерілді. Көшпелі қазақ пен жоңғар халықтарының ата салттары, жөн-жоралғылары, қалыптасқан дәстүрлері ұқсас болуымен қатар, арман, тілек, мақсаттарының да кейде ұштасатын тұстары аз болмаған. Бұл жолы да елшілік жолымен келген қазақтармен жоңғарлар түсінісіп, бейбіт шешімге келіп, тұтқындағы адамдарын босатады. Көшпелі халықтар арасындағы мемлекеттік дипломатиялық қарым-қатынастардың жоғары дәрежеде жетілгені байқалады. Осындай қарым-қатынастар мәдениеті жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың алға шығуы өрістеген шақтарымен де айшықталады.

Абылай хан қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани мәселелерінің негізі қаралатын мемлекеттік органдарды құрады. Соның бірі – ханның жанындағы Кеңес. Хандық қоғамның саяси құрылысын басқару принциптері сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз салып кеткен айқын-ақиқат жолмен жүргізілді. Хан кеңесшілері – сұлтандар, билер, данагөй қариялар, батырлар жиналған алқалы жиындар өткізіп өзекті мәселелерді талқылаған. Абылай хан заманында демократиялық үрдістердің басымдық танытқанын бағамдамдауға болады. Қазіргі кездегі Парламентпен қатар қойса, асып түсетін алқалы кеңестің мүшелері жайында Үмбетей жырау былай деп толғайды: Аруағыңа болысқан, Әділ билік қылысқан. Қашпаған қандай ұрыстан – Керейде батыр Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай – Абылай сенің тұсында, Сол бесеуі болыпты-ай. Кейі батыр, кейі би, Тәңірім берген сондай сый. Батыры ханға сай болды, Елің жайпақ бай болды [6, 77–78 бб.]. Егер Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек сынды батыр бабаларымыз Абылай ханның жауға сілтер семсері мен қылышы болса, Қазыбек пен Бұхар жырау оның сезімтал жүрегі, кеңесшісі болды. Батырларын көзінің қарашығандай сақтап, қорғап, олардың көңіл күйін айтқызыбай сезген ұлт қайраткері сын сағаттардан сүрінбей өткен болатын. Жәнібек батырдың жекепе-жекке шығар алдындағы көрген түсін жорып, қарт Бөгембай берген Нарқызыл атын құрбандыққа шалуы Абылай хан тұлғасын тағы бір ерекше тылсым қырынан көрсетеді. Әрбір іске терең философиялық мән берген. Келе жатқан қауіп қатердің алдын алудың жолдары мен тәсілдерін өмірден түйген тәжірибелерді қолданған. Сол арқылы жүректерге сенім ұялатты, рухтандырды, тәрбиеледі. Көшбасшылық көрегендігі, аталық қамқорлығын қатар ұстанды.

Абылай хан ұлт тағдырына байланысты мәселелер жөнінде айналасындағы жыраулары мен би-шешендері, батырларымен ақылдаспай, олардың ой-пікірлерімен санаспай шешім қабылдамаған. Елімізде азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруда Абылай хан билік құрған заманда өзінің толыққанды қызметін жүзеге асырды деп айта аламыз. Бұқардай данасы айта алса, Абылайдай қара нар ханы тыңдай да білді. Ынтымақ бар жерде береке де болды.

Хандар – еліміздің тұтастығы мен ұлттық мемлекеттілікті орнықтыруда еркіндік рухын сезініп, басқа халықтармен теңдікте болған кезеңдерді қамтамасыз еткен ұлы тұлғалар еді. Олардың тәуелсіздік жайындағы идеяларын, ұстанымдарын, бағдарларының тарихи философиялық сарапталуы бүгінгі ұлтымызды ұлт ететін құндылықтарды байытуда өз үлесін қосары даусыз.

Бүгінгі таңда еліміздің мәдени-рухани және экономикалық-саяси салада өрлей түсуі мен халықтың әлемдік дамудың аясындағы белгілі бір жетістіктерге жетуінің алғышарты Қазақстанның тәуелсіздігі екендігі белгілі жайт. Осы тәуелсіздік халқымыздың Ресей отаршылдығы тұсында және кейін де жалғаса түскен Кеңес заманының зұлматты зардаптары кезінде саяси-мәдени және психологиялық күресінің аясында қол жеткізген құндылық екендігі сөзсіз. Олай болса, тәуелсіздікті сақтау мен нығайту оның тарихи тамырларын, күрескерлік рухтың философиялық негіздерін, оның дүниетанымдық бағдарын жеткілікті деңгейде зерттеп, меңгеруді қажет етеді.

#### Әдебиет

1. Уәлиханов Ш. Абылай // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т.4: Жаңа замандағы тарихи ой. – 2005. – 432 б.
2. Әбішев Қ.Ә. Философия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 264 б.
3. Кішібекеов Д., Кішібеков Т. Қазақ философ халық // Ақиқат. – 2009. – № 8. – 46 б.
4. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монграфия. Астана 2002. – 832 б.
5. Баласағұн Ж. Құтты билік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
6. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық / Құраст. М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1998. – Т. 1. – 384 б.

ӨОЖ 327

## ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІ

**Иембеков Е.О.**

Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы,  
Глуховка орта мектебі КММ тарих пәнінің мұғалімі

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының отыз жыл ішіндегі жетістіктері мен нәтижесінің бірқатары талданған. Автор Қазақстанның өз территориясында ядролық қарудан бас тартып, қазіргі күнге дейін ядролық қарусыз әлем құру бағытында жасап жатқан игі қызметі мен, АӨСШК-ні құру, түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын дамыту бағытындағы қызметтеріне нақты мысалдар келтіре отырып, талдау жасаған. Соңында Қазақстанның сыртқы саясатында ұстанған мақсаттары мен белгілеген бағыттарының дұрыс таңдалуы еліміздің сыртқы саясатының жеткен жетістіктері мен игі бастамаларының нәтижелі болуына жағдай жасаған деген қорытынды жасаған.

**Тірек сөздер:** Қазақстанның сыртқы саясаты, ядролық қарусыздандыру, АӨСШК, түркі елдері ынтымақтастығы.

## FOREIGN POLICY OF KAZAKHSTAN: RESULTS AND ACHIEVEMENTS

**Iembekov E.O.**

East Kazakhstan region, Beskaragaysky district,  
History teacher of KSU Glukhovskaya secondary school

**Abstract** The article examines the achievements and results of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan over the past thirty years. The author analyzes specific examples confirming the correct decision of Kazakhstan to renounce nuclear weapons on its territory, as well as the country's activities to build a world without nuclear weapons. The author emphasizes the contribution of Kazakhstan to the creation of the CICA and to the development of cooperation between the Turkic states. In summary, it was concluded that the correct choice of goals and directions of Kazakhstan's foreign policy contributed to the promotion of constructive initiatives that led to significant achievements in the country's foreign policy.

**Key words:** foreign policy of Kazakhstan, nuclear disarmament, CICA, cooperation with Turkic countries.

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 30 жыл толғалы отыр. Бүгінгі күні осы ширек ғасырдан астам уақыт тәуелсіз, егеменді Қазақстанның қалыптасып, даму жағдайына қанағаттанарлықпен қарауға болады.

Қазіргі Қазақстан егемендігін бекітіп қана қоймай, халықаралық аренадан өзінің лайықты орынын алған, экономикасы үздіксіз дамып келе жатқан, өзіндік даму жетістіктері бар, саяси тұрақты мемлекеттің бірі екені сөзсіз. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап Қазақстан елдің экономикасын нарық талаптарына сай қайта құрып, елдегі барлық материалдық құндылықтарды, адами ресурстың кәсіби біліктілігін пайдалана отырып орасан зор көлемде саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құруларды жүзеге асыра отырып, Еуразия кеңістігіндегі бірден бір алдыңғы қатарлы ел дәрежесіне көтерілді. Сонымен бірге осы уақыт аралығында Қазақстан Республикасы өзінің экономикалық, саяси жетістіктерімен әлемнің дамыған 50 елінің қатарынан орын ала білді.

Қазақстанның осындай қарқынмен дамып, елдің экономикалық даму моделін дұрыс ұйымдастырып, қоғамда адамзатқа қажетті демократиялық, құқықтық құндылықтарды үйлестіре дамыта алуы елдің ішкі және сыртқы саясаттағы мақсаттары мен бағыттарының дұрыс таңдап алуында деп пайымдауға болады.

Еліміздің осы жылдар аралығында Еуразия кеңістігінде алдыңғылардың бірі болып өзін саяси, экономикалық жағынан нығайтып, тез арада әлемдік қауымдастықтан өзіне орын ала білуі сыртқы саясаттың дұрыс бағытта жүргізіліп, мақсаттары мен қағидаттарының дұрыс қойылуында болғандығын атап өтпесек болмайды.

Қазақстанның сыртқы саясаты елдің әлеуметтік-экономикалық өсіп өркендеуіне үлкен үлес қосқандығы анық. Ендігі кезекте біз Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері сыртқы саясатта жеткен жетістігі, елдің беделін көтерген тамаша бастамаларына талдау жасауды мақсат етіп отырмыз.

Өзімізге белгілі тәуелсіздіктің алғашқы жылында Қазақстанның сыртқы саясатының мақсаттары мен бағыттарын дұрыс айқындап, еліміздің тәуелсіздігін бекітіп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезек күттермейтін мәселе болып алда тұрды. Ол үшін сыртқы саясатты қамтамасыз ететін еліміздің дипломатиялық қызметін сол кезеңнің талабына сай құрып, дамыту қажеттігі алдыңғы кезекте болды. Өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде Елбасы сол кездегі жағдай туралы: «Қазақстанның сыртқы істер министрлігі дипломатиядан алыс қызметпен шұғылданатын. Осындай күрделі мәселелерді шешу міндеті туып тұрған мемлекеттің шетте бірде - бір дипломатиялық өкілдігі жоқ, сыртқы саяси дәстүрлерді былай қойғанда, ондай мәселені шешудің бірде - бір қағидасына қанық емес, әзірлігі күшті мамандардан тағы да ада...

Егер өз сыртқы саясатымызды тездетіп өзіміз қалыптастырмайтын болсақ, біздің мүдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін екендігі айтпаса да түсінікті еді»- деп көрсетеді [1, б.197].

Осыдан соң Қазақстан тез арада сыртқы саясат ведомствосын қайта құрып, еліміздің алыс-жақын мемлекеттермен өзара байланысын қалыптастырып, халықаралық ұйымдармен қатынастарды орнату мәселесін бастап кетті. Ең алдымен елдің алдында тұрған мәселе еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономикасын қайта құра отырып, әлемдік экономикалық даму үдерісіне ену, халықтың әлеуметтік жағдайын дұрыстау болды. Ол үшін ішкі және сыртқы саясатта мақсатты, дұрыс бағыттағы сындарлы саясат ұстану қажет еді.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда сыртқы саясатта көпвекторлық бағыт таңдалды және осы бағыт бүгінгі күнге дейін Қазақстанның сыртқы саясатының басты принциптерінің бірі болып отыр. Еліміздің сыртқы саясатын жүргізуде таңдап алынған осы бір принципті Президент Н.Назарбаев былай деп түсіндіреді: «...әлемдік саясатта белді роль атқаратын және біздің еліміздің қызығушылығын тудыратын барлық елдермен достық және өзара қатынастарды дамыту. Қазақстан өзінің геосаяси жағдайы мен экономикалық потенциалына сай дамуы үшін аймақтық проблемалармен ғана шектеліп қалуға құқы жоқ. Мұның өзі біздің көпұлттық халқымызға ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдастыққа да түсініксіз болар еді. Қазақстанның болашағы Азияда да, Европада да, Шығыста да және Батыста да. Осындай саясатты жүргізу арқылы ғана біз Қазақстанға төнген қандай да қауіпті тоқтата аламыз. Біз еліміздегі саяси және экономикалық қайта құруларға қолайлы сыртқы жағдайды күшейте аламыз» [2].

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында көпвекторлы бағыт ұстанғаны бүгінгі күні біздің еліміздің әлемнің 183 елімен дипломатиялық қатынастар орнатуымызға, 90 елде дипломатиялық миссиямызды ашуға мүмкіндік берді және мұның өзі біздің әлемдік қауымдастыққа толыққанды еніп, сыртқы саясатта сындарлы саясатты жүргізуіміздің нәтижесі деп пайымдауға болады.

Ендігі жерде Қазақстанның осындай сыртқы саяси жетістіктерге жетуіне себеп болған нақты қадамдары мен игі бастамаларына тоқталып өтсек.

Біріншіден, Қазақстан сыртқы саяси әлемге, халықаралық қауымдастыққа өзінің бейбітшілік бағытты ұстанатын мемлекет екендігін өз территориясында орналасқан, КСРО-дан мұра болып қалған ядролық қарудан бас тарта отырып дәлелдеді.

Елбасы өзінің «Бейбітшілік кіндігі» атты еңбегінде Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы жылынан өз территориясында Кеңестер Одағынан қалған атом қаруынан не себепті бас тартқанын баяндай келе, осы әрекеттің бәрі елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуден туындағанын баса көрсетті: «Қауіпсіздіктің бірінші сақинасы - көп векторлы саясат, соның арқасында Қазақстан Республикасының әлемнің бірде - бір еліне өкпесі жоқ және ол сыртқы мемлекеттер тарапынан қазір бар және ықтимал талаптарды бейбіт реттеу саясатын ұдайы жүргізіп отырады.

Екінші сақина - ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қатысу, соның арқасында біз ядролық қарусыз мемлекет ретінде сыртқы ядролық қатер тарапынан төнетін қауіпсіздікке нақты кепілдіктеріміз бар.

Үшінші сақина - өзіміздің жеткілікті әскери әлеуетіміз және жапсарлас мемлекеттермен қорғаныстық блоктар мен келісімдердің тұтас бір кешеніне қатысу» [3,290-291].

Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқандығы туралы мәселе ел ішінде де сол кезде кең талқыға түсті. Біреулер ядролық қаруды өзіміздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету үшін сақтауымыз

керек десе, басым көпшілік жойқын қарудан бас тартқанымыз дұрыс дегенді мақұлдады. Бүгінгі күні бұл шешімнің дұрыс болғандығын бәріміз көріп отырмыз. Себебі егер біз бұл адамзатты қырып-жоятын қаруды өз территориямызда сақтап қалсақ, біріншіден белді державалар тарапынан үнемі саяси қысымға ұшырайтын едік, екіншіден, ядролық қаруды өз территориямызда ұстау орасан зор экономикалық шығынға ұшыратар еді. Еліміз еш мемлекетке соғыс ашайын деген ниеті жоқ, сондықтан бұл қаруды сақтаудың ешқандай пайдасы болмайтындығы сөзсіз екендігі түсінікті.

Қазақстан ядролық қарудан бас тарта отырып, өзінің сыртқы саясатында ядролық қарусыз әлем құру бағытында үздіксіз табанды саясат жүргізіп келе жатыр. Еліміз ядролық қаруға қарсы саясатын аймақтық деңгейде де жүргізе отырып, аймақ елдерінің де осы бағытта бірлесуіне түрткі болды, соның арқасында Өзбекстан басшысының ұсынысымен 2006 жылғы 8- қыркүйекте Семей қаласында Орталық Азия елдерінің сыртқы істер министрлері аймақты ядролық қарудан таза деп жариялаған Шартқа қол қойды.

Қазақстанның ядролық қаруды жою, таратпау бағытында жүргізген саясатының нақты көрінісі ретінде 2010 жылдан бастап Елбасының ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әлемдік саммиттерге қатысып, осы бағытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, біртіндеп ядролық қарусыз әлем құру арқылы жүзеге асру қажеттігін негіздеп келеді.

Екіншіден, Қазақстанның сыртқы саясаттағы нәтижелі қадамдарының келесісі ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сәтті ұсыныстарының бірі 1992 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47- сессиясында баяндалған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары Кеңесін (АӨСШК) құру идеясын атап өткіміз келеді. Бұл тамаша ұсынысты мемлекеттер бірден қолдай қоймағанмен, өмірдің даму барысы, халықаралық қатынастардағы жаңа қауіптер еліміздің бірінші Президентінің осы ұсынысының қаншалықты қажет екендігін дәлелдеді.

Елбасының бұл ұсынысы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен қатар аймақтағы елдердің де қауіпсіздігін біріге отырып қамтамасыз етуге бағытталғаны сөзсіз. Өйткені Қазақстан Азияның орталығында орналасқан. Бір жағында ядролық қаруы бар Үндістан мен Пакистан, екінші жағында саяси тұрақсыздық пен есірткі бизнесінің орталығы болған Ауғанстан, үшінші жағында тез қарқынмен дамып келе жатқан Қытай, үздіксіз қақтығыстар болып жатқан Таяу Шығыс аймағы, империялық амбициясы бар Ресей, ең соңында саяси-экономикалық дамуы әрқелкі Орталық Азия елдері орналасқан. Осындай жағдайда, Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай, өмірдің өзі, жағдайдың өзі ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру қажеттілігін тудырып отыр. Өйткені аймақ елдерінің алдында аймақтық дауларды бірігіп шешу, қарусыздану және қару-жараққа бақылау жасау саласында нақты прогресске қол жеткізу, есірткілердің және әдеттегі қару-жарақтың заңсыз айналымына, терроризмге және халықаралық қылмысқа қарсы күрсетегі шараларды келісу, экологиялық мәселелерді бірлесіп шешу, азиялық елдерде экономикалық өсімді қамтамасыз ету мәселелері кезек күтірмейтін шаралар ретінде тұрды.

Бүгінгі күні Кеңес Азияның 27 мемлекетінің басын қосқан үлкен форумға айналып отыр. Бұл ұйымды құрып, оның толыққанды қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмін қалыптастырып, дамыту бағытында қазақстан дипломатиясы қажырлы еңбек жасады. Қазіргі кезде АӨСШК Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) сияқты Азия аймағында мүше мемлекеттердің қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы өзара ынтымақтастығын қалыптастыру және саясаттарын үйлестіру бағытында жұмыс жасап келеді. 2020-2022 жылдарда Ұйымға Қазақстан мемлекеті төрағалық етуді бастады. Осының өзі Қазақстан дипломатиясының үлкен жетістігі деп есептеуге болады. Ең бастысы елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің дәйекті механизмі жасалды дегуге болады.

Осы жерде ерекше атап өту керек Қазақстан тек қана АӨСШК-ні құрып қоймай, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат етіп құрылған Ұжымдық қауіпсіздік шарты Ұйымы және Шанхай ынтымақтастық Ұйымы сияқты бірлестіктердің аясында белсенді саясат жүргізіп келе жатқан елдердің бірі. Осының бәрі сыртқы саясатта еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, діни, ақпараттық т.б. салалардағы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халқымыздың әлауқатын арттып, саяси тұрақтылықты сақтау үшін жасалып жатқан әрекет екендігі сөзсіз.

Үшіншіден, Қазақстанның сыртқы саясатында тұрақты жүргізіп келе жатқан саясатының бірі ол тиімді интеграциялық үдерістерді дамыту бағыты болып табылады. Бұл бағыттағы тағы бір нәтижелі қадам 1994 жылы Қазақстан Президентінің ұсынысымен пайда болған, кейін Еуразиялық экономикалық Одақ дәрежесіне жеткен Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы кеңістігінде құрылған экономикалық интеграциялық бірлестік болып табылады.

Дамудың бірнеше кезеңінен өтіп, 2015 жылғы 1-қаңтардан толыққанды экономикалық Одаққа айналған бұл бірлестік қазіргі кезде өзінің құрамына мемлекеттерді біріктіре отырып, мүше мемлекеттердің сауда-тауар айналымын, көлік-коммуникация саласындағы өзара байланысын нығайту бағытында жұмыс жасап келеді.

Бүгінгі күні оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, және Армения мемлекеттері мүше болып отыр. Одақтың қазіргі кездегі мақсаты мүше мемлекеттердің экономикасын жаңарту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін тауарлардың, қызметтің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалысының еркіндігін қамтамсыз ете отырып, бірыңғай экономикалық саясатты жүргізуді үйлестіру. Одақтың территориясы әлемдік құрылықтың 14 пайызын қамтыса, халқының саны 184 миллионнан асады [4].

Төртіншіден, Қазақстанның сыртқы саясатта түбі бір түркі халқтарының өзара ықпалдасуын дамыту ісін қолдауы және осы бағытта белсенді саясат жүргізуі болып табылады. Өзімізге белгілі КСРО құрамындағы түркі тілдес мемлекеттер тәуелсіздігін алысымен, Таяу Шығыс аймағындағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі болып саналатын Түркия Республикасы бірден Орталық Азиядағы түбі бір түркі тілдес мемлекеттермен тез арада дипломатиялық қатынастар орнатып, достық көмегін ұсынған еді. Содан бері қалыптасқан өзара ынтымақтастық қатынастар қазіргі кезде түркі ықпалдастығын дамыту бағытында дәйекті дамып келе жатқандығы бәрімізге белгілі.

Қазіргі кезде шыққан тегі, тілі, мәдениеті бір түркі тілдес мемлекеттер арасындағы дамып келе жатқан өзара ынтымақтастық қатынастар жүйелі түрде, ықпалдастықты дамыту механизмдерін нақты қалыптастырып, дамыту негізінде жоғарғы деңгейге жетіп отыр. Бүгінгі күні Түркия және түркі тілдес Орталық Азия мемлекеттерінің өзара нәтижелі ынтымақтастығы арқасында жыл сайын мемлекет басшыларының бас қосуын (саммиттерді) өткізу дәстүрге айналды. Бұл бас қосуларда мемлекет басшылары әлемнің бір бөлшегі ретінде қалыптасқан түркі өркениетін одан әрі дамытудың саяси, экономикалық, мәдени аспектілерін дамытуға қатысты барлық мәселелерді қарастырып, ортақ шешімдерге келуге тырысады. Сонымен бірге 2009 жылы Н.Назарбаевтың ұсынысымен құрылған Түркі Кеңесі, ТүркПА, ТҮРКСОИ мәдениеттерді дамыту ұйымы, Түркі Академиясы, Түркі мұрасы және мәдениеті қоры сияқты өзара ынтымақтастық тетіктерінің қалыптасуы, түркі елдерінің өзара қатынастарының тұрақты түрде қалыптасқанын айғақтайды.

Түркі Кеңесі түркі елдерінің өзара ынтымақтастығын нәтижелі үйлестіріп отырғанына байланысты қазіргі кезде өте беделді құрылымға айналғаны соншалық, 2019 жылы Бакуде өткен саммит кезінде Н.Назарбаев Түркі Кеңесін ресми түрде Ұйымға айналдыру туралы өзінің ұсынысын білдірді. Бүгінгі күні Кеңестің құрамында Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекеттері мүше.

Қазіргі кезде бүкіл түркі елдері Түркістан қаласын «түркі әлемінің рухани орталығы» деп танып отыр. Түркі халықтарының жаппай латын әліпбиіне көше бастауы да түркі өркениетін жоғары деңгейге көтерудің бір көрінісі десе болады.

Бүгінгі күні түркі әлемі Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттердің халқының санын қосқанда 160 миллион халқы бар, мемлекеттердің экономикасының біріккен көрсеткіші ретінде Жалпы ішкі жиынтық өнімі 1 триллион 150 миллиард құрайтын алып аймаққа айналғанын көруге болады [5].

Түркі елдерінің арасындағы осы қалыптасқан нәтижелі қатынастарды қорытындылай отырып, түркі мемлекеттерінің өзара интеграциялық үдерісті дамытуына әлеуеті де жететіндігін және өзара ынтымақтасу механизмінің қалыптасып қалғанын да атап өтуімізге болады.

Осындай нәтижелі бастамалардан басқа, біздің еліміз халықаралық және аймақтық ұйымдардың да жұмысына белсене қатысып, еліміздің тәуелсіздігін одан әрі бекітіп, қауіпсіздігін

қамтамасыз етіп, халқымыздың өсіп өркендеуіне жағдай жасап отырғаны белгілі. Әсіресе 2017-2018 жылдары Біріккен Ұлттар ұйымының Қауіпсіздік Кеңісінің тұрақсыз мүшесі болуы және 2010 жылы Еуропаның Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіміз осы белсенді сыртқы саясаттың жетістіктері деп білеміз.

Қорытындылай келе, Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл ішінде сыртқы саясатындағы қол жеткен жетістіктері жоғары дәрежеде екендігін баса көрсетуге болады. Осы жылдары Қазақстан тек қана әлем елдерімен дипломатиялық қатынастарды орнатып, қарым-қатынастарды дамытып қана қоймай, әлемдік саясаттың өзекті деген мәселелері бойынша өзі де жеке бастамалар көтеріп, сол игі бастамаларды жүзеге асыру барысында нәтижелі саясат жүргізгенін көреміз.

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.
2. ҚР Президентінің СІМ-нің кеңейтілген мәжілісіндегі сөзі // Егемен Қазақстан. – 1996. - 13-қыркүйек.
3. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. - Астана, 2001.- 304 б.
4. Евразийская экономическая комиссия // <http://www.eurasiancommission.org/ru/Pages/ses.aspx>
5. Тюркский мир: пора ли объединяться? Возможности интеграции тюркского мира // <https://stanradar.com/news/full/39030-tjurkskij-mir-pora-li-obedinjatsja-vozmozhnosti-integratsii-tjurkskogo-mira.html>. 06.04.2020.

УДК 9 (574)

### ВЕЛИКОЕ ИМЯ - ВЕЛИКОЙ СТЕПИ БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ

**Жумағалиев Р.А.**

ст. преп., магистр педагогики и психологии

Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан,  
[zhumagaliev.ravil@mail.ru](mailto:zhumagaliev.ravil@mail.ru)

**Байсултанова А.В., Хан С.Е.**

студенты 1 курса гр.РЯ-20-2

Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан,  
[zhumagaliev.ravil@mail.ru](mailto:zhumagaliev.ravil@mail.ru)

**Аннотация.** В данном докладе глубоко раскрыта идея «Рухани жаңғыру» и данная идея взаимосвязана со многими известными историческими личностями. Среди них можно отметить великого сына казахского народа Бауыржана Момышулы.

**Ключевые слова:** национальный рост, историческая личность, вероубеждение, общественное сознание, актуальные проблемы, исследование, совершенствование, исследование, духовные ценности.

### GREAT NAME - THE GREAT STEPPE BAUYRZHAN MOMYSHULY

**Zhumagaliev R.A.**

Senior Lecturer, Master of Pedagogy and Psychology

M. H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan,  
[zhumagaliev.ravil@mail.ru](mailto:zhumagaliev.ravil@mail.ru)

**Baysultanova A.V., Khan S.E.**

1st year students of gr. RYA-20-2

M. H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan,  
[zhumagaliev.ravil@mail.ru](mailto:zhumagaliev.ravil@mail.ru)

**Annotation.** In this report is deeply opened the idea “Rukhani Zhangyru” and this ides is connected with a lot of famous historical personalities . We can underline the famous son of Kazakh peope Bayrzhhan Momyshulu.

**Key words:** the national rise, historical personality, trust, the social consciousness, actual problems, improvement, research, the moral values.

Программные статьи Первого Президента Республики Казахстана, Елбасы – Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой Степи» являются платформой для программы «Рухани жаңғыру», которая была разработана и опубликована 12 апреля 2017 года. В статье были подняты самые нужные и актуальные вопросы для каждого казахстанца; обозначены основные цели нации на новый исторический период – сохранить и приумножить духовные и культурные ценности и войти в 30 развитых государств мира.

«Рухани жаңғыру», это в первую очередь – национальный духовный рост и совершенствование. В статье «Семь граней Великой степи», которая в свою очередь довольна своевременна, был инициирован проект «Великие имена Великой степи», который направлен на изучение и популяризацию наследия знаменитых исторических деятелей и героев, достижения которых составляют гордость народа Казахстана. Среди них можно отметить великого сына казахского народа Бауыржана Момышулы, который стал примером для нашего поколения.

Наша история не имеет глаголов сослагательного наклонения, так как любое историческое событие основывается на конкретных исторических фактах и сведениях, которые ни в коем случае нельзя опровергнуть либо оспорить. Они всегда сохраняются в памяти народа, их нельзя удалить или забыть. Главное место в нашей истории и в истории любого государства занимают события Великой Отечественной войны.

Нет семьи, где дед или прадед не принимали бы участия в этой войне, унесшей миллионы жизни в борьбе с фашизмом, за свободу Родины. Ведь в то время люди независимо от национальной принадлежности и религиозного вероубеждения боролись за будущее, за счастье целого. Мы до сих пор вспоминаем героические подвиги наших героев, сражавшихся на поле брани с врагами. И после Великой Победы они в своих книгах и мемуарах вспоминали те страшные годы и поведали о них своим читателям. К числу героев, для изучения и популяризации наследия знаменитых исторических деятелей и героев, достижения которых составляют гордость народа Казахстана мы можем отнести и Бауыржана Момышулы, отличившегося своей храбростью и прямоотой. Он – как личность яркая и неординарная до сих пор продолжает привлекать внимание людей и жить в сердцах многих казахстанцев. Тогда его личность была колоритной, а имя героя известным. Даже сам он говорил: «Имя моё не забудется». Но чем дальше вперед уходит время, тем больше будут стираться реальные черты представления о Бауыржане Момышулы, тем меньше очевидцев смогут рассказать о его жизни и военных делах. В главную очередь, наследие народного героя должно быть оценено по достоинству. Поэтому с каждым годом возрастает необходимость значения книг и литературы, написанной им самим. Это литература создана, прежде всего, для народа, нашему поколению, а главное - будущим поколениям казахстанцев [1]. Тем не менее, П. Н. Багаев подтвердил, что Б. Момышулы не мешаает называться полководцем, потому что в историю входят не по должности и не по званию, а по заслугам. Произведения героя учат тактике и стратегии войны, науке взаимоотношений между людьми. Они учат справедливости, порядочности, умению почти в безвыходных ситуациях оставаться людьми.

Бауыржан Момышулы начал заниматься творчеством с 1928 года. Свою жизнь народный герой и писатель посвятил народу, который на протяжении веков «успешно решал ... задачи, соединял народы, ... покорял пространство и время истории». Многие знают Момышулы как легендарного комбата, личной храбростью поднимавшего бойцов в атаку в битве под Москвой (об этом рассказывается в романе А. Бека «Волоколамское шоссе»), а также как автора книг «За нами Москва» (1958), «Генерал Панфилов» (1963), «Наша семья» (1976) и многих других, которые удостоены Государственной премии Казахской ССР имени Абая. Также Бауржан Момышулы автор других книг: «Фронтовые встречи», «История одной ночи», «Дневник офицера» и другие. Они стали значимым достоянием литературы Казахстана, переведены на многие языки мира. Бауржан Момышулы был очень аккуратным и все свои записи хранил в своем архиве. На сегодняшний день все его рукописи сохранились. Все это находится в Государственном архиве Казахстана. Также Бауыржан Момышулы говорил и писал на двух языках.

Бауыржан Момыш-улы считал, что Устав - наставляет, форма - подтягивает, дисциплина поднимает сознание на более высокий уровень общности и войскового родства. Настоящей семьей истинного воина являются его боевые братья и сестры.

Также он высоко ценил И.В. Панфилова за его человечность и справедливое отношение к солдатам.

К сожалению, до получения Независимости нашей страной образ Бауыржана Момышулы находился в тени незамеченным. Лишь годы спустя государство стало по достоинству оценивать его героизм, его писательский талант. В нынешних условиях назрела острая необходимость изучить творческое наследие Бауыржана Момышулы, так как воспитание патриотизма у казахстанской молодежи актуально как никогда. В этом заметную роль играет, как уже было отмечено, образ Бауыржана Момышулы [2].

Бауыржан Момышулы действительно является примером для подрастающего поколения. У нас много делается для популяризации имени Бауыржана Момышулы. Например, в г. Таразе был открыт парк имени Б.Момышулы. Посередине стоит монумент героя, пылает вечный огонь, символизирующий те страшные годы, имеются стеллы с мудрыми высказываниями Бауыржана Момышулы о героизме и любви к Родине.

С каждым годом имя Бауыржана Момышулы становится символом героического подвига народа против фашизма. Поколение должно помнить имя этого человека, который все сделал для своей Родины, родной земли и для своего народа.

#### Литература

1. Легендарный батыр : К столетию со дня рождения Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы : документы. Архивные материалы. Воспоминания / авт.- сост.: Т. Оразбаева, Г. Смирнова, М. Катимхан ; отв. ред. М. Мырзахметулы - Москва : Ленком, 2009..

2. Бауыржан Момышұлы: Майдан жыры мен сыры. История одной книги / Ж. Ыбыраев,; [орыс тіліне ауд. Ә. Өтешева; ред. Г. Рахметова] - Алматы : ҚазАқпарат, 2018 . – 377.

ӘОЖ 94(574): 373.016

#### «МӘДЕНИ МҰРА» – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАҒДАРЛАМАСЫ

Таскын А.Т.

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университеті Шығыстану факультеті, Аударма ісі (қытай тілі) мамандығы, 1-курс студенті. Алматы, Қазақстан.  
aimantaskyn3@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Жанақова Н.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған проф.

**Андатпа:** Бұл мақалада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында іске асқан іс-шаралар кең ауқымда қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты мемлекеттік бағдарламаның көптеген игілігі мол жұмыстар атқарғандығы жөнінде егжей-тегжейлі талқылау болып саналады. Мақала негізгі мазмұны бойынша «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық мұрағаттың сырларына қайта бойлау үшін, сонымен қатар оны жалғастыру үшін қандай әрекеттер жасады, жүргізілген тарихи-мәдени зерттеулердің мәні неде, зерттеу жұмыстары қандай нәтиже көрсетті деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен қатар бағдарлама қағидаларын айқындауды көздейді. Автордың көзқарасы бойынша бұл мақала «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде болған процесстер жайлы толықтай ақпарат беруімен, жалпылама пайымдау үлгісінде жазылғандығымен ерекшеленеді. Өткен заман тынысынан хабардар ететін археологиялық зерттеулер, бағдарлама аясындағы жаңғыртуға бастама алған шетелдік жобалар, рухани-өнегелілік пен материалдық құндылықтарды кеңейтуге жасалған әрекеттер, рухани мұраның бай қазынасы саналатын дәстүрлі әуендердің маңызын арттыру, таным көкжиегіміздің аясын кеңейтетін кітаптардың жарық көруі, жас ұрпаққа мәдениетті отандық кинофильмдер арқылы дәріптеу мәселелері, бағдарламаның іске асуына айтулы үлес қосқан институттар қызметі сынды тақырыптар мақалада жүйелі түрде талқыланды. Автор бағдарлама барысы бойынша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының табысты аяқталуы мәдениет саласындағы құлдырауды еңсеріп, мәдениетті қолдауда мемлекет пен қоғам арасында ортақ келісімге бастама болғанын түйіндей келе, дәл осы бағыттағы бағдарламалар елімізге қажет деп қорытынды жасайды.

**Тірек сөздер:** мәдени мұра, құндылық, рухани байлық, халық, өркениет, еңбек, жаңғыру.

## CULTURAL HERITAGE-SPIRITUAL PROGRAM OF THE NATION

**Taskyn A.T.**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Faculty of Oriental Studies, specialty translation (Chinese), 1st year student. Almaty, Kazakhstan.

aimantaskyn3@gmail.com

Scientific supervisor: Zhanakova N.T., candidate of historical sciences, associate professor

**Abstract:** This article covers a wide range of activities implemented under the state program «Cultural Heritage». The main purpose of this article is to discuss in detail the many benefits of the state program. The main content of the article seeks answers to the questions of what the «Cultural Heritage» program has done to re-immense itself in the mysteries of the national archives, as well as to continue it, what is the significance of historical and cultural research and the results of research. It also aims to define the principles of the program. From the author's point of view, this article differs in that it provides detailed information about the processes that took place under the «Cultural Heritage» program, and is written in the form of a general opinion. Archaeological research of the past, foreign projects initiated by the program, efforts to expand spiritual and moral values, increase the importance of traditional music, which is a rich treasure of spiritual heritage, the publication of books that expand the horizons of knowledge, cultural films for the younger generation. Topics such as promotion and the activities of institutions that have made a significant contribution to the implementation of the program are regularly discussed in the article. The author concludes that the successful completion of the state program «Cultural Heritage» overcame the decline in the field of culture and initiated a joint agreement between the state and society in support of culture, and concludes that the country needs such programs.

**Key words:** cultural heritage, values, spiritual wealth, people, civilization, labor, revival.

Жаңа мыңжылдықтың қарсаңында ғасырлар тоғысында Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, егемен ел атанды. Тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған «мәңгілік ел» орнату туралы ұлы мұратын ақиқатқа айналдырып, төрт құбыласы тең, шекарасы айқындалған, қазығы берік толыққанды мемлекет қалыптастырды. Бұл халықтың өршіл рухы мен өшпес жігерінің жеңісінің көрінісі болды. Ағымдағы жылды қамтыған отыз жылдық тәуелсіздік мерзімі аралығында елімізде қоғам өмірінің барлық саласына экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени өзгерістер енгізу жолында үлкен қадамдар жасалды. Бұл қадамдардың арасында мәдениетті жаңа өркендеу дәрежесіне жеткізу ХХІ ғасырда ерекше қолға алына бастады. Бабаларымыздың асыл қасиеттерін жаңа заманға сай жарасымды жалғастыруда 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялануының да ерекше мәні бар [1]. Мәдениет кеңістігіне терең бойлаудың бастамасы ретінде ҚР-ның Тұңғыш президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2003 жылдың сәуір айындағы Қазақстан халқына жолдауында өшкенімізді жандыратын, мәдениет құндылықтар жадысын қайта жаңғыртатын бағдарлама құруға тапсырма берді. Осылайша 2004 жылдың қаңтарынан, «Мәдени мұра» деп аталатын Мемлекеттік бағдарлама өз жұмысын бастады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мәдени құндылықтардың мәні, бітұтас халықтың оны игеруін және сол тұрғыда өзін-өзі тануын, дүниетанымын қалыптастыруын және рухани бағдарын айқындауын негіз ететін құжат, стратегиялық ұлттық жоба. Мұндай үлкен жобаны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде ең алғаш Қазақстан жүзеге асырды.

Бастапқыда «Мәдени мұра» бағдарламасын жүргізукезеңдері 2004-2006 жылдар аралығына белгіленді. Кейіннен қоғамның ерекше қолдануына ие болуына байланысты бағдарламаның 2007 жылдан 2009 жылға дейінгі және 2009 жылдан 2011 жылға дейінгі мерзімдері жарияланды.

Қазақстан тарихында теңдессіз орын алған бағдарламалардың бірегейі болған «Мәдени мұраның» негізгі мақсаты – еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, зерттеп қана қоймай, оны қайта қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, өзге елдерде қалған рухани мұрамызды жинақтау болып табылады [2]. Ал осы мақсатқа жету жолында елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттың мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің

тұтастай жүйесін жасау; ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, көркем және ғылыми толық дестелерді шығару; әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі қорын жасау міндеттерінің орындалуы өте маңызды болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы ірі жобалардың бірі болғандықтан ол бірнеше бағыт бойынша, атап айтқанда бірінші ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалыпқа келтіру, екінші археологиялық зерттеулер жүргізу, үшінші қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды атқару және төртінші ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру сынды негізгі бағыттар бойынша жүзеге асты. Сондай-ақ 7 жыл бойы еліміздің мәдени-рухани саласында көптеген ұлттық жаңғырулар енгізіп және көлемді жұмыстар атқарған «Мәдени мұра» бағдарламасы әр кезеңінде республикалық бюджеттен қаржыланып отырды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды [3]. Аталмыш бағдарлама аясында 200-ден астам республикалық маңызға ие және 11 мыңнан астам жергілікті маңызға ие нысандар қамтылған Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі жасалды.

Кезіндегі шығыстың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фараби мен Египетте ерекше ерлігі, асқан ақылымен құлдықтан хандыққа көтерілген Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс сынды тарихи тұлғалардың кіндік қаны тамған жер киелі қазақ даласы. Олардың түрік мәдениетінің ажырамас бөлігі екендігін әлемдік қауымдастыққа таныту «Мәдени мұра» бағдарламасында ерекше ескеріліп Дамаск қаласында Сұлтан Аз-Захир Бейбарыстың кесенесін қайта жаңғырту және Әл-Фараби кесенесі мен этномәдени орталығын салу, Каир қаласында Сұлтан Аз-Захир Бейбарыстың мешітін қайта жаңғырту шаралары жүзеге асырылды.

Салалық бағдарлама сипатында жүзеге асқан «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін қайта жаңғырту жолында көлемді жұмыстар атқара білді. Соның ішінде археологиялық зерттеу жұмыстары Қазақстанның барлық өңірлерінде жүргізілді. Оған Ақмола облысында Бозоқ, Алматы қаласында Есік, Қойлық, Талғар, Атырау облысында Сарайшық, Оңтүстік Қазақстан облысында Сауран, Отырар, Жамбыл облысында Ақыртас, Батыс Қазақстан облысында Қырықоба сынды ежелгі қалаларға жүргізілген зертеу жұмыстары дәлел бола алады. Бағдарлама аясында Шығыс Қазақстан жерінен б.з.д. V-III ғасырға тән Шілікті, Берел қорғандарынан сақ дәуірінің түрлі бұйымдары, Орталық Моңғолиядағы Ұлаан-Керім деген жерден ондаған атты әскердің құйма мүсіні мен алтын ат әбзелдері табылды. Осылайша ұлттық бағдарлама аясында тарихымызды мәдени артефактілермен толықтыруға 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жұмыстары айтарлықтай үлес қосты. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені сияқты екі ғажайып ескерткіштің ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мұралар Тізіміне енуі де мәдениетімізді әлем өркениеті қатарында жарқырата түсті.

Материалдық мәдениет қорындағы бабалар мұрасынан бөлек рухани байлығымыз да «Мәдени мұра» бағдарламасында шет қалмады. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ және басқа да бірқатар Батыс Еуропа елдерінде ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдар табылды. Мысалы экспедициялар барысында Қытай елінен Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген үш жарым мыңға жуық тың деректер бар екені айқындалды.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі толымды гуманитарлы білім беру қорын құру басталды. 537 кітап бір жарым миллионнан астам таралыммен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі

[4]. Бағдарлама аясында жарық көрген еңбектердің қатарында «Қазақстан тарихы шетелдік деректерде», «Алаш көсемсөзі», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты кітаптардың орны ерекше.

«Мәдени мұра» тұтастай қазақ халқының бұлынғырлана бастаған өткен өмір сарқыншақтарын айқындап, оны ұрпақ санасында қайта жаңғыртуға тікелей бастама болды. Сондықтан бұл жоба төңірегінде қазақ халық әнін цифрландыру мен CD дискіге шығару бойынша қазақи әуендерге, сынғырлаған күйлерге, тарихи өлендерге де терең көңіл бөлінді. Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын қазақтың 1000 күй, 1000 әні» антологиясы шығарылды. Бұл еңбек тарих беттеріндегі әсем де әуезді әндердің, тамылжыған күйлердің түпнұсқаларын зерттеп, өңдеумен ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл жоба “Асыл мұра” атты 2001 жылы қолға алынған ұлттық музыканы сақтау мен жүйелеуге арналған бағдарламаның тікелей жалғасы болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы барысында ұлттық мәдениетімізді кешенді зерттеумен қатар, жарық көрген еңбектерді өскелең ұрпақ санасына барынша сіңіру, құндылығын сезе білуге тәрбиелеу басты назарға алынды. Себебі іргелі ізденістер тек тарихшылардың игілі үшін емес, барша қазақ халқының ертеңі мен бүгіні үшін жасалған баға жетпес байлық екені анық. Осыған байланысты «Қазақфильм» АҚ киностудиясы тарихи мұралар мен тарихи орындарға қатысты «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» және басқа да 20 деректі фильм түсірді.

Мол тарихи-мәдени мұраны қоғам игілігіне айналдыру өте күрделі болғандықтан бұл бағдарламаның іске асуына ат салысқан институттар да болды. Олардың арасында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтын, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтын ерекше атап өтуіміз қажет.

2004-2011 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», 8 томдық «Қазақ музыкасының антологиясы», 3 томдық «Әлемдік әдебиеттану», «Әлемдік фольклортану» жарыққа шығарды. Тұңғыш қолға алынған «Бабалар сөзі» сериясының 100 томы және 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 11 томы жарық көрді [5].

Қолжазба және электронды жүйелеу бөлімі ғылыми және тарихи-мәдени маңызы зор қазақ фольклоры мен әдебиеті үлгілерін дайындап шығаруда қомақты жұмыстар жүргізіп келеді. Бөлім қызметкерлерінің дайындауымен «Қазақ қолжазбалары ғылыми сипаттамасының» 8 томы жарық көрді.

Ұлттық Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары 2004-2006 жылдары «Тарих және этнология» саласы бойынша «Тарих-адамзат ақыл - ойының казынасы», «История Казахстана в русских источниках», «История Казахстана в западных источниках» 10 томдық сериясын, «История Казахстана в античных источниках», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» 2 томдық сериясын жарыққа шығарды. Бұл басылымдардың әрқайсысы ғалымдар, жазушылар, аудармашылар, мұрағатшылар, кітапханашылардың бірлескен еңбегінің нәтижесі болды [1].

Ал Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Түрік, араб парсы, қытай, моңғол әдебиеттеріндегі Қазақстан тарихы» атты 21 томдық жинақ шығарды. 40-қа жуық шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс орнатты. 2004 жылы институт жанынан ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханилық» кафедрасы ашылды. Институт ғалымдарымен бірнеше ғылыми, ғылыми-көпшілік конференциялар, кездесулер өткізіліп тұрады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттің мәдениетке деген көзқарасын айқындайтын маңызды жоба. Елбасы белгілі өнер және әдебиет қайраткерлерімен кездескен кезде, осы бағдарламаға «Биік мәдениет ұлттың көрсеткіші. Бұл бағдарлама, мәдени өміріміздегі тарихи оқиға болды» [6] деп баға берген.

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бергі уақытында қаншама жағымды әрі жағымсыз жайттарды басынан кешірді. Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, осы асыл мұраларды,

жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, білім беру ұйымдарынан бастау алған интеллектуалдық даму дәрежесіне жеткізу кейінгі буынды бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Ал мәдени мұра құндылықтарын адамды рухани, мәдени жетілдіретін құрал ретінде енгізген сайын егемен еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасыөз кезегінде ұлттық жоба бола отырып осы бір аталған белестердің біршамасын еңсере алды. Сондықтан «Мәдени мұра» бағдарламасындай теңдессіз, қазақ халқының мәдени байлығын күллі ғаламға паш ететін, ұлт мәдениетіне қызмет ететін жобалар қазақ халқына әрдайым қажет!

### Әдебиет

1. Назарбаев Н.Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – 508 бет.
2. “Мәдени мұра”: өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды...// Айқын - республикалық қоғамдық-саяси газеті – 2016 ж. 15 қазан
- 3 Тоқаев? Қасым-Жомарт Кемелұлы. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан - 2021. - 5 қаңтар
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 264 б.
5. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki>
6. Аталар аманатына адалдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша атқарылған істер //Ана тілі газеті. – 2010. - 25 ақпан.

ӨОЖ 94(574)

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҰРАНЫНА АЙНАЛҒАН ҰЛЫТАУ

**Иманғалиева З.Е.**

Шет тілдері педагогикалық факультетінің 1 курс студенті

**Жүзтаева Б.Н.**

Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының доценті, т.ғ.к. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, [zere.imangalieva@mail.ru](mailto:zere.imangalieva@mail.ru). [zhuztaeva@mail.ru](mailto:zhuztaeva@mail.ru)

**Андатпа:** Әлемдік тәжірибеде табыс көзі жағынан туризм – мұнай мен газдан кейінгі орынды иемденеді. Туризм – кез-келген елдің экономикасында үш тиімді ықпалмен әсер етеді. Олар – шетелдік валюта ағынын көбейтеді, тұрғындарды еңбекпен қамтиды, мемлекет инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді. Еліміздегі ірі туристік орталыққа айналу ықтималдығы басым әрі туристік тиімділігі жоғары қазақстандық аймақтардың бірі - бай туристік әлеуетке ие Орталық Қазақстандағы Ұлытау өңірі. Халқымыздың тағдыры мен тарихында Ұлытаудың алар орны айрықша. Оның әр қырқасы, әр тасы, әр уыс топрағы шежіре сырға тұнып тұр. Ұлытау өңіріндегі тарихи және мәдени мұралар тамыры сонау осы өлкеге адам аяғы тиген кезеңнен күні бүгінге дейін жалғасын тауып жатқан халықтық материалдық туынды ретінде танылады. Біле білсек, олар - рухани сабақтастықтың да жанды көрінісі. Сондай қасиетті, киелі таудың жайылған жоталарында ұлтымыздың ұлағаты, толағай тарихы, мәуелі мәдениеті жатыр. Өңірдің туристік тартымдылығының жоғары деңгейі рекреация мен туризмді дамытуға қажетті туристік ресурстардың ауқымды шоғырына байланысты болатындығы даусыз. Ұлытаудың қолайлы географиялық орны, антропогендік фактордың әсері айтарлықтай байқалмайтын жақсы күйінде сақталған бірегей табиғи әлеуеті, осы өңірде сан ғасырлар бойы жинақталған тарихи-мәдени мұраның бай қоры туризмді дамытуға аса қолайлы үйлесім тапқан. Өңірдің тарихи-мәдени және табиғи туристік ресурстарының бірегей үйлесімі бұл аймақта туризмнің заманауи формаларын дамытуың қолайлы негізі мен алғышарттарын қалыптастырады.

**Түйін сөздер:** туризм, ескерткіштер, иппотерапия, туристік лагерь, қымызбен емдеу, саяхат.

**ULYTAU BECAME THE MOTTO OF KAZAKHSTAN'S TOURISM**

**Imangalieva Z.E.**

1st year student of the pedagogical Faculty of foreign languages

**Zhuztayeva B.N.**

associate professor of the Department of modern history of Kazakhstan and worldview disciplines,  
candidate of historical sciences.

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan,  
zere.imangalieva@mail.ru. zhuztaeva@mail.ru

**Abstract:** In the world practice, tourism ranks second in terms of income after oil and gas. Tourism affects the economy of any country with three effective effects. They increase the flow of foreign currency, cover the population with Labor, and promote the development of state infrastructure. Ulytau region in central Kazakhstan, which has a rich tourist potential, is one of the most likely and highly tourist - efficient regions of Kazakhstan to become a major tourist center in the country. Ulytau has a special place in the history and fate of our people. Every stone, every stone, every handful of it is covered with a shezhire earring. The historical and cultural heritage of the ulytau region is recognized as a National material work, the roots of which continue to this day from the time when a person touched this region. They are the living embodiment of spiritual continuity. On the ridges of such sacred, sacred mountains lie the great history of our nation, tolagai history, and culture. It is undeniable that the high level of tourist attractiveness of the region depends on a large concentration of tourist resources necessary for the development of recreation and tourism. The favorable geographical location of ulytau, its unique natural potential, preserved in good condition, where the influence of anthropogenic factors is not noticeable, and the rich fund of historical and cultural heritage accumulated over many centuries in this region are very favorable for the development of Tourism. The unique combination of historical, cultural and natural tourist resources of the region creates a favorable basis and prerequisites for the development of modern forms of tourism in this region.

**Key words:** tourism, monuments, hippotherapy, tourist camp, kumiss treatment, travel.

Ұлытау - ежелгі тарихи өлке. Қ.И. Сәтбаев: «Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, меніңше қазақ елі Ұлытауда да соншалықты қастерлі...»,- деп Ұлытаудың мән маңызын кесіп айтқан болатын [1]. Ұлытауды адамдар ерте кезден бастап мекендеген. Ұлытаудың аты ежелгі грек тарихшысы Геродот, ортағасырлық саяхатшы Плано Карпини, т.б. батыс, шығыс тарихшыларының еңбектерінде, орыс, қытай саяхатшыларының жазбаларында аталады. Мұнда тас дәуірінің ескерткіштері молынан кездеседі. Қаракөгір өзенінің жағасындағы Дүзен кесенесіне жақын орналасқан тас дәуірінен қалған шеберхана Қазақстандағы ең ірі ескерткіш болып саналады. Тас ғасырының Жетіқоңыр ескерткіші, қола дәуірінің ескерткіштері- елді мекендер, мазарлар мен Беғазы –дәндібай мәдениеті кесенелері, ежелгі патша әулеттері жерленген Айбас дарасы, Ақоба, Талдысай обалары зерттеушілер назарында болса, Қорғасын обалары мен Терісаққан жағасындағы Қараоба 2,5 мыңды қамтиды. Ұлытауда Мұртты обалар көп сақталған. Ежелгі ғұн, түркі, оғыз- қыпшақтар мәдениетінің ізі осы жерде ұшырасады. Балбал сомтастары өрнегінің қатары кей жерлерде 250 м-ге жетеді. Ұлытауда бұдан 3000 жыл бұрын жергілікті тайпалар мыс, қалайы, күміс, алтын өндеген. Аң аулау бейнелері, ежелгі адамдардың дүниетанымын танытатын суреттер теректі әулие, Зыңғыртас, Арғанаты таулары жартастарында, Байқоңыр, Тамды, Жанғабыл, Жетіқыз өзендерінің бойында бар. Ұлытау арқылы Ұлы Жібек жолының «Сарысу» немесе «мыс жол» аталған негізгі тармақтарының бірі өткен. Аңыз бойынша алаш жұртының негізін қалаушы алғашқы билеушісі болған Алаша хан күмбезі Кеңгір өзенінің бойында тұр. Бұл өлке орта ғасырларда Дешті Қыпшақ аталған. Оның аумағы кейіннен қыпшақтардың, қимақтардың, оғыздардың ірі рулық бірлестіктері арасында бөліске түскен. XIII ғасырдың I жартысында Ақ орда билеушілері Орыс хан, т.б. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан Ұлытауды тұрақты қоныс еткен. Шығыс Еуропаны тізе бүктірген Бату өз жорығын осы жерден бастаған. Ұлытау жеріндегі Шыңғыс хан ұрпақтарымен байланысты сәулет ескерткіштеріне – Жошы хан, Болған ана күмбездері, Құтлық Темір, Келінтам мазарлары жатады [2]. Тарих торабы Ұлытаудың әрбір топырақ- тасында сайрап жатыр. Ежелгі тас дәуірінен бастап үзілмей жалғасып келе жатқан қайнаған өмірдің, өркен жайған өнер мен мәдениеттің дәл осындай екінші отанын әлемнен күндіз шам алып іздесек те, таба алмасымыз анық. Осыншама

құнды, маңызды жәдігерлердің басты- бастамаларына тоқталып өткен ләзім.




**Айбас дарасы.** Ұлытаудағы қола дәуіріне жататын ежелгі ескерткіштердің бірі. Оны Ә.Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1956 жылы зерттеген. Ескерткіштер кешені кейінгі қола дәуіріне жататын тас қоршаулар, обалар, ежелгі түркілер кезеңінің белгілері сақталған бейіттер мен Қазақ хандығы тұсындағы қорымдардан және екі жағын су қоршап тұрған тастан өрілген қамал бекіністен тұрады. Айбас дарасындағы ескі молалардың барлығы дерлік тоналған, қиралған. Тас пен қоршалған обаның диаметрі 20 м, биіктігі 1,4 м [3].

Қабір жалпақ тас плиталарымен жабылған, қабырғалары тік қойылған тақта тастармен өрген. Бұл зират Беғазы- Дәндібай ескерткіштеріне ұқсас және кейінгі қола дәуіріне жататын осы аттас мәдениеттің таралу шекарасының ең батыс нүктесі болып есептеледі. Айбас дарасы ескерткіштер кешені Едіге шыңынан солтүстік- батысқа қарай 1,0-1,5 км жерде, Айбас өзені бойында орналасқан.



**Теректі әулие.** Жезқазғаннан Қарағандыға қарай жүргенде сексен шақырымдай жердегі анда- санда ғылыми кітаптарда еске алынып, есімі аталып кеткені болмаса, түбегейлі зерттеуді күтіп жатқан, тарихы тылсымға толы «Теректі әулие» гранит қырқалар кешенінің адамзат тарихының ашылмай жатқан беттерін ақтаруға септігі тиюі әбден ықтимал. Төбешіктердің үстінде де, қапталдарында да белгілі бір заңдылықпен бедерленген қосақталған түйеден бастап , жалаңаяқ адамның ізіне дейінгі таңбалар... «Теректі әулие» - әзірге

тылсым сырын ішіне бүгіп жатқан әлемде теңдесі де, ұқсас сыңары да жоқ жәдігер. «Теректі әулиедегі» суреттер тас бетіне қашалып салынған. Кейбір тастардың мұқият өңделгені соншалық, олардың беттері күні бүгінге дейін айнадай жалтырайды. Жергілікті халық оны әулиенің сырғанағы деп атап кеткен. Қалай болса да осыншама күрделі кешен маман ғалымдар тарапынан тиянақты зерттеулерін күтіп жатыр [4]. Тастағы мүсіндердің ермек үшін салынбағаны, олардың осы өңірді құтты қонысы еткен ежелгі адамдардың тыныс- тіршілігі мен наным- танымынан түсінік беретіндігі ақиқат.



**Алаша хан мазары.** Ұлытаудан бастау алатын Қаракөңгір және Сарыкөңгір өзендері қосылар тұстағы биік жотада тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз- қыпшақ заманындағы сәулет өнері қатарына қосады. Аумағы 9,73м x11,9м, биіктігі 10м. Төңірегі қалың қорым, әр түрлі бейіттер тұрғызылған. Алаша хан мазары көлемі әртүрлі кірпіштерден қаланған. Құрылыс үстінен биіктігі 231 см барабан- күмбез мойнындағы көтеріліп, оған жалғастыра күмбез салынған. Алаша хан күмбезінің әр түсті және әр көлемді кірпіштерді үйлестіре қалау арқылы

қабырғаларының масаты кілемге ұқсас өрнектелуі Ұлытау өңіріндегі өзінен кейін бой көтерген көптеген мазарларға - Дүзен, Айранбай, Бұзау, Шегір және т.б үлгі болған. Мазарға алғаш рет зерттеу жұмыстарын жүргізген Ш.Уәлиханов. Сондай-ақ Алашахан мазарын 1868 жылы көзімен көрген Н.И.Красовский мазардың әлі де берік, бүтін қалыпта тұрғанын, тек күмбездің көк бояу

жалатқан сылағы ғана аздап қабыршықтанып түсе бастағанын атап өткен. Республикалық дәрежедегі маңызы зор архитектуралық ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алынған мазарға соңғы жылдарда сапалы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген.

**Жошыхан мазары.** Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің сол жағалауына, Орда- Базар қаласының іргесіне орналасқан ортағасырлық археологиялық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы ұлысына қараған барлық тайпалар қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбез қайтыс болған кісінің жылын беруден бұрын салынатынын ескерсек, онда Жошыхан мазары 1228 жылдың ақпан- наурызына дейін тұрғызылған



болу керек. Жошыхан мазары порталды- күмбезді күрделі құрылыстар қатарына кіреді [5]. Кескіні тік бұрышты, күйдірілген қызыл кірпіш, ғаныш, әк сияқты материалдар пайдаланылған. Аумағы 9,55м x 7,25м. Мазардың басты ерекшелігі-еңселі, салтанатты порталында. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарып, қос босағасын түсетін салмақты еркін көтеріп тұратындай етіп күшейткен. Портал жақтаулары өрнекті кірпішпен безендірілген, киіз үйдің басқұрына ұқсайды. Әшекейлі кірпіштердің ауданы 45см x 45см. Кірпіштерде өрнек, ою да, жазу да болған. 1911 жылы Атбасар оязын басқарған бір ұлық өрнекті кірпіштегі сыпырылып алып, мұражайға жіберген көрінеді. Қазір мұндай кірпіштердің кейбір сынықтары да қалған. Екінші қабір Жошының бәйбішесі, Керей хандығының билеушісі Тоғырылдың інісінің қызы Бектумыштікі болуға тиіс. Қабір табанына төселген қалақ кірпіштердің біразына «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошыхан күмбезі архитектуралық әсем үлгілі құрылыс ретінде аса маңызды тарихи ескерткіштердің тізіміне енгізілген. Соңғы жылдары республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

**Домбауыл кесенесі.** Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің Орталық Қазақстанда көп тараған түріне жатады. Жезқазған қаласынан 54 шақырымдай жерде, Орда-Базар қаласы жұртынан дауыс жетер жердегі қыр үстіне оғыз-қыпшақ заманында салынған айрықша ескерткіш. Конус пішінінде күмбезді құрылыстар түріне жатады. Астыңғы табан бөлігінің аумағы 8,9м x 7,9м, қабырғасының қалыңдығы 2м-ге жуық, ішінің аумағы 4м x 4м. Кесененің сыртқы пошымы киіз үйге өте ұқсас. Асты төртбұрышты болғанмен үстін дөңгелентіп күмбезге айналдырған. Есігі оңтүстік- шығыс жақтан шығарылған, бұған жалпы биіктігі 1,2м болатын төрт басқышты баспалдақ арқылы кіреді. Кесене еденіне топырақ жайылып, оның үстіне жалпақ тастар төсенілген. Қабырғалары 3м-дей көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған. Бұлардың барлығы - тас қалаудың қола дәуірінде қалыптасқан ежелгі дәстүрінің белгілері. Кесененің жалпы биіктігі 6 м шамасында. Оның тең жарымына жуығы күмбез шығаруға арналған. Бірақ бергі кезде алтынқазына іздеушілер оның есігін, табанын әжептәуір қиратқан. Қазір қалпына келтірілген. Домбауыл есімі тарихи жазбаларда да, аңыз әңгімелерде де көп кездеседі, ол қазақ шежіресінде, жыр толғауларында жиі айтылады. Бұл ескерткіш жайлы ең алғаш зерттеу еңбектер жазған Ш.Уәлиханов. Соңғы жылдары Домбауылдың қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген [6].

Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштер жайлы қысқаша баяндап шығудың өзі орасан үлкен жұмыс. Ең бастысы- Алашахан, Жошыхан мазарлары салынған заманда, тіптен одан көп бұрын Ұлытау өңірінің халқы кірпіш күйдіріп, түрлі керамикалық бұйымдар жасауды, сапалы бояудың неше түрін әзірлеуді, геометриялық дәлдікпен және алдын ала жасалған жобамен күрделі құрылыстар салуды жете меңгергендігі. Бұған осы өңірдегі ескерткіштердің өздері-ақ куә бола алады.

Қазіргі таңда қазақстандық туристік индустрия әлемдік нарыққа белсенді түрде енудің бастапқы қадамдарын жасауда. Туризмнің дамуы жұмыс орындарын қалыптастыру мен шағын кәсіпкерлікті дамыту ісін жандандырып, көлік, байланыс, қызмет саласы, сауда-саттық, құрылыс, халықтық тұтыну тауарларының өндірісі сынды салалардың қызметіне оң әсер

етіп, туристік индустриямен ұштаса дамуына септігін тигізеді және Қазақстан Республикасы экономикасының тиімділігін арттырудың басым бағыттарының бірін құрайды. Дүниежүзілік тәжірибеге көз жүгіртсек, әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің экономикасына нұқсан келтіріп, жылдар бойы жетілген қарқынды даму тетіктерін шайқалтып кеткен дүниежүзілік дағдарыс кезеңінде туристік инфрақұрылымы ежелден қалыптасқан әлем елдері экономиканы тұрақтандырудың, әрі оның дамуын бірқалыпты өрістетудің бір жолы ретінде туризмге арқа сүйеген болатын. Туризм - ел экономикасын кемелдендірудің тиімді жолы мен қомақты кіріс көзі. Мемлекетіміздің туризмнің дамуына айрықша мән беріп отырғандығының бір себебі де осыған байланысты болатындығы сондықтан.

Туристік аймақ аша отырып, Ұлытаудан шипажай ашу мүмкіндігін қарастыру керек. Атап айтсақ, атқа мінгізу арқылы сал ауруларын емдеу. Бүгінгі таңда Қазақстанда 44 574 мүгедек бала бар, бұл еліміздегі кішкентай тұрғындардың 1,2% құрайды. Олардың ішінде 10 000 шамасындағы балаға балалардың сал ауруы (ДЦП - детский церебральный паралич) диагнозы қойылған. Бірақ барынша шыдамдылық танытып, әдістемелік жүйемен емдеген жағдайда бұл аурудың салдарын түзетіп, баланы жүруге, сөйлеуге үйретуге және қоғамда өмір сүруге бейімдеуге болады. Қимыл-қозғалысты сауықтырудың прогрессивті әдістерінің бірі иппотерапия (жылқыға мініп жаттығу) болып табылады. Шығыс өңірі иппотерапия саласын дамытуда да көш бастап отыр. Соңғы бес жыл көлемінде елімізде тұңғыш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды жылқы арқылы, яғни иппотерапиямен емдеу шаралары жүзеге асырылуда. Қай заманнан атқа мініп келе жатқан қазақ саумал мен жал-жая, қазы-қартаның денге дәру, дәтке қуат екенін білсе-дағы, жылқыға мініп емделу дегенді қабылдай қоймас... Жастайынан жабағыға жайдақ шауып, есейгенде ер қанатын ерттеп мінген ел емді еш қажетсінбейтін ерекше денсаулық кодына ие-тұғын. Ойымызды әріден сабақтасақ, жылқы қазақтың жаны еді. Мінсе – көлік, шапса – желік, ішсе – қымыз, жесе – ет болған жылқы жарықтықтың қаншама қасиетін пайымдағанымызбен парқын білмеген тұстарымыз да бар екен. Парқын білмегеніміз, парықсыздығымыз емес. Сірәғысын айтамыз. Иппотерапия – қазақтың қанына сіңіп, ұлттың дәстүрімен қабысып кеткен ежелгі ем болуы да кәдік. Айтар сөзіміздің арқауы – иппотерапия, яғни жылқымен емдейтін медицина саласы.

Қымыз ежелден ас қорыту жүйесінің ауруларын, анемия, құрқұлақ, мешел, неврастения және туберкулезді (құрт ауруларын) емдеуге қолданылып келеді. Сондай-ақ, қымыз ішектегі іріп-шіру процестерін тежеуге әсер етеді. Ондағы шіріткіш микробтарға, ішек таяқшаларына, стафилококк микробына антибиотиктік әсері бары дәлелденді. Сол сияқты, туберкулез таяқшаларының өсіп-өнуіне кедергі жасайтыны анықталды. Қымызбен емдеу ережесі: алғашқы 3 — 4 күн бойы аз-аздап, күніне 0,5 л-дей ғана ішіп, кейін 1 л, одан да көбірек ішуге болады. Сөйтіп, 7 — 8 күнде аурудың асқа тәбеті артып, ас — қорытуы түзеле бастайды. Қымызды тамаққа дейін 1-1,5 сағ бұрын ішу керек. Жалпы туберкулездің қандай түрін болмасын қымызбен емдеуге болады. Бірақ оның қайталап өршіп, қозып тұрған кезінде, яғни қан түкіріп, дене ыстығы көтеріліп кеткен жағдайда Қымызбен емдеуді уақытша тоқтата тұру керек. Гастрит ауруының қышқылдығы жоғары түріне ұшырағанда қымыз ішуге болмайды. Қазақстанда қымызбен емдейтін алғашқы ашылған санаторий – «Бурабай». Аурудың даму барысына қарай Қымызбен емдеу әдістерін Қазақ тағамтану академиясы зерттейді.

Кезекті оқу жылы аяқтала салысымен, бүлдіршіндер жазғы демалысқа қызу дайындық үстінде болары сөзсіз. Бірі ауылдағы ата-әжесіне барса, енді бірі лагерьге жолдама алған. Дегенмен, ең қызықты демалыс жазғы лагерьде болары сөзсіз. Жаңа достар, әртүрлі ойындар, серуендеу, кешкі алау басында ән айту... Осыған орай Ұлытау тау бөктерінде орналасқан туристік-экологиялық лагерін ашуға әбден болады. Таза ауа, көгілдір шалғын, тау бөктерінде өткен әрбір минут балалық шақтың ұмытылмас сәттеріне айналары сөзсіз. География-ботаникалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының анықтауы бойынша бұл өңірде жалпы өсімдіктің 617 түрі өседі, оның ішінде дәрі-дәрмектік өсімдіктердің 400 түрі, малазықтық шөптің – 100, тағамдық өсімдіктің – 50, техникалық өсімдіктің – 70, улы өсімдіктердің 40-тан астам түрі, оның ішінде басқа жерлерде сирек ұшырасатын түрлері де бар. Бұл өсімдіктердің бірсыпырасы Қазақстанның Қызыл кітабын енгізілген. Мұнда таулы қыратты мекендейтін жануарлардың да (мыс., арқар,

ақбас тырна, безгелдек, дуадақ, жыланшы бүркіт, қара дегелек, қыран, тағы басқалар) түрі мол. Құрлықтың ортасында, Еуразия кіндігінде орналасқандықтан Ұлытау ауданының ішкі суы тұйық алапта жатыр. Тек Терісаққан өзені ғана Солтүстік Мұзды мұхитқа құятын өзендердің саласы болып табылады. Сулары жазда тартылып, кесіліп қалса да, Ұлытаудан бастау алатын өзендер көп. Алпыс төрт сала Торғай мен отыз төрт сала Кеңгір өңір халқының суға деген қажетін өтеп отыр. Сондай-ақ аудан аумағында үлкенді-кішілі, ащылы-тұщылы көлдер де аз емес.

Ұлытау өңірінің табиғи туристік-рекреациялық ресурстары мен тарихи туристік ресурстары туризмнің аймақтық ұйымдастырылуына, туристік орталықтар мен аудандардың қалыптасуына және де олардың экономикалық тиімділігіне қол жеткізуге қомақты ықпалын тигізеді. Себебі өңірдің туристік ресурстарының бай әлеуеті мен бірегей шоғыры осы аймақта туризмді дамытудың маңызды алғышарттарын қалыптастырады. Сондықтан да ұлан-ғайыр ұлылықтың ұйтқысына айталған ұлы даланның ұлылығын ұғынып, барымызды базарлап, байлығымызды бағалап өзімізде барды өзгеден іздемей аймақтық туризмді айрықша назарға алған абзал. Еліміздің өзге аймақтарын қоспағандағы бір Ұлытаудың өзі - бағалай білсек, қыруар табыс көзі. Халқымыздың тарихи астанасы саналатын Ұлытау жерінің қадыр-қасиетін, ұлт үшін мән-маңызын айтып жеткізу тіптен де мүмкін емес сияқты. Ұлытау десек, ұлтымыздың өткенін, тарихын көз алдымызға келтіреміз. Қазақ деген халықтың қашан да, қай уақытта болса да бас қосып, бірлік пен бәтуаға келіп, кеңесіп келелі мәселелер шешетін тұғырлы да, тұрақты орыны осы – Ұлытау болған деседі. Мемлекеттіктің барлық шарттарын ұстап, ордасын көтеріп, алыс-жақын елдерге қазақ атын жеткізген, білгізген жердің мәйегі де Ұлытау болғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмес. Сондықтан оны таныту мен туризм арқылы халық игілігіне қолдану біздің алдымызда тұрған үлкен міндет.

#### Әдебиет

1. Тоқаев Қ. – Ж. Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығы болуы тиіс // <https://assembly.kz/news/lytau-lt-yasy-2019/>
2. Қазақстанның киелі орындарының тізімі // <https://kaztag.kz/kz/news-of-the-day/aza-stanny-100-kieli-oryndaryny-tizimi>
3. Домбай Н. Ұлытауды ұлықтай білейік // Ана тілі газеті <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=25198>
7. Омаров Ә., Мырзабеков Б. Ұлытау - ұлттың ұясы // <http://kazgazeta.kz/?p=9721>
8. Тоқтабай А.Қ. Қазақ жылқысының тарихы. - Алматы, 2010.
9. Түгел С. Қайдасың, қазағымның қазанаты?! - Астана: Фолиант, 2004.

ӘОЖ 94(574): 373.016

### ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫ

Раим С.Н.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті, Журналистика мамандығы, 1-курс, Алматы, Қазақстан.  
saiora.raim@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Жанақова Н.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған проф.

**Аңдатпа:** мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге мемлекет тәуелсіздігі мен егемендігінің, ақша жүйесінің нышаны ретінде қарастырылады, ел валютасының жасалу тарихы баяндалып, оның алғаш рет айналысқа шығарылуы тәуелсіз мемлекет жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі ретінде айшықталғандығы, еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болғандығы туралы айтылады. Ұлттық валюта – теңгенің айналымға енгізілген күнінен бастап, Қазақстан тарихында жаңа кезең басталды. Осы жылдар ішінде теңге өзінің қабілеттілігі мен тұрақтылығын дәлелдей отырып, түрлі сынақтарды және қиыншылықтарды басынан өткерді. Мақалада ұлттық валютаны енгізудің мемлекет болып қалыптасу, егемендікті нығайту және экономикалық дамудың табысты ұлттық үлгісін құру жолында қажетті қадам болғандығы туралы нақты қорытынды жасалады.

**Тірек сөздер:** мемлекет, Қазақстан, республика, тәуелсіздік, егемендік, экономика, ақша, валюта, ұлттық, рәміз.

## NATIONAL TENGE - A SYMBOL OF INDEPENDENCE

**Raim S.N.**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Faculty of Management and international communication, specialty “Journalism”, 1st year,  
Almaty, Kazakhstan. saiora.raim@mail.ru  
Scientific supervisor: **Zhanakova N.T.**, candidate of historical sciences, associate professor

**Annotation.** The article considers the national currency of the Republic of Kazakhstan – tenge as a symbol of independence, sovereignty, and the basis of the state’s monetary system. This event marked the beginning of a new era in the history of Kazakhstan, because the national currency is an independent state attribute. The emergence of the national currency has given a powerful impetus to the development of market relations and the formation of an efficient banking system. The formation of tenge has become an important and component of strengthening Kazakhstan’s independence. At the end of the article, it is noted that as a result of active painstaking work in the 21st century, Kazakhstan stepped as an equal partner of leading European countries with its strong currency - tenge, which has become a strong foundation for monetary financial policies, the economic security of Kazakhstan, the most important and inalienable element of national historical consciousness.

**Key words:** state, Kazakhstan, Republic, independence, sovereignty, economy, money, currency, national, symbol.

Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Қазақстан Республикасы – егемені, тәуелсіз, демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валютасы. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.

Кез келген егемен елдің рәмізінің, өз валютасының болуы заңды. Өйткені, ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі. Ал, теңгенің айналымға түсуі Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария етуі болатын.

Қай елдің болмасын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Бүгінде ақша бірліктері мемлекет дамуында маңызды рөл атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Ұлттық банкнотта мемлекеттің тарихи оқиғалары, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі әрі мемлекеттің басты мәдени жетістіктері бейнеленеді. Сонымен бірге, бүгінде ұлттық валюта барша мемлекеттер мен халықтар үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы.

1992 жылы еліміз экономикасы құлдырады. Ақша мүлде құнсызданды, еңбекақы мен зейнетақы төленбеді, кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстар үзілді, халық тұтынатын тауарлар мен қолға берілетін ақшатоқтатылды. Бұрынғы одақтық республикалар арасындағы қаржы байланысы мен өзара бірлесуінің үзілуі экономикалық жағдайды одан сайын күрделендіре түсті. Қазақстандағы ақша мәселесінің шешілмеуі салдарынан еңбекақы, жәрдемақылар халыққа уақытында берілмеді. Экономикадан мән кетті. Өндіріс тоқтады. Тауар мен қызмет бағасы шарықтай түсті. Өздерінше, ақша-кредит саясатын жүргізіп, ел экономикасын реформалау қажет болды. Жас мемлекеттер бірінен соң бірі өздерінің ұлттық валюталарын немесе уақытша ақша белгілерін енгізе бастады. Осылайша Қазақстан өз валютасын енгізуге мәжбүр болды.

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің жасалу тарихы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1993 жылғы 15 қарашадағы №1399 «Қазақстан Республикасында ұлттық

валютаны енгізу туралы» Жарлығымен басталды [1, 98]. Ол кезде Қазақстанда өзінің банкнот басатын фабрикасы болған жоқ. Алғашқы теңгені «Harrison & Sons» компаниясы Англияда басып шығарды.

1993 жылдың қарашасында теңгенің айналысқа шығарылуы біздің жас тәуелсіз республикамыздың жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Ол еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болды.

Елбасының тарихи жарлығына сәйкес елде ұлттық валюта – теңге енгізілді. Осы күннен бастап теңге еліміздің жаңа төлем құралы және есеп айырысу бірлігі ретінде айналымға енгізілді. Сол жылдың қарашасынан бастап зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады. Елімізде валюта айырбастау пункттері ашылып жатты. Кейін Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай теңгенің дизайны өзгерді. Бүгінде купюраларымыздың қорғаныштық қасиеті дамыған елдер валютасымен бәсекелесе алады.

Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық валютамызды айналымға енгізу туралы шешімі тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа деңгейінің негізі болды. Теңгенің айналымы егемен Қазақстанға ұлттық нарықтық экономиканы құру үшін қажетті алғашқы қадамдарды жасауға мүмкіндік берді [2, 63-64].

Ал 1997 жылы 13 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз Жарлығымен алғаш теңгенің айналымға түскен күнін «Ұлттық валюта күні» деп жариялады. Мемлекеттегі экономикалық қиындыққа қарамастан тұңғыш валютамыз жарық көрді, тәуелсіз елдің айналымына түсті. Осылайша Қазақ даласының ұлы тұлғалары Әл-Фараби, Абылай, Абай, Жамбыл, Сүйінбай, Шоқан бейнеленген алғашқы Қазақстан Республикасының теңгелері жарыққа шығып, айналымға түскені шын тәуелсіздіктің көрінісі болды.

2006 жылы 15 қараша күні ұлттық валютамыздың жаңа дизайнмен әрленген 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттары айналымға шықты. Дизайн мемлекеттік рәміздерді, еліміздің сәулет нысандары мен табиғи ландшафтарын бейнелей отырып, Қазақстанның осы заманғы бейнесін береді. Қолайлылық үшін номиналдарды сандық және жазбаша белгілеулер ірі қаріптермен басылды. 2007 жылдың мамыр айында Тайландта өткен валюта конференциясында 10 мыңдық теңге «Үздік жаңа банкнот» аталымы бойынша бірінші орынға ие болды.

Отыз жылға жуық уақыт аралығында тәуелсіздік ел тарихымызда мемлекет мәртебесін өсіру мен экономикасының нығаюы жолында теңгенің орны ерекше болды. Теңге тәуелсіз елдің маңызды рәмізі екенін дәлелдеп шықты. Ұлттық валюта – кез келген тәуелсіз егемен елдің рәміздерінің бірі. Бұл кез келген елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, экономиканы басқарудың негізгі құралы. Көптеген елдің ұлттық валютасының тарихы бірнеше ғасыр бойы қалыптасты. Кез келген елдің тарихы оның ұлттық валютасының тарихына байланысты болады.

Егемен Қазақстан үшін өз ақшасы – теңгенің айналымға шыққан күннің маңызы зор, өйткені, Конституция, Ту және Елтаңбамен қатар Ұлттық валюта мемлекеттің тәуелсіздігінің маңызды атрибуты болып қана қоймай, мемлекеттің тарихын, мәдениетін, тұрмысын және дәстүрін нақтылайтын «визиттік карточка» болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның барлық жетістіктері – еліміздің қалыптасуының алғашқы күнінен бастап барлық жағдайда, оның ішінде өз валютасын шығаруда тәуелсіз болуға бағытталған таңдаулы саясаттың нәтижесі.

Халықаралық сарапшылар теңгенің дизайнында ежелгі дәстүрдің және қазіргі заманғы технологияның жақсы үйлескенін мойындайды. Қазақстанның Банкнот фабрикасының және Монета сарайының ең үздік технологияларды қолдануына және дайындау сапасының жоғары болуына сәйкес түрлі көрмелерде және конкурстарда Ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын дайындау сапасы, дизайны мен қолданылған технологиясы үшін жоғары бағалануда.

Отандық дизайнерлердің шетел мамандарынан жоғары баға алған жетістіктерінің бірі 2016 жылы наурыз айында Бухарест қаласында (Румыния) өткен Жоғары қорғалған мөр

жөніндегі еуропалық конференцияға (High Security Printing Europe) қатысуы болып табылады, онда Қазақстанның 20 000 теңгелік банкноты 2015 жылғы өңірлік банкнот ретінде дизайн мен қорғаныс саласында қолданылған технологиялар жағынан үздік деп танылды.

2016 жылғы мамырда Вашингтон қаласында (АҚШ) өткен «Banknote–2016» халықаралық конференциясында бұл банкнот «Валюта индустриясындағы үздік техникалық жетістіктер үшін» номинациясында үш жүлдегер қатарына енді.

Бүгінгі күні ұлттық валютаны енгізу мемлекет болып қалыптасу, егемендікті нығайту және экономикалық дамудың табысты ұлттық үлгісін құру жолында қажетті қадам болды деп нық айта аламыз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Ұлттық валюта ретіндегі теңге, біздің еліміздің тарихында өзінің рөлін тәуелсіздіктің экономикалық негізі ретінде ғана атқарған жоқ. Кейбір жағынан алғанда теңге - бұл тарихымыздың өзінің толымды бір бөлігі, өз заманының нысаны» болып табылады [3].

Қазір ел экономикасы даму үстінде. Сондықтан теңгенің тұғыры да тұрақты. Қазір ол жақын шетелдерде сұранысқа ие. Мәселен, теңге Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейде евро, доллармен бірге айналымда жүр. Ұлттық валютаның бүгінгі тұғыры бірқалыпты. Жалпы, ұлттық валютаның құны ел экономикасының өсімімен белгіленіп отырады. Жалпы көршілерде теңгені сатып алуға құқық бар, ендеше қазақ валютасына да сұраныс бар. Теңге – дербестік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі.

Тәуелсіз Қазақстанда Ұлттық валютамыздың болуы Қазақстанның тәуелсіз республика екендігінің тағы да бір дәлелі болып табылады. Ұлттық теңгеміздің тарихын білу ол әр қазақстандық азаматқа тән, себебі теңге біздің қазіргі өміріміздің басты айналымы. Біздің ұлттық валютамыз тәуелсіздігіміздің нақты көзі, дербес ел болғанымыздың белгісі.

Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді. Теңге – тәуелсіздігіміздің тұмары. Еліміздің тәуелсіздігі мен ұлттық валюта – ажырамас ұғымдар.

Егемендіктің нышаны ретінде енгізілген теңгеміз әлем ақшаларының қатарынан лайықты орныналды. Қазақстанның монета сарайы қазірдің өзінде дүние жүзінде ең озық кәсіпорындардың бірі деген беделге ие болып отыр. Ұлттық валютамыз ел экономикасының ішкі тірегі, сандық та, сапалық та көрсеткіші болып қала береді.

Қорытындылай келе, Ұлттық теңге енгізілгелі нарық жүйесіне негізделген экономика қайта түледі. Ұлттық валютаның кең қолданыста болуы аясында елімізде ұлттық идеологияны және қазақстандықтарды отансүйгіштікке тәрбиелеуді насихаттау, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасы туралы мәліметтерді дәріптеу және тарату бойынша ауқымды жұмыстың жүргізіліп жатқандығын атап өту қажет. Отыз жылдай уақыт ішіндегі тәуелсіз ел тарихында мемлекет мәртебесін өсіру мен экономикасының нығаюы жолында теңгенің орны ерек болды. Жиырма сегіз жылдық ғұмырында теңге тәуелсіз елдің маңызды рәмізі екенін дәлелдеп шықты. Теңгенің болашақтағы қызметіне де сеніміміз мол.

#### Әдебиеттер

1. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014).– Алматы: Атамұра, 2014. – 336 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – 508 б.
3. Президент кітапханасының ресми сайты // [Presidentlibrary.kz](http://Presidentlibrary.kz)

## САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУ ҮРДІСІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЯСИ ӨМІРГЕ АРАЛАСУЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

**Өсімбаева И.С.**

аға оқытушы

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы, Қазақстан, alina\_cultan@mail.ru

**Андатпа.** Қазіргі Қазақстан қоғамында мемлекеттің гендерлік саясатын қалыптастыру және оны жүзеге асыру мәселелері бұқаралық санада жағымды демократиялық қағидалардың, ғұрыптардың жүйеленуі мен нығаюы салдарынан өзекті сипатқа ие болып отыр. Гендерлік саясатқа немқұрайлы қарау мемлекет пен қоғамның демократиялық құрылымының негіздерін бұзады, азаматтық қоғам институтының тиімділігін азайтады, құндылықтар демократиялық жүйесінің мәртебесін төмендетеді және сонымен қатар саяси жүйені демократияландыру барысына сенімсіздік тудырады. Қазіргі Қазақстандағы гендерлік саясаттың бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда қазақстандық саяси көшбасшылардың мемлекеттік қызметтің осы бағытына деген саяси мүддесінің әлсіздігін, саяси дәстүршілдікті, бұқаралық саясат кеңістігінің әйелдер үшін шұғыл тараюын, гендерлік саясат нысандарының материалдық теңсіздігін атауға болады. Экономиканың құрылымдық қайта құру процесі әлсіз топтардың әлеуметтік қорғау деңгейінің төмендеуіне және халықтың, әрине әйелдер мен балалардың өмір сүру сапасының нашарлауына алып келді.

Саяси жүйені жаңартуды реформалауда қазақстандық әйелдер көптеген әр түрлі мәселелерге кезігеді. Олардың ең өткіріне туып көбеюшіліктің төмендеуі, отбасының тұрақсыздығы, ажырасудың жоғары пайызы, толық емес және баласыз отбасылардың көбеюі, нуклеарды отбасы санының азаюы сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Мәселелердің басқа тобы әлеуметтік-психологиялық және рухани салаларға қатысты, әйелдердің өздерін айқындау мүмкіндіктері. Өкінішке орай, бұл мүмкіндіктер қысқартылу үрдісіне ие, бұл бірінші кезекте өмір сүру деңгейінің төмендеуімен және жұмыссыздықтың өсуімен түсіндіріледі. «Әйелдер» жұмыссыздығы «ерлердікінен» бірнеше есе артық. Шаруашылық байланыстардың ыдырауы, рентабельді емес кәсіпорындардың банкроттыққа ұшырауы, ғылыми және оқытушылық кадрлар санының азаюы бірінші кезекте әйелдерді, әсіресе аналарды жұмыстан шығаруға алып келеді, себебі олардың еңбегін пайдалану оларға деген белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктер ұсыну мен әлеуметтік қорғау шарттарын сақтаумен байланысты. Бүгінгі күні біз кедейліктің «феминизациялануы» туралы, кемсідудің әр түрлі формалары туралы және құрылымдық экономикалық өзгерістерден жапа шегетін әйелдердің теңсіздігі туралы, т.б. мәселелер мақалада қарастырылған.

**Түйін сөздер:** гендер, теңдік, саяси жүйе, саяси қатысу, саяси партия.

**Osimbayeva I.S.**

senior lecturer

Kazakh Ablai Khan University of international relations and world languages,  
Almaty, Kazakhstan, alina\_cultan@mail.ru

**Abstract.** In modern Kazakhstan society, the issues of formation and implementation of the state's gender policy are becoming relevant due to the systematization and strengthening of positive democratic principles and Customs in the mass consciousness. Neglect of gender policy undermines the foundations of the democratic structure of the state and society, reduces the effectiveness of the institution of civil society, reduces the status of the democratic system of values, and at the same time creates distrust of the course of democratization of the political system. Gender policy in modern Kazakhstan has a number of specific features. Here we can mention the weak political interest of Kazakhstan's political leaders in this area of civil service, political traditionalism, the urgent expansion of the space of mass politics for women, and the material inequality of forms of gender policy. The process of structural transformation of the economy has led to a decrease in the level of social protection of vulnerable groups and a deterioration in the quality of life of the population, of course, women and children.

In the reform of the modernization of the political system, Kazakhstani women face many different problems. The most acute of these include such problems as a decrease in fertility, family instability, a high percentage of divorces, an increase in the number of single-parent and childless families, and a decrease in the number of nuclear families. Another group of problems concerns the socio-psychological and spiritual spheres, the ability of women to identify themselves. Unfortunately, these opportunities tend to shrink, which is primarily

due to a decrease in living standards and an increase in unemployment. The unemployment rate of women “is several times higher than that of men”. The collapse of economic ties, the bankruptcy of unprofitable enterprises, the decline in the number of scientific and teaching staff lead, first of all, to the dismissal of women, especially mothers, since the use of their labor is associated with the provision of certain social benefits to them and compliance with the conditions of social protection. Today, we are talking about the “feminization” of poverty, about various forms of discrimination, and about the inequality of women suffering from structural economic changes, etc. the problems are discussed in the article.

**Key words:** gender, equality, political system, political participation, political party.

XXI ғасырдың басында саяси қатысуды азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, олардың жеке мемлекет аясындағы әл-ауқатының деңгейіне байланысты сипаттау жалпыға танылды. Қазақстанда саяси жүйені реформалау процесіне байланысты әйелдер үшін әлеуметтік және саяси іс-қайраткерліктің мәнсізденуі болды. Егер батыс елдері экономиканы, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жаһандандыру қысымымен жұмыс күшіне жаңа талаптар қойып, өндіріспен басқару және еңбек саласына қатысуды белсендету бойынша шаралар қолданса, Қазақстан экономиканың қайта құрылуынан бастап, өндіріспен басқару саласында әйелдердің құқықтарына шек қояды арандатты, әйелдердің кез келген жұмыс істеу мүмкіндігін барынша іске асыру дайындығы байқалды. Әйелдер еңбегі іс жүзінде резервтік болып шықты және де отбасы-тұрмыстық міндеттердің жалғасы болып табылатын салаларда ғана қолданылды. Елдегі толық емес отбасылардың кең таралуынан әйелдер санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келмейтін, қара жұмыстағы орындарын сақтап қалуға өз ниеттерін білдірді.

Экономиканың құрылымдық қайта құру процесі әлсіз топтардың әлеуметтік қорғау деңгейінің төмендеуіне және халықтың, әрине әйелдер мен балалардың өмір сүру сапасының нашарлауына алып келді. Осылайша, мемлекетпен жалғызбасты аналар, көпбалалы отбасылар, мүгедек-әйелдер, әйел зейнеткерлер үшін ұсынылатын жеңілдіктер бұл санаттағы халықтың шынайы қажеттілігін өтей алмайды. Алайда дәл осы топтар елдің әлеуметтік даму өлшемін анықтайды, сол себептен әйелдер мәселесі бойынша БҰҰ Пекиндік Конференциясының іс-қимыл тұғырнамасында өзінен-өзі экономикалық өсуді жылдамдату халықтың өмір сүру сапасының артуына әкелмейді деп көрсетіліп, үкіметтердің міндетті түрде механизмдер құруды және әйелдердің несиелік ресурстарға жол ашуды қамсыздандыру бойынша оларды жүзеге асыруды қарастыру, өз қаржылық жағдайын жақсарту мүмкіндігі ретінде жеке кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізу қажеттілігі туралы айтылған. Ерікті сектордың дамуын көтермелеу қажет, оның мүдделі салалары – халықтың әлсіз топтарын әлеуметтік қорғау, әйелдердің экономикалық жағдайларына қатысты мәселелер, мәдениет пен экология, құқық, феминизм мәселелері.

Саяси жүйені жаңартуды реформалауда қазақстандық әйелдер көптеген әр түрлі мәселелерге кезігеді. Олардың ең өткіріне туып көбеюшіліктің төмендеуі, отбасының тұрақсыздығы, ажырасудың жоғары пайызы, толық емес және баласыз отбасылардың көбеюі, нуклеарды отбасы санының азаюы сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Мәселелердің басқа тобы әлеуметтік-психологиялық және рухани салаларға қатысты, әйелдердің өздерін айқындау мүмкіндіктері. Өкінішке орай, бұл мүмкіндіктер қысқартылу үрдісіне ие, бұл бірінші кезекте өмір сүру деңгейінің төмендеуімен және жұмыссыздықтың өсуімен түсіндіріледі. «Әйелдер» жұмыссыздығы «ерлердікінен» бірнеше есе артық. Шаруашылық байланыстардың ыдырауы, рентабельді емес кәсіпорындардың банкроттыққа ұшырауы, ғылыми және оқытушылық кадрлар санының азаюы бірінші кезекте әйелдерді, әсіресе аналарды жұмыстан шығаруға алып келеді, себебі олардың еңбегін пайдалану оларға деген белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктер ұсыну мен әлеуметтік қорғау шарттарын сақтаумен байланысты. Бүгінгі күні біз кедейліктің «феминизациялануы» туралы, кемсітудің әр түрлі формалары туралы және құрылымдық экономикалық өзгерістерден жапа шегетін әйелдердің теңсіздігі туралы айта аламыз.

Нарықтық қатынас жүйесіне өту экономикалық дағдарыс аясында жүзеге асты, бұл экономиканың өндірістік-қаржылық салаларының жағдайына және халықтың өмір сүру деңгейіне жағымсыз әсер етті. 2001-2005 жылдары тауарлар мен қызметтер өндірісінің елеулі

төмендеуі орны алды. 2005 жылы жалпы ішкі өнім 2001 жылмен салыстырғанда 38,6%, шынайы жалақы – 69,9%, белгіленген зейнетақы – 77,3%, құрылысқа қатысты қаржылық салым – 84,1% төмендеді. Тауар мен қызмет өнімінің төмендеуімен бір уақытта ел экономикасы ақшаның рабайсыз құнсыздануына ұшырады, ол тек 2006 жылы қалпына келді. 2005 жылы 2000 жылмен салыстырғанда ақша құнсыздануы 29605 есе өсті. Бұл кезең аралығында орташа айлық жалақысы 2000 жылмен салыстырғанда 3,2 есеге, ал орташа айлық зейнетақы – 5 есеге құнсыздануы орын алды. Қазақстан кедейшілігінің басты ерекшеліктері жұмыссыздық, халықтың төмен әрі дифференциалды табыстары болды. Халықтың елеулі бөлігінің ақшалай табысын азайту қоғамның әлеуметтік полярлануына әкеліп соқты, бұл мүлктік дифференциация мен ақшалай табыс деңгейінің ажырауынан көрініс тапты, 10% ең қамсыздандырылған және 10% ең мұқтаж халық топтары. Тек XXI ғасырдың 2000-шы жылдардың соңына таман экономикадағы жағымды үрдістермен елдегі кедейшілік деңгейі біртіндеп төмендеп және халықтың табыс бойынша дифференциациялану процесі қалыпқа келе бастады [1].

Республикадағы әлеуметтік салалар және экономиканың барлық аясының саяси жүйесін жаңартуды реформалау процесі өмір сүру деңгейіндегі, табыс бойынша дифференциациядағы, еңбек нарығындағы әйелдер мен ерлер жағдайларындағы елеулі айырмашылықтарға әкеліп соқты. Әйелдер мен ерлердің қаржылық, несиелік ресурстарға, мүліктегі, оның ішінде жер мен жылжымайтын мүлікке деген мүмкіндіктерінің әр түрлілігі сияқты факторлардың әсері де тиді. Өтпелі кезеңнің салдары әйелдер мен ерлердің экономикадағы, еңбек нарығындағы, жұмыспен қамтамасыз ету саласы мен әлеуметтік-еңбектік қатынастағы жағдайларымен, әйел адам мен ер адамның капиталға қатысумен, жеке меншік және билікпен, мемлекеттік деңгейдегі отбасылық шешім қабылдау кезіндегі үлесті бөлістірумен, уақыт ресурсы және табыспен байланысты саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларындағы гендерлік теңсіздікті күшейтті.

Ерлерге қарағанда әйелдер мүмкіндіктерінің барлық осы көрсеткіштері едәуір шектеулі болып шықты. Әйелдердің ерлермен салыстырғанда білім деңгейінің елеулі жоғарлатылғандығына қарамастан, жалпы алғанда экономика салалары бойынша жалдану арқылы қызмет етудің ортақ көлеміндегі әйелдер үлесінің төмендігі байқалады. Осылайша, 2005-2009 жылдары олар жалдау бойынша қызмет етушілердің 45,6-дан 47,0%-ға дейін құраған. Соңғы бір жарым онжылдығы ішінде әйелдер мен ерлер еңбектеріне ақы төлеудегі гендерлік айырмашылықтар артуда. Егер де өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында республика бойынша әйелдердің орташа жалақысы ерлердің орташа жалақысының шамамен 70% құраса, 2014 жылға таман ол 61,7% құраған болатын [2].

Бұл арақатынас әйелдердің едәуір төмен жалақылы секторларға көңіл бөлгендігімен де, сектор ішінде ер адамдар экономикалық қызмет түрлері бойынша едәуір жоғары жалақылы лауазымдарға ие болумен де анықталады. Осылайша, 2013 жылы өнеркәсіпте бұл арақатынас тура 67,9%, қаржы қызметінде – 61,4%, мемлекеттік басқармада – 76,1%, білім беруде – 84,6% құрады. Едәуір төмен жалақылы әйелдер еңбегі басым болып келетін салаларда (білім беру мен денсаулық сақтау) ер адам мен әйел адам еңбектері төлемақысының айырмашылығы өте аз.

Ерлер мен әйелдердің еңбекақы төлемдеріндегі айырмашылықты қамтамасыз ететін факторлар: әйелдерді жұмыспен қамтамасыз етудің салалық құрылымының сәйкессіздігі мен өзгерісі, мұның нәтижесінде – олар басым түрде жалақысы төмен салаларда жұмыс істейді; кәсіптік оқшаулану – бір салада жұмыс істейтін әйелдер мен ерлердің еңбекақысындағы айырмашылық; әйелдердің едәуір төмен біліктілікті қажет ететін лауазымдар мен жұмыс орындарында қызмет етуінің салдарынан, Қазақстандағы басқару жұмыстарына деген шынайы мүмкіндіктерін қалыптастыру ықтималдығы шектеулі; жұмыспен қамтамасыз етудің екі секторлы үлгілері және әйелдерді екінші секторға ығыстыру. Көрсетілген жағдайларға байланысты әйелдер материалдық жағынан жиі осал болып келеді. Әйелдер мен ерлер кедейшілік жағдайларына келтін болсақ, республиканың әр бір үшінші ер азаматы екінші мыңжылдықтың басында табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз болған, ал әйелдер үшін бұл көрсеткіш ортасына жақын болған – 33, және сәйкесінше 44,9%. Әйелдер мен ерлердің жұмыспен қамтамасыз етілу мен табыстағы айырмашылықтары зейнетақымен қамсыздандырудағы гендерлік айырмашылықты

көбейтіп, қарт әйелдер үшін кедейшілік қауіпін арттыра түседі. Шамамен 70% жуық қарт әйелдер кедей санатына жатады. Зейнеткер жасындағы әйелдердің едәуір осалдығы (жалпы алғанда зейнеткерлер кедейшілік жағдайы бойынша қатерлі топты құрайды) әйел адам мен ер адам өмір сүру ұзақтығының елеулі айырмашылығына байланысты олардың көбінің қартайған шақта жалғыз қалуымен де айқындалады. Белгілідей, әйел тууы кезіндегі өмір сүру ұзақтығы 2014 жылы 72,5 жасты құраған, бұл ерлердің іспеттес көрсеткішінен 11 жылға артық. Өмір сүру ұзақтылығының бұл айырмашылығы 2000 ж. аралығында 9,5 жыл құрағандағы 1,5 жылға артты, бұл ерлер мен әйелдер өліміндегі елеулі гендерлік мәселелердің бар екендігін дәлелдейді [3]. Зейнетке шығудың әр түрлі жас аралығы, әйелдердің қызметіндегі дүниеге нәресте әкелу мен балаларды тәрбиелеумен байланысты үзілістер, еңбекақының теңсіздігі де зейнетақы табысының айырмашылығына себепші болады. Жинау жүйесінде әйелдер пайда таба алмайды, өйткені олар ерлерге қарағанда аз жинай алады: олардың еңбекақысы төмен, жинау кезеңі қысқарақ, ал төлеу кезеңі ұзағырақ. Сол себептен көптеген жағдайларда әйелдер ер адамдарға қарағанда елеулі төмен зейнетақы ала алады. Зейнеттік жас тұлғаларының едәуір бөлігін әйелдер құрағандықтан, бұл зейнеткерлерге қатысты кедейшілік деңгейінің өсуіне кері әсерін тигізуі мүмкін [4]. 2000 жылдан бастап Қазақстан экономикасы экономикалық өсудің жоғары қарқын траекториясына шықты. Бұл жағдайларда кедейлікпен күрес үкіметтің басты міндеттерінің біріне айналды.

Кедейлікті төмендетудің маңызды құралы тиімді мемлекеттік әлеуметтік саясат болып табылады. Кедейлікті төмендету жөніндегі 2013-2015 жылдарға Мемлекеттік бағдарламада анықталған шаралар, зейнетақы төлеу дифференциациясының жарым-жартылай қалпына келтірумен, сонымен қатар медициналық көмек сапасын жоғарлатумен зейнетақына қамсыздандыру мөлшерін көтеруге бағытталған. Бағдарламада 2015 жылы кедейлік ауқымын 2012 жылмен салыстырғанда үштен бір бөлігіне қысқарту қарастырылған. 2011-2014 жылдарға пайдалануға ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен қолданылған табыстары бар халық үлесі 2011 жылы 28,4%-дан, 2014 жылы 16,1%-ға дейін қысқарды.

2015 жылдың 1 шілде айының жағдайы бойынша бұл бағыттағы прогресс анық байқалады. Осылайша, 2011 жылы еңбекақының ең аз көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінен 80%, ал зейнетақы - 90% құрады. Алайда 2014 ж. өзінде осы көрсеткіштер бұл деңгейден асты. 2015 ж. 1 шілде айынан бастап «Қазақстан жылдамдатылған экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында» атты Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа Жолдауына сәйкес жалақы мен зейнетақының ең аз көлемі 9200 теңгені құраған. Бұл көлем ресми айырбастау курсы бойынша 70,7 АҚШ долларына барабар болып келеді, немесе бір күнге есептегенде 2,4 АҚШ долларын құрайды, ал СҚП есепке алумен – 7,3 доллар. 2015 ж. 1 шілдеден бастап ең аз жалақы мен зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейін шамамен 60% асты. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің өсуі және макроэкономикалық тепеңдік Қазақстанның әл-ауқатын көтерудің себепшісі болды. 2015 ж. халықтың адам басына ЖІӨ 3338,5 долларды құрап, 2000 ж. салыстырғанда 2,7 есе ұлғайды. Бұл ретте халықтың шынайы табысы 43,5% есейіп, шынайы еңбекақы – 65,7%, ең аз зейнетақы – 2700 теңгеге (1,8 есе), орташа зейнетақы – 2,1 есе ұлғайды. 2005 ж. ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық саны 2000 ж. 31,8% қарсы 14,3% құрады. Мұның бәрі гендерлік теңдікті көздейтін Қазақстанның тұрақты дамуы үшін жақсы негіз қалыптастырады.

Адамдардың кемсітусіз тең құқықтары мен негізгі еркіндіктері алғаш рет БҰҰ Жарғысымен жарияланды және қазіргі кезеңде даму мүддесіндегі әйелдер мен ерлер арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа қол жеткізу ретінде қарастырылады. Әйелдер жағдайы жөніндегі БҰҰ Төртінші Дүниежүзілік конференциясы жыныс теңдігінің тұжырымдамасын қалыптастырды, онда өмірлік әрекеттің барлық салаларындағы әйелдер мен ерлердің шынайы және тең серіктестігін жүзеге асыру мақсатындағы олардың арасындағы қарым-қатынас пен қоғамды қайта құру қажеттіліктері көрініс тапқан.

Арасынша, экономикалық ресурстардың сәйкес бөлінбеуі және оларға деген әйелдер мен ерлердің жету жолдарының әркелкілігі Қазақстан үшін әлі де болса өзекті мәселе болып қала береді. Қоғамдық өндіріс саласындағы жұмыспен қамтамасыз ету, әйелдердің еңбекақысының

адекватты төленуі, әйелдер мен ерлердің зейнеттік жинақтарының гендерлік айырмашылықтарын қысқарту шарттарын жасау, сонымен қатар қарттарға экономикалық және әлеуметтік қолдау көрсету – жалпы алғанда елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық даму салаларында мемлекеттік бағдарламаларды құру кезінде шешуге қажетті міндеттер.

Бұл міндеттерді орындауға республикадағы гендерлік теңдікке жету аясындағы мемлекет іс-қайраткерлігі септігін тигізе алады. Елімізде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретіндегі 2006 жылы 1 ақпанда № 56 Президент Жарлығымен қалыптасқан, отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия қызмет атқарады.

Гендерлік теңдік Стратегиясының аясында, әйелдер мен ерлердің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың құқықтық механизмдерін қамтамасыз ету мақсатында, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлы-зомбылық туралы» заң жобалары дайындалды. Одан басқа, Қазақстан Республикасы әйелдер құқықтары жөніндегі негізін қалаушы халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады: әйелдерге қатысты кемсітудің барлық формаларын жою жөніндегі БҰҰ Конвенциясы, «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» және «Тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» БҰҰ Конвенциялары [5]. Ерлер мен әйелдер теңдігінің заң нормаларын дайындауда жеткен жетістіктерге қарамастан, қазіргі Қазақстанның саяси өміріне тән белгілердің бірі болып әлі күнге дейін жалпы саяси сипаттағы өзгерістермен қамтамасыз етілген гендерлік асимметрия сақталып отыр.

Саяси жүйе дамуының тағы да бір маңызды факторы «Саяси партиялар туралы» және «ҚР сайлау туралы» ҚР конституциялық Заңдарына енгізілген түзетулер мен толықтырулар болып табылады. Бір жағынан, олар бірнеше параметрлер бойынша саяси партияларға қойылатын талаптарды күшейтеді. Басқа жағынан, жағымды ынталандырмалар қалыптасады.

Парламенттік сайлауда сайлаушылардың 1% кем емес дауыс жинаған саяси партиялардың ағымдағы қызметтеріне жыл сайын қаржыландыру. Сайлауда 1 және одан көп дауыс пайыздарын жинаған партиялар тең минималды базалық мөлшерлеме бойынша қаржылануы тиіс. Әділеттілікті қамтамасыз ету үшін бұдан тыс жиналған дауыстар есебі бойынша партияларды жыл сайын қаржыландыру. Саяси партияларға қаржы республикалық бюджеттен бөлінуі тиіс [6].

Бұл шарттардың негізгі векторы – қазақстандық саяси партиялардың рөлін арттыру мен нығайту арқылы саяси жүйені тұрақтандыру үшін ынталандырудың заңды шарттарын жасау. Басқалары қатарларды кеңейтеді, ұйымдастырушылық құрылым мен саяси жұмысты жетілдіреді, аймақтық және жергілікті сайлауға белсенді қатысады. Саяси реформа бағыты қоғамдық белсенді азаматтарды саяси партиялар арқылы өздерінің саяси әлеуеттерін іске асыруға бағдарлайды.

Саяси жүйедегі саяси партиялардың рөлін күшейту және сайлау заңнамасының өзгерістері мән-мәтінінде әйелдердің саяси қатысуы мен әйелдер өкілдігі мәселелері күннен-күнге партиялық саясаттың және саяси партиялардың іс-қайраткерліктерінің жалпақтығына ауысуда. Мұндай процестер әйелдер ұйымдарының заңнаманың ережелерін жетілдіру мен дамыту арқылы әйелдерді саяси процеске кіріктіру үшін мүмкіндіктерді кеңейту талпыныстарына ықпалын тигізді. Бұл ең алдымен, саясат саласына қатысты біздің заңнамамызда билік құрылымдарындағы әйелдер өкілдігін нақты нормативті реттеудің болмауымен байланысты, мұндай реттеу саясаттағы гендерлік асимметрияны жеңу үшін бірнеше елдерде табысты қолдануда, мысалы, Францияда, Италияда, Испанияда және т.б.

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы саяси жүйені жаңарту әйелдердің, әйелдер ұйымдарының саяси партиялар аясында немесе олардың қолдауы арқылы саясатқа қатысуларына септігін тигізеді, және де әйелдерді елеулі саяси партияларға қатысуға бағдарлайды. Алайда бұл мүмкіндіктерді іске асыру саяси белсенді әйелдердің бастамасы мен саяси партиялардың елдің саяси жүйесіндегі өзгерістерге дұрыс қарау қабілеттігіне байланысты. Соңғылары, өз кезегінде, саяси партияларды әйелдермен едәуір белсендірек жұмыс істеуге, оларды өз қатарларына тарту және жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік билік органдарына жылжытуға итермелейді.

### Литература

1. Национальный отчет о человеческом развитии 2019 год. За рамками уровня доходов и средних показателей сегодняшнего дня: неравенство в человеческом развитии в XXI веке. – Алматы, 2019. - С. 33.
2. Там же. – С. 38.
3. Там же. – С. 27.
4. Актуальные вопросы развития накопительной пенсионной системы Казахстана // Policy studie. – 2017. - № 2-3. – С. 58.
5. Доклад о выполнении Республикой Казахстан Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах // [www2.ohchr.org/english/bodies/cescr/docs/Advance Versions /E.C.12.KZ1\\_ru.doc](http://www2.ohchr.org/english/bodies/cescr/docs/Advance%20Versions/E.C.12.KZ1_ru.doc).
6. О внесении изменений и дополнений в конституционный Закон РК «О выборах в РК» и закон «О политических партиях» // [www.zanakz.net/articles/23936](http://www.zanakz.net/articles/23936).

ӘОЖ 94 323.15 (574)

## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ҮРДІСІНДЕГІ ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

**Сақбекова Ә.Б.**

Саясаттану, 1 курс PhD

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,  
[sakbekova@list.ru](mailto:sakbekova@list.ru)

**Аннотация.** Мақалада Қазақстандағы ұлттық құрылыс үдерісіндегі еуразияшылдық парадигмасының қалыптасу алғышарттары қарастырылады. Ұлттық бірегейлік мәселесі посткеңестік елдерде кеңінен талқылануда, өйткені ол тікелей ұлттық идеологиямен, тарихпен, тілмен және басқа мәселелермен байланысты. Жаһандық өзгерістердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың өзекті мәселелерін айқындап отыр. Оның ішінде ұлтаралық қарым-қатынастар, этномәдени саясат, тіл және тарих мәселелері және т.б. Мақалада Қазақстан ұлттық құрылыстағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат талданады.

**Түйін сөздер:** ұлттық құрылыс, ұлттық бірегейлік, еуразияшылдық, қазақ, қазақстандық, жаһандық процесс.

## EURASIANISM IN THE PROCESS OF FORMING ITS IDENTITY IN THE NATIONAL CONSTRUCTION OF KAZAKHSTAN

**Sakbekova A.B.**

Political science, 1st Year PhD

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,  
[sakbekova@list.ru](mailto:sakbekova@list.ru)

**Annotation.** The article considers the prerequisites for the formation of the Eurasianism paradigm in the process of national construction in Kazakhstan. The problem of national identity is widely discussed in post-Soviet countries, as it is directly related to national ideology, history, language, and other issues. Global changes reveal topical issues of the formation of national identity. Among them are issues of interethnic relations, ethno-cultural policy, language and history, etc. The article analyzes the ongoing state policy in the national construction of Kazakhstan.

**Key words:** National Construction, national identity, Eurasianism, Kazakh, Kazakhstan, Global Process.

Қазақстан тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде орнықты. Елде қазақстандық бірегейлік пен бірліктің барлық қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани негіздері қаланды. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасында: «Қазақстандық бірегейлік пен бірлік – ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасатын процесс. Ол әрбір азаматтың этностық тегіне қарамастан өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстыруына негізделеді. Ортақ тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, болашаққа деген ортақ жауапкершілігіміз қоғамды біртұтастыққа бастайды: «Біздің бір ғана

атамекеніміз, бір ғана Отанымыз бар – ол Тәуелсіз Қазақстан». Бұл таңдаудың мәнін ұғыну – бірігудің басты негізі» [1].

Н.Ә. Назарбаев Елбасының Қазақстан – 2050 Стратегиясын жүзеге асыруда «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты жүзеге асырылуға тиісті бес институционалдық реформаларда азаматтық қоғамның бүтіндігін сақтау үшін қазақстандық бірегейлікті нығайтудың маңыздылығын атап айтуға болады [2].

Ұлттық құрылыстағы бірегейліктің дамуында алдымен Қазақстанның саяси жүйесін қарастырып көрейік. Бұл тақырыпты зерттеген қазақстандық ғалым М. Машан саяси жүйенің өзгеруін келесі кезеңдерге бөліп қарастырады:

1. 1985-1991 жж. аяғы. Ұлттық идеяның басымдыққа ие бола бастаған кезеңі. Тәуелсіздікке қол жеткізуде халық пен саяси элита біртұтас болды. Қолдаудың ең жоғарғы түрін ұлттық ояну мен мемлекеттік егемендік үшін күрескен қоғамдық бірлестіктер мен саяси қызметкерлер иеленеді. Басқарушы элита мен контрэлита арасындағы шекарада ұлттық мәселелер жатты, оппозицияда этностық ерекшелігі бойынша орыстар басымдық көрсетті. Бір жағынан, бұл факт қазақ-орыс қарама-қарсылығында қазақтардың басқарушы элитаны қолдауын анықтады.

2. 1992-2002 (2005) жж. Бұл кезеңде тәуелсіздік алуға байланысты туындаған тоқмейілсу сезімі кейінге шегініп, тиімді мемлекеттік құрылымды іздестіру басталды. Бұл кезеңде халық бұқарасының басым бөлігі ішкі элиталық саяси күресті тек сыртынан ғана бақылаумен шектелді. Президенттік және кеңестік квазипарламенттік басқару формалары арасындағы генетикалық үйлесімсіздіктің себебінен екі Жоғарғы Кеңес ауысты. Президент институтының қалыптасуы жүріп жатты. Конституциялық үрдіс жылдам қарқынмен дамыды.

3. 2002-2005 жж. кейін. Мемлекеттік-саяси құрылым мәселелерінің шешілуі және мүдделі топтар мен кландар арасындағы саяси биліктің бөлінісінің аяқталуы. Бұл кезеңге тән қасиет әлеуметтік-экономикалық ойлардың басымдық танытуымен сипатталады. Соның ішінде бірінші кезеңнің өзін (1985- 1991 ж.) шартты түрде үш: а) либералды; ә) демократиялық; б) ұлттық сияқты салаларға бөледі.

Осы кезеңге тән ерекшеліктер – ұлттық идеяның басымдыққа ие бола бастауы; мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізу мақсатында саяси элита мен халық біртұтас болуы; халықтың көпшілік қолдауына қоғамдық бірлестіктер мен саяси қызметкерлердің ие бола бастауы; басқарушы элита мен контрэлита арасында ұлттық мәселе жатты. Бір жағынан, бұл факт басқарушы элитаны қазақтардың басым бөлігінің құрауы, сондай-ақ, оны қазақ және орыс қарама-қайшылығы негізінде қолдауды көрсетеді [3].

Тәуелсіздіктің тұғырын тереңдету ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Ұлттық бірегейлікпен айналысып жүрген отандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов «Қазақстанға өзінің ұлттық мемлекетін орнатып оны дамыту керек. Бұл үрдісте ұлттық бірегейлікті анықтау түбегейлі маңызды. Ұлттық мемлекет пен оның азаматтығының бар болуы өздігінен ұлттық бірегейлікті анықтап бермейді. Бұл жерде Қазақстан халқын анықтау мәселесі туралы сөз болып отыр, яғни, біз оларды «қазақтар» немесе «қазақстандықтар» ретінде анықтай аламыз ба, оның үстіне қазіргі таңда бұларды идентификациялауда айтарлықтай қарама-қайшылықтар байқалады» деп баға береді [4].

Қазақстанда ұлттық бірегейлікті анықтауда қоғамда екі концепцияның қарама-қайшылығын да атап өтеді. Ол оны «Қазақ ұлты» және «қазақстандық ұлт» деп екіге бөліп көрсетеді. Бұл екі тұжырым қазірше виртуалды кеңістікте, қоғамдық дискурс саласында күрес жүргізіліп отыр деп пайым жасайды [5]. Бұл қарама-қайшылықтардың тарихы тереңде болып табылады. Кеңес Одағының санасына әсері мен қазіргі саяси мәдениет ерекшеліктері негіз бола алады. Бұл құрамда этностардың әр алуандылығының рөлі басым болып табылады.

Ларюэль Марлен француз тарихшысы, әлеуметтанушы және саясаттанушысы, «Қазақстандық» парадигмасын еуразияшылдық парадигмасымен бірге қарастырады. Себебі, еуразиялық кеңістікте жатқан Қазақстан ежелгі уақыттан бері Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия өркениеттерінің арасын байланыстырушы буын қызметін атқарды. Қазақстанның Еуропа мен Азияның тоғысындағы алатын тарихи жағдайы туралы Н.Ә.Назарбаев өзінің

«Тарих толқынында» атты еңбегінде жан - жақты жазды. 1993 жылы мамырда Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде: Қазақстанға әлемнің назары ауып отырғандығындығы тілге тиек етіп, еліміздің географиялық жағдайын, этнодемографиялық және басқа дамуын ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңыздылығын тұжырымдаған еді. Сонымен бірге елбасы ТМД мемлекеттерімен ынтымақтастық қарым – қатынасқа бірінші кезекте көңіл аударатындығын мәлімдеді. Кеңестік билік жүйесі ыдыраған кейін күрделі жағдай қалыптасты. Қазақстан қоғамына бірігу қажет болды. Еуразиялық идея сыртқы саяси, аймақтық бағытына қарамастан Қазақстан халқының іштей бірігуіне мүмкіндік туғызды. 1990-шы жылдың басындағы тарихи оқиғалар саяси ойлардың дамуына түрткі болды. Жаңа еуразиялық бастама заманға сай егеменді мемлекеттердің нығаюына, ынтымақтастықты қалыптастыруға себеп болды. Жалпы ғаламдық, аймақтық және ұлттық жағдайлар еуразиялық идеяның қайта өрлеуін, XX ғасырдың соңындағы аймақтар мен әлемдегі түбегейлі өзгерістерге орай жаңару қажеттігін де көрсетті [6].

Еуразияшылдықтың терең мәні неде? Кезінде профессор С.Колчигинмен бірлесіп жазған мақаламызда осы сұрақтарға былай жауап бергенбіз. Еуразияшылдық мәселесі өз ішіне географиялық, тарихи, әлеуметтік, геосаяси, этнологиялық, этнопсихологиялық жақтарды, яғни табиғи ортамен, адамның қоғамдық дамуымен және оның ішкі рухани әлемімен байланысты нәрсенің бәрін сіңіреді. Яғни еуразияшылдық – жеке ғылыми ұғым емес, керісінше, қамтуы мол, әмбебап немесе философиялық ұғым. Басқаша да мәніне үңілейік. «Еуразияшылдық» деген сөз «Еуропа» мен «Азияны» біріктіреді, бірақ олар философиялық мәні жағынан «Батыс» пен «Шығыс» деген кең және мазмұнды ұғымды білдіреді.

Қазір XX ғасырдағы тәжірибемен байыған Еуразия идеясы оның алғашқы даму кезеңіне қарағанда да көкейкесті болып отыр. Бүгінгі күнгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия континенті мемлекеттерінің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы іспетті аса тарихи қажеттілікке айналуда. Егер алғашқы еуразияшылдық Ресей империясының күйреуіне жауап ретінде болса, қазіргі еуразияшылдық КСРО-ның ыдырауы, сондай-ақ болашақта орын алуы мүмкін әлеуметтік-саяси күйреуге деген әсер болуы мүмкін. Еуразияшылдықты дүниеге айрықша қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. ХХІ ғасырда Еуразиялық идеяның кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан. Осыған орай Еуразиялық философия туралы жаңа зерттеулер, оны Батыс пен Шығыс мәдениеттері сұхбаты ауқымында теориялық негіздеу бүгінгі жаһандану заманының өскелең талабы. Батыс философиясы, Шығыс философиясы сияқты Еуразия философиясының өмір сүруі заңды. Сондықтан Еуразиялық идея Еуразия континентіндегі мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің бірден-бір үйлесімді формасы, сонымен қатар көп деңгейлі интеграциялық процестердің қайнар көзі, ендеше, континенттік қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы [7].

2006 жылдың 26 мамырында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Экономика біліміне инновация және ғылым арқылы» атты өзінің дәрісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Еуразиялық идея теория секілді өткен ғасырда туды. Бірақ, еуразиялық идея тәжірибе жүзінде осы ғасырда жүзеге асады. Еуразияшылдық – ХХ ғасырдың басты идеялардың бірі. Еуразиялық идеяның Қазақстан инициативасы негізінде орындалған үш басты көрінісі – ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Және бұл үш ұйым мызғымас Орталық, Біріккен Еуразиялық Идеяның тәжірибелік келбеті» - деп ой толғаған болатын [8].

Бүгінгі күнгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия континенті мемлекеттерінің аса тарихи қажеттілікке айналуда.

#### Әдебиет

1. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлық // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000147>

2. Ұлт жоспары – Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы // [https://www.inform.kz/kz/ult-zhospar-y-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy\\_a2777949](https://www.inform.kz/kz/ult-zhospar-y-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949)
3. Машан М. Политическая система: трансформация, адаптация, целедостижение. – Алматы, 2001.
4. Кадыржанов Р.К.. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // Аль-Фараби. – 2012. – № 4.
5. Кадыржанов Р.К. Казахи? Или казахстанцы? – В кн.: Зарема Шаукенова, Юрий Кириницаев. Философская гостиная (к 55-летию Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 2010.
7. Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі; Алматы, 2011.
8. Нысанбаев А.Н., Дунаев В.Ю. Евразийская доктрина Нурсултана Назарбаева. Алматы, 2010.

УДК 91(574)

## ВЕЛИКИЙ ПОЛКОВОДЕЦ И ДИПЛОМАТ – АБЫЛАЙ ХАН

**Сайдуллаева И.Х.**

студентка 1 курса факультета Перевода и Филологии

КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, jeonilgi9703@gmail.com

**Аннотация.** Данная статья посвящена великому полководцу и дипломату хану Абылаю и 80-летию Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. В ней рассматривается историческая личность хана Абылая, выдающегося государственного деятеля, которому удалось не только сохранить этнос, но и восстановить территориальную целостность Казахстана. Она составлена на основе биографических сведений о его жизни и творчестве, очерков, работ и трудов его современников, а также видных учёных: Бухар Жырау, Ч. Валиханова, Н. Трубецкого, А.И. Левшина, В. Бартольда и многих других. Целью автора является анализ наследия, которое оставил за собой Абылай хан, и его восприятие современным обществом. В результате исследования успешной политической тактики Абылай хана была выявлена роль идеологии национального и патриотического единства. В начале статьи можно ознакомиться с психологическим портретом юного Абылая, его детством и семьёй. В другой части приводится трактовка произведений, написанных о хане его ближайшим окружением, рассматриваются политические ситуации в Казахском Ханстве во время его правления. Автор делает особый акцент на дипломатических и военных решениях, которые позволили Абылай хану не только защитить свою родину от соседей, но также укрепить ее положение в сложные для Казахского ханства времена.

**Ключевые слова:** Абылай хан, политик, дипломат, полководец, история, личность, анализ, произведения, вклад.

## GREAT COMMANDER AND DIPLOMAT - ABLAI KHAN

**Saydullayeva I.Kh.**

1st year student of the Faculty of Translation and Philology

Kazakh Ablai Khan University of IRandWL,  
Almaty, Kazakhstan, jeonilgi9703@gmail.com

**Abstract.** This article is dedicated to the honor of the great commander and diplomat Khan Ablai and the 80th anniversary of the Kazakh University of International Relations and World Languages named after Ablai Khan. It examines the historical personality of Khan Ablai, an outstanding statesman who managed not only to preserve the ethnos, but also to restore the territorial integrity of Kazakhstan. It was compiled on the basis of biographical information about his life and labours, articles and works of his contemporaries, as well as prominent scientists: Bukhar zhyrau, Ch. Valikhanov, N. Trubetskoy, A.I. Levshin, V. Bartold and many others. The author's goal is to analyze the legacy left by Ablai Khan and its perception by modern society. As a result of the study of the successful political tactics of Ablai Khan, the role of the ideology of national and patriotic unity was revealed. At the beginning of the article, the reader has the opportunity to get familiarized with the psychological portrait of young Ablai, his childhood and family. The other part provides an interpretation of the

works written about the Khan by his closest associates, examines the political situations in the Kazakh Khanate during his reign. The author lays special emphasis on diplomatic and military decisions that allowed Ablai Khan not only to protect his homeland from neighbors, but also to strengthen its position in difficult times for the Kazakh Khanate.

**Key words:** Ablai Khan, politician, diplomat, commander, history, personality, analysis, works, contribution.

Абылай всегда отличался характером взвешенного политика,  
Гармонично сочетающего мужество и разум. Именно благодаря  
Этому в трудные и суровые времена, воодушевив народ под  
Единым знаменем, он смог спасти казахское государство от исчезновения. Мечтая о светлом  
будущем своего народа, он  
Смог с честью взять на себя возложенную временем великую ответственность и исполнить свой  
сыновний долг перед страной.

Н.А. Назарбаев

Хан Абылай - целая эпоха в истории Казахстана. В истории народа Абылай хан – это не только священное имя, написанное золотыми буквами, а также неповторимая личность. Он занимает особое место в истории казахского народа, которому удалось спасти казахский народ в XVIII веке, когда народ потерпел множество неудач, угрожавших исчезновением казахского этноса. С его именем связана идея общенационального единства, государственной независимости и территориальной целостности Казахстана. Между тем еще в XIX в. видный русский философ С.Н. Трубецкой высказывался, что все совершается в истории «личностью и через личность: только в ней воплощается идея». Следовательно, история - это не просто борьба классов и смена формаций, это арена, на которой действуют люди, исторические деятели. Вопрос, только в том, как та или иная личность воздействует на общественные процессы. Абылай хан относится к числу таких исторических личностей. Именно в борьбе за осуществление этой идеи раскрылись разносторонние природные дарования Абылая, такие как государственный ум, личная отвага, талант полководца и политического деятеля, качества искусного дипломата. Безвестный пастух, по прозвищу Сабалак благодаря своим незаурядным способностям возвысился до значения хана, пользовался поддержкой широких слоев общества и выдающихся деятелей своей эпохи [1, с. 6].

Первое художественное описание образа Абылая было дано его советником Бухаром жырау в его произведениях. В образе Абылая он создает щедрого и справедливого хана. Описывая семидневную битву казахов с войском Галдан-Церен, поэт рассказывает с удовольствием о победе казахов и именуется Абылай хана духом и знаменем этой победы. Он видит в Абылае символ силы, мудрости, человечности и доброты. Основные темы в творчестве Бухар жырау: нестабильная жизнь народа, сложность взаимоотношений ханской власти и народа, межродовые распри, призыв объединить силы для укрепления ханства и борьбы с врагами, воспевание отважных батыров («Абылай», «Перед падением» «Оплакивание хана Абылая», «Гибнет высокая гора»,» и др.). В истории нет ничего о встрече Абылая и Бухар жырау. Но дружба могущественного хана со знаменитым народным сказителем и мудрецом была прекрасна. Понять личность Абылая в отрыве от этих отношений невозможно. Благочестивый старец как будто сообщил своему всеильному ученику некую тайну, тайна духовной силы и необыкновенной харизмы. Как отмечает Чокан Валиханов, Абылай хан для казахов был воплощенным аруахом, а Бухар жырау – их духом. Грозный Абылай, обладавший неограниченной властью, смягчался перед провидцем. Только Бухар мог позволить себе говорить с ханом на «ты», дерзким кличем «Эй, Абылай!» умерить горячий пыл своего питомца, напоминая о годах нищеты и унижений, «Не ты ли в Туркестане пас верблюдов и был слугой Уйсуну Толе бия?» В эпоху Бухара, когда казахское государство слабело и распадалось на части, Абылай хан был самым сильным правителем среди казахских правителей. Он хотел объединить все три жуза в единое мощное централизованное государство. Бухар жырау искренне поверил в него, угадал гений Абылая. Абылай со своей стороны заметил

В 1910 г. Леман отошел от Стахеева и организовал совместно с английскими предпринимателями Урало-Каспийское нефтяное общество с основным капиталом в 7 млн руб. В 1912 г. с участием Стахеева, Нобеля и других было образовано еще одно нефтянопромышленное общество - «Эмба», развернувшее разведочные работы главным образом в Доссоре и Искине. Одновременно на этих участках начало глубокую разведку и Урало-Каспийское общество. Наиболее удачным оказался Доссор, где в апреле 1911 г. ударил мощный нефтяной фонтан. Продолжая действовать в течение 30 часов, он дал около 16700 тонн нефти [3].

После открытия в Доссоре нефти в Эмбенском бассейне возникло еще 5 новых обществ по ее разведке. Добыча нефти в Урало- Эмбенском бассейне достигла рекордной величины в 1914 г. - 272746 тонн. Значение нефти и нефтяной промышленности Казахстана особенно усилилось накануне первой мировой империалистической войны. Для нее имелся емкий внутренний рынок, она стала весьма прибыльной отраслью капиталистического производства.

Промышленность Казахстана была подотчетна различным горным правлениям (Алтайскому, Томскому, Уральскому) и ведомствам (до 1888 г. - Горному Департаменту Министерства финансов, в 1888- 1905 гг. - Горному Департаменту Министерства земледелия и Государственных имуществ, с середины 1905 г. - Министерству торговли и промышленности) [4].

Местными административным органом, осуществляющим управление горными делом Сибири и Казахстана, было Алтайское горное правление (до 1834 г. - Колывано-Воскресенское горное правление).

18 января 1888 г. юго-восточная часть Казахстана была включена в Западно-Сибирскую горную область под начало только что созданного Томского горного правления. С момента

образования до весны 1891 г. Томскому горному правлению были подведомственные шесть округов, в том числе Семипалатинско-Семиреченский и Тобольско-Акмолинский округа, образованные в 1888 г. Прииски Тургайской области, подчинялись Уральскому горному правлению.

Нефтяной промысел находился в ведении Юго-Восточного горного правления, которое, в свою очередь, подчинялось Министерству торговли и промышленности. Всеми делами нефтепромысловых акционерных обществ ведало правление, которое состояло из нескольких директоров (директорат). Так, например, вся переписка по делам акционерного общества «Эмба» велась от имени правления за подписью одного из директоров. Для руководства делами общества на местах была образована главная контора в г. Гурьеве.

Гурьевская контора переписывалась с местными промысловыми конторами, давала распоряжения от имени правления общества «Эмба», находящегося в Петербурге (Петрограде). Главная контора ведала разведкой и добычей нефти, ее транспортировкой, поддерживала деловые контакты с другими акционерными обществами как в России, так и за границей. Местное промысловое правление подчинялось главной конторе. Все финансовые операции нефтяного промысла Казахстана проводились через Русско-Азиатский банк.

Все предписания горных правлений на местах исполняли горные ревизоры. Они имели небольшой штат: письмоводитель, чертежник, промывальщик. По мере надобности горное правление командировало в их распоряжение чиновников — отводчиков. В 1888 г. горные ревизоры были заменены окружными инженерами, которые также были подотчетны горным правлениям. В подчинении окружных горных инженеров находились промысловые, рудничные и фабричные правления вверенных ему горных округов. Приисковое и рудничное правление состояло из управляющего, приказчика и доверенного предпринимателя.

Управление горной и соляной промышленностью Казахстана несколько отличалось от таковых других районов России. В Казахстане был усложнен доступ для получения дозволенного свидетельства на поиск и разработку рудных месторождений.

8 июля 1903 г. было введено новое положение по управлению промышленностью. Тобольско-Акмолинский горный округ стал именоваться Степным-Северным. Он включал в себя Тобольскую губернию (кроме Березовского и Тюменского уездов, отнесенных к Уральской горной области), Акмолинскую область и Павлодарский, Каркаралинский уезды, входившие раньше в состав Семипалатинской области. Местом пребывания окружного инженера был г. Омск. Семипалатинско-Семиреченский горный округ был назван Степным Южным. В его состав вошли Семипалатинская (кроме Павлодарского и Каркаралинского уездов) и Семиреченская области. Местом пребывания окружного инженера был Семипалатинск. Окружные инженеры кроме рудных месторождений ведали солепромышленностью и другими полезными ископаемыми вверенного округа.

В отличие от горнозаводской промышленности Казахстана промышленность по переработке сельскохозяйственного сырья была теснее связана с местными нуждами и оказывала определенное воздействие на социально-экономическую жизнь края.

В обработке животноводческой продукции ведущее место занимало кожевенное производство, которым занимались кустари и мануфактуры с небольшим количеством работников.

Широко распространенной отраслью являлось шерстомойное производство. Широкий вывоз шерсти с территории Казахстана в центр России на крупные предприятия препятствовал развитию промышленности по изготовлению шерстяных товаров в самом крае. Шерстомоечные заведения существовали как придаток текстильных фабрик центра, особенно Сибирской, Рязанской, Тамбовской губернии, куда, например, доставлялась шерсть из Южного Казахстана.

В 1880-1910 гг. в Сырдарьинской области количество мыловаренных свечных заведений, работавших на базе переработки животноводческих продуктов, возросло более чем в 2,3 раза, количество рабочих - в 2,5 раза, объем производства - в 2,3 раза. Производство сохраняло мелкотоварный характер. Действовали комбинированные производства мыла и свечей

В 1910 г. возле г. Верного (Каргалинка) товариществом «Торгового дома Шахворостова» была построена суконная фабрика по типу ткацких фабрик Европейской России с годовым производством 200 тыс. аршин грубого солдатского сукна, вырабатываемого из овечьей и верблюжьей шерсти. В дальнейшем на фабрике предполагалось изготовление сукна более высокого качества. Выставленные фабрикою на выставке Семиреченского общества сельского хозяйства в 1910 г. первые образцы таких сукон были премированы золотой медалью. Производительность Каргалинской суконной фабрики в 1913 г. достигла 139 тыс. метров ткани. За 1913-1917 гг. фабрика выработала свыше 1 млн метров сукна. Но фабрика не удовлетворяла спрос местных потребителей, поскольку ее продукция ежегодно полностью шла для военного ведомства.

Очищенный хлопок отправлялся в Иваново-Вознесенск и другие города Центральной России [4].

Развивались заведения по мойке и консервированию кишок мелкого и крупного рогатого скота. В 1910 г. в регионе образовалась монополия фирм Дюр Шмидт. Более крупное, относящееся к типу мануфактуры заведение было в г. Верном, остальные являлись мелкотоварным.

Более распространенной отраслью промышленности по обработке продуктов земледелия было мукомольное производство.

Первые появились предприятия в регионе по обработке табака, но спрос населения на табачные изделия был невелик и удовлетворялся в основном полностью. В начале XX в. в Верном появились предприятия по выпуску папиросных гильз, более стабильно функционировало «Товарищество Ф.Пестов и А.Радионов».

Во второй половине XIX в. в Казахстане появилось пивоваренное и винокуренное производство, началось промышленное производство масла, некоторые маслобойни перешли от сезонной работы к постоянной, круглогодичной. Помимо растительного выделялось ели водное масло 42 стр. Так, в 1866 г. на берегу реки Малая Алматинка были построены маслобойные заведения. Существовали сыроваренные предприятия.

В начале XX в. увеличивалось количество предприятий фабрично-заводского типа, где двигатели работали на керосине и нефти, но в то же время резко возросло количество предприятий, использующих паровые двигатели. Только в Южном Казахстане с 1888 г. по 1909 г. число предприятий возросло в 6 раз, их мощность - в 11 раз, число рабочих - в 4,5 раза.

В 1885 г. на территории Чимкентского уезда, единственного в мире места произрастания цитварной полыни дармины, начал действовать сантонинный завод. Ограниченный объем мирового потребления сантонина, и конкуренция гамбургских торговцев аптекарскими товарами сыграли определенную позитивную роль в развитии Чимкентского сантонинного завода. Резкое возрастание стоимости сантонина в 1911 г. было вызвано повышением спроса на него и расширением географии и пользования этого ценного лекарственного препарата.

Сравнительно более развитой отраслью обрабатывающей промышленности Казахстана в начале XX в. стало маслоделие. В наибольших масштабах оно развивалось в северо-восточных областях Казахстана. Например, за 10 лет (с 1900 по 1909 гг.) вывоз масла из Акмолинской области увеличивался с 322 до 842 тыс. пудов. Заготовкой и вывозкой его занимались отдельные купцы и крупные торговые компании. В Петропавловске существовало несколько компаний, занимающихся скупкой масла у крестьян, а также его экспортом. В 1911 г. в Петропавловском уезде было 47, Кокчетавском - 24 небольших маслозавода, открытых в период 1906-1911 гг. в 1910 г. со ст. Петропавловск по железной дороге было отправлено 192 тыс. пудов масла [4].

Хороший сбыт масла приходился на Семипалатинске, где несколько иностранных торговых контор закупили его для вывоза из России.

Относительно большое развитие в Казахстане в начале XX в. получила мукомольная промышленность. В 1900 г. здесь было более 200 мукомольных предприятий: в Петропавловске, Семипалатинске, Верном, Уральске, Акмолинске, Кустанае и в уездах, где осело большое количество переселенцев; на этих предприятиях работало около 2 тыс. чел. [5].

Крупным сосредоточением мукомолен являлся Семипалатинск, второе место по отправке хлебных грузов и развитию мукомольной промышленности занимал Павлодар.

Вступление российского капитализма в стадию империализма сопровождалось ускорением промышленного развития и в национальных окраинах, в том числе и в такой отдаленной, как Казахстан. Количество промышленных предприятий в крае увеличивалось с 2668 в 1900 г. до 6000 в 1913 г. Казахстан как колониальная окраина участвовал в процессе капиталистического развития лишь в качестве поставщика сырых материалов. Поэтому здесь не развивалось производство орудий производства и не создано крупного производства предметов личного потребления. В Казахстан полностью завозилось все машины и оборудование, даже такие простейшие инструменты, как лопаты, ломы, кайла, ввозились с Урала. Целиком завозились сахар, спички, керосин, выделанные кожи, шорные изделия, ткани.

Отсутствие развитых путей сообщения в Казахстане создавало большие трудности для развития производительных сил края, задерживало расширение, укрепление экономических и торговых связей как между отдельными его районами, так и с Центральной Россией, тормозило превращение Казахстана в поставщика сырья и потребителя изделий русской капиталистической промышленности.

Главной железнодорожной артерией дореволюционного Казахстана являлась Оренбургско-Ташкентская дорога, построенная в 1901-1905 гг. (этому предшествовало строительство железной дороги от Красноводска через Самарканд до Ташкента 1880-1889 гг.) в общей сложности на территории Казахстана дорога составляла 1600 верст и насчитывала пять крупных станций: Акмолинск, Челкар, Казалинск, Перовск, Туркестан. Экономически Казахстан тяготел к крупнейшим конечным станциям линии - Оренбургу и Ташкенту. Управление дороги находилось в Оренбурге.

В период промышленного подъема в России был построен ряд железнодорожных веток. Так, в 1913 г. была построена ветка от г. Троицка (Россия) до Кустаная, 166 верст линии прошли по территории Казахстана.

Накануне и в годы первой мировой войны производили изыскания трассы Туркестанско-Сибирской дороги, которая приобретала важное значение в жизни и должна была способствовать расширению экономических связей между Сибирью, Казахстаном, Средней Азией, а в конечном счете - с Центральной Россией.

Ввод в эксплуатацию железных дорог не привел, однако, к потере значения других видов транспорта.

Росло население в городах. Так, городское население трех областей (Семипалатинской, Акмолинской, Семиреченской) за 23 г. с 1890 по 1913 гг. выросло почти в 3 раза, значительно быстрее, чем в целом по России. К 1913 г. численность городского населения Казахстана превышала 500 тыс. чел., из них более половины было сосредоточено в 6 крупных городах.

Развитие капитализма немислимо без развития внутренней и внешней торговли, банковского дела, формирования торговой буржуазии.

Процесс включения Казахстана в общероссийский рынок сопровождался общественным разделением труда и развитием внутреннего рынка в Казахстане. Главным товаром формировавшегося внутреннего рынка края выступал хлеб. К началу XX в. здесь уже четко определялись районы, производящие и потребляющие хлеб. Основным покупателем хлеба выступило казахское население кочевых и полукочевых районов. Крупными потребителями хлеба внутри Казахстана выступали обрабатывающая промышленность (мельницы, крупорушки, винокуренные и пивоваренные заведения) и городское торгово-промышленное население.

Основными центрами притяжения хлеба были пристани на Иртыше: Семипалатинск, Павлодар.

Являясь центром местной мукомольной, пивоваренной, винокуренной промышленности, Семипалатинск вел обширную торговлю не только с Россией, но и с пограничными районами Китая и Монголии. Фактически он служил перевалочным пунктом для грузов, следующих в эти районы и в Семиречье.

Расширение экономических связей Казахстана с Россией, рост внутреннего обмена вызвали увеличение числа ярмарок, магазинов, складов и их торговых оборотов. Характерной чертой организации товарооборота в XX в. было снижение роли ярмарок и быстрое расширение стационарной (магазинной) торговли, но обороты и магазинов и ярмарок постепенно росли.

В XX в. ускоряется формирование национальной торговой буржуазии. Как и ранее, многочисленной была группа мелких торговцев из казахов-маклеров, алыпеатаров, саудагеров. Казахский торговый капитал находился еще в зародышевом состоянии и был в подчинении у среднеазиатских и российских купцов. Но среди мелкого казахского купечества некоторые выделялись крупными торговыми капиталами и обширными операциями. Крупные капиталы казахских купцов вырастали на торговле скотом.

С развитием капитализма в Казахстане формировался и рос рабочий класс, на численность и формы эксплуатации которого оказывало влияние колониальное положение края и самих рабочих-казахов.

Рабочий день на предприятиях Казахстана продолжался в среднем 12 часов в сутки, а экономия капиталов на технике безопасности делала работу на шахтах и рудниках опасной для жизни. В целом на предприятиях Казахстана платили за работу в 2-3 раза меньше, чем в Центральной России. Широко применялся женский и детский труд на тяжелых работах, который был дешевле для предпринимателя в несколько раз, чем труд взрослого мужчины. Все это свидетельствует о типичном для колоний положении рабочего класса, особенно из числа местного населения, что так характерно для периода империализма.

Таким образом, в начале XX в. под влиянием развития российского капитализма «вширь» Казахстан - колония интенсивно втягивался в систему российского и мирового капитализма через посредство товарно-денежных связей с местным крестьянским хозяйством, через переселенческое движение и овладение российским и иностранным капиталом, местным рынком и зарождающейся промышленностью. Происходит интенсивное разложение натурального хозяйства, растет товарность скотоводства и земледелия как в переселенческих, так и в казахских хозяйствах. Возникают очаги капиталистического производства в сельском хозяйстве и промышленности. Формируется казахская буржуазия и казахский пролетариат. Экономика Казахстана становится многоукладной: наряду с господствующим патриархально феодальным сложился мелкотоварный и зарождался капиталистический уклад.

#### Литература

1. КазССР. 4-томная краткая энциклопедия. – Алма-Ата, 1985. – Т.1. – С.225.
2. История Казахстана. – Алма-Ата, 2000. – Т.3. – С.598.
3. ЦГА РК. Ф.14. Оп.1. Д.50. Л.40-41.
4. Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. Вторая половина XIX – начало XX веков. – Алматы, 1963. – С.23.
5. Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. – Алматы, 1960. – С.27.

#### ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ТОҒЫСЫ (Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-ге 80 жыл толуы қарсаңында туындаған ойлар)

**Раев Д.С.**

филос.ғ.д.,

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
ЖОО кейінгі факультеті кафедрасының профессоры

**Андатпа.** Мақалада әлем тілдер университетінің тарихы туралы айтылған. Университет Қазақстанның білім жүйесінде алдыңғы қатарлы оқу орны ретінде танылған және 80 жылдық тарихы бар оқу орын.

**Түйін сөздер:** Университет, тарих, ғылым, білім, өнер, тіл, ғалым.

UNIVERSITY OF WORLD LANGUAGES – THE CENTER OF WORLD CULTURE  
(Thoughts that arose on the eve of the 80th anniversary of Ablai Khan University of IRandWL)

**Raev D.S.**

Philos.doctor of science,  
Ablai Khan University of IRandWL,  
Professor of the Department of postgraduate education

**Absratct:** The article analyzes the history of the World University of languages. The university is recognized as the leading educational institution in the education system of Kazakhstan and has an 80-year history.

**Key words:** University, history, science, education, art, language, scientist.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері Университетінің Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігіндегі алатын орны мен атқарған рөлі оның бүгінгі 80 жылдық тарихымен-ақ анықталмақ. Ахмет Байтұрсын айтқандай: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы». Тәуелсіздік дәуірі – қазақ елінің мәңгілік қозғалысының, үздіксіз даму үдерісінің айтулы кезеңі болғаны сияқты, сонау Кеңес дәуірінде 1941 жылдан бастау алған аталмыш университеттегі білім беру процесі екі дәуірді тоғыстырған Қазақстан Республикасының даму стратегиясы және жоғары кәсіби білім беру жүйесін модернизациялау саясаты және халықаралық парадигма аясында жүргізіліп келеді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен көрінеді», -деп айтқандай, кешегі және бүгінгі университет басшыларының тактикалық мақсаты – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау; оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестіндіре отырып, білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру; адам капиталын дамыту; интеллектуалды ұлтты қалыптастыру болса, оның өзі түптеп келгенде, қазақтың білім беру мәдениетін әлемдік өркениет мәдениетімен тоғыстыру болатыны зайыр [1].

Осы ретте, университеттің басты ұстанымы - «Білім – ғылым – инновация» үштігі саясатын жүзеге асыру болса, оның стратегиялық даму бағыты: инновациялық бағыттағы халықаралық бейімдік типтегі университет болмақ. Білім беру моделі: ғылыми-инновациялық кәсіби-білімдік кешен (НИПО-комплекс) бағдарламасы. Осының өзі әлем тілін игеру арқылы бүкіл әлемдік өркениет мәдениет көзінен білім-тәлім алуды көздейтінін білдірсе керек. Әлемдік мәдени коммуникация айналымында өмір сүруге бейімділікті аңғартады. Ал осыдан университет миссиясы: қазіргі заман талабына сай бірыңғай ғылым-білім кешені ретіндегі инновациялық бағдардағы халықаралық адаптивті типтегі университетті қалыптастыру – келіп шықпақ. Бұл да әлемдік мәдениет құшағынада болуға жол ашатыны анық. Бұл ҚР-ның білім беру жүйесіндегі интернационализацияны дамыту және интеграциялық үдерісті тереңдетуді білдіріп, халықаралық стандарт талаптарына сай болуды қамтамасыз етеді деп есептейміз. Осының өзі университетке халықаралық кәсіби бірлестіктер желісін қалыптастырудағы үлесін үстемелеу, халықаралық сертификациялау, акредиттеу жүйесіне ену міндетін жүктеп отыр.

Осы орайда, университеттің атқаратын рөлін мыналардан көруге болады. Біріншіден, ҚР-ның көпвекторлы халықаралық саясатын жүзеге асыру үшін бәсекеге қабілетті жоғары сапалы мамандарды дайындаудан, екіншіден, аймақтық және халықаралық білім беру кеңістігін бірегей интеграцияландырудағы қомақты үлесінен, үшіншіден, «Ғылым-білім-инновация» синхрондық парадигманы жүзеге асыруда және ондағы корпоративтік зерттеу моделін қалыптастырудағы зор рөлінен, төртіншіден, мемлекеттің «үштұғырлы тіл» бағдарламасын іске асырылуына тікелей ат салысудан, бесіншіден, еліміздегі шетел тілдерінде білім берудегі Республикалық әдістемелік кешен (РӘК) орталығы ретіндегі қызметінен көруге болады.

Университет өзінің 80 жылдық мерей тойына қандай жетістіктермен келді дейтін болсақ, оларды төмендігілермен атап өтуге болады. Бүгін университетте 7 мынан астам студент 39 білім бағдарламасы (мамандық) бойынша білім алады: 20 мамандық бакалавриатта, 15 – магистратура, 4 – докторантурада білім алуда. Университет бүгін 14 халықаралық ассоциативті ұйымдарға мүше. М.: ЮНЕСКО бойынша Университеттердің Халықаралық Ассоциациясына; Франкофондық Университеттерінің Халықаралық Ассоциациясына; МГИМО жанындағы «Халықаралық

қатынастар» Қорына; ТМД елдерінің тілі мен мәдениеті бойынша базалық ұйымына; Еуропадағы Басты Туристік және Қонақжайлылық Бизнес мектептерінің 3 халықаралық Ассоциацияларына; Тіл жөніндегі Еуропалық Кеңеске; ШЫҰ-на мүше елдердің Гуманитарлық Университеттер Консорциумына; Қоғаммен байланыстың Еуропалық Ассоциациясына және т.б.

Университет 32 елдің 140 жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыс орнатты. М.: ҚХР, Оңтүстік Корея, Жапония, Чехия, Германия, Швейцария, Италия, Испания, Франция, Ресей, Румыния, Турция, Белгия, Дания, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Малайзия және т.б. 2019-2021 оқу жылдарында шетелдік ЖО 29 келісім шартқа қол жеткізілді. Ғылыми зерттеу саласында халықаралық корпоративтік зерттеу желі жүйесін қалыптастырды: Қолданбалы саясаттану бойынша халықаралық зерттеу орталығы (Турин у-ті және Абылай хан ун-ті); Шетелдік субъектілермен бірлескен туристік мамандарды дайындаудың халықаралық кластері (Хайнянь, Далянь КНР); Ұлыбританияның Тиссайд университетімен бірлескен медиаиндустрия бойынша журналистерді дайындаудағы оқу орталығы; Корейтану орталығы (Оңтүстік Корея); РУДЕН-мен бірлескен орыс тілі орталығы; Британдық Кеңесі жанындағы Кембридж сертификациялау бағдарламасының іске қосылуы; универ-т базасында Конфуций Институтының ашылуы; оқу бағдарламаларды аймақтық әрі халықаралық деңгейдегі координациялау үдерісі іске қосылып, академиялық мобилділік, өзара эквиваленттік принцип бойынша «қос диплом» бағдарламасы іске асырылуда маңызды рөл атқаруда.

Мәселен Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсын: «Басқадан кем болмас үшін білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Күшті болуға – бірлік керек», -десе, Әлихан Бөкейханов: «Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт – жолына түсті дей бер. Бірліктен айрылған ел қаңғып қалады» [2, 172-173 бб.], -деп айтқан екен. Міне осыдан-ақ бірлік феноменінің қаншалықты құдіретті екенін аңғаруға болады. Бұның өзі Әлихан Бөкейханның сөзімен айтқанда: «Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек», -дегенді білдірсе керек.

Ғылыми зерттеу жұмысы саласында халықаралық корпоративтік зерттеу желі жүйесін қалыптастырды: Қолданбалы саясаттану бойынша халықаралық зерттеу орталығы (Турин у-ті және Абылай хан ун-ті); Шетелдік субъектілермен бірлескен туристік мамандарды дайындаудың халықаралық кластері (Хайнянь, Далянь КНР); Ұлыбританияның Тиссайд университетімен бірлескен медиаиндустрия бойынша журналистерді дайындаудағы оқу орталығы; Корейтану орталығы (Оңтүстік Корея); РУДЕН-мен бірлескен орыс тілі орталығы; Британдық Кеңес жанындағы Кембридж сертификация бағдарламасы; Конфуций Институтының ашылуы.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін, сонымен бірге еліміздің «көптілдік» стратегиясын іске асыру ордасының бірегейі деп айта аламыз. Осы позициядан келгенде біздің университетіміздің бұл бағытта атарған қызметі зор. Тіл – әр тұлғаның мәдени трансформациялану алаңы болатынын университет басшылыққа алады. Көптілділік – әрбір субъект-тұлғаның өзін-өзі іске асыру, әлеуметтік ортада өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бекітіп орнықтыру, өз әлемі мен орнын табу кеңістігі, ішкі рухани интенциялық әлеуеті. Шет тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетін болады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі. Тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері еселей артады. Тіл үйрену арқылы адам жаңа әлемдік өркениеттің архитектурасына еніп, бойлай алады. Адамның ақпараттық, мәдени кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі [2]. Осы тұста университет әр субъект деңгейіндегі тілдік жүйенің қалыптасу заңдылығына байланысты онтогендік бастама қалыптастырып, әр адамның қандайда бір ұлттың, этностың өкілі болуына қатысты априорлық нанымын шындауда.

Екіншіден, университет елімізде «үштұғырлы тіл» саясатының өзектілігіне негіз болатын фактордың бірі – **бүгінгі әлемдік жаһандану мен интеграция үдерісі болғанын мойындайды.** Қазіргі біз өмір сүріп отырған жаһандану заманы көп тілде сөйлейтін адамдар дәуірі, ол заманауи талабы деп біледі. **Бұл да қоғамдық даму заңдылығы деп біледі.** Демек, университет көптілділік білім беру арқылы адамның қоғамдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында

қызмет етуде. Университеттің негізгі мақсаты – Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары интеллетуалды мемлекет ретінде таныту.

Бүгінгі Қазақстан әлемдік саяси-экономикалық ахуалға, жаңа әлемдік тәртіптің шыйрығуына байланысты өте күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Ал осындай кезеңде сыннан сүрінбей өту, толағай табыстарға жету, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, зайырлы интеллетуалды мемлекет мәртебесін сақтау, үздік ілім-білімге алып барар жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйренуді университет басты шарт деп мойындайды. Осыған байланысты біздің университет қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған деген ұстанымға сүйенеді. Бүгінгі таңда шетел тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Еліміздің үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Осы ретте университет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым есте ұстауды қалайды.

Сондықтан осы бір тұғырлы саясатты ісеке асыруда біздің университетіміз өзінің стратегиялық инновациялық концепциясын ұсынууда. Бұл стратегия еліміздің инновациялық білім беруге қадам басуға ынталылығы әлемдік деңгейдегі инновациялық процесстермен және елдегі бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау саясатымен анықталмақ. Ең алдымен, университет қазіргі жаһандану үрдісіне байланысты әлемде ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде: технологиялық, қаржылық, экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени интеграциялық үдерістің дамуы білім беру саласының дамуында жаңа инновациялық көзқарастың қалыптасуына ерекше мән беруде. Сондықтан, бүгінгі күні, үшінші мыңжылдықтың есігін ашып, XXI ғасыр табалдырығын аттап кірген шақта, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ендігі болашағы, шығар биігі саяси-экономикалық жағдайлармен қатар, оның көптілді саясаты – еліміздің Ұлы мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы екенін университет ұжымы жақсы түсінеді. Дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған ел саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек іс болатынын университет назардан тыс қалдырақ емес.

Университет басшысы филология ғылымдарының докторы, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының «Шетел филологиясы» бөлімі бойынша ҚР ҰҒА академигі Сәлима Сағиқызы Құнанбаева білім қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресінің әрі әлеуметтік жүйенің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің басты факторы болатынын жіті бақылауда ұстайды. Мұндай позиция, әрине, білім беру саласының басым міндеттерінің қатарына: азаматтың бойында тұрақты ішкі патриоттық гуманистік позицияны, еліме қажетпін, өз елімнің иесімін, өз тағырыма өзім жауаптымын, өз күш-жігерімді іске асыруға мүмкіндігім бар дейтін өзіндік сананы қалыптастыруға ат салысу азаматтық парыз дейтін ұстанымнан туындаса керек. Осының бәрі сайып келгенде мемлекетіміздің «үш тұғырлы тіл» саясатының аясында жүргізілген іс-шара болатынын университет жете түсінеді және ұжым әр кез қолдап отырады.

Сондықтан, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті бүгінде материалдық, ғылыми-әдістемелік базасы нығайған, шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастық байланысы жүйелі орныққан, шет тілін мықты игерген кадрларды даярлау мен студент жастарды тәрбиелеуге барлық мүмкіндігі бар Республикамыздың бірегей жоғары оқу орны. Мұнымен біз мақатанамыз, ал оның ректоры С.С.Құнанбаева тек білікті де талапкер басшы ғана емес, бүтіндей бір Орталық Азиядағы бетке ұстар ірі лингвист-ғалым ретінде танымал адамның бірі. Екі жүзден астам ғылыми еңбектердің авторы. Еліміздегі шетел тілін тану теориясы мен оқыту әдіснамасының негізін алғашқы қалаушысы.

Ең құнды іргелі зерттеулерінің қатарына «Современное иноязычное образование: методология и теории» (2005 г.), «Концепция развития иноязычного образования в РК» (2006), «Концепция языкового образования в РК» (2010) және «Языки триединства» (2010), «Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования» (2011), «Стратегические ориентиры высшего иноязычного образования» (2015 г.), «Вербальная коммуникация в межкультурном контексте» (2016 г.), «Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности» (2017 г.) атты еңбектерін жатқызуға болады.

Мұнда автордың Қазақстанда мамандықтарды квалификациялаудың ұлттық жүйесін қалыптастыруға байланысты бірнеше түйінді мақсаттарды жүзеге асыруды көздегені анық. Біріншіден, шеттілдік білім берудің салалық нұсқасын қалыптастыру және кәсіби стандартты жасау; екіншіден, жоғары білім беру жүйесін жүйелі қайтақұру арқылы оны басқарудың торлық моделін орнықтыру; үшіншіден, оқытудың компетенттік-модульдік форматтағы бағдарламасын жасау; төтіншіден, білім берудің кластерлік формасын енгізу және салалық білім берудегі мемлекет пен жекеменшік әріптестігі форматын қалыптастыру; бесіншіден, мәдениетаралық коммуникацияның қазіргі заманға сай жаңа теориясының негізін жасақтау, мұндағы кешенді объект: «ойлау-тіл-коммуникация» ретінде көрініс тапқан. Мәдениетаралық коммуникация субъектін қалыптастыру – басты мақсат болған. Осының өзі ғалымның ұлттық квалификациялау жүйесі талабына сай ғылыми шешімі әрі соған орай ыңғайластырылған ғылыми-әдіснамалық тұғырнамасы деп айтуға болады. Әрине, бұл еліміздің Ұлттық ғылымына енгізілген көрегендік парадигма деп санауға негіз бар. Алтыншыда, шеттілдік білім беруді жаңғыртылған когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснама негізінде модернизациялау және шеттілдік білім берудің бағытын айқындау жолдарын бағыты анықталған. Жетіншіден, шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснамасы жасақталған. Сегізіншіден, «шеттілдік білімді» ғылымның дербес дидактикалық саласы ретінде теориялық негіздеу және оның «шеттілі-өзгедемәдениет-тұлға» пәнаралық құрылымын анықтау мақсаты көзделген. Тоғызыншыдан, қазіргі білім берудің инновациялық-қайтаөңдеу жүйесін және жоғары кәсіби білім беру моделін талдамалық және сыни сараптамалық жүйелеу әдісі негізінде зерттей отырып, салалық жоғары білім берудің әдіснамалық тұрғыда негізделген платформасы ұсынылады. Осы орайда, автор, жоғары кәсіби білім жүйесін инновациялық негізде қайта құру мақсатын қоя отырып, келешек мамандардың кәсіби-біліктілігінің жаңа үлгісін жобалау, кәсіби білім парадигмасының ашықтығы мен жаңалыққа бейімділігі арқылы мүмкін болатынын болжай білген. Осы аталған жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің талаптарына сай, бүгіннің өзінде Сәлима Сағиқызының ғылыми әдістемелік мектебінің жетекшілігімен университет мынадай жобаларды іске асыруда:

ғылым-білім-кәсіптік қолданбалы қызмет үлгісі, ғылыми-инновациялық, кәсіптік білім (НИПО) кешені – 4 бағытта жұмыс атқаруда.

Сонымен бірге, кәсіби біліктілік тұрғыда білім беру және оның компоненттерін моделдеу сияқты аса маңызды интеллектуалдық жүйе ұсынылады. Мысалы: 1) кәсіби-маңызды компетенциялардың құрастырылуы және оның сипаттамасы; 2) маманның компетенттік моделін анықтау; 3) компоненттік білім беруді моделдеу және оның құраушы элементтерін анықтау; 4) шеттілдік білім берудің кәсіби-концепті айрықша аталады; 5) білім алушының рефлексивті өзіндік жүйесі қалыптастырылады; 6) шет тіліндегі білімнің кәсіби-коммуникативтік компетенциясын өлшеудің өлшемдік-параметрлік шкаласын қалыптастыру. Біздің пікірімізше, осылардың өзі ғалымның Ұлттық ғылымға қосқан келелі үлесі болмақ.

Сондай-ақ, Шетел филологиясының өзекті мәселелеріне арналып жазылған бірқатар еңбектерінде қазіргі мәдениаралық коммуникация мен мәдениаралық қатынастарды зерттеу мәселесіне ғылыми амалдардың қолданбалы негіздері қарастырылған. Сәлима Сағиқызы Құнанбаеваны жетекшілігімен университетімізде жұмыс істеп жатқан лингвистикалық мектепте когнитивтік лингвистиканың концептуалдық негізі қаланып, мәдениаралық коммуникация теориясы және аударма теориясының когнитивті-концептуалды базасы жасалында, ал ол өз тарапынан Университетте құрылған «Қазақстан аудармашылары» Ассоциациясының негізін қалап отыр. Білім беру саласындағы Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына, 2020 жылға дейінгі ҚР-ның білім беру жүйесін дамыту Концепциясына сәйкес Құнанбаева Сәлима Сағиқызының басшылығымен тілдік және шет тілінде білім берудің нормативті-регламенттік жүйесі жасалынд. Бұл ретте ғылыми еңбектерде ҚР-ның көпұлтты жағдайындағы азаматтарының үш тілді игеруінің интегарцияланған әдістемелік және технологиялық моделін жасақтаудың ғылыми-концептуалдық тұрғыда негіздеу мақсаты көзделген. Мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттер атқарылған: үштұғырлы тілдің когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснамасы және көптілді тұлғаның қалыптасу заңдылықтары анықталған және т.б. Мәселен,

ЭКСПО-2017 көрмесіне тұңғыш рет шетелдік сөздік кешені және тілашар сөздігін 5 шетелдік жұмыс тілінде шығаруға мемлекеттік тапсырыс ректордың тікелей ғылыми әдіснамалық басшылығымен ойдағыдай атқарылды. Осының өзі университет – әлемдік мәдениеттің тоғысы болғанын дәлелдемек. Міне осындай қажырлы еңбектің нәтижесі Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген университет өзінің 80 жылдық мерей тойын ерен табыспен қарсы алуына негіз бар деп есептейміз.

#### Әдебиет

1. Кенжебаев С.Ж., Иванова А.М., Козлов П.Г. Казахскому государственному университету международных отношений и мировых языков им Аблай хана 60 лет (1941-2001). - Алматы, 2001. - С. 58.
2. Назарбаев Н. Абылай аңсаған азаттық // Казинформ, 2013 жылғы 2 қазан, [https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-nursultan-nazarbaev-abylay-ansagan-azattyk\\_a2593898](https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-nursultan-nazarbaev-abylay-ansagan-azattyk_a2593898)

ӘОЖ 91 (574)

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛ ТҰЛҒА ИДЕЯСЫ

**Ошақбаева Ж.Б.**

философия ғылымдарының кандидаты, бас ғылыми қызметкер  
БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, zhazira\_beka@mail.ru

**Андатпа.** Мақалада қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі, қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі саяси дамуы, саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары, иерархиялық қатынастары, өзінің саяси құндылықтар жүйесінің түзілуі, халықтың саяси мінез-құлқының, ұлттық психологиясының қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ хандығының алға қойған саяси-әлеуметтік талабы қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру болды. Олардың арманы қазақ жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу еді.

Ұлттық мемлекеттілік, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлері; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруы, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесі, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғауы зерделенеді.

**Түйін сөздер.** Мемлекет, мемлекетшіл тұлға, хан, қазақ хандығы, ұлт, қоғам, ру басы, даналық, руханилық.

### THE IDEA OF STATEHOOD AND STATE PERSONALITY IN THE ERA OF THE KAZAKH KHANATE

**Oshakbayeva Zh.B.**

Candidate of Philosophical Sciences, Chief Researcher  
Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies KN MES RK,  
zhazira\_beka@mail.ru

**Absratct:** The article deals with the political struggle of the Kazakh people for the establishment of their statehood, the formation of the Kazakh Khanate, its internal political development, political, economic, social and spiritual ties, hierarchical relations, the formation of their own system of political values, political values. behavior, national psychology. The political and social demand of the Kazakh Khanate was to raise the national consciousness of the Kazakh people beyond the generic concept, zhuz, to the level of a single state.

The national statehood, traditions of the people's khans and great biys who gave them advice from the point of view of the country and the state, the contribution of our ancestors to the world civilization through the formation of the economic system, the creation of amazing ethno-cultural patterns, the protection of the independence and integrity of the country from external enemies are studied.

**Key words:** State, state personality, Khan, Kazakh Khanate, nation, society, ancestor, wisdom, spirituality.

Қазақ қоғамы тұлғааралық қатынастар тірегі, құндылықтар тұрақтылығы мен сүбелі рухани реттеуге негізделген. Ол экономикалық қатынастардан асып түсетін тұлғалық қатынастар фундаментализмі арқылы сипатталады. Бұл қоғамда халық үшін үлкен мәні бар жалпы құндылықтар бар, ол ерекше табиғи рухани өзара байланыстар арқылы көрініс табады. Философиялық қатынаста мемлекет әлсіз болған сайын этникалық қауымдастыққа табиғат ортасының әсері көбірек болады. Табиғат қазақтар үшін абсолютті және мәңгі бастау, өзіндік іс атқаратын, тіршілік себептері мен факторлары, белсенділік пен даму негіздері бар жалғыз орта. Адамдарға алғашында табиғат заңдылықтарына бағынуына, табиғат апаттарынан қашып, оның себептерін ұғынып, өз болмысын құруына тура келді.

Мемлекет дегеніміз нақты аумақта бір немесе бірнеше халықтың басын біріктіруші, мүдделерін қорғаушы саяси-құқықтық жүйе. Бұл жүйенің пайда болуы да, ондағы басқару тетіктерінің қалыптасуы да ұзақ мерзімді қажет етеді. Қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі ондаған ғасырға созылатын күрделі саяси-тарихи үрдіс. Бұл мәселе қазақ халқын құрайтын ру-тайпалар кезеңінен бастау алып, Қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі саяси дамуы, тікелей саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары, иерархиялық қатынастары, өзінің саяси құндылықтар жүйесінің түзілуі, халықтың саяси мінез-құлқының, ұлттық психологиясының қалыптасу ерекшеліктері талай рет тарих тезіндегі қатаң сынақтардан өтті. Далалық мемлекеттің табиғатын жете түсіну үшін «мемлекет» және «мемлекеттілік» ұғымдарының арақатынасын ашудың маңызы зор. Себебі мемлекеттілік туралы мәселе – бұл бір аймақты екіншісінен бөліп тұратын әлеуметтік кеңістіктің әуелгі шекарасы. Демек, қазақ мемлекеттілігі Қазақ хандығы аясында шектеліп қалмайды. Өйткені біздің мемлекеттілік ұғымымыз қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуын ғана емес, түркі этносының ғұмырында ұзақ жылдар бойы жүріп келген мемлекеттік-құқықтық үдерістерді де меңзейді. Ендеше, қазақ мемлекеттілігін теория жүзінде ұғыну үшін мемлекеттік билікті генезисінен, ертедегі дала мемлекеттерінен бастап, қазақ хандарының жаңғыртуларына дейін зерттеу қажет. Қазақ хандығы өн бойына дала мемлекеттілігінің барлық салттарын жинақтаған иерархияланған әлеуметтік-саяси құрылым болды.

Қазақ хандығы дербес, этникалық тұрғыдан біртұтас тілге, жалпы мемлекеттік аумаққа ие мемлекетке айналды. Алғашқы қазақ мемлекетінің хандық түрінде құрылуы тайпалардың этникалық жағынан жақын топтарының саяси бытыраңқылығын жеңуге көмектесті, қазақ рулары мен тайпаларының бірігуіне ықпал етті. Қазақ хандығының Қазақстан аумағындағы бұрынғы мемлекеттік құрылымдардан айырмашылығы, XVI ғасырдың басынан бастап анағұрлым күшті этникалық негізге ие болды, оған біртіндеп қазақ ұлтын құрайтын барлық дерлік этникалық топтар, олар өмір сүрген кең аумағымен бірге кірді. Егер қазақ мемлекеттілігі этникалық қауымдастықтың бірігуіне көмектескен болса, онда этникалық қауымдастықтың өзі қазақ ұлты түрінде бұл мемлекеттілікті нығайтты.

Қазақ хандығы – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы-мен айналысқан феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі далалық өңірінде патриархалдық-феодалдық қатынас басым болды, ал отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Қазақ хандығында облыстық басқару жүйесі емес, ұлттық (ру-рулар бойынша) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болды. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Ол қазақ хандығына бағынды. Хан – қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстады. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды ру басылары, аймақтарды (аталар) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын.

Қазақ хандығына біріккен рулардың негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы болды. Азық-түлік, керек-жарактың бәрін малдан өндіріді. Көрші халықтармен де сауданы мал арқылы жүргізді. Халықтың ұлығы – хан болды. Хан халықтың маңызды, ірі мәселелерін шешіп, көрші

халықпен қарым-қатынасты, сыртқы мәселелерді басқарып, даулы істерді шешіп отырды. Сондықтан рулардан алым-салық алып отырған. Әр рудың басы – ақсақалдар болды, рудың ішкі жұмыстарын солар басқарды. Қазақтың Керейден кейінгі ханы оның баласы – Бұрындық болғанмен, негізінде, іс жүзінде Жәнібектің баласы – Қасым хан басқарды. Қасым хан тұсында хандық күшейе түсті, халықтың саны миллионға жетті. Себебі, Қасым хан халық қамын ойлайтын хан болды, бейбітшілік сақтап, шаруашылықты өркендетуге тырысты. «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз қалғаны да осыдан болуы керек. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес» дейді [1]. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты.

Қасым ханнан кейін Мамаш, Жәдік, Тайыр, Бұйдаш, Шығай сияқты төрт-бес хан ауысады. Шығайдан кейін оның баласы Тәуекел хан болады. Ол Бұхар хандығына шабуыл жасап, жараланып, қайтыс болады. Орнын оның інісі Есім хан басады. Бұл кезде Жоңғар хандығы күшейіп, қауіпті жауға айналып тұрған кез болатын. Есім хан көбінесе Жоңғардан қорғану, халықтың дербес ел болып қалу шараларын іздейді. Осыдан «Есім ханның ескі жолы» деген сөз қалған. Бәрібір Есім ханға жоңғармен соғысуға тура келеді. Ол ел арасында Еңсегей бойлы – Ер Есім деген атпен белгілі болды. XVI ғасырда қазақ хандығы солтүстікте құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен ) шектесті. 1563 жылы Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасындағы ұзақ жылғы күрестен кейін Сібір хандығы Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті. 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Есім ханның баласы Жәңгір хан жоңғармен мықтап соғысады. Жәңгірден кейін Тәуке хан бар өмірін жоңғармен соғыспен өткізеді. Тәуке хан алдымен елді басқаруға ыңғайлы болу үшін Үш жүзге бөледі. Әр жүздің басшысын тағайындайды. Өзінің атақты заңын шығарады. Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718) тұсында қазақ хандығының бірлігі күшейе түсті. Ол қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға күш жұмсады. Феодал шонжарларының өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» және «билік кеңесінің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан құрылтайын ашып отырды. Тәуке хан беделді билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер алдында шешілетін болды. Тәукенің тұсында «Жеті жарғы» деген атаумен әдеттегі құқық өлшемдерінің жинағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында ірі құқықтық өзгерістер енгізді. «Жеті жарғы» сол заманға сай құқықтық құжат қана емес, сонымен қатар көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл көшпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Онда әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы рөлі де зор. «Жер жүзіндегі қандай да бір елдің арман-тілегі де, мақсат-мүддесі де мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігі, осы ұлы түсінік ұлттық санасының негізгі мазмұнын құрайды. «Жеті жарғының» ел құрметіне бөленіп, шежіреші және кемеңгер ақсақалдарының жадына берік жазылуына негізгі себепкер оның ережелерінің қазақ ұлтының мемлекеттілігі мен құқықтық өзіндігінің жаршысы екендігінде» [2].

Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XY-XVI ғасырларда ең басты мәселе – жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Қоғамдық ой-сана, халықтың аңсары

– ұлттық тұңғыш мемлекетті сақтап қалу болды. Ру-тайпаларды бір орталыққа бағындырып, ішкі алауыздықты тиятын, сыртқы дұшпандарға тойтарыс беретін, елдің қамын жейтін әмірші керек екенін халық жақсы түсінді. Мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек екенін біліп, хандық идеяны дәріптеді. Хандық идеологияны жақтап, үгіттеуге бар күшін салған жыраулар мен би-шешендер өздерінің құдіретті сөзімен, үлгі ісімен көп еңбек сіңірді. Мемлекеттік-саяси жоралғының негізі хан сайлау жүйесі еді. Ақ киізге көтеру салты – халық пен ел билеуші ынтымағының белгісі, мемлекеттің тұтастығы мен беріктігі үшін қажетті этногенетикалық интеграцияның дәлелі іспетті. Қазақ хандығы ішкі саяси ахуалдағы көрнекі өзгерістерді қиындатқан жаңа тарихи талаптардың бар ауыртпалығын өз мойнына алды. Қазақ даласында өзінің құрылымына сәйкес басқару жүйесі болған және негізгі субъектілері хан мен хан кеңесшілері – сұлтандар, би-шешендер, батырлар, ру басы ақсақалдар еді. Олар қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерінің негізін шешетін кеңес мүшелері еді. Қазақ тарихынан мол мағлұмат жинаған зерттеушілердің бірі А. И. Левшин «қанша жерден хан мұрагері ақсүйек болғанмен, ол ақылымен, ел ісін атқара алатын парасаттылығымен және т.б. қасиеттерімен ерекшеленіп, дауыс берушілердің ойынан шықпаса, онда ол халық сайлауында көп дауыс ала алмайды» [3, 366] деген пайымдауы қазақтың хан таңдауының тура бағасы болып табылады.

Хан халықтың жанын түсініп, рухын көтере білді. Сол үшін де халық оларды қадірлеп, қастерледі. Бұқар Абылайдың бойынан кереметтей ел басқарушылық қасиетін таныса, Абылай хан өзі құрған мемлекеттік саясатында Бұқар жыраудың айтқан ақыл-кеңесіне құлақ асып отырған, Бұқардың бойынан болашақты болжағыш, әулие, дарын иесі екенін көрген. «Бұқар жыраудың толғау жырларының қайсысы болмасын, мысалы, «Садыр қайда барасың», «Айналасын жер тұтқан», «Ай, Абылай, Абылай», «Ей, заман-ай, заман-ай», «Ашуланба Абылай» тағы басқалары қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен тіршілігінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі. Біз бүгінгі күнде сол өткен зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін мұқиятты түрде сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз» [4, 20 б.]. 1711-1781 жылдары өмір сүрген Абылай хан да өз заманының перзенті болатын. Өзінің ең негізгі мақсаты ретінде күшті, тұрақты, қуатты Қазақ хандығын құруды көздеген Абылай 1771 жылы Түркістанда Орта жүздің ханы болып сайланды. Абылай Қытай империясы мен Ресейдің арасында қалған Қазақ хандығының халықаралық саяси жағдайының күрделілігін ескере отырып, осы екі мемлекетпен терең саяси қатынастарды алғашқы орынға қою қажеттілігін түсінді. Құқықтық тұрғыдан Абылай қатаң заңнама қолдаушысы болды. Бірлікке ынталандыру арқылы күшті орталық билік құрған хан бірлікті баянды қылу үшін отырықшы мәдениетке баулуға тырысады. Осы ойларын толыққанды жүзеге асыру үшін Абылай Орта Азияға ықпал етудің маңызды кілті Түркістан аймағын өзіне қаратып, хандықтың экспансиясы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Абылайдың арманы – елінің тыныштығын қорғап қалу, ерінің мойнына бұғалық кигізбеу, қазіргі тілмен айтқанда: Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау. Өйткені Бұқар қария айтқандай: Бір жағыңда орыс, Бір жағыңда шүршіт тұр.

Тап бергенде, шап беріп, Қайтпексің баудай жайратса? [5, 104 б.]

Сондықтан да елің мен ел билеушілерінің ниеті бір жерден шығу керек. Біреуі билік пен мансаптың құлына айналып, айналасын жарылқаудан аспаса, екіншісі қарын қамын күйттеп, күйбең тіршілік пен сүйрең сөзді қуып жүрсе, онда қазақ көші қисайды, түзелмеске кетті дей беріңіз! Ханын қинаған қара оңбайды, Хан қисайса – ел оңбайды - [5, 104 б.] деген осындағы Едіге бидің сөзі кешеге де, бүгінге де бағышталып айтылған. Тіршілікте кейде таудай таланттының бәріне бармақтай бақ бұйыра бермейді. Талант атаулының бағы жанып, бағасын алудың сәті түспеуі әбден мүмкін. Біліктілердің жол ортада қалып, бишік ұстағандардың билік басына өтіп кететін тұстары бар, ал бірақ жаратушы Иеміздің сол бір тұста қазақ жұртына мейірі түсіп, шын жаны ашыған болуы керек, билік тізгінін Абылайдың қолына ұстатып, оған жаужүрек батырлық пен өжеттікті ғана емес, көрегендік пен көсемдікті, даналық пен дархандықты қатар дарытқанын қайтерсің!

Абылай хан – Қазақстан тарихындағы тағдырлы бір кезеңнің күллі тауқыметін бойына жүктеген тұтас бітімді тұлға. Қазақ елінің айбынын асыру мен ордасын орнықтыру маңызды міндет еді. Бұл ретте Абылайдың мемлекетшіл парасаты, жаужүрек батырлығы, кемел қолбасшылығы, көреген қайраткерлігі, сұңғыла бітімгерлігі айқын көрінді. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады.

Қазақ хандығының аумағы және шекарасы болды, аймақтағы мемлекеттер мен одан тыс жерлерге өзінің күшіне сенімді егемен мемлекет ретінде жеткізді. Мемлекет өміршеңдігі Қазақ хандығының айқын жеткілікті ұйымдастырылған әскери ұйымының арқасында сақталды. Қазақ хандығының халықаралық-құқықтық тұлғасы қазақ мемлекетінің егемендігінің ажырамас бөлігі, оның елшілік құқықты жүзеге асыруда, әскери заңдар мен әдет-ғұрыптарды сақтауда, әртүрлі мемлекеттермен келісімшарттар жасаудағы көрінісі болды. Қоғам – халықтың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Сондықтан қоғам дамуындағы әрбір қадам – бұл адамдық болмыстың, адамдық мәннің өзгеруі; қоғамда болып жатқан қиындықтар мен дағдарыстар – адамзат тіршілігіндегі қиындықтар мен дағдарыстар мәні. Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

### Әдебиет

1. Дулати М.Х. Тарихи-Рашиди.- Алматы: Санат, 2000. I-кітап. –506 б.
2. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні) – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 192 б.
3. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы, 1996.
4. Әбілев Д., Қуанғанов Ш. Бұқар жырау // Мұрагер әл-манахы. - 1992. - № 1.
5. Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев). - Алматы: Жазушы, Т.І. 1984.– 256 б.

УДК 91(574)

## ПОРЯДОК ВЫЗОВА ИСЦОВ И ОТВЕТЧИКОВ НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ СЪЕЗДЫ РОССИИ И КИТАЯ (конец XIX – начала XX вв)

**Галиев В.В.**

Казахский университет международных отношений и мировых языков

им. Абылай хана,

Алматы, vgalievvv@gmail.com

**Аннотация.** Статья Галиева В.В. Порядок вызова истцов и ответчиков на международные съезды России и Китая (конец XIX – начало XX вв.) посвящена интересному аспекту созыва съездов приграничного населения для решения различных споров на основе адата и шариата. В работе раскрываются вопросы сбора властями двух государств списков людей, обязанных присутствовать на съездах, проблемы оповещения населения о предстоящих съездах. Исследуются субъективные и объективные причины неявки на съезды истцов и ответчиков. Отдельное внимание обращено на проблемы связанные с взаимодействием с пограничной стражей и оформления необходимых документов для пересечения границы в Китай и возвращения обратно. Освещаются роль личности отдельных чиновников в деле вызова людей на съезд, а так же меры властей по наказанию ответчиков и истцов за неявку на международные съезды.

**Ключевые слова:** Казахстан, Центральная Азия, международный съезд, граница, консульства, обычное право, суд биев.

**PROCEDURE FOR SUMMONING PLAINTIFFS AND DEFENDANTS TO INTERNATIONAL CONGRESSES OF RUSSIA AND CHINA (late XIX-early XX centuries)**

**Galiev V.V.**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and  
World Languages, Almaty, vgalievv@gmail.com

**Abstract.** Article by V.V. Galiev «The procedure for summoning plaintiffs and defendants to international congresses of Russia and China (late 19th - early 20th centuries)» is devoted to an interesting aspect of convening congresses of border populations to resolve various disputes on the basis of adat and sharia. The paper deals with the collection by the authorities of the two states of lists of people obliged to attend the congresses, the problem of notifying the population about the upcoming congresses. Subjective and objective reasons for the absence of plaintiffs and defendants at the congresses are investigated.

Special attention is paid to the problems associated with interaction with the border guards and the preparation of the necessary documents for crossing the border into China and returning back. The role of the personality of individual officials in calling people to the congress is highlighted, as well as the measures of the authorities to punish the defendants and plaintiffs for failure to appear at international congresses.

**Key words:** Kazakhstan, Central Asia, international congress, border, consulates, customary law, court of biys.

Период середины XIX - начала XX вв. характеризовался проведением государственной границы между Россией и Китаем в Центральной Азии. В результате ее создания значительная численность казахов, кыргызов, таджиков и представителей других народностей оказались разделенными границей.

Однако, это не означало полного прекращения экономических, культурных, родственных и иных контактов. Вместе с тем, эти отношения стали регулироваться двумя совершенно разными правовыми, экономическими, социальными и политическими системами. И если с экономическими, политическими и культурными аспектами трансграничного взаимодействия было более или менее ясно, то с правовыми аспектами регулирования приграничных отношений все обстояло несколько сложнее.

С установлением границы у приграничных администраций Китая и России возникла большая проблема, каким образом и на основании чего решать все учащающиеся трансграничные правонарушения. В этой связи, на основе заключенных международных договоров и соглашений между странами был создан специальный институт международных пограничных съездов. В своем большинстве на них разбирались дела кочевого населения приграничья на основе адата и шариата. Организация и проведение съездов включало в себя несколько важных стадий.

В процессе организации и проведения съездов важное место занимало обеспечение присутствия ответчиков и истцов на съездах. В документе «Главные основания устройства и действий Чубар-Агачского съезда 1888 г. между русскими и китайскими киргизами», который являлся в дальнейшем программной инструкцией для проведения всех съездов специально была оговорена проблема возможной неявки на съезд. В восьмом пункте «Главных оснований» было разъяснено, что «в случае неявки до закрытия съезда истцов и ответчиков и не присылки ими доверенных, дела отлагаются до будущего съезда. Если не явившиеся истцы или ответчики получили вызов своевременно и не могут доказать, что причиной их неявки была болезнь, или какие-либо другие независимые от них обстоятельства, то с них взыскиваются по постановлению присутствующих на съезде чиновников путевые расходы в пользу явившихся ответчиков или истцов» [1] Однако, по сути, отсутствие ответчиков и истцов на съезде не только делало бессмысленным его проведение, но и увеличивало объём работы на следующем съезде. Поэтому консулы в Западном Китае старались загодя начать сбор списков. Кроме того, они просили местные казахские власти присылать их в консульство в 2-х экземплярах и с переводом на казахский язык [2]. Вероятно, первоначальные списки должны были составляться сельскими властями и затем передаваться начальникам уезда. Они же несли и ответственность за доставку на съезд ответчиков и истцов. Подобная ответственность была введена согласно «Положению»

об управлении Степным краем 1891 года на территории самого Казахстана. ”Доставление на съезды ответчиков и свидетелей лежит на обязанности сельских властей” [3].

В целом же проблема своевременного составления списков и их передачи пограничным властям стояла очень остро и существенно замедляла созыв людей на съезды. Консул В.М. Успенский отмечал, что после долгих составлений списков, тормозившихся с обеих сторон новизной дела, съезд открылся на урочище Кегень вместо 1 августа лишь 17. У китайцев, готовившихся по своему рутинному способу, было много погрешностей и противоречий правилам и условиям съезда. Такие же противоречия были и с российской стороны. Вопреки договорённостям, из Капальского уезда не явились ни ответчики ни истцы, что весьма покорило китайцев. Были случаи, дававшие пищу нахальству китайцев. Ответчики наши, состоя в услужении у местных властей, не были отпущены на съезд [4].

Для созыва и уведомления всех заинтересованных лиц генерал-губернаторами Семиреченской области рассылались специальные объявления. Напечатанные типографским способом они предназначались для развешивания в местах скопления народа. 11 января 1903 года военный губернатор Семиреченской области разослал объявление следующего содержания: “Для решения оставшихся не разобранными взаимных исков и претензий между нашими, русскоподданными и китайскоподданными кочевниками на бывшем Кегеньском съезде, и накопившихся новых дел, по соглашению с китайскими властями назначается близ выселка Охотничьего съезд, на местности Малый Музарт в китайских пределах, в пяти верстах от №3 нашего пограничного знака, с 15-го апреля сего года” [5].

В процессе созыва любого международного съезда создавалась значительная канцелярская переписка. Тем не менее, не смотря на все усилия неявки имели место и значительно сокращали продуктивность съездов. Неявки случались по различным причинам и основаниям. Так, начальник Джаркентского уезда в 1896 году считал, что “оглашение списка ответчиков дает только повод последним уклоняться от суда, или даже предъявить встречный иск, в результате чего получается только канцелярская переписка. Поэтому вызывные списки не достигают желаемых результатов. Напротив, считал начальник, этими списками съезд затягивается на неопределенное время и все же на съезд ответчики так и не являются вовремя” [6].

Неявка на съезд имела место также из-за неточного указания имен и фамилий в вызывных списках. Тот же начальник уезда отмечал, что “неточности в списках могут быть заменены более точным словесным разъяснением личности ответчиков на съезде и вызов будет более успешным чем по спискам” [7]. Когда российский представитель на Кегеньском 1896 г. съезде потребовал у Верненского уездного начальника вызвать на съезд ответчиков и истцов по спискам, то ему было заявлено, что многие из них отсутствовали вовсе. А у восьмидесяти человек не были указаны в списках имена [8]. По этой причине вызов их на съезд был невозможен. Лепсинский же уездный начальник на отношении Н. Пантусова по поводу не явившихся ответил, что они не могут быть вызваны на съезд из-за отсутствия в списках их имен. Например, в списках вызывались ответчиками представители родов Садыр и Матай, которых в уезде было семь волостей. Естественно, что вызвать всех было невозможно [9].

На международном съезде 1902 года из одного только Лепсинского уезда по разным причинам отсутствовало 17 ответчиков. [10]. Некоторые же ответчики умерли ещё в 1895 году [11].

Зачастую чиновники приграничья самоуправно препятствовали свободному выезду в соседнее государство, боясь, что уехавшие попросту не вернуться назад. Так губернатор Семиреченской области в своём циркуляре уездным начальникам от 1901 года приказывал для предупреждения побегов в Китай российскоподданных казахов под предлогом поездки на предстоящий международный Кегеньский съезд, всех отправлявшихся на него особыми билетами завизированными подписями и печатями соответствующих уездных или участковых начальников. Губернатор призывал начальников “означенные билеты выдавать только аульным старшинам или другим должностным лицам и в каждом из этих билетов кроме имени и фамилии должностного лица и всех подведомственных ему туземцев, отправляющихся на съезд обозначать. Каждое

должностное лицо обязано иметь надзор за своими, в билете перечисленными спутниками и отвечать за своевременное возвращение их в свои аулы” [12].

Затруднения возникали не только по поводу прибытия истцов и ответчиков, но и в процессе их отъезда домой. Для проезда на съезд, властями выдавался особый документ “специальный билет” как назван он в источниках. На первых съездах билет подписывал соответствующий начальник съезда. Из-за того, что это была весьма обременительная работа билет выдавался один на несколько лиц, которые в соответствии с ним и являлись на съезд. Однако судебные дела этих людей не могли быть рассмотрены и решены одновременно. Оставаться же на съезде долгое время ни кочевники, ни земледельцы не могли - их ожидали перекочевки на новые пастбища или сбор урожая. Многие, получив решение суда биев, просто-напросто собирались и уезжали домой. Но во время созыва первых съездов пограничная стража не считалась с тем, что различные дела решаются в разные сроки и не пропускала людей порознь. Помимо этого, пограничники предлагали выдавать едущим на съезд единый билет на въезд и выезд. Для получения билета надо было купить гербовую марку стоимостью 80 коп. - сумма для того времени немалая. Ехать следовало только трактовой дорогой [13]. По этой же причине участников съезда задерживали не только пограничники. На таможне в Джаркенте людей задерживали из-за того, что один билет выписывался на несколько человек.

Препоны, чинимые пограничниками и таможенниками стали настолько мешать проведению съездов, что в дело вынужден был вмешаться губернатор области. Он резко отверг все проекты пограничников и приказал пропускать людей, едущих домой, призвав “не портить работу Н. Пантусова и не тормозить хода столь важного дела как международный съезд” [14].

Прошедший спустя 10 лет в Кегене в 1896 г. чрезвычайный международный съезд был более организованным. Представляли местную администрацию вновь Пантусов и Шебакин, что тоже способствовало лучшей организации. Помощнику управляющего Джаркентской таможни было сообщено о том, что Пантусов назначен начальником Кегеньского съезда, о чем опубликовано в областных ведомостях и имеет право выдавать билеты возвращающимся со съезда. Таможенников просили не тормозить съезд, задерживая людей с билетами Пантусова [15]. Доверие к Н.Н. Пантусову со стороны российских и китайских пограничников и таможенников существенно было укреплено его личным участием и руководством проведения редемаркации границы с Китаем [16].

Однако, бывали случаи, когда не являлись сами истцы, в то время как ответчики прибывали на съезд точно к указанному времени. Так на Кегеньский съезд 1896 года вовремя, к 11 мая, приехали ответчики российскоподданные казахи Копальского и Лепсинского уездов. Однако серьезно опоздали китайскоподданные истцы - казахи-албаны, таранчи и калмыки. Вынужденные долго ждать казахи и представители других российскоподданных народов стали жаловаться своему начальнику съезда - Н. Пантусову на отсутствие китайских истцов, по искам которых они были вызваны. После специальной встречи российского и китайского начальников съезда было решено подождать ещё до 20 мая. Тем не менее, спустя несколько дней российскоподданные казахи-албаны вновь подали жалобу на неприбытие истцов со стороны китайскоподданных калмыков-чахар, которые проживали по р. Текес. Им вновь предложили подождать до 20 мая. Было решено, что если к этому сроку истцы не придут, то их иски будут оставлены без рассмотрения. В последствии выяснилось, что задержка в прибытии чахар произошла из-за большой воды в р. Текес, которая воспрепятствовала их переправе через эту реку [17].

Говоря о проблемах, связанных с явкой ответчиков и истцов на съезды, следует отметить, что российскоподданные собирались на съезд более дисциплинированно. Борясь с неявками на съезд, власти обеих стран применяли различные меры. Например, за неявку на Кегеньский 1896 г. съезд начальник съезда с китайской стороны Чжи-дарин подверг начальников китайских подданных наказаниям. Больше всего пострадал начальник китайских казахов-албанов. Чжи-дарин распорядился снять шарик с его шапки (лишил его звания - В. Г.) и дать ему 25 ударов нагайкой. Основной виной, вменявшейся ему, послужило не доставление ответчиков на съезд.

Кроме того, указанный начальник выставил непригодные для жилья юрты для начальника съезда и его свиты. Начальник чахар так же был наказан снятием шарика с шапки [18].

В ходе съездов решались путанные и спорные дела, связанные с вызовом весьма большого количества людей. Возникла большая соблазн упростить всевозможные формальности для скорейшего решения дел. Не избежал этого и начальник Джаркентского уезда, который в 1896 году предлагал рассмотреть взаимные иски между российскоподданными албанами и калмыками, и кызаями китайскоподданными ведения Чанбу в выселке Охотничьем. По его проекту съезд должен был проходить без составления всяких предварительных списков о вызове, ограничиваясь лишь объявлением о съезде, на который и должны явиться истцы. Что же касается вызова ответчиков то, по-моему мнению в данном случае так же можно обойтись без списков, обязав присутствующих на съезде чиновников с обеих сторон, немедленно вызывать людей потребных на съезде, под личную и имущественную ответственность лиц волостной администрации” [19].

Поводя итог, необходимо сказать, что этап вызова истцов и ответчиков на международные съезды являлся важной частью их проведения. Собрание на съезды всех заинтересованных лиц, делало возможным успешное их проведение и последующее обеспечивало дальнейшее функционирование съезда, и, в конечном счете, справедливое, и удовлетворяющее все стороны решение накопившихся дел для судом биев, на основе казахского обычного права и шариата.

### Литература

1. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Далее - ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37429. Л. 53.
2. ЦГА РК Ф.44. Оп.1. Д.37997. Л.5., Д.38072. Л.5-6.
3. Максимов Н. Народный суд у киргизов. // Журнал юридического общества при Санкт-Петербургском университете. - 1897. Кн. 7. Сентябрь. – С. 83.
4. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37415. Л. 136.
5. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 38276. Л. 455.
6. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37429. Л. 189.
7. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37429. Л. 189.
8. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37661. Л. 24-29.
9. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37661. Л. 64.
10. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 38276. Л. 329.
11. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 38276. Л. 133.
12. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 38276. Л. 26.
13. Хафизова К. Ш. Международные съезды как новая форма регулирования отношений между Россией и Китаем во второй половине XIX века. // Из истории международных отношений в Центральной Азии . Алма-Ата, 1990. С. 173.
14. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37661. Л. 21.
15. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37661. Л. 64.
16. Галиев В.В. Редемаркация границы Казахстана с Китаем (вторая половина XIX – начало XX веков) // Сборник. - Алматы, 2000.- С. 74-75.
17. Центральный государственный архив Республики Узбекистан - ЦГА РУ Ф. И-2. Оп. 2. Д. 104. Л. 19.
18. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 38276. Л. 424-425.
19. ЦГА РК Ф. 44. Оп. 1. Д. 37429. Л. 189.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Майлықутова М.Д.**

Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,  
Халықаралық қатынастар факультеті,  
Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасы  
Алматы, Қазақстан, e-mail: mm1210@mail.ru

**Джекебаева М.А.**

Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,  
Халықаралық қатынастар факультеті,  
Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасы  
Алматы, Қазақстан, e-mail: Макпал Джекебаева 81makpal@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тарихи-идеологиялық маңызы, рухани-гуманистік маңызы, мәдени-рухани идеясы мен қазіргі қоғамдағы өзектілігі жан-жақты сарапталып, талданған. Сонымен қатар еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың осы бағдарламаның мақсаты мен міндетін айқындаудағы ғылыми концепциялары, идеясы кеңінен зерделенген. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына негізгі арқауы болған Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымызда біз қандай жетістіктерге қол жеткізгеніміз, мемлекетіміздің әлемдік кеңістіктегі геосаяси және экономикалық орны мен беделі сарапталады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі идеялары философиялық тұрғыдан талданып, тұжырымдар жасалады.

**Түйін сөздер:** Рухани жаңғыру, прагматизм, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық сана, тарихи сана, ұлттық құндылықтар.

## «RUHANI ZHANGYRU» AND NATIONAL VALUES

**Mailykutova M.D.**

Faculty of International Relations, Department of modern history of Kazakhstan  
and worldview disciplines, Ablai Khan KazUIRWL,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: mm1210@mail.ru

**Dzhekebayeva M.A.**

Faculty of International Relations,  
Department of modern history of Kazakhstan and worldview disciplines,  
Ablai Khan KazUIRWL  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: 81makpal@mail.ru

**Abstract.** In this article, the historical and ideological significance, spiritual and humanistic significance, cultural and spiritual idea and relevance in modern society are analyzed in detail. In addition, the scientific concepts and ideas of the first president of the country N. A. Nazarbayev in determining the purpose and objectives of this program were widely studied. “What achievements we have achieved in the 30th anniversary of Independence, the geopolitical and Economic place and authority of our state in the world space, which became the basis of the article of Nursultan Nazarbayev” “looking to the future: modernization of public consciousness”, will be analyzed.” The main ideas of the Ruhani zhangyru program are philosop.

**Key words:** modernization of public consciousness, pragmatism, competitiveness, national consciousness, historical consciousness, national values.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы сәуірдегі «Егемен Қазақстан» газетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарыққа шығуымен еліміздің дамуында тарихи маңызды орын алатын жаңа парақ ашылды десек қателеспейміз. Қазіргі байқалып отырған әлемдік рухани тоқыраулар кезеңінде жаңа дүниетанымдық бағыт қажеттігі басты мәселеге айналып отырғаны анық. Жаңғыру (модернизация) – латынның «Модерн» сөзінен аударғанда заманауилықты, өркениеттік және әлеуметтік - мәдени сипатты иеленетін қоғамның жалпы құрылымының, қоғамдық қатынастар жүйесінің түгелдей өзгеруін білдіреді [1]. Ал сананың, руханилықтың жаңғыруы – бұл түбегейлі дүниегекөзқарастар мен ойлау, сана, құндылықтар жүйесіндегі жаңғыру. «Рухани Жаңғыру» - барша қазақстандықтарды ел

бірлігі, ел мүддесіне жұмылдыратын, қазіргі заман талаптарына сәйкес болуды ұлттың рухани бастауларымен үйлесімді тоғыстыра алатын қоғамдық сананы жаңғыртудың және оны жаһандық өркениеттегі жоғары даму көкжиегіне көтеру мақсатына бағытталған Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған және Қазақстан халқы тарапынан қолдау тапқан бағдарлама. Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке - жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы [2].

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл - парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Өзгерістер – бұл ғалам мен қоғамның мәңгілік заңдылығы. «Барлығы ағынды, барлығы өзгереді» – деп [3], дүниенің диалектикалық сипатына назар аударған ұлы Гераклиттің дүниетанымы мен ата-бабамыздың «Өмір – өзен» философиясы қалай үндес келеді десеніңізші. Жаңа уақыт, жаңа әлем. Жаңа әлемде жаңа ғасырға қадам басқан жаңа Қазақстан. Бүгінгі күннің ақиқаты, мүмкіндіктері мен болашағы, қазақ халқының рухани дамуы, осы ауқымды проблемалар Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына негізгі арқау болып отыр. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымызда біз қандай жетістіктерге қол жеткіздік, мемлекетіміздің әлемдік кеңістіктегі геосаяси және экономикалық орны мен беделі қандай? Көз жетер көкжиекте халқымыздың даму саясаты мен стратегиясы қандай болмақ? Жаңа кезеңге ұсынылған Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын амалға асырудың нақты бағыттары мен міндеттері қандай? Халқымыздың ұлт ретінде дамуы қандай бағытта өтіп жатыр? Болашақ даму қандай мәселелерге назар аударуды талап етеді? Дүниенің саяси картасында жаңа жас мемлекет – Қазақстан Республикасының пайда болғанына да 30 жыл уақыт болыпты. Адамзат тарихы хронологиясымен салыстырғанда бұл өте аз уақыт. Бұл кезең ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруы мен тәуелсіз мемлекеттің негіздерін қалыптастыру дәуірі болды. Қазақстанның суверенді мемлекет ретінде қалыптасу тарихында осы аз ғана уақыт қоғамды динамикалық қарқынды жаңарту сипатымен қалады десек артық болмас. Өйткені өткен жылдар, әлемнің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі мен ұлттық ерекшеліктерге сүйенген түрде, жаңа экономикалық, саяси және құқықтық жүйені, нарықтық қатынастар мен демократиялық институттарды қалыптастыру жолындағы үлкен бастамалардың, тың істердің кезеңі болды. Осы

жылдарда еліміз ең басты құндылық – халқымыздың бірлігі мен татулығын сақтай отырып, демократиялық басымдықтарға негізделген экономикалық және әлеуметтік прогреске қол жеткізді. Қазақстан әлемдік аренада өзіндік орны бар дербес мемлекет деңгейіне көтерілді. Біз қалыптасу кезеңінен табысты өте алдық. Ендігі міндет – мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оны әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу және басты басымдықты рухани салаға аудару. Осы орайда еліміздің егемендікке қол жеткізгеннен бері өткен жолы мен Елбасының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларына назар аударып көрейік. Жалпы даму динамикасының логикасына сүйенер болсақ, соңғы бірнеше жылдардағы Жолдаулардың «Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы», «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Дағдарыстан жаңару мен дамуға», «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!», «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»[4] деп аталуы да бекер емес. Өйткені осы жолдаулардың мазмұны мен мән-мақсаттарының өзі мемлекетіміздің алға қойған жоспарын ғана емес оның осы дәуірдегі экономикалық, саяси және рухани салалардағы жағдайлары мен сол нақты уақытқа байланысты икемді де ақылды саясатын, шешімдердің логикаға сәйкес бағыт-бағдарын көрсетіп тұр емес пе! Қазақстан өз дамуының жаңа сатысына көтерілді. Киелі топырағымызды, ұлттық құндылықтарымыз бен бостандығымызды қорғаған Абылай хан, әз Жәнібек, Тәуке хан, хан Кенесары армандаған қазақтығымызды паш етіп өз егемендігімізге ие болдық. Өз дербес мемлекетіміздің іргетасын қалап, оны әлем алдында паш ете алдық. Дүние мемлекеттерін жайлаған экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын да таба білдік. Алайда әлі талай шешуін таппаған проблемалар мен мәселелер шаш етекпен. Сондықтан соңғы кезеңдердегі әрбір жолдау осы жаңа кезеңдегі жаңа дамудың негізгі міндеттері мен ішкі және сыртқы саясаттың бағыттарын айқындап беруге, оларды халық санасына жеткізуге және халықпен өзара сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға бағытталды. Осы орында жолдаулардың мемлекетіміз бен халқымыз үшін аса маңызды болған көп векторлы даму сипатына аса мән бергенін баса айту қажет сияқты. Даму философиялық аспектіден қарағанда өте күрделі құбылыс. Қазіргі ғылым мен синергетика дамуды Әлемнің атрибуты ретінде түсіндіреді. Бұл процесс жекеленген бірегей жүйелер немесе элементтер арқылы амалға асады. Даму – көп сатылы, көп деңгейлі және түрлі аспектілерді қамтитын күрделі құбылыс. Жалпы алғанда, ол жүйенің элементтерінің арасындағы ерекше байланыстар арқылы жүзеге асатын кешенді, сапалық және бағытталған өзгерістер жиынтығы. Демек бағыттылық, немесе векторлық сипат – дамудың негізгі белгілерінің бірі. Көп векторлы дамуда жүйенің элементтерінің қасиеттері түрлі бағытта, түрлі сипатқа ие болады. Геометрияда векторларды қосу ережесіне сәйкес соңғы нәтиже кейде ешбір вектордың бағытына сәйкес келмейтін тосын жаңа бағытты пайда етуі мүмкін. Философиялық тұрғыдан алғанда барлық аспектідегі, жан-жақты прогресстің болуы мүмкін емес. Бір ғана өзгерістің өзі кейбір қатынаста прогресс, ал енді бір қатынаста регресс болуы мүмкін. Сондықтан күрделі жүйенің жалпы прогресі емес, ал оның кейбір бағыттарының прогресі жайында айтқан жөн болар. Ал қоғамды күрделі ашық жүйе ретінде қарастырсақ, мемлекеттің негізгі мақсатын бейнелендіретін дамудың басты бағыттарын белгілеу үлкен маңызға ие. Бұл дегеніміз қоғамның жалпы дамуы әрқашан оны сипаттайтын барлық салаларда да тек қана даму немесе төменнен жоғарыға қарай ілгерілеу бола бермейді деген сөз. Қоғам күрделі салалар мен қатынастар жиынтығы болғандықтан кейде оның бір салалары дамып жатса, екінші салалары ақсап жатуы немесе кешеуілдеп жатуы әбден ықтимал. Сондықтан абсолютті түрде барлық құрамдардың, барлық салалардың бірдей жоғарылап дамып кете беруі мүмкін емес. Сондықтан ең басты мәселе - қоғам дамуын жоспарлағанда оның сол уақытта өте маңызды, мәнді және қажетті салаларына басымдық беру. Ал келесі кезеңдерде басымдыққа ие салалардың өзгеруі де уақыт еншісінде. Олай болса тұңғыш

Президент Н.Ә. Назарбаевтың саясаткер ретіндегі көрегенділігі де сонда, ол әрқашан сол кезең үшін ең маңызды бағыттар мен салаларға назар аударып, оларды басымдыққа ие векторлар ретінде көре білді. Сонымен даму құбылысы ретінде оның ішкі құрамдас бөліктерінің қарапайым арифметикалық жиынтығын емес, ал жүйенің эмердженттік қасиетіне сәйкес жалпы синтездік нәтижесін көре білу – бүгінгі кезеңнің басты міндеті. Сондықтан әрбір Жолдаудағы Қазақстанның даму перспективасының негізгі бағыттары интегративті түрде халқымыздың әл-ауқатын, тұрмыс деңгейін жақсартуға, еліміздегі тұрақтылық пен ынтымақты нығайтуға, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізіндегі зайырлы мемлекетті көркейтуге қызмет етуі тиіс және өткен тәжірибелерді ой таразысынан өткізсек, осы мақсаттарға қызмет етіп келеді [5]. Әлеуметтік прогрестің универсалдық критерийін (өлшемін) анықтаудың аса қиын, тіпті мүмкін еместігін жоғарыда сөз еттік. Алайда осы мәселеде технократиялық және гуманистік салалардың өкілдері арасында оны экономикалық және рухани өлшемдер арқылы анықтау кең орын алған. Экономикалық критерий қоғамның табиғаттан еркін болу деңгейімен сипатталады. Ал әлеуметтік кеңістікте өз орнына, статусына ие егеменді ел болу үшін де экономиканы дамытудың маңызы өте жоғары. Тарих түрлі дәуірлерде экономика саласында үлкен жетістіктерге жеткен мемлекеттердің ғана тарих сахнасында басты кейіпкер рөлінде ойнағанының куәсі. Сондықтан алғашқы Жолдауларда экономиканы дамыту мен экономикалық тұрақтылыққа жету өте өзекті мәселе болды. Қазіргі рационализм заманында Қазақстанда бәсекеге қабілетті экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, экспортты кеңейту, шикізат секторының нәтижелілігін арттыру, финанс жүйесін жетілдіру, еліміз үшін ыңғайлы жағдайларда Әлемдік сауда ұйымына мүше болу, өндірісті және жоғары технологиялар мен инновацияларды дамыту, электр энергетикасы ресурстарын жетілдіріп, атом энергетикасын қалыптастыру, шағын және орта бизнесті қолдау, халықаралық талаптарға сәйкес болған стандарттарды енгізу, мемлекетті индустриаландыру негіздерін қалыптастыру сияқты бағыттар мемлекетіміздің және оның әрбір азаматының ортақ мүддесі үшін қызмет етуі қажет. Осы орында экономиканы дамыту үшін ғылымның қолданбалы салаларын өндіріске енгізу қажеттігіне, ғылымды дамыту мәселесіне көңіл бөлінуі ғылыми жұртшылықтың көптен көкейіндегі мәселе. Сондықтан Жолдаулар Қазақстан тек қана шикізат базасы болумен шектеліп қалмастан, жаңа ғылым, өнеркәсіп негізінде дамуына көп көңіл бөлді. Бұл аталмыш мәселелер сатылы сабақтастықпен әрбір жыл қорытындыларында өз шешімін тапты. Әрине кемшін тұстар мен қиындықтар да жол алды. Қоғамда түрлі жекелеген ұнамсыз жағдайлар да болып жатты. Бірақ даму бұл қарама-қарсылықтардың күрес нәтижесі болғандықтан, уақыт осы саясат пен стратегияның нәтижелерін көрсете алды. Бүгінгі жаһандану заманында қоғам дамуының басты критерийі – жалпы адамзаттық құндылық – адам және оның бостандығы. Сондықтан әлеуметтік дамудың рухани критерийі адамдық бақыт деңгейі, бақыт принципімен (Эпикур, П.А. Сорокин, Э. Фромм және т.б.) [6] сипатталады. Әрине, бұл абстрактілі ұғым. Бірақ нақты қазақстандық даму жолын сараптап көрсек, білім берудің халықаралық стандарттарға сай жүйесін жетілдіру мәселесі, ғылымды өркендету, Қазақстандық патриотизмді дамыту, Қазақстан халқының ұлтаралық татулығы, конфессиялараралық толеранттық саясаты және тағы басқа мәселелер – оның рухани деңгейін жоғарылату жолындағы нақты міндеттер. Сондықтан соңғы Жолдаулар мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының ерекшелігі – оның рухани салаға басым назар аударуында. Егер бұрынғы реформалар мен өзгерістер экономикалық және саяси салаларға ғана басым назар аударған болса, қазіргі экономиканың басқа мемлекеттермен салыстырғанда біршама тұрақтылығы, экономиканың әлемдік дағдарысынан Елбасының көреген саясаты арқылы еліміздің салыстырмалы аз шығындармен шығу жағдайы реформалардың әлеуметтік бағытталуына мүмкіндік берді. Ал бүгінгі таңда даму жолындағы ендігі басты бағыттар – халықтың рухани дамуы, ұлт ретінде өз болмысымызды танып оны жаңғырту, әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық болмыс-бітімімізді, мәдениетіміздің ұлттық мәнін сақтап қала отырып жаһандық мәдениеттің көшіне еркін, нық және сенімді ілесе алу. Жалпы алғанда басты мақсат – ұлттық, мемлекеттік мүдделер мен жеке азаматтың мүддесінің үйлесімді тоғысуы. Рухани жаңғыру дегеніміз тарихи тұрғыдан алғанда кертартпа, тоқыраушыл және догмалық дүниетаным мен ұстанымдарды сыншыл сараптап,

оларды сергітуге бағытталған және кез келген модернизациялық процестің бастауында тұратын, гуманитарлық және ұлттық жоба. Кезінде Батыс еуропа ұлты мұндай жаңғыруды Қайта өрлеу дәуірінен бастап антропоцентристік көзқарасты паш етті және адамның өз алдына дербес гуманитарлық құндылық екендігі жайында жаңа құндылықтар кешенін жаратты. Осы орайда айта кетуіміз керек, италиандықтар өнерде ғана алға шығып қойған жоқ, XV ғасырға тиесілі әлем ғалымдарының тең жартысы осы ұлт өкілдерінен еді. Бұл модернизациямен қатар «егіздің сыңарындай» дамитын басты феноменнің бірі – ғылым екендігіне де назар аудару қажет. Түптеп келгенде рухани жаңғыру – гуманитарлық идеядан бастау алып, сана болмысында тергеуден өтетін, содан кейін барып қана қоғам өмірінің өзге қабаттарына жан бітіріп, әлеуметтік өмірдің шындығына ұласатын ментальды құбылыс. Бір ғана адам образының сана сүзгісінен қайыра өтуі – еуропа ұлтын өнеркәсіптік төңкерістерге бастап, М.Вебердің тілімен айтқанда мәдени капитализмге алып келді. Сол себептенде Елбасы мақаласында көтеріліп отырған сұрақтар отандық гуманитарлық ғылым мен шығармашылық ойдың өзегіне айналып, ондағы адамның бейнесі қандай болмақ керектігі туралы идеялар мен көзқарастар жүйесі таным елегінен жүйелі түрде өтуі тиіс. «Ағымдағы қазіргі заман» (белгілі социолог З.Бауман, Э.Гидденстің анықтамасы) [7] адамымен қатар, қазақстандық ерекшелікке негізделген адам образын қалыптастыру, ойдың тезінен өткізіп, тұлғасын сомдау, оның практикалық мүмкіндіктері мен құндылықтарын көрсету, бостандықтарын айқындау – түптеп келгенде болашақ ұрпақтың тағдырын анықтаумен пара-пар жауапкершілік мәселесі. Мұндай жауапкершілік барша қазақстандықтарды топтастыратын ортақ рухани құндылықсыз жүзеге асуы мүмкін де емес. Сондықтан, Елбасы мақаласындағы қазақстандық «Рухани жаңғыру», ең аз дегенде өзара байланысты, бірін-бірі болжайтын мына басты төрт сұрақтың өзара байланысты жүйесін қамтиды. Біріншіден – барлық қоғам мен азаматтардың бірегей мықты жалпықазақстандық азаматтық қоғам орнату мұратына жетуіміз керек деген айнымас мақсат жолында жұмылуы және осы идеяны саналы сезінуі. Екіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге деген құрмет негізінде құру. Үшіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды құруда интеллектуалды әлеуеті жоғары жас ұрпақты тәрбиелеу және соған жағдай туғызу мәселелері. Төртіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамның «Мәңгілік ел» аталатын өркениеттік құбылысқа ұласуы үшін мемлекеттік тілде ұлт мүддесіне қызмет ететін төл философиялық жүйені қалыптастыру міндеті. Сонымен біз бүгінгі таңда мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа еңсесін тік ұстап барып қосылғанын және осы қауымдастықта мәртебесінің күн санап өсіп келе жатқанын мақтан етеміз. Әлем өзгерісте. Өмір өзгеруде. Бүгінгі тарихи уақыт пен әлеуметтік кеңістік тек өзгергіштігімен ғана емес, ал динамизмімен, интенсивтігімен, қарама-қайшылығымен, түрлі-түсті мозаикалығымен және толып жатқан басқа сипаттарымен де ерекшеленеді. Бүгінгі болмыстың шындығына сай болып, оны тану, бейнелеу, түсіну, тіпті оны өзгерту үшін мемлекетіміздің даму философиясы мен халқымыздың дүниетанымы осы күрделі дүниенің қадамына сәйкес икемді және қарқынды болуы керек. Әлемдегі бүгінгі Қазақстанның табыстарға жетуінің қайнар көзі – халқымыздың жаңаша пайымдауын, дүниеге жаңа көзқарастарын қалыптастыру. Ескі стереотиптерді, ескіше ойлау шаблондарын өзгертпей жаңа рухани дамыған Қазақстан құру мүмкін емес. Сондықтан жаңа қоршаған ақиқатқа, жаңа қоғамға лайықты Қазақстан халқын қалыптастыру, мемлекеттік бағдарламаларды халыққа жеткізу және талқылау – бүкіл зиялы қауымның борышы.

#### Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы // Егемен Қазақстан.- 201. - 18 сәуір.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік». - Астана: Елорда, 2017.
3. Назарбаев Н.А. Нұрлы жол - болашаққа бастар жол: Қазақстан халқына Жолдау. Астана, Ақорда, 11 қараша 2014 жыл // Егемен Қазақстан. - 2014. - 12 қараша. - 18 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздікті алудан оны сақтап қалу қиын: Сұхбат // Егемен Қазақстан. – 2014. - 23 желтоқсан.

5. Назарбаев Н.Ә. Ұлт Жоспары-Қазақстандық арманға бастайтын жол // Егемен Қазақстан. – 2016. - 6 қаңтар.

6. «MANGI EL»: халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы (Бас редактор: Ерлан Сыдықов). - Алматы: Pride Print, 2013. - 108 бет.

7. Токаев К.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. IV тарау – Қазақстан және Батыс жарты шар елдері. VI тарау – Қазақстанның өзекті халықаралық проблемалары бойынша позициялары. - Алматы. 2002.

ӨОЖ 323 (574)

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТАР БІРЛІГІ

**Қарғаев Қ.А.**

Абылай хан атындағы ҚХЖӘТУ  
Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және  
дүниетанымдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы  
kayrat-k@mail.ru

**Андатпа.** Автор өз мақаласында Қазақстан Республикасындағы ұлттаралық қарым қатынастардың қалыптасуы мен дамуының 30 жылдық хронологиясына шолу жасайды. Қазақстан қоғамының полиэтникалық құрылымына талдау жасайды. Полиэтникалық қоғам құрылысының әртектілігіне назар аударады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанына 30 жылға жуықтады. Осы жылдарда мемлекетімізде саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылымында оң өзгерістер орын алды. Мәдениет, білім мен ғылымда жетістіктер жетерлік. Осы оң өзгерістер мен жетістіктер елімізде өмір сүріп жатқан ұлттардың өзара татулығы мен келісіміне байланысты болып отыр.

Мақалада полиэтникалық Қазақстандық қоғамның ынтымақтастықта өмір сүруінің құндылықтық бағасы беріледі. Автор өз мақаласында Қазақ халқының әртүрлі тағдырмен қазақ даласына қоныс аударған ұлттардың өмірі мен болашағына, тағдырына дұрыс қарауының негізі оның толеранттылығында жатқандығына назар аударылады. Саналуандылық және тұрақтылық пен келісімнің зор байлық болып табылатындығына көңіл аударады.

**Тірек сөздер:** толеранттылық, келісім, тұрақтылық, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлт, этнос.

## SPIRITUAL REVIVAL AND UNITY OF NATIONS

**Kargaev K.A.**

senior lecturer, Department of Modern history of Kazakhstan  
and worldview disciplines,  
Ablai Khan Universiti of IR and WL  
kayrat-k@mail.ru

**Abstract.** In his article, the author examines the 30-year chronology of the formation and development of interethnic relations in the Republic of Kazakhstan. The polyethnic structure of the Kazakh society is analyzed. Focuses on the diversity of building a multi-ethnic society.

The Republic of Kazakhstan has been independent for almost 30 years. Over the years, positive changes have occurred in the political, economic and social structure of our country. There are many advances in culture, education and science. These positive changes and achievements are the result of mutual peace and harmony of the peoples living in our country.

The article provides a valuable assessment of the coexistence of a multi-ethnic Kazakh society. In his article, the author draws attention to the fact that the correct attitude of the Kazakh people to the life, future and fate of the peoples who moved to the Kazakh steppes with different destinies lies in their tolerance. Emphasizes that diversity, stability and harmony are great values.

**Key words:** tolerance, solidarity, stability, Assembly of the People of Kazakhstan, nation, ethnos

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап өзгерістерді бастан кешіре бастаған полиэтникалық Қазақстан үшін этносаралық қатынастар мәселесі өзекті. Тарихтан және күнделікті адамзат өмірінен білетініміздей, қатынастардың ішіндегі ең күрделісі, этносаралық қатынас болып

табылады, сондықтан оны реттеу қиындау. Сондықтан этносаралық қатынастарды зерттеу, саралау, талдау маңызды.

Елімізде көп ұлттар өмір сүргенімен бір халықты құрайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан «Сындарлы қоғамдағы диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына президенттік қызметіндегі алғашқы Жолдауын арнады. Бұл Жолдауда ел басшысы: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды істер атқардық» [1], деп атап көрсетеді. Оның ішінде барлық жаңғырудың тірегі Рухани жаңғыруда екендігін еске салады. Рухани жаңғыру көзі елдегі тұрақтылық пен бірлікте екендігіне назар аударады. Ал тұрақтылық пен бірлік өз бастауын ұлттар мен діндердің арақатынасы мәдениетінен алатындығы белгілі.

Президент Тоқаев Жолдауда ұлтаралық келісімге байланысты былай деп айтып өтеді: «Әлеуметтік және этникалық топтардың арасындағы келісім – бүкіл еліміздің, мемлекетіміздің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Осыған орай, саяси үдерістерді саралап, бірлігімізді нығайта түсу үшін нақты шараларды қабылдауымыз керек. Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт екендігін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз керек» деп елдегі көпұлттылық және көп конфессияаралық келісім мен сенімнің қазақ халқының толеранттылығында жатқандығын тағы бір атап өтті. Қазақ халқының толеранттылығы мынада еді, мінезінің ашықтығы, дарқандығы, қонақжайлығы, намыстылығы, төзімділігі, шыдамды, сабырлығы яғни ұлт психологиясында бөтен, жат, бөлектену элементтерінің кездеспеуі.

Бүгінгі тәуелсіздікке 30 жылға таяған Қазақстан 130 ұлттың өкілдері және мыңнан астам діни ағымдарды біріктіретін 18 конфессияға біріккен ел. Еліміз 22 этностың өкілдері саны 10 мыңнан жоғары, саны 100 мыңнан асатын 9 этнос, саны млн. асатын орыс ұлтын біріктіріп отыр. Осы алуан түрлі ұлттың өкілдері қазақ даласына әртүрлі тағдырмен көшіп келіп қоныстанып отыр. 60 қа жуық ұлттың өкілдері XX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ даласына тағдыр арқалап көшіп келгендігі яғни кеңестік депортациясына ұшырағандығы белгілі. Осы ұлттарды жатсынбай, бөтенсінбей қазақ халқы бауырына басып құшақ жая қарсы алды. Қазір біздің еліміздегі көп ұлттардың өмір сүруі және соншама саналуандылықтың өзі байлық болып саналады. Бұл сан алуан ұлт өкілдері тұратын Қазақстанның басқа елдерден ерекшелігі сол, мұнда адамдар бір-бірімен соғыспайды, бейбіт өмір кешіп жатыр. Елбасы, тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев «бейбіт өмір мен прагматизм – ең үлкен құндылықтар. Ал қауіпсіздік пен тұрақтылық – жарық пен жылу. Бұлар болса, халықтың жүрегі орнында, ештеңеден қорықпайды» дегендей қазіргі жаһандану жағдайының формуласы бірлік пен тұрақтылықта жатыр. 30 жылдық дамуында Қазақстан өзіндік конфессияаралық және этносаралық келісім үлгісін қалыптастырып, әлем қауымдастығы мойындаған тұрақты мемлекетке айналып отыр. Қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісінің нәтижелі жұмыс істеуі – түрлі конфессия және этнос өкілдерінің толеранттылығында да жатқандығын атап көрсетуіміз керек.

Еліміздің тәуелсіздік алған уақытынан бері қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен саяси тұрақты және ұлтаралық келісімде өмір сүруде. Бұл 30 жылға жуық уақыт аралығында этносаралық қарым-қатынастың Қазақстандық үлгісінің қалыптасқандығын көрсетеді. Еліміздің әрбір азаматымыздың ортақ Отандық сезімі, Қазақстандық патриотизімі, саяси тұрақтылық және ұлтаралық келісімі, ол бейбіт және тату өмір сүрудің нәтижесінде қалыптасатындығы сөзсіз. Ал, еліміздегі этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлгісі елімізде саяси тұрақтылық пен бейбітшілігін сақталу жолында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Қазақстанның көпэтностық ортадағы кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады. Қазіргі уақытта ұлттар бірлігі жолында Қазақстан халқы Ассамблеясы біршама жұмыстар атқарып келеді. Ассамблеяның атқарар қызметі, республика халқының рухани жаңғыруы мен дамуына үлес қосатындығы анық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» кітабында: «Біз Қазақстан халқы Ассамблеясы мысалында ұлттық қатынастардың бірегей құралын жасауымыз. Бүгінде дәл осындай беделді де өкілетті ұлттық саясаттың құралы әлемнің бірде-бір елінде жоқ» [2], - деп

атап өткен. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы алғашқы ой 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдық мерейтойында тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев көтерген болатын. 2020 жылы 1 наурызда 20 жылдығы аталып өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылып елімізде көп ұлттардың қатынасында сұқбаттасу платформасына айналды. ҚХА мемлекет пен қоғам, халық пен билік арасындағы маңызды институтқа баланады. Қазақстандық мәдениетаралық сұқбаттастықты дамыту мен нығайтуда, ұлттардың келісім мен татулығына қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын әлемдік ұлттар, мемлекеттер тәжірибесіндегі алғашқы платформа болып саналады.

Еліміздегі ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды құқықтық реттелуінің қайнар көздеріне 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР мемлекеттік егеменділігі туралы Декларация, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы арнайы конституциялық заңының орны ерекше. Бұл құжаттарда: біріншіден, Қазақ халқының мемлекеттілікті құрушы тарихи рөлі анықталды, екіншіден, Қазақстандағы ұлттарға Қазақ халқымен тең құқылық дәрежесі берілді, үшіншіден, тәуелсіз Қазақстан республикасының байырғы қазақ жерінде құрылған, пайда болған, өмір сүрген мемлекеттердің Дешті Қыпшақ, Түрік қағанаты, Алтын Орда т.б кейінгі Қазақ хандығымен ұласа отырып тарихи әрі заңды жалғасы ретіндегі орны айшықталды. Яғни осындай Қазақ халқының өзін өзі анықтау құқығы, және ұлттардың тең құқықтылығы, мемлекеттіліктің тарихи негіздері көрсетілуі ұлттар қатынасында үлкен маңызға ие болды деп ойлаймыз.

**Аннотация:** Эта статья о перевернутом классе в средней школе. Модель «Перевернутого класса» находится на начальном этапе своего использования в школе. На момент создания модели в 2007

году авторы, как и их первые последователи, предполагали использование модели для преподавания естественных наук, но сейчас модель все чаще подвергается адаптации и используется в контексте преподавания иностранных языков.

**Ключевые слова:** перевернутый класс, самостоятельная работа студентов, перевернутое обучение, смешанное обучение, преподаватель-фасилитатор.

### **The teacher's role in the education process**

In order to improve the quality of education and, in particular, the efficiency of the Student Independent Work (SIW), many universities consider various types of interaction between the teachers and students and identify their new and more advanced forms. Nowadays these relationships have come out of their usual comprehension. The new personality-oriented concept of education implies the transfer of the “center” of education from the teacher to the student, subject-subject relations. At the same time, this model involves the independent acquisition of knowledge and the organization of the entire process, taking into account the interests and needs of students. Education from the monologue form goes into the dialogue form. The teacher instead of traditional lectures prefers mutual discussion of topics. Due to the fact that student-centered learning is one of the principles of modern education, the comprehensive development of the student's personality, student's independence and the formation of this independence is one of the main objectives of education today.

As a rule, the teacher is responsible for preparing for the lesson. The teacher organizes the learning process, prepares learning material, assesses the work of students, and plans the next lesson. However, modern education has changed the requirements for the organization of the educational process. The teacher shares responsibility with the students, i.e. builds the educational process in such a way that all students can take an active part in it, be the leaders of this process, manage it. Involving students in the educational process, preparing assignments with regard to interests and the needs of students increase the responsibility of the teacher, require to have deeper knowledge, continuous improvement of teacher's skills. Therefore, the modern teacher should have deep and varied knowledge, use information from various sources, constantly develop competencies, improve their professionalism. At the same time, the teacher should develop the internal potential of students, form the learning motivation, use various techniques, methods and technologies. Only in this way the teacher will become an observer of this process and, as an expert, will be able to correctly guide the activities of students.

The teacher-facilitator increases the effectiveness of the learning process by building a dialogue between the participants of education process and relationships based on mutual understanding, creates favorable conditions for the adoption of all points of view. The main aim is the development of the student's personality. The objective is to be a guide to the process, to guide students. The teacher-facilitator should create an appropriate psychological climate to help and support students. The facilitator establishes relationships in the course of independent work based on the principle “teacher-student”, “student-student”, attracts them to the organization and management of the process, makes the extensive usage of interactive methods, organizes their creative activities, participates in discussions, forms and develops the ability to discuss, to reason, to identify several ways of the same problem. The purpose of the teacher-facilitator is the full development of the student's personality. Such activities make high demands on the personal qualities and education of the teacher.

Students today want to participate in their learning and therefore tend to be resistant to lecture as the primary method for teaching. They prefer conversations rather than lectures. Learners have little patience with sitting still, passively receiving information, and would much rather be actively involved in their learning [1].

The problem of the educational value, as well as ways and means to achieve it, are relevant during the period of the transition of society to new technological structures. Currently there is an active search for approaches aimed at using the formative potential of alternative practices in education. Some

new educational technologies are based on the use of proven techniques, methods and tools, among which are not only instructive and educational texts of various formats, orientations and contents, but visualization tools are also useful for educational purposes that appeared under the influence of the transition from book culture to the visual - comics, graphic guides, caricatures and other visual units of information.

In foreign methodological systems, the model of organization of the educational process, or the “Flipped classroom” model, has become common. The University of Cambridge’s dictionary provides the following information on this terminology: a teaching method in which students first learn about a new subject at home, especially online, and then have discussions on it in class [2]. The method of *flip teaching* is that students’ first study the topics themselves, usually with the help of video tutorials prepared by the teacher, and in the classroom, the gained knowledge is applied and practiced. Nowadays a number of authors have proposed technology for developing resources and using them in the “Flipped classroom” model, both at schools and in universities.

The “Flipped classroom” model has a short history. The development of it began in 1993 after the publication of A. King, in which the technology of inversion of the educational space was proposed to enhance a cognitive activity outside the school. This idea was developed in the works of E. Mazur, who made a significant contribution to the development of the concept of peer learning [3]. The author obtained good results, which showed that the mutual learning of students is more effective than the influence of the “embedding” learning paradigm that the teacher realizes. The inversion moments, what proposed by E. Mazur, consisted in the use of information technologies and specially selected software that allows you to make records explaining the new lecture material at home by the teacher, to repeatedly play these records at a pace that convenient for students. The same idea was used in 2007 by Jonathan Bergmann and Aaron Sam’s, chemistry teachers from Woodland Park High School (Washington), who recorded their lectures for students who missed classes [4]. The fact that students enthusiastically embraced the self-study approach of studying audio texts of lectures at a convenient time for them gave impetus to the further development and experimental testing of this idea in terms of finding ways to optimally deliver educational content.

The essence of this model of *blended learning* is to attract students to the real activity in the classroom, and not to the boring recording of lectures from the teacher. To do this, we need to change the content of homework and the classwork. Instead of doing a dozen examples or solving another dozens of tasks, when it is rarely possible to get advice here and now, and it is easier to write off in the morning at school, the students are given access to electronic resources. It is mainly an instructional topic video made by the teacher or found on the Internet. At the lesson the teacher organizes joint activities on the studied topic: solving problems, creating mini-projects, drawing up algorithms, conducting experiments.

According to the concept of which independent development of basic educational material is carried out at home based on the use of audiovisual didactic tools, and the practical consolidation of new knowledge and skills in the classroom under the guidance of a teacher, the “Flipped classroom” is supported by many people. This model allows to study theoretical material at a convenient time at home, using an individual pace. At the classroom students practice the necessary skills, promptly make adjustments, discuss the difficulties encountered in the process of independent work. The advantages and disadvantages of this approach that assessed by teachers and students, are the subject of a study by a significant group of researchers, who share these positions [5].

Thus the “Flipped classroom” is one of the forms of blended learning, which allows you to “flip” a regular class as follows. Instead of homework, students watch short video lectures on the network — they independently complete theoretical material — and all classroom time is used to carry out practical tasks together. The pioneers of the “flipped” lessons are Jonathan Bergman and Aaron Sam’s - they came up with the term and tried this method for the first time.

Analyzing the pedagogical and social effects which resulted from the implementation of the “Flipped classroom” model, teachers and researchers emphasize the fact that students can form not only professional competencies based on deep independent study of educational material,

but also communication skills, teamwork, self-reflection, the ability to plan their own cognitive activity, to participate in discussions, operating with independently acquired knowledge, as well as a critical thinking. The model allows to individualize the learning as much as possible without disturbing the formation of the experience of group and project work on the subject that the student interests.

In general, teachers and researchers believe that the “Flipped classroom” model has certain limitations and disadvantages. These include the socio-economic conditions of some students. Not all students have computers with sufficient productive capacity. There may be contradictions associated with the rhythm of family life, because student may attempt to access video and audio materials at the wrong time [6].

The “Flipped classroom” model can provoke a computer addiction. In addition, the teaching staff’s labor costs that associated with the preparation of educational content, as well as the financial burden on the university, which is required to provide the necessary equipment for the preparation of didactic materials, their delivery to students, and a system of ongoing feedback with students who wish to receive an advice at any time of the day or night, as far as satisfying one’s needs for the explanation of a particular position, are significantly increased. Many people point out to a radical restructuring of the relationship between teachers and students, who take a more formal, extra-personal form of communication, including during the preparation of group projects. Thus, the “Flipped classroom” model significantly affects the implementation of project learning, the relations between students and teachers, and the results of its use to enhance independent work. The difficulties arising from the implementation of the “Flipped classroom” model do not interfere with the further development of this model. There are several forms of its implementation:

1. Flipped classroom with Peer instruction, within the framework of which the effectiveness of its use in learning in such areas as technology, engineering and mathematics has been proved. Communication between students is an important factor in mutual learning and helps to establish interpersonal communication; Flipped mastery learning, flipped mastery - the organization of educational content is carried out on the basis of a specific purpose of learning in the logic of building a thematic block. Upon completion of each block, the knowledge that can be objectified by students in the form of a project, a model, a drawing, etc., is evaluated.

2. Flipped classroom with gamification - learning is accompanied by the use of game mechanisms in situations not directly related to games, which stimulates the cognitive activity of students of various typological groups.

3. Flipped classroom with cooperative learning involves a combination of independent home study of educational material which prepared by teachers for theoretical development and special tasks of a high level of complexity that require cooperation (consultation) with other students. Flipped Classroom with challenge-based learning involves extensive cooperation of students in solving complex interdisciplinary problems of a theoretical, methodological and practical nature, which have a global scale.

Thus the “Flipped classroom” model was developed as an effective technology, which the theorists actively develop and highly value pedagogical practice. It implements the idea of increasing independence, activity in mastering the content of education, develops competence in the field of professional communication. Independent mastering of basic educational material is carried out at home based on the usage of specially designed audiovisual didactic tools, and the practical consolidation of new knowledge and skills is carried out in the classroom under the guidance of a teacher.

In our opinion, the aim that stated in the introduction of the work — a theoretical study of issues related to the possibilities of using the “Flipped classroom” model in schools and the development of a set of tasks using this model for classroom — it all has been achieved to a significant extent, and the tasks have been solved. In this work we described the theoretical and methodological foundations of the “Flipped classroom” model and its potential. We identified the positive and negative aspects of the model, and also made recommendations on the transition to it, including possible sources of educational materials, software that helps to organize the class from the technical side, as well as examples of tasks

accompanying the video. The result of a theoretical study, was the practical development of twelve lessons for learning the grammatical aspect of the English language [7].

In the process of the pedagogical experiment using the introduction of the “Flipped classroom” model in English lessons, several basic stages of the lesson were selected, which varied depending on the material presented in the “New Headway Intermediate 4<sup>th</sup> Edition” educational and methodical complex. At the beginning of the lesson, a small test was conducted to examine the group’s learning self-studied material. Tasks for tests were selected taking into account the level of knowledge and vocabulary of students. Then there were the exercises given in the textbook or workbook according to the proposed grammatical material, to reinforce the learned material. After that the lesson was conducted in the traditional form by the textbook, with the study of new words that given in the lesson, reading texts with the involvement of the knowledge gained at home and work with listening. The grammar block was studied by students as a homework. There was enough time to free up the classwork time for such exercises, which the teacher rarely managed to use in the traditional conditions of the lesson.

At the end of the experiment, the corresponding results that show the performance of this model, were obtained, even if this model was partially applied in practice. By keeping a students’ grades table for the tests, it was concluded that there was no big change, because the number of lessons on this model was not enough for global changes. As a rule, those students who studied well, continued to study at the same level, and those students who did not study at all, did not begin to change their learning behavior. Based on the questionnaire of the students in the class, it can be said that the majority liked such an organization of work, and judging by their responses, the material offered to them for independent study became more comprehensible to them and turned out to be better learned than in the conditions when the teacher teach them ready knowledge in the lesson. However, it can be said that the “Flipped classroom” model will be successfully implemented only by experienced teachers than beginners, who are well aware of their classes, students’ abilities and capabilities, who should be mentally prepared for changing traditional education.

It can be assumed that before this experiment the students were not familiar with this model of self-education and, quite possibly, in the future they will show greater interest in this model when they need to learn something themselves. This concerns not only learning a foreign language, but also independent learning in any other areas.

### Literature

1. Horner G. The Photography Teacher’s Handbook: Practical Methods for Engaging Students in the Flipped Classroom. - New York, London: Focal Press, 2016.
2. Muldrow K. A New Approach to Language Instruction - Flipping the Classroom. The Language Educator, 2013.
3. King, A. From sage on the stage to guide on the side. - College teaching. - 1993. - 41 (1).
4. Bergmann J., Sams A. «Flip your classroom: reach every student in every class every day». - Washington, DC: International Society for Technology in Education, 2012.
5. Miroshnikova. N.N. The “Flipped classroom” is an innovative model of foreign languages’ learning in high school. - Cheboksary: Interactive plus, 2016.
6. Spencer D., Wolf D., Sams A. Are you ready to flip? - The Daily Riff, 2011.
7. Khan S. Let’s teach for mastery - not test scores. - TEDTalk, 2015.

## ТЕРРОРИЗМ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Оразханова Н.К.

№ 44 мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі  
ХҚФ 2 курс магистранты Абылай хан атындағы  
ҚазХҚЖӘТУ, Алматы, Қазақстан  
e-mail: nazorazkhanova@gmail.com

**Андатпа.** Бұл мақалада қарастырылған мәселе. XX және XI ғасырлар тоғысында Қазақстан өзінің саяси дамуының сапалық жаңа кезеңіне өтті. Кеңес Одағы күйрегеннен кейін Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне жаңа қатерлер мен сын-қатерлердің туындауына себеп болатын жаһандану мен аймақтану процестері жинақталып жатыр. Терроризм - қазіргі кезде Қазақстандағы қоғамдық қауіпсіздікке ең үлкен қатер. Бұл жайт қазіргі терроризм әлеуетінің, оның қатерлері мен амбицияларының едәуір сандық және сапалық өсуіне байланысты. Нақты қауіп террористерді жаппай қырып-жоятын қару ретінде пайдалану мүмкіндігінің апатты салдарларында жатыр.

**Тірек сөздер:** Түркия, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Египет, «Рим-Тель-Авив», АҚШ, КСРО, ҚӘФ (Қызыл Әскер Фракциясы).

## TERRORISM AS A POLITICAL PHENOMENON IN MODERN KAZAKHSTAN

Orazhanova N.K.

English teacher 44 secondary school  
Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: nazorazkhanova@gmail.com

**Abstract.** The article considers at the turn of the 20th - 21st centuries, Kazakhstan entered a qualitatively new stage of its political development. After the collapse of the USSR, globalization and regionalization processes are gaining momentum, which lead to the emergence of new threats and challenges to Kazakh national security. One of the most serious threats to Kazakh's security is currently terrorism. This is due to the significant quantitative and qualitative growth of the potential of modern terrorism, its threats and ambitions. The danger of catastrophic consequences resulting from the possibility of terrorists using weapons of mass destruction has become real.

**Key words:** Turkey, Pakistan, Saudi Arabia, Egypt, "Rome-Tel Aviv", USA, USSR, RAF.

*Халықаралық терроризм ауқымы, келтірген залалдары мен жиілігі бойынша адамзаттың үлкен проблемаларының біріне айналды. Соңғы жылдары елімізде орын алған террористік жағдайлар - Қазақ елі тарихында, өкінішке орай, өзіндік бір межелі кезең ретінде қалатын болды. Әрине, бұған дейін де ел тарихында экстремизм мен терроризммен бетпе-бет келген сәттер болды. Алайда, соңғы жылдары орын алған оқиға ел ішін дүрліктіріп қана қоймай, шет елдің де назарын өзіне аударды. Өзінің тұрақты әрі бейбіт жағдайы арқылы танылған Қазақстан үшін бұл оқиғалар қалай болғанда да күтпеген жағдай болған еді. Сондықтан болар, көпшілік қауымның біразының назарын тапа-тал түсте әскери бөлім мен полицияға шабуыл жасаған радикалдардың әрекеті қайран қалдырса, енді біразы осындай шабуылдардың жиілеп кеткеніне алаңдаулы.*

Терроризм, ол қазіргі заманның ең қауіпті және қиын болжанатын құбылыстарының қатарына жатады. Саяси астары бар бұл қылмыстың түрі интернет желісінде де кең етек алып келеді. Бұл халықаралық саясаттың бір бөлігі, сол себепті сырттан келетін қолдау арқылы іске асады. Экстремизм мен терроризм бүгінгі күні қоғамның өте қауіпті проблемасына айналып, мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіруде: адамдарды кепілдікке алу, ұрлау, мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық орындарда жарылыстар, стратегиялық нысандарға шабуылдар жасау сияқты әрекеттер ел тыныштығына нұқсан келтіріп, халық арасында үрей туғызады. Сондықтан да терроризм мен экстремизмге қарсы күрес пен жасалып жатқан шаралар мемлекеттік көлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең басты мәселелерінің бірі болып табылады.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасында терроризм туралы түсінік қалыптаса бастады. Қазақстан аумағында экстремистік және террористік ұйымдардың қызметінде хронологиялық тұрғыдан үш кезенді бөліп көрсетуге болады.

- Бірінші кезең - 1991-2000, негізінен радикалды идеялардың импорты байқалған. Осы кезеңде ҚР аумағына Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты жоғары террористік тәуекелдері бар көрші елдерден шетелдік экстремистік ұйымдар өкілдерінің белсенді енуі орын алды.

- Екінші кезең 2000 жылдан 2011 жылға дейін созылып, радикалды құрылымдардың қызметінде «қазақстандық мазмұн» пайда болды. Белгілі бір дәрежеде бұл 90-шы жылдары Түркия, Пәкістан, Сауд Арабиясына, Египет және т.б. діни білім алу үшін елден кеткен жастардың отанына оралуына байланысты болды.

- Үшінші кезең 2011 жылы басталды және әлі күнге дейін жалғасуда. Оның өзіндік ерекшелігі - жергілікті радикалды топтардың белсенділігі. Тек Қазақстан азаматтары қатысқан 2011-2012 жылғы терактілер елде жекелеген наразылық топтарының үлкен радикалдау жағына қарай өзгеруінің аяқталғанын айтады.

Бүгінгі таңда әлемдік ғылымда «терроризм» ұғымының екі арнайы тәсілі бар:

Биологиялық тәсіл – бұл құбылыс адамның «зорлықшылдыққа» табиғатынан бейімділігі, басқалардың мүдделеріне қауіп төндіруге «табиғи» ұмтылумен және өз мақсаттарына қол жеткізу үшін кез-келген қол жетімді құралдарды пайдалану. Бұл тұжырымдаманың жақтастары «барлығына қарсы соғыс» жағдайында өмір сүретін адамның лаңкестік іс-әрекетінің себептерін көреді.

Әлеуметтік тәсіл - адам табиғаты жауыз немесе мейірімді болып бөлінбейді, бірақ оның қоғамдағы мінез-құлқының бағытын анықтайтын жағдайлар әсер етеді. Аталған амал терроризмді анықтайтын белгілі бір әлеуметтік факторлардың рөлі мен әсер ету тетіктерін бағалаудың алуан түрлілігімен сипатталса да, оның пайда болуының әлеуметтік себептерінің анықтаушы мағынасынан туындайды. Әлеуметтік тәсіл адам табиғатын түсіндірудің және терроризм ұғымдарын тұжырымдаудың әртүрлі нұсқалары арасында басым болып келеді.

«Экстремизм» мен «Терроризм» ұғымына, оның шығу тарихына келетін болсақ төмендегідей мәліметтер алуға болады. «Терроризм» сөзінің өзі латынның «terror» деген сөзінен шыққан, қазақша аудармасы «қорқыныш, үрей», «сұмдық» («terroris» - сұмдыққа сендіретін тұлға).

«Терроризм» түсінігін анықтау субъектіге қатысты факторды да қиындатады: кейбір мемлекеттердің өзінің, өз халқының әлемнен жасырын террористік әрекетпен байланыстарына кедергі келтіретін қалыптасқан жағдайлары бар. Діни, мәдени көзқарастардың әртүрлілігінен, сонымен қатар қалыптасқан этникалық нормаларға сәйкес терактіні батылдық деп түсінсе, енді бірі қылмыс деп қарайды. Бұл терроризмге қатынастың әртүрлілігінен белгілі, айқын анықтама қалыптаспағанын дәлелдейді.

Терроризм халықаралық қылмыстардың ішіндегі көптеген мемлекет мүдделерін қозғайтын мәселе, ең бастысы терроризмге біркелкі қарау, онымен күресте халықаралық-құқықтық түсінік қалыптастырып, үйлесімді баға беру маңызды. Терроризм анықтамасын іздеу, оның ерекше жақтарын іздеу болып табылады. Бұл зұлымдықтың пайда болу ерекшелігін және онымен күрестің тиімді жолдарын қарастыру, саяси, халықаралық, құқықтық мәселені шешуге атсалысу, терроризммен күресу үшін біртұтас жүйе қалыптастыру әлемдік саясаттың және адамзаттың борышы.

Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен күнделікті хабардан білетініміздей, террористік актінің қатыгездігінен мыңдаған адамның өмірін алып, мүгедек жасайтын, зардап шеккен бейбіт халықта сан жоқ. Адам көп жиналатын орындарда: мектеп, кафе, магазин, метро, балабақша, театрларда, әкімшілік ғимараттарында, ұшақтарда, қоғамдық көліктерде болатын террористік актілер әлемдік жаңа тәртіпке басқа көзбен қарауға мәжбүрледі.

Адам өмірінің құны, жақын адамдарын жоғалтқан адамның қайғы-қасіреті барлық континентте бірдей қабылданады. Өлімнің қайғысы жас-кәріге қарамайды.

Қазіргі таңда қауіпсіз әлем түсінігі жоқ. Ірі мемлекеттер астаналары, қалалар қауіпті ошақтарға айналуға айналуда. Әрине, бұған өзіне лайықты дер кезінде тойтарыс алмаған тек «терроризм» ғана кінәлі.

1968 жылы 22 шілдеде Палестина Азат Халық майданы мүшесі үш қарулы палестиналық азаматтары «Рим-Тель-Авив» бағытындағы пассажирлік авиалайнерді басып алды. АҚШ (Вашингтон, Колумбия федералды округы) терроризм жөніндегі зерттеу орталығы директорының пікірінше, «ұшақты басып алу халықаралық терроризмнің дәуірі басталғанын» байқатты [1].

Әрине, адамзат тарихында ұшақты ең алғаш басып алу оқиғасы емес, алайда осы терактының айырмашылығы біртұтас мемлекеттің саясатын өзгертуге және әлемдік қоғамдастықтың назарын аудартуға тұрарлық оқиға болды.

Қазіргі таңда неге терроризм адамзат өміріне қауіп төндіретін қатерге айналды? Бұл сұрақтың мәнін осы дәуірден іздеу керек.

Біріншіден, жаһандану дәуірінде ұлттық шекаралар тауар айналымы, ақпарат, адам, капитал үшін өздерінің есіктерін айқара ашты (оның ішінде есірткі саудасы, жұқпалы аурулардың еріктен тыс тарауы т.б.). Өткен дәуірде адамдардың әлеуметтік өмірі, қақтығыстар - ішкі биліктің әлсіздігі деп қаралған.

Жағдайдың осылай өзгеруі бір мемлекеттің бай, екіншісінің кедей болуына да байланысты. Табыстың және өмір сүру деңгейінде әрқашанда айырмашылық болған. Бірақ қазіргі замандағыдай жиі әрі ашық түрде көрсетіліп, көз тартатындай болған емес. Бүгінгі таңда ел арасында басекелестік туындап, тұрғындар арасында қандай жолмен болса да жақсы өмірге ұмтылу байқалады.

Екіншіден, «қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы мен Кеңес Одағының ыдырауы халықаралық қатынастарда жаңа саяси жағдайдың орын алуына алып келді. Халықаралық аренада жаңа субъектілер, қылмыстық автономды ұйымдар және террористік ұйымдар пайда бола бастады. Халықаралық қатынастардың жаңа субъектілеріне топ мүдделері үшін заманауи ақпараттық технологиялар да дамыды.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше терроризмнің қарқынды дамуына әлемдік тәртіптің өтпелі кезеңі әсер етті. Терроризм қандай формада пайда болуына қарамастан алған аумағы теңдесі жоқ, әлеуметтік-саяси және моральдық мәселеге айналды. ХХІ ғасырда мемлекеттер мен азаматтар өміріне қауіп төндіріп, орны толмас саяси, экономикалық, моральдық шығын келтіруде. Терроризм халықаралық, жаһандық мәселеге ие болды.

Қазір ХХ ғасырдың 80-90 жылдары терроризм құбылысқа айналды. Қазіргі таңда бүкіл әлемде терроризмнің жаһандануы, интернационализациялануы орын алуда. Заманауи терроризм психологиялық ауытқуы бар адам ұрлайтын, ұшақ басып алатын жалғыз адам әрекеті ғана емес. Қазір өте күшті, көлеміне сай жабдықталған ұйымдар бар. Мысалы, Ауғанстан, Тәжікстан, Косова, Шешенстан, Ливан үлкен қарулы қақтығыстарда террористер қатысатын жағдайға жеткен. Соңғы жылдары халықаралық терроризмнің мақсаты, формасы өзгерген. 60-70 жылдары Еуропада террористердің әрекетін болжауға болатын және террористер кез-келген жерде әрекет етпейтін. Лаңкестікті ұйымдастыратын террористер терактыні көңілдерінен шықпайтын әлеуметтік топқа немесе т.б. топтарға бағыттайтын. Олар мемлекет шенеуніктеріне, жоғарғы және атқарушы билікке, кәсіпкерлер, көшбасшылар мен террористерге қарсы саяси топтар мен партияларға, шетел азаматтарына бағыттауы мүмкін еді. Мысалы, ХХІ ғасырда С.Г. Нечаев «Катехизис революционері» еңбегінде жоюға тиіс тізім құрастырылатынын, ол хан отбасынан басталып, жоғары лауазымды шенеуніктерге дейін жалғаса беретіндігін атап көрсетеді [2].

Бүгінде жағдай күрт өзгерді. Қазіргі террористер белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін террористік акт жасамайды. Оның мақсаты – қоғамды, халықтың көп бөлігін жою болып табылады. Террористік субъектілер моральдық шектеусіз құрбандарды таңдап жатпай, барынша көп шығынға ұшыратуға тырысады. Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттары неғұрлым үрейлі болса, соғұрлым террористерге ыңғайлы болып келеді. Лаңкестікті ұйымдастыратын және жасайтын террористер таңдаусыз акцияларын жүзеге асыру кезінде (соқыр немесе төте деп

те атайды) өздерінің қауіпсіздігіне баса назар аударады. Оларға жоғары қорғаудағы мемлекеттік шенеуніктерді өлтіргенге қарағанда, акт ұйымдастыруда ыңғайлы жердегі халықты өлтіру ыңғайлырақ. Яғни, жарылғыш затты қойып, қылмыс болған жерден жазасыз қашу ыңғайлы. Бүгінде адамдардың өліміне алып келетін «классикалық терроризмнің» орнына белгілі саяси мақсатқа жету үшін қоғамның назарын аударуға бағытталған жасырын террористік кампаниялар басымдыққа ие. Заманауи террористер жер шарында өздерінің әрекеттерін жасайтын адамдардың тобын (мысалы, діни экстремизмді жақтаушылар), халықаралық терроризм агенттерін жасауға, тіпті террористік акт жасауға итермелейді.

Террористік топтардың біріге іс-әрекет етуі олардың теориялық базасын кеңейтуге жағдай жасайды, терроризмнің трансұлттық сипатқа ие болуына алып келді. Оған дәлел б топтан тұратын ислам сүннет фундаменталистері базасында («Хезболлах», «Ислам Джихад жасағы» «Аль-Акса азап шегушілері» т.б.) құрылған топтар. Мысырда 1979-1980 жылдары «Палестина ислам Джихады» конфедерациясын құрды. Терроризмді пайдалану арқылы Палестина мемлекетін құруға ниеттенген алдыңғы қатарлы ұйымдардың бірі болған. Террористердің белгілі лаңкестік әрекеттерде бірін-бірі қолдайтыны байқалады, 1977 жылы (RAF) Қызыл Әскер Фракция террористік ұйымы Г.Шлейер атақты өндірісшіні ұрлап кетті. Батыс Германияда Штаммхайм абақтысынан өздерінің жақтастарын босатуды талап еткен. Олар сол сәтте палестиналық террористермен өзара байланысып, «Люфтганза» «Боинг-747» Батыс Германия ұшағын басып алды [3].

Терроризм - бұл Қазақстанда әлеуметтік процестердің ажырамас бөлігі, ол ең алдымен саяси мәселелерді шешу үшін қолданылады. Ол әр түрлі діни, саяси, ұлттық қозғалыстардың белгілі бір мүдделерін жүзеге асырудың құралына айналды. Әсіресе, ислам дінінің атын жамылып, экстремизмге таңып отыру саясаты басым болып барады. Алғашқы кезде локальды сипат алған экстремистік құбылыстар қазіргі кезде жаһандық мәселеге айналып кетті. Бүгінгі таңда әлемде орын алып отырған келеңсіз жағдайларға қарамастан, Қазақстан өзін бірқатар жылдар бойы «тыныштық пен тұрақты мемлекет» ретінде танытып келеді. Дегенмен бүгінгі күннің шындығы мәселені басқаша қарауды талап етіп отыр. Өкінішке орай терроризм мен экстремизм қауіпі біздің мемлекетімізді де айналып өтіп кете қойған жоқ. Соңғы жылдарда республикамыздың бірнеше аймақтарында террористік актілер тіркелген. Ресми ұйымдар мен құқық қорғау органдарының, ақпарат құралдарының мәліметтерінен оқып, елімізде террористік және экстремистік топтардың әшкереленіп, құрықталып жатқанын біліп жатамыз. Тәуелсіздік алған тарихымыздан бастап елімізде түбегейлі өзгерістер орын алды. Діни бірлестіктердің саны көбейді, олар біртіндеп қоғамдық санаға әсер ете бастады. Жиі дау-дамайлы жағдайларға себепкер болып отырды. Дәстүрлі діни бірлестіктердің көбеюімен бұрын-соңды Қазақстан халқына таныс емес, жат ұйымдар да өріс ала бастады. Бұл жағдайлардың бәрі әрбір қазақстандық азаматтың санасын өзіне бұру үшін бәсекелестіктің күшейе түсуіне, сол арқылы жанжалдық жағдайдың ушығуына бастама бола бастады.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда орын алған оқиғалар - 2011 жылдың ақпан айында Ақтөбе қалалық түрмесінің жанында, мамыр айында осы қалада Ұлттық қауіпсіздік комитеті қасында, мамырдың соңында Астанада, маусымның аяғында Ақтөбе облысы Шұбаршы ауылында, қазанның соңында Атыраудағы жарылыстар, қарашадағы Тараздағы жағдай, желтоқсандағы Алматы облысы Боралдайдағы және Алматының Ақсай шатқалындағы, Тау самалы ауылындағы, Алматы қаласындағы «Ахсель кент» шағын ауданындағы елді дүрліктірген оқиғалар елімізде экстремизм мен терроризмге қарсы нақты шаралар жүзеге асырудың қажет екендігін көрсетті. Алдымен экстремизм мен терроризмнің элементтерін анықтап, оның алдын алу жөнінде заңдылық және ұйымдық мәселелер бойынша бірқатар жұмыстар жасалып, қоғамымызды террористік жағдайлардан сақтау мақсатында 2013 жылы 24 қыркүйекте «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарлама» қабылданды [4].

Соңғы жылдары қабылданған және жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан экстремистер мен террористердің іс-әрекеттері ұйымдасқан түрде болып, олардың қатарларына деструктивтік

күштердің араласуымен жаңа адамдар, әсіресе жастар қосылуда. 2016 жылғы Ақтөбе қаласындағы 16-28 жастағы жас жігіттермен Алматы қаласында лаңкес Р. Кулекбаевтың ішкі істер бөліміне және көшеде қызметтерін атқарып жүрген полицейлерге жасалған шабуылының нәтижесінде қаншама жазықсыз жандардың опат болғаны елді қатты дүрліктірмей қоймады. Бұл қанды оқиғалар мен қасіретті жағдайлар мемлекетіміз тарапынан экстремизм мен терроризмге деген көзқарасты толықтай өзгертіп, үкімет пен құқық қорғау органдарының алдына елде қоғамдық тәртіпті сақтау, адамдарды террористік әрекеттерден қорғауда қатаң шаралар ұйымдастыруды талап етуде.

2015 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Үкіметке менің әкімшілігіммен бірлесіп діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырамын» деген болатын. Елбасының осы тапсырмасын орындау мақсатында соңғы Ақтөбе мен Алматы оқиғалары қатты алаңдаушылық туғызғаннан кейін Қазақстан Республикасының Мәжілісі 5 қазандағы өзінің кезекті отырысында мемлекетіміздің кейбір заңнамалық актілеріне экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қоғам назарын өзіне аударған заң жобасын қарады.

Бүгінде халықаралық терроризм қағидатты тұрғыдан жаңа сапаға ие болып отыр. Өздерінің сұмдық әрекеттерін дінмен жамылған лаңкестер жекелеген актілерден бүкіл адамзатқа қарсы кең ауқымды агрессия сипатына ие болды. Дін терроризм мен экстремизмге түпкілікті қарсы. Ислам діні адамзатқа түрлі халықтар арасында тыныштық, бірлік, ынтымақ қалыптастыру мақсатында түсірілген. Ислам діни өзімшілдікке жол бермейді, Алланың алдында барлық адам тең. Тәңірі басқаларға ісімен де, тілімен де, зарар, зиян келтіруден тыйып, адамдарды мәмле мен жарастықта, тату ғұмыр кешуге, бір - бірін қуаттап, қолдауға үндейді. Ислам соғысқа, қан төгіске шектеу қойған. Ол террорға, зорлықзомбылыққа, бейбіт жандарға күш қолдануға қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ислам атымен сандаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатады. Жалпы террордың ұлты да, діні де жоқ. Ислам дінінің терроризм және экстремизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Зұлымдық пен жанкештілікке тек діни сауаты жоқ адамдар барады. Олар әлдекімнің «мынаны өлтіру керек», «ананы жару керек» дегендерін орындаумен жүргендер. Дінде адам өлтіру арқылы ізгі мақсатқа қол жеткізу деген ұғым мүлдем жоқ.

2016 жылы 6 қазанда Мәскеу қаласында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Дін терроризмге қарсы» деп аталатын халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. «Осы қасіретпен күрес бүкіл әлемдік қоғамдастықтың ісі. Терроризмге қарсы тұру жауапкершілігін өзіне, бірінші кезекте, қоғамдастықтың аса көрнекті және ықпалды өкілдері, дін қайраткерлері, парламентарийлері алулары тиіс. Өкінішке орай, аталған проблеманы біржақты және кең ауқымды шешудің жолы әлі ойлап табылған жоқ. Сондықтан осы жаһандық қатерге лайықты жауап іздеуде бірлескен күш-жігерді өрістетете түсу қажет. «Дін терроризмге қарсы» конференциясы саяси және діни қайраткерлер үнқатысуын дамытуға соны серпін береді деп есептеймін», - деді Н. Ә. Назарбаев конференцияға қатысушыларға арналған құттықтау сөзінде. Елбасы айтқандай өкінішке қарай бұл қасіретпен күресті біржақты және кең ауқымды шешудің жолы әзірше ойлап табыла қойған жоқ сияқты. Сондықтан осы жаһандық қатерге лайықты жауап іздеуде мемлекетаралық күш-жігерді өрістетете түсумен қатар, біздер де халық болып, ұжым болып күресуіміз керек деп ойлаймын. Террористік актілерді ұйымдастырушылар әлеуметтік желілерді қолданып, өздерінің жақтаушыларын іздейді және лаңкестік әрекеттерді жасауда қолда бар құралдардың кез келгенін қолдануды үгіттеуде. Олай болса, бізде экстремизм және терроризммен күрестің бірден бір жолы – олар туралы уақтылы мәлімет беріп, жастарымыздың рухани дүниелерін қажетті құндылықтармен сусындатып, «теріс пиғылда» жүргендерге еріп, радикалданудан сақтауда қолда бар барлық мүмкіншіліктерімізді пайдаланайық. Жеңістің бірлікте екенін үнемі есте ұстайық.

**Әдебиет**

1. Дершовиц А. Почему терроризм действует: - М:ГОССПЭН. - 2005. – 40 с.
2. Будницкий О.В. История терроризма в России. - Ростов-на Дону: Феникс. - 1996. -51-52 стр.
- 3.Путулин Б.Г., Шлятунов А.Г. Терроризм чума XXI века. – М: 2003. – 45 стр.
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648>, [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)

УДК 8

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ  
ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛУ КӨЗДЕРІ**

**Молдажан А.Е.**

Ғылыми жетекші ф.ғ.д. Загидуллина А.А.  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және  
әлем тілдері университеті  
Алматы қаласы  
[aisulu.moldazhan@gmail.com](mailto:aisulu.moldazhan@gmail.com)

**Андапта.** Бұл мақаланың мақсаты – жалпы фэнтези жанрының пайда болу көздерін зерттеу. Осы мақсатта мақалада аңыз, мифология, ертегі және ғылыми фантастика сияқты жанрлар фэнтези жанрымен салыстыра қарастрылған. Фэнтези жанры жоғарыда аталған жанрлармен байланысты, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар болып табылады.

**Түйін сөздер:** мифология, аңыз, ертегі, ғылыми фантастика.

**THE ORIGIN AND SOURCES OF THE MODERN FANTASY GENRE**

**Moldazhan A.E.**

The scientific supervisor is Doctor of philology Zagidullina A. A.  
Kazakh Ablai Khan University of international relations and  
world languages  
Almaty city  
[aisulu.moldazhan@gmail.com](mailto:aisulu.moldazhan@gmail.com)

**Abstract.** The purpose of this article is to study the sources of the emergence of the fantasy genre. For this purpose, the article presents such genres as legend, mythology, fairy tale and science fiction. The fantasy genre is related to the above mentioned genres, however it also has its own distinctive features.

**Key words:** fantasy, legend, mythology, fairy tale, science fiction.

Әдеби зерттеулерде фэнтези жанрына қатысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір жағдайларда олардың мазмұнында белгілі бір ұқсастықтары бақыланып жатса, ал басқаларында қарама-қайшы сипаттамаларға ие болып жатады.

Қазір фэнтези жанрын зерттеу зерттеушілер үшін үлкен әдеби зерттеу аймағы болып отыр. Фэнтези жанрының танымдық, лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени компоненттері сияқты аспектілері зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Осы жанрда маңызды мәселе - шындық әлемі мен қиял әлемі арасындағы байланыс екені анық. Мұндай шығармаларда уақыт пен кеңістіктің бірлігі, хронология, тірі және жансыз заттар арасындағы және өмір мен өлім арасындағы айқын айырмашылықтар сақталмайды [1].

Фэнтези әдебиеті негізінен қиял әлемін құру мақсатында ежелгі тарихи мысалдарға жүгініп, осы әлемнің білгілі бір элементтерін алу арқылы өткен оқиғалардан шабыт ала отырып жазылады. Фэнтези романдары, мысалы, Дж. Р. Р. Толкина және Дж. К. Роулингтің еңбектерінде ертегі, аңыз, миф сияқты жанрлармен көп ұқсастықтарын байқауға болады. Фэнтези романдарында тек эльфтер мен періштелер ғана емес, сиқыршыларды, гномдарды, айдаһарларды, тролльдерді немесе алыптар да кездеседі; мифтік тіршілік иелері, сыйқырланған ажалсыз адамдар, сонымен қатар табиғат пен пейзаждың, судың, тастың, күннің сиқыры да фэнтези әлемінде орын алады. Фэнтези - бұл осы әлемге жетіспейтін құпиялар, шытырман оқиғалар мен қызықты, кейде осы әлемнің құбылыстарынан өзгеше құбылыстардың орыны болып табылады [2].

“Фэнтези” термині адам өмір сүретін шындық әлемінен өзгеше әлемдерді білдіретін кез-келген әдебиетке қатысты қолданылған. Дәл осындай ерекшеліктерді ертегі, аңыз, миф және ғылыми-фантастикалық әлем сияқты жанрларға да тән [3].

Аңыз адам сөйлей бастаған кезде-ақ пайда болды. Аңыз, мақал-мәтел сияқты, сенімге негізделген ауызша әңгіме. Бірақ дәстүрлі мақал-мәтелден айырмашылығы, аңыздың негізгі мазмұны ғажап оқиғаға негізделген. Әрине, мақал-мәтелдердеде ғажайып оқиғаның элементтері бар. Алайда, мұнда ол әрқашан көмекші функцияны орындайды, мазмұнның негізін құрмайды. Аңызда ғажайып, керемет әңгіменің ортасында ұйытқы болып орналасады, әдетте ғажайып әңгіменің құрылымын, бейнелер мен бейнелеу құралдарының жүйесін анықтайды.

Аңыз - көркем, поэтикалық түрде баяндалған кез-келген тарихи оқиға туралы айтылады. Егер біз аңыз ұғымын кеңірек қарастыратын болсақ, онда бұл ғажайыптығы бар фольклорлық шығарма деп айтуға болады, бірақ соған қарамастан ол шындық ретінде қабылданады [4].

Аңыз бойынша адамдар кез-келген түсініксіз құбылыстарды түсіндіруге тырысты. Мысалы ретінде қазақтың Самұрық немесе Бәйтерек туралы аңыздарын алсақ болады. Аңыз әрқашан белгілі бір сенімнің немесе белгілі бір сенім жиынтығының призмасы арқылы шындықты көрсетеді. Аңыздың маңызды әлеуметтік функциясы- ғажайып туралы айту арқылы сенімді нығайту. Ғажайып Құдайдың күштерінің әрекеттерінен бастап, мысалы, халыққа жақстасатын сиқыршылардың жақсылығы және үй рухтарының қулықтарына дейін әр түрлі көріністерге ие болуы мүмкін. Егер аңызда су немесе су перісі, періштелер немесе шайтан туралы айтылған болса, онда айтушы бұл кейіпкерлердің айналасындағы әлемде бар екеніне күмәнданбаған Сенімнің күмәнсіздігі сақталғанша, аңыздар өмір сүруді жалғастырады. Сенім жоғалғаннан кейін аңыздар өмір сүруді тоқтатады немесе өз функцияларын өзгертеді және ойын-сауық әңгімелері ретінде қабылданады.

Әдеби аңыздың тұрақты белгілеріне мыналар жатады:

- әңгіменің модальділігі. Барлық аңыздарда баяндаушы оқиғалардың шынайылығы туралы түсінік береді, олардың түпнұсқалығына сенімділік немесе күмән келтірмейді;
- орталық кейіпкер мен ерекше күштер (Ібіліс, тағдыр, дәстүр) арасындағы қарама-қайшылыққа негізделген баяндаудың негізгі оқиғасы);
- басты кейіпкер бейнесіндегі кез-келген ерекшеліктің шамадан тыс болуы: Сұлулық, батылдық, ұқыпсыздық, мақтаныш;
- композиция негізгі элементтерінің бірі ретінде «тыйымды» бұзу (түйін немесе шарықтау шегі)келеді. Тыйым моральдық-этикалық норма, ата-бабалар туралы білім туралы болуы мүмкін. Тыйымды бұзудың әртүрлі салдары болуы мүмкін – кейіпкердің өлімі мен ақылсыздығынан, оның бір мезетте байып кетуіне дейін;
- ғажайып элементінің болуы және кейіпкердің басқа әлеммен байланысы, кеңістіктік оппозиция «өзінікі – бөтен «;
- көркем-әдеби кеңістіктің әртүрлі уақыт кезеңдерін шоғырландыру қабілеті;
- фольклорлық дәстүрмен байланысты күнделікті уақыттың маңыздылығын көрсетеді.

Шешуші оқиғалар түнде болады.

Аңыздың өзгермелі белгілеріне мыналар жатады:

- әңгімелеу режимі (драмалық, күлкілі, ирониялық);
- тарихи уақыттың, іс-әрекет орнының, атаулардың дәлдік дәрежесі;
- претекстке жүгіну (декларацияланатын немесе шын);
- фольклорлық немесе діни аңыздың стилизация элементтерінің болуы.

Кесте 1. Аңыз бен Фэнтезидің айырмашылығы

Аңыз	Фэнтези
Оқиғаның сенімділігіне сендіреді және нақты адамдар бастан кешкендері туралы айтады	Ғажайыптың бар екеніне немесе болашақта бұл керемет болуы мүмкін екеніне сендіреді.
Сенім арқылы шындықты көрсетеді	Өткеннен шабыт алған ойдан шығарылған шындықты көрсетеді

<p>Іс-әрекет орны табиғи және қалалық контексте дәл көрсетілген  <b>“Сан Франциско шығанағының солтүстік жағалауында, алтын қақпа Тынық мұхитына ашылатын жерде орналасқан”</b></p>	<p>Әрекет орны дәл көрсетілген, бірақ параллель немесе ойдан шығарылған әлемде көрсетіледі.                  Британдық жазушы Дж. К. Роулинг Гарри Поттердің фантастикалық романдар сериясына екі түрлі қоғам кіреді: <b>сиқыршылар әлемі</b>(автордың параллель және қиял әлемі ) және <b>маглдар әлемі</b>(адамдардың шынайы әлемі). Романдарда маглдар әлемі - бұл сиқырлы емес көпшілік өмір сүретін әлем және онымен бірге сиқырлы әлем бір уақытта өмір сүреді, дегенмен көбінесе сиқыршылар емес адамдардан жасырын қалады.</p>
<p><b>Аңыздың орны</b> бөтен және дұшпандық, өркениетті әлемге қарама-қайшы болуы мүмкін</p>	<p><b>Фэнтезидің орны</b> - сиқыршыларды түсінігіндегі шынайы әлем, шынайы әлемнен жақсырақ, өмірден тыс әлем</p>

Кесте 2. Фэнтези мен аңыздың ұқсастығы

Аңыз	Фэнтези
<p>Фабульдік баяндау, яғни басты кейіпкер мен тағдыр арасындағы шайқас, содан кейін дәстүрлермен және соңында дұшпандық күштермен күрес ретінде көрініс табады</p>	<p>Фэнтези жанрында да аңыздың аталған қасиетін байқауға болады, мысалы: Гарри Поттер романдарында басты кейіпкер алдымен тағдырмен күреседі (ата-анасы қайтыс болуы), содан кейін қалыптасқан дәстүрлермен күрес (асырап алған ата-аналары басты кейіпкердің іс-әрекеттеріне, оның сиқырлы мектептегі біліміне қарсы болуы ) және соңында Волен-Де-Мортпен(зұлым күш) шайқасты атап айтуға болады</p>
<p>Қандайда бір тыйымды бұзу, оқығаның басталуының бастапқы нүктесі ретінде</p>	<p>Осындай белгіні, яғни тыйымды бұзуды фэнтезиден де көруге болады, мысалы, Гарри Поттер романдарының бірінші бөлімінің басында Гарри Поттердің анасы туралы сөйлесуге және Поттер фамилиясын айтуға тыйым салынды, бірақ бүкіл оқиға осы есімдерді айтудан басталады, яғни тыйымның бұзылуы орын алады.</p>
<p>Фольклорлық дәстүрді білдіретін тәулік уақыты ерекше атап өтіледі. Әдетте шешуші оқиғалар түнде орын алады.</p>	<p>Фэнтезиде тәуліктік уақыттың мәні де өте маңызды, мысалы, Гарри Поттерді анасының сіндісінің үйінде қалдыру сияқты шешуші оқиғалар түнде болады, яғни ең маңызды оқиғалар көбінесе түнде болып жатады.</p>
<p>Басты кейіпкер бейнесіндегі кез-келген белгінің шамадан тыс болуы: сюжеттің баяндалуында кездесетін сұлулық, батылдық, ұқыпсыздық, мақтаныш сияқты қасиеттер.</p>	<p>Айқын бір белгінің шамадан тыс болуы фэнтези романдарында да кездеседі. Мысалы, Гарри Поттер романдарында басты кейіпкер шамадан тыс батылдыққа, мақтанышқа, күшке ие .</p>

Ертегінің фэнтези әңгімелеріне әсері айтарлықтай зор (екінші әлем қиялдың көмегімен жасалады), бірақ екінші әлем міндетті түрде нақты немесе осы әлемде болады. Фэнтези жанры оқырманға әсер етуде бірқатар ертегі функцияларын өз бойына алады: а) жан тепе-теңдігіне, ішкі әлем мен үйлесімділікке қол жеткізу; б) эскапизм; в) бейнелі және дерексіз ойлауды дамыту; г) әртүрлі халықтардың тарихи тәжірибесін қабылдау; д) сыртқы әлемнің анықтығын сезіну деген сияқты. Ертегі авторына қарағанда, фэнтези жанрының авторы барлық әңгіменің баяндалуын шындыққа айналдыруға тырысады.

Фэнтези шығармаларында сипатталғанның барлығының шындығының дәлелі ретінде мұнда: қияли әлемнің әртүрлі тайпаларының атаулары және оның тұрғындарының тілдері; оқиғалардың нақты күндері мен реттілігі; ұрпақтардың егжей-тегжейлі шежіресі; әр түрлі халықтарға арналған хронология мен күнтізбелер жүйесі; белгілі бір заттар мен оқиғалардың анық сипаттамалары; архетиптерге немесе негізгі архетиптік бейнелерге сілтемелер болады. Алайда, ғылыми фантастика немесе ертегілермен салыстырғанда, фэнтези жанры қазіргі әлемді түсіндіруге тырыспайды. Керісінше, ол өзінің жалған, идеалды әлемін ашады, оның орналасқан

жері ешқашан нақты көрсетілмейді: ол параллель ғаламда , басқа галактикада және т.б. жерлерде болуы мүмкін. Фэнтези жанрының өз әлемі бар екендігі осы жанрды ел арасында танымал етті деп айтуға болады. Сонымен қатар, фэнтези жанрында айдаһарлар, сиқыршылар, гриффиндер, эльфтер, горгульдер және т.б. сияқты мифтік тіршілік иелері басым кездеседі. Олар, өз кезегінде, әрдайым дерлік сюжеттің ары қарай дамуында шешуші рөл атқарады.Ертегіде де сиқыршылар бар, бірақ фэнтезиден айырмашылығы, олар көбінесе ерекше сиқырлы қабілеттері бар адамдар немесе жай ғана ақылды адамдар ( ақылды қарт және т.б.) сиқыршы бола алады.

Кесте 3.Ертегі мен фэнтези жанрының салыстырмалы кестесі

Ертегі	Қиял-ғажайып
фольклорлық шығарма	белгілі бір автордың жұмысы
Ерекше өз тілі бар	ертегінің тілі мен стиліне ұқсас болып келеді
шындықты түсінеді және қабылдай алады, ежелгі білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.	болашақ әлемінде немесе параллель әлемде қазіргі әлемнің мәселелерін шешуге тырысады.
құрлымы айқын екі бөліктен тұрады (адамдар әлемі және басқа әлемдер)	құрлымы нақты үш бөліктен тұрады (күдайлар әлемі-адамдар әлемі-жер асты әлемі)
кейіпкерлері -Ханзада, Ханшайым, Патша және Патшайым	кейіпкерлері – батырлар немесе мистикалық тіршілік иелері
Жақсы мен жаманға анық бөліну, жақсы жақ әрқашан жеңімпаз болып отырады.	Жақсы мен жаманға анық бөлінбейді, әрқашан баланс болады, жақсылық әрқашан жамандықты жеңе бермейді.
Әңгіменің соңы басын оқығаннан бастап ақ, әрқашан анық	Әңгіменің соңы әрқашан басын оқығанда анықтала бермейді.

Высочайший патриотизм и храбрость проявили казахи на фронтах Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Не могу не привести хрестоматийные данные о подвиге казахстанцев в борьбе с фашизмом. За героизм, проявленный на фронтах Великой Отечественной войны, боевыми орденами и медалями СССР были награждены сотни тысяч воинов из Казахстана, в том числе 96 638 казахов. 497 человек (в том числе 98 казахов) удостоены звания Героя Советского Союза. Среди них казахские девушки - пулемётчица М. Маметова, снайпер А. Молдагулова. Казахские лётчики Т. Я. Бигельдинов, Л. И. Беда И. Ф. Павлов, С.Д. Луганский дважды стали Героями Советского Союза [15].

Все участники Великой Отечественной войны в моем понимании герои. Только благодаря массовому героизму советских людей на фронтах и в тылу была достигнута победа.

Как одно из научных направлений исторической науки сегодня является написание истории страны, опираясь на историческую память народа. Считаю, что боевое прошлое

комиссара - артиллериста Дюсебаева Каратай имеет право быть вписанным в историю Великой Отечественной войны, как образец героизма и патриотизма.

Уроженец Павлодарской области 1913 г. рождения Дюсебаев Каратай был в преддверии войны в мае 1941 г. отправлен в Горьковскую область на курсы политработников. По окончании курсов в декабре 1941 г. он ушел на фронт в качестве комиссара штабной батареи 134 стрелковой дивизии 41 армии Калининского фронта под командованием И.С.Конева в самое пекло военных действий.

Комиссар Дюсебаев Каратай (1941-1942 гг.)



Основной задачей 41-й армии, входившей в состав Калининского фронта, было не допустить наступление противника к северу и северо-востоку от г. Белый и лишить его возможности угрожать тылам 39-й армии. Командующий фронтом И.С. Конев в своих воспоминаниях отмечает особую роль артиллерии, которая в условиях нехватки вооружения и общей неслаженности в начале войны подготавливала для вступающих в бой военных подразделений условия массированной артподготовки. «Войска нашего фронта сковали мощную левофланговую группировку немецко-фашистской группы армии «Центр», ослабив ее удар на Москву. Образно говоря, ухватившись за гигантскую левую клешню напалзающего гитлеровского рака, мы сделали все, чтобы она не сомкнулась с его правой клешней где-то

восточнее Москвы» [16].

В марте 1943 г. пополненные войска армии приняли участие в Ржевско-Вяземской операции 1943 года, в ходе которой был ликвидирован Ржевско-Вяземский плацдарм немецких войск.

В этот тяжелый период войны надо было поднимать боевой дух солдат и офицеров словом, поскольку имели место панические настроения в армии, проявления идеологической нестойкости и даже добровольная сдача в плен гитлеровцам. Учитывая эти обстоятельства 28 июня 1942 г. Верховный Главнокомандующий И.В. Сталин издал приказ за № 227 «О мерах по укреплению дисциплины и порядка в Красной Армии и запрещении самовольного отхода с боевых позиций», который был прозван в армии «Ни шагу назад!» [17].

И в беспрекословном исполнении этого приказа была велика роль комиссаров. Как свидетельствовали очевидцы, их политический уровень был выше, они могли самостоятельно решать чисто боевые задачи, могли встать на место командира в случае необходимости. Об этом свидетельствует письмо боевого товарища К. Дюсебаева Г.И. Богуславского от 12 декабря 1977 г. Он писал: «Таких политруков, которые нас воодушевляли на смертельный бой с фашистами, мы и наши потомки будем всегда с величайшей благодарностью не только помнить, но и брать на вооружение пример их верности народу. Я благодарю судьбу, что посчастливилось быть рядом с вами и под вашим началом воевать на переднем крае» [18].

К. Дюсебаев прошел всю войну в должности политработника. После краткосрочных курсов в академии имени Ф.Э. Дзержинского, который тогда в эвакуации находился в г. Самарканд УзССР, его направили на должность заместителя командира по политической части 1 дивизиона 36 артполка 53 дивизии 2-го Украинского фронта, в составе которого он воевал до конца войны.

Однополчанин И.М. Пимаков в письме к семье К. Дюсебаева вспоминал, как замполит Каратай Дюсебаев словом и делом вел их на врага, как в сложнейших боевых условиях вдохновлял товарищей на выполнение задания [19].

Он прошел войну от битвы за Москву, в рядах Калининского фронта, участвуя в боевых действиях через всю захваченную фашистами территорию СССР в составе 2 Украинского фронта и внес свой достойный вклад в победу над врагом. Войска 2-го Украинского фронта освободив советскую Украину вышли в Восточную Европу, разгромив в ходе Дебреценской операции немецкую армию «ЮГ» и освободили Румынию, ее столицу г. Будапешт.

В апреле-мае 1945 г. войска 2 Украинского фронта освободили Венгрию, значительную часть Чехословакии, восточные районы Австрии. Все воины Советской Армии тогда хотели участвовать в штурме Берлина, однако воинские подразделения, где воевал уже капитан Дюсебаев, направили участвовать в Пражской операции, в ходе которой был завершён разгром германских войск. Прага, как известно, была освобождена от фашистов 9 мая 1945 г. 10 мая 1945 г. произошла встреча с американскими войсками в районах Писек и Ческе-Будевице.

В наградном листе за Орден Великой Отечественной войны II степени написано: «25 марта 1944 г. капитан Дюсебаев К. лично вел огонь из орудия по батарее противника. В результате немецкая артиллерия была разбита. 26 марта 1944 г. в момент форсирования реки Южный Буг у деревни Мигия было приказано выкатить орудие на прямую наводку. Дюсебаев лично стрелял из орудия прямой наводкой, и батарея была уничтожена» [20].

Осенью 1944 г. шли бои за освобождение Венгрии. Севернее г. Сегед советские войска переправились через реку Тисса и развернули бои за расширение плацдарма на западном берегу. Все попытки немцев отбросить наступавших советских воинов не увенчались успехом.

Из наградного листа следует - политруку Дюсебаеву К. была поставлена задача – провести беседу с бойцами расчетов и орудий, поднять их дух перед наступлением. В момент беседы на переднем крае появились немецкие танки и пехота. Имея превосходство, враг стал теснить ряды наших бойцов. Капитан Дюсебаев собрал вокруг себя бойцов и повел их в контратаку. В результате фашисты понесли большие потери и вражеская атака была отбита. Учитывая особую важность подвига при удержании плацдарма, как сказано в наградном листе приказом от 8 ноября 1944 г. капитана Дюсебаева К. наградили орденом Боевого Красного Знамени [21].

За проявленную храбрость, самоотверженность и мужество в сражениях с гитлеровцами К. Дюсебаев был награжден орденами Великой Отечественной войны 2-й степени, Боевого Красного Знамени, медалями «За взятие Вены», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.». Войну К. Дюсебаев закончил в звании майора. Демобилизовался в 1946 г.

Майор Дюсебаев Каратай (после войны)

После войны закончив Высшую партийную школу при ЦК ВКП(б) в г. Москве, работал на руководящих постах в г. Павлодаре и Павлодарской области в советской и партийной системе. За трудовые заслуги был награжден орденом Трудового Красного знамени и медалями СССР. Умер в 1978 г. в возрасте 65 лет.

Знать и помнить подвиги наших отцов и дедов является святым долгом потомков, история подвига наших предков защитивших свою Родину от иностранной интервенции и их ратный труд на благо своего народа должен навсегда остаться в истории страны. У нас есть благодатный материал для патриотического воспитания подрастающего поколения.

В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Ел басы Н.А. Назарбаев акцентировал внимание на вопросах патриотизма в процессе модернизации общественного сознания. «Воспитание патриотизма начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, региону, с любви к малой родине. Поэтому я предлагаю программу «Туған жер», которая легко перейдет в более широкую установку – «Туған ел» [22].

Думается изучение истории родного края должна носить личностный характер ибо герои вышедшие из гущи народа сохранили в веках нашу Казихию.



#### Литература

1. Казахские батыры – герои войны с джунгарами // <https://www.nur.kz/1655657>.
2. Сырым Датов // <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12625>.
3. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т.2, 3. – Алматы: Атамұра, 2010.

4. Среднеазиатское восстание 1916 г. // <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
5. Антисоветское выступления сарбазов // <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
6. Рақышев Е. Документальный фильм «Темір нарком Темірбек» // <https://www.youtube.com/watch?v=TY--3FcvJI8>
7. Целиноградские события 1979 г. // [http://bibliotekar.kz/istoriki\\_kazahstana](http://bibliotekar.kz/istoriki_kazahstana).
- 8-9. Казахские восстания / <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
10. Абдурасулов А. Корреспондент Би-би-си в Центральной Азии. Страх перед Китаем вывел людей в Казахстане на улицы // BBC NEWS – Русская служба. / <https://www.bbc.com/russian/international>.
11. О введении моратория на применение отдельных норм Земельного Кодекса // <https://adilet.zan.kz/rus/docs>.
12. Казахстан должен Китаю 11 млрд \$, но не находится в «красной зоне» // Международные новости, 24.11. 2019 // <https://kazvedomosti.kz>.
13. Әуезов М.М. Қытай Қазақстанды ақшамен сатып алмақ // [www.facebook.com/janbolatmamay/videos/479409796438689](http://www.facebook.com/janbolatmamay/videos/479409796438689).
14. Казахстан // <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
15. Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Т. III. // Казахстан. Национальная энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
16. Конев И.С. Записки командующего фронтом // <http://www.booksite.ru/konev>.
17. Приказ №227 // <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
18. Из письма однополчанина полковника Г.И. Богуславского.
19. Из письма однополчанина И.М. Пимакова.
20. Выписка из листка награждения личного дела Дюсебаева К. Выдано архивом Советской армии, г. Подольск.
21. Выписка из листка награждения личного дела Дюсебаева К. Выдано архивом Советской армии, г. Подольск.
22. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // Казахстанская правда. – 2018. – 13.04.

ӨОЖ 91(574)

## ЭТНОСАРАЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ САҚТАЛУЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КЕПІЛДІГІ

**Майлыбаева Н.З.**

Жоғарғы санатты тарих пәні мұғалімі  
Жамбыл атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,  
Қазығұрт ауданы, Түркістан облысы

**Андатпа.** Мақалада еліміздің ұлттық саясаты мен Түркістан облысы, Қазығұрт ауданындағы этносаралық қатынастар айтылады. Қазақстан халықтарының ұлтаралық қатынастарын Қазақстан Халқы Ассамблеясы ұлтаралық қатынастарды зерттейтін талдау орталығы ретінде де жұмыстар атқаруда. Бүгінгі күні консультативті орган болып отырған Ассамблея тек Республика орталығында ғана емес әрбір облыс орталығында, аудандарда халықтар достығы орталықтары жұмыс істеп ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастырып дамытуда. Сондай-ақ біздің Түркістан облысындағы Қазығұрт ауданы көп ұлтты ауданның бірі, онда 160092 халық тұратын болса, оның 99818 қазақтар, 5559 өзбектер, 360 орыстар, 1 әзербайжан, 230 татар, 25 түрік, 6 кәріс, 3 украйын, 20 курді, 55 неміс, 138 ұйғыр, 130 парсы, 19 шешен, 33 қырғыз және 57 басқа ұлт өкілдерінен тұрады. Мемлекетіміздің сарабал саясатының арқасында тату-тәтті өмір сүріп отырған бұл ұлт өкілдерінің тарихын, мәдениетін жастарымызға үйрету мен ұлттар достығы рухында тәрбиелеу барысы баяндалған. . Еліміздегі этностар өмірінің сан алуан қырлары мен салт-дәстүрлерін насихаттауда Республикамызда 11 ұлттық газет, өзге ұлттардың жинақы тұратын аймақтарында 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар тарататын радиостудия жұмыс істейтіні айтылған.

**Түйін сөздер:** Ассамблея, саясат, концептуал, идеология, диоспора, конфессия, этнос.

**PRESERVATION OF INTERETHNIC TRADITIONS AND CUSTOMS IS A GUARANTEE OF  
COOPERATION BETWEEN THE PEOPLES OF KAZAKHSTAN**

**Mailybayeva N.Z.**

History teacher of the highest category  
General secondary school named after Zhambyl,  
Kazygurt district, Turkestan region

**Abstract.** The article examines the national policy of the country and interethnic relations in the Kazygurt district of the Turkestan region. The Assembly of the People of Kazakhstan also acts as an analytical center for the study of interethnic relations. Today the Assembly, being an advisory body, forms and develops the culture of interethnic relations not only in the center of the republic, but also in all regional centers and districts. Kazygurt district of our Turkestan region is one of the multinational districts with a population of 160,092 people, including 99,818 Kazakhs, 5559 Uzbeks, 360 Russians, 1 Azerbaijani, 230 Tatars, 25 Turks, 6 Koreans, 3 Ukrainians, 20 Kurds, 55 Germans. consists of 138 Uighurs, 130 Persians, 19 Chechens, 33 Kyrgyz and 57 other nationalities. It describes the process of teaching our youth the history and culture of this people living in the world thanks to the reasonable policy of our state, and educating them in the spirit of friendship between peoples. ... The country has 11 national newspapers, 44 TV studios broadcasting in 12 languages, and 6 radio stations broadcasting in 6 languages

**Key words:** Assembly, sayasat, conceptual, ideology, diospore, confession, ethnos.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне де 30 жыл толуына санаулы күндер қалды. Тарихи уақытпен есептесек аз ғана уақыт, ал адам жасымен есептесек бұл толқындық кезең. Өте қысқа бұл уақытта еліміз ғасырда істелінетін ұлы істерді еңсеріп әлемді өзіне тәнті етті. Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық үшін сарабал саясат ұстанды. Еліміздің ұлттық саясатында концептуалдық, идеологиялық негіз қаланды. Қазақстан көп ұлтты ел болғандықтан мемлекеттің болашағы тікелей қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлттардың болашағы болмақ. Сондықтан да Тәуелсіздігімізді жария еткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңында «қазақ халқының тарихи тағдыры біріктірген республиканың барлық азаматтары біртұтас Қазақстан халқын құрайды және ұлтына қарамай барлығы тең құқыққа ие» делінген. Бұл еліміздің өзгермес қағидасына айналды. Ұлттардың тату-тәтті өмір сүруі үшін Елбасымыз өзінің еңбек еткен жылдарында бұл қағидадан бірде-бір рет айнымады, сонымен бірге біздің елдің тәжірибесі әлемдегі басқа елдердің бірде-біріне ұқсамастай болып қалыптасты. Оның алғашқы бастамасы 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының I форумында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру ұсынысынан өрбіді. Құрылған Ассамблеяның міндеті Қазақстанда бір ұлт жасау емес (ұлт қолдан немесе бір адамның идеясы арқылы жасалынбайды, ұлт болып қалыптасу көптеген факторлар мен ұзақ тарихи процестер арқылы қалыптасады), түрлі кезеңдер мен әртүрлі тарихи теперіштер арқылы Қазақстанға қоныс аударған ұлттардың ендігі дамуын баянды ету еді. Әр этностың рухани сұраныстарын қанағаттандыру, тілін, дінін, мәдениетін, дәстүрін, әдеп-ғұрпын жоғалтпай дамытуға қамқорлық жасау, әртүрлі ұлт өкілдерін өзара жақындастыру, ұлттардың достығына дәнекер болу Ассамблеяның негізгі мақсаты болып айқындалды. 1995 жылы 1 наурызда құрылған бұл ұйымның бүгінде 360 – тан аса мүшесі бар. Қазақстан халқы Ассамблеясын құрған Елбасымыз бүгінгі таңда сол ұйымға төрағалық етуде. Ұйым Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасып көптеген жұмыстар атқаруда.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтарына Жолдауында Қазақстан Халықтары ролін нығайтуға байланысты «Қоғамдық келісімді және тұрақтылықты одан әрі қарай нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының ролін арттыру» мәселесіне айрықша тоқталды. Президентіміз «Қазақ тілі» қоғамының жиынында (1992ж) «...Республика Президенті ретінде мені ұлттық бірліктің жайы кәдімгідей алаңдатып отыр» -деп көп ұлтты еліміздің ұлт саясатына деген өз әбігерін де жасырған жоқ. Тәуелсіздікті қолға түсіргеннен де оны баянды етіп ұстап қалу қиын деген тарихи қисын бар. Елбасымыз тәуелсіздігіміз баянды болу үшін қоғамдағы азаматтық

ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс жүргізіп, түрлі ұлттар мен этностардың рухани мәдениетіне құрметпен қарап этносаралық және конфессияаралық келісімді орнықтыруымыз қажеттілік болып отырғанын меңзеп «Күллі ұлттық мәдениеттердің кедергісіз өркендеп, кібірткісіз өмір сүруін қамтамасыз ететін арналы шарттардың бірі оларға құқықтық жағдай туғызу болып табылады» [1] - деп анықтап айтты. Президентіміздің сөзі арқашанда мемлекетіміздің саясатының көрінісі. Сол үшін біз азаматтарымыздың ұлттық, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан тең құқықты азаматтықты нығайту, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас және халықтардың мәдени мұрасын сақтау мен дамыту және адамзаттық құндылықтарға қарсы келетін ісәрекеттерге бір кісідей қарсы тұруға міндетіміз деп қабылдауға тиіспіз.

Ұлттан ұлттың артықшылығы жоқ, тек айырмашылығы бар. Ол айырмашылықтың өзі тарихи қалыптасу процесі мен мәдениетінде ғана деп ойлаймын. Осы жерде мен Президентіміздің «Тарих толқынында» деген еңбегінен сөзбе-сөз үзінді келтіргім келіп отыр: «Шынында да, әрбір диоспора өз этносының көбінесе кішкентай бір бөлшегі болып қалатынына ой көзімен қарасақ жетіп жатыр. Өйткені диоспора мәдениеті көбіне өз «этноқұрылыс мәдениетінің» кішкентай бір көрінісін ғана алға тартады ғой. Оның үстіне этникалық Отанының әдетте, басқа саяси, құқықтық, геосаяси жағдайда өркендейтіні және бар» [2]. Мемлекетіміздегі саяси тұрақтылықтың бір ұшы ұлттардың келісімі мен ынтымақтастығында болып отырғандықтан, ұлттардың ұлттық-мәдени жүйелерінің келісімі мен мәдениеттерінің шендесуі тоқтамай жылжып отыруы керек. Біз іс жүзінде этностардың тығыз қарым-қатынаста болуы үшін ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелеуіміз керек. Осы мақсатымызды Президентіміздің мына сөзі растап тұрғандай «Егер болашаққа сарабал сабырмен қараса, Қазақстан диоспоралары өз «этноқұрылыс мәдениетінің» бір бөлігі болып қана қоймай, ең бастысы Қазақстан мәдениетінің өкілетті өкілдері де бола алар еді... Қазақстан жерінде әлемнің ең ірі халықтарының өкілдері өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге олар біздің елдестеріміз, жерлестеріміз, ал азаматтық деңгейлестігіне келсек, ең алдымен бәрі де қазақстандықтар» [3]. Қазақстан халықтарының ұлтаралық қатынастарын Қазақстан Халқы Ассамблеясы ұлтаралық қатынастарды зерттейтін талдау орталығы ретінде де жұмыстар атқаруда. Бүгінгі күні консультативті орган болып отырған Ассамблея тек Республика орталығында ғана емес әрбір облыс орталығында, аудандарда халықтар достығы орталықтары жұмыс істеп ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастырып дамытуда. Сондай-ақ біздің Түркістан облысындағы Қазығұрт ауданы көп ұлтты ауданның бірі, онда 160092 халық тұратын болса, оның 99818 қазақтар, 5559 өзбектер, 360 орыстар, 1 әзербайжан, 230 татар, 25 түрік, 6 кәріс, 3 украйын, 20 курді, 55 неміс, 138 ұйғыр, 130 парсы, 19 шешен, 33 қырғыз және 57 басқа ұлт өкілдерінен тұрады. Мемлекетіміздің сарабал саясатының арқасында тату-тәтті өмір сүріп отырған бұл ұлт өкілдерінің тарихын, мәдениетін жастарымызға үйрету мен ұлттар достығы рухында тәрбиелеу ұстаздардың да міндеті деп білемін. 2007 жылдан бері мектепте таңдау курсы есебінен «Қазақстан халықтары мен мәдениеті тарихы» деген тақырыппен сабақ өтіп келемін, бұл таңдау курсы оқушыларға өзге ұлттардың елімізге қоныс аудару тарихы мен мәдени дамуын, мәдени мұралары туралы мағлұматтар береді. Сонымен бірге ұлттар достығына тәрбиелейді. Біздің ауданда өзбек ұлтының ең көп мекен еткен ауылы Турбат деген жер бар. Ол жерде тарихтан белгілі Қожа Ахмет Иассауидің жолын қуушы Смайыл ата және оның ұрпақтары мен шәкірттері Жәбрейл ата, Ысқақ ата, Қошқар ата және Атайы аталардың оқу ордасы мен олардың мәңгілік мекеніне айналған Турбат ауылы бар. Бұл орта ғасырлардың сыр шертетін айрықша мекен. Осы жерге шәкірттерімен экскурсияға шығып, ұлы тұлғалардың тарихымен танысып, бүгінгі күнде мазарымыз бен базарымыз бір болып отырған өзбек ұлтының ұлттық дәстүрі мен мәдени байлықтарымен жақыннан таныстырамын. Ауданымызда 1991 жылы өзбек ұлт орталығы құрылған, 1995 жылы Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылғаннан кейін, «Өзбек ұлттық мәдени орталығы болып» болып қайта құрылды. Жылдар өткен сайын келелі істерді атқарып, жақсы істердің жанашыры болып келеді. Еліміздегі этностар өмірінің сан алуан қырлары мен салт-дәстүрлерін насихаттауда Республикамызда 11 ұлттық газет, өзге ұлттардың жинақы тұратын аймақтарында 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар тарататын радиостудия

жұмыс істейді. Ал Түркістан облысының өзінде «Жанубий Қозоқстон», «Жонуб ёрчилари», «Сайрам собаси», «Испиджаб», «Адобиег ва соанат», «Мактабдошлар» сияқты басылымдар үзбей шығып, еліміздің түкпір-түкпіріне тарайды. Сонымен бірге түркі халықтарына бірдей «наурыз мейрамы», «сумалак», «алимботқа», «палау мейрамы» өткізіліп тұрады. Әр жылы 25-қыркүйекте облыс көлемінде «Өзбек халықтарының тілі мен салт-дәстүрі» күндері ішарасы өтеді. Мұндай іс-шаралар тек той-думан сипатында ғана өтіп қоймайды өзге ұлттардың әдеп-ғұрпын насихаттайды, жастарды ауызбіршілік пен еңбекке тәрбиелейді. Сондықтан да ауданымыз мұндай іс-шараларға айрықша көңіл бөледі. Республикамыздағы этникалық топтардың жастарына айрықша көңіл бөліп, олардың тығыз орналасқан жерлерінде өз тілінде оқитын мектептер ашылған болса соның төртеуі біздің ауданда, олар «Турап Тула», «Қазанның 30 жылдығы», «Қызыл дихан» және «Жаңа тірлік» мектептері. Өз ана тілінде оқитын өзбек балалары аптасына 5 сағат Қазақ тілінен білім алады. Облысымызда «Мемлекеттік тілді білу парызым» деген байқаулар да жыл сайын өткізіледі оған өзге ұлт өкілдері қатысып бақ сынайды. Мектептерде жоғарғы оқу орнына түсу үшін жер-жерлерде тесттер ұйымдастырылады, жоғары балл жинаған оқушыларға Ассамблея тарапынан квота беріледі. Біздің ауданнан Одилов Сардар Хамраевич және Муминов Салтанат Усеровна сондай жеңілдікті жеңіп алғандардың бірі. Осындай істердің барлығы Елбасының қоғамдық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, этнос және конфессионалды қарым-қатынасты реттеудің тиімді механизмін табуда болып отыр. «Ол тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындады және жаңа қоғам орнату ісіне лайықты үлес қоса білді. Ассамблея Қазақстанның көпұлтты халқын топтастырудың нақты институтына айналды» [4] -деген сөздері осыған дәлел. Елбасымыздың басшылығымен еліміздің ұстанған саясатының арқасында бір мемлекеттің аясында өмір сүріп отырған әр түрлі конфессиялардың рухани жағынан дамуы мен бір-бірімен жақындасуы жақсара түсуде. Халықтың да көкесегені осы. Ұлттар арасындағы жіктер мен тіпті бір ұлттың өз арасындағы жіктің тууы мемлекет үшін қатерлі болатынын тарих бірнеше рет дәлелдеген. Мысалы 1948 жылы Арабтардың тәуелсіздік алғаннан кейін өз ара соғысуы оның ақыр соңында бөлшектенуіне әкелді, тіптен өзіміз куә болған мызғымас Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін өз ішінде соғысуы осы ұлттар мәселесіне тікелей қатыстылығында болды. Өзбекстандағы, Балтық жағалауындағы және Кавказдағы осындай келеңсіздіктер көптеген адамдардың қанымен өтелді емес пе? Біздің елдің 30 жылда қолымызды жеткізген бірден-бір артықшылығы ұлттардың тату-тәтті өмір сүруі. Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Леонид Прокопенко «Тарих, барлық жаһандық стандарттар мен ғылыми техникалық прогрестің жетістіктері енгізілуіне қарамастан, біздің ғасырлар бойы жинақтаған, бүгінгі күні де табандылық танытып отырған ісәрекеттің тарихи үлгілерін анықтайды. Шын мәнінде, бұл - мақтан тұтатын, оны әрбір ісіміз бен сөзімізде көрсететін біздің ұлттық сипатымыз» - деп жазады [5]. Отандасымыздың бұл сөздері еліміздің ұлттар саясатына қатысты бұқаралық сананың қалыптасуын көрсетеді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін ұлттар жөніндегі қате пікірлерден үнемі бас тартуымыз керек, олар 1) ұлттық өзімшілдік, 2) мемлекетіміздегі ұлтаралық шиеленістер, 3) өзіміздің мүдделерімізді ғана қорғау. Бір сөзбен айтқанда жау жерден жау іздемей өзіндік ұлттық мазмұнда дамуымыз керек. Еліміздегі этносаралық қарым-қатынас тәуелсіздігіміздің арқасында дамып отырған тұста әр ұлттың мәдени мұраларын сақтаумен «қазақстандық өркениетке» жетуімізге ат салысайық. Жастар тәрбиесінде адаспайық «Өркенің өссін» деп бата беретін халықтың ұрпағы біздер ата салтымыздан адаспайық, еліміздегі әр түрлі ұлттармен біртұтас болсақ алар асуымыз көп болады. Бұл ретте Елбасының «Біз сіздермен бірге өзіміздің көпұлтты Отанымыздың саяси тұрақтылығын, ұлттық татулықты, ұлтына діні мен нанымына қарамастан, барлық азаматтарымыздың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін сақтап қалу жолында орасан зор жұмыстар жүргізетін боламыз» [5] деген Елбасының сөзіне бір кісідей сенейік және сол жұмыстардан шет қалмайық. Бұл бағыт бойынша еліміздің саясаты дұрыс жолмен келеді, оған шүбә жоқ. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі, келісімі тек қазақстандықтарға керек, сондықтан да этносаралық салт-дәстүрлердің сақталуы Қазақстан халықтары арасындағы ынтымақтастық кепілі болмақ.

**Әдебиет**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. - 12 сәуір.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003.
4. Прокопенко Л. Рухани жаңғыру үдерістерінің өзегі // Егемен Қазақстан. – 2019. - 14 қаңтар.
5. Қазығұрт энциклопедиясы. – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2002.

УДК 37.03 (37.033)

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ, РУХАНИ САЛАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ, БІРІКТІРУШІ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТЕРЕҢДЕТУ**

**Успанова Ф.А.**

Хромтау тау-кең жоғары колледжі директорының оқу-ісі  
жөніндегі орынбасары, Ақтөбе обл., Хромтау қаласы, ufarida.64@mail.ru

**Ануар Ж.А.**

№107 лицейдің математика пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан,  
zhanan676@mail.ru

**Андатпа.** Заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген ұстаз ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде санала алатындықтан да, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге оның нәтижелерін үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті мамандықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» – деп атап көрсетілген. Олай болса, туған жер, патриотизм, өз елінің мәдениеті мен салт-дәстүріне елжандылықпен атсалысу, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру жұмыстарын білім беру ісі мен ғылым саласы өкілдерінің қызметінсіз көзге елестету еш мүмкін де емес. Сондықтан да мұны, Елбасы: «...бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі ерте кезден туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» деп орынды ескертеді. Аталған игілікті шараларды орындау жұмысы білім беру саласының қызметкерлеріне, жергілікті жерлердегі билік өкілдеріне үлкен міндеттер жүктейді.

**Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, ұлттық код, ұлттық болмыс, тіл, рухани құндылықтар.

**«RUHANI ZHANGYRU» PROGRAM: MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS, TRANSFORMATION OF THE SPIRITUAL SPHERE, DEEPENING OF UNIFYING NATIONAL VALUES, KAZAKHSTAN'S PATRIOTISM AND CITIZENSHIP**

**Uspanova F.A.**

Deputy director for academic affairs of khromtau Tau-Ken higher college, Aktobe region., Khromtau,  
ufarida.64@mail.ru

**Anuar Zh.A.**

Mathematics teacher of Lyceum No. 107, Almaty, Kazakhstan,  
zhanan676@mail.ru

**Abstract.** Since only a teacher who is passionate about innovation in modern education, creative, engaged in teaching and learning, mastering new teaching technologies can be considered a leader with high skills and knowledge, the state program for the development of education in the Republic of Kazakhstan An effective system of education management will be created to improve the quality of training of qualified and competitive personnel, and to ensure the formation of a competent individual, a competitive profession, able to solve

creatively, understand the personal and social significance of professional activity and be responsible for its results. Therefore, it is impossible to imagine the work of the native land, patriotism, patriotic participation in the culture and traditions of their country, the sacred spiritual values of Kazakhstan or the project “Geography of the Holy Lands of Kazakhstan” without the activities of education and science. Therefore, the President said: “... it provides for a large-scale study of local lore in the field of education, focusing on improving the environment and landscaping of settlements, restoration of historical monuments and cultural facilities at the local level.

The best example of patriotism should be the study of the history of the native land from ancient times. “The implementation of these charitable activities imposes great responsibilities on education workers and local authorities.

**Key words:** Ruhani zhangyru, national code, national identity, language, spiritual values.

Рухани жаңғыру – еліміз үшін маңызы зор жаңалық. Қазіргі таңда еліміз көз ілеспес шапшаңдықпен дамып келе жатыр. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстағанымыз жөн.

Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымыздың нығайып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады. Мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыруымыз қажет.

Рухани жаңғыру – ол ең бірінші жас ұрпаққа берілетін ұлттық және рухани тәрбие. Ал сол ұлттық және рухани тәрбие ең бірінші отбасынан бастау алып, балабақша, мектеп, колледж және жоғарғы оқу орынында жалғасын табуы қажет [1].

«Рухани жаңғыру» идеясы – қоғамдық сананы жаңғыртуды мақсат еткен бірегей жоба. Бұл бағдарламаны жариялағандағы Тұңғыш президентіміздің мақсаты – қазақстандықтардың рухани құндылықтарын қайта оятып, Қазақстанды әлемдегі өркениетті елдердің отыздығына ендіру болатын. Ал, бұл мақсаттың жүзеге асуына бүкіл ел мүдделі болғандықтан, мақала жарыққа шыққан уақыттан 4 жыл өтсе де, қазірдің өзінде қазақстандықтар бағдарламаның іске асуына атсалысуда.

«Рухани жаңғыру» ең алдымен жастардан басталуы керек. Өйткені, өскелең ұрпақ – Қазақстанның болашағы. Сондықтан жастар тәрбиесі бүгінгі күн тәртібіндегі басты тақырып.

Құндылықтар жүйесінде тек білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табысқа жетеді. Жастар басымдық беретін межелердің қатарында білімнің үнемі бірінші орында тұруы шарт. Бұл – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған ой.

Бүгінгі әлемдік бәсекелестік заманында бізге сергектік пен серпіліс керек. Тың идеялар ғана жаңа нәтижелі көкжиектерге бастайтын серпіліс. Бұл ретте барлық оқу орындары қоғамдық сананы жаңғыртудың қозғаушы күші болуы тиіс

Тіл – халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәріміз де қолдаймыз.

Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игеруіміз қажет.

Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті.

Біз еліміздің тірегі, мемлекетіміздің беріктігі өзіміздің қолымызда екенін айқын түсінеміз. Келешектің кепілі – білім беру ісіне ерекше көңіл бөліп, отандық білімді жаңа сатыға көтеру, Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастап берген сара жолын жалғастырып, жаңа технологияны игеріп, үштілдікті меңгерсек, өркениетті озық елдердің бірі – біз боламыз деп сеніммен айта аламын!

Жастардың денсаулығын нығайтуда, спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтыру, салауаттылыққа тәрбиелеу оқу орындарының негізгі мақсатты жоспарларының бірі болуы шарт.

Жастарымыздың жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы болып қалыптасуына әрбір ата-ана мен оқу мекемелері бірдеу жауапты.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан келіп туындаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» бүгінгі таңдағы кәсіптік білім арудың қолжетімділігі мен ондағы білім сапасын арттыру, студент-жастардың жатақханалық жағдайын жақсарту жөніндегі ұсыныстары да ел ішінде тың серпін туғызғанын атап өтуіміз керек. Бұл нағыз дер шағында көтеріліп отырған, көптен айтылмай келе жатқан ең өзекті мәселе екені сөзсіз. Өйткені жыл өткен сайын жастарымыздың кәсіптік білім алуға деген ынта-ықыласы артып келеді. Оның үстіне елдің демографиялық өсімі де жоғарылай түсуде.

Кәсіптік білім беру саласында озық технологияларды енгізу – еліміздегі сапалы кадрларды дайындау мәселесін шешпек. Осыған байланысты кәсіптік білім берудегі тиімді технологиялардың бірегейі – дуалды оқыту жүйесі екенін баса айту керек.

Дуалды оқыту жүйесі барысында студент, өз мамандығын жетік меңгереді, практикалық білімін ертерек жетілдіреді, сонымен қатар қоғаммен тез тіл табысуға үйренеді, өз ортасында беделі жоғары болады және жауапкершілікке тәрбиеленеді. Жұмыс үрдісінде студент өз мамандығына жаңаша көзқараспен қарайды және өз мамандығын жаңылмай дұрыс таңдағанын түсінеді. Осылардан басқа болашақ маман өндірісте жұмыс істей жүріп, жұмыс өтілін жинайды, қосымша табыс табады және оқу орнын бітіргеннен кейін, жаңа заман талабына сай шарттарға байланысты яғни, еш қиындықсыз қызметке орналасады. Дуалды оқыту жүйесінің өндірістік мекемелер үшін тиімділігі қандай?-деген сұраққа тоқталар болсақ: дуалды оқыту жүйесі өндірістік мекемелер үшін таптырмас мүмкіншілік болып табылады. Себебі, мекемелер өздері үшін мамандандырылған кадрлар дайындайды, жұмысшылар іздеу үшін және жұмысшылар таңдауда уақыт үнемдейді және шығынға ұшырамайды. Өндірістегілер жаңа мамандарды үйретуге, алғашқы бейімдеушілік жұмыстарына да уақыт үнемдейді. Мамандар өндірісте жұмыс жасағанда кейбір мәселелер туындамас үшін, жұмыс беруші оқу процесінің барлық уақытын тиімділікпен мұқияттылықпен өткізеді. Оқу орындарымен бірлесе отырып жұмыс жасау өндірістік мекемелер үшін де өте тиімді, себебі өзіне қажетті кадрларды ерте бастан дайындап, болашаққа білікті маман дайындайды.

Дуалды оқыту жүйесінің колледж үшін тиімділігі жоғары екендігін атап өткен жөн. Олар: колледж өндірістік мекемелермен келісім шарт бойынша іскерлік қарым-қатынас орнатады, колледжді бітірген тұлғаларға деген қызығушылығы болады. Өндірістік процесстердегі өзгерістермен оқу орындары оперативті түрде ақпараттандырылып отырылады, мамандарға деген сұраныстарды (өндірісте қандай мамандар тапшы) біліп, сондай мамандықтар енгізуге бейімделеді [2]. Оқу мекемесінің тартымдылық беделі артады, студенттер контингенті жоғарылайды.

Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?

Заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген ұстаз ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде саналады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге оның нәтижелерін үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті мамандықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» – деп атап көрсетілген.

Тұңғыш президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мағынасы терең еңбегіндегі туған жер, патриотизм, өз елінің мәдениеті мен салт-дәстүріне елжандылықпен атсалысу, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру жұмыстарын білім беру ісі мен ғылым саласы өкілдерінің

қызметінсіз көзге елестету еш мүмкін емес дер едік. Сондықтан да мұны Елбасы: «...бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі ерте кезден туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» деп орынды ескертеді [3]. Аталған игілікті шараларды орындау жұмысы білім беру саласының қызметкерлеріне, жергілікті жерлердегі билік өкілдеріне үлкен міндеттер жүктейді.

Ертеде шығыс ғұламаларына 10 жылдығын ойлаған тал өсіреді, 100 жылдығын ойлаған бала өсіреді деп ертеде шығыс ғұламалары айтқандай, осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің барысында жастардың денсаулығы жан-жақты дамыған, салауатты өмірді насихаттаушы, ән ұранымызды шырқатып, көк байрақты желбірететін салауатты өмір салтына лайық, талабы мен жүрегінде оты бар, бір кәсіпті меңгерген жас маман үмітіне дәнекер болып жатсақ қана егеменді еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Қорыта айтқанда, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді.

#### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан.- 2017. -12 сәуір.
2. Назарбаев Н.А. 2014 жылғы 17 қаңтарда «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.- 2014. -18 қаңтар.
3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. 23 қаңтар 2019 жыл // Егемен Қазақстан.- 2019. -23 қаңтар.

**Мазмұны / Содержание / Content**

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ / PLENARY SESSION**

Құнанбаева С.С., Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ ректоры, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі. Алғы сөз	3-4
Шашаев А.К. Рухани жаңғыру аясында ұлттық код және Тәуелсіздіктің тарихи маңызы	5-10
Әбжанов Х.М., Кенжебаев Н.Т. Қазақстандағы қуғын – сүргін сипаты мен ерекшеліктері	10-13
Нұрымбетова Г.Р. Тәуелсіздіктің саяси тұғырлары: сабақтастық пен жаңашылдық	13-17
Симтиков Ж.Қ. Қазақ егемендігінің іргетасын қалаушы көшбасшы	17-23
Ауелгазина Т.К. Қазақ мемлекеттілігін сақтау және нығайтудағы Абылай ханның рөлі	23-28
Мұхаметханұлы Н. Цин империясының Абылай хан жөніндегі танымы мен түсінігі	28-33
Изтаева В.А. Абылай ханның геосаясаты	33-36

**ҚАЗАҚСТАН МЕН АБЫЛАЙ ХАН ТАРИХИ ДАМУ ЛОГИКАСЫНДА  
КАЗАХСТАН И АБЫЛАЙ ХАН В ЛОГИКЕ ИСТОРИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ  
KAZAKHSTAN AND ABLAI KHAN IN THE LOGIC OF HISTORICAL DEVELOPMENT**

Аллез Гзавье. Какое место занимали государственная форма ханства и титул хана в центральноазиатском «репертуаре» политических инструментов XIX-XX вв.?	37-39
Семедов С.А. Современные российско-казахстанские отношения в контексте глобализации	39-45
Вандангийн Алзахгуй. Казахстанско-монгольские отношения на современном этапе	45-49
Зулькафиль Маулет. Моңғолияның заманауи журналистикасының даму ерекшеліктері және көкейтесті мәселелері	49-54
Садвокасова З.Т. Ислам - как препятствие на пути православной проповеди	54-58
Жүзтаева Б.Н., Насырова М.Ю. Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының тарихы (1991-2021 жж.)	58-61
Сержанов Б.Е. Некоторые вопросы оценки уровня жизни в Казахстане Абылай хан в научных исследованиях	62-66

**АБЫЛАЙ ХАН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ  
АБЫЛАЙ ХАН В НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ  
ABLAI KHAN IN SCIENTIFIC RESEARCH**

Айдарбеков З.С. Абылай хан және өскелең ұрпақтың болмысындағы тарихи сананы қалыптастыру	67-70
Шаймарданова З.Д. Абылай хан в зарубежной историографии	71-74

**АБЫЛАЙ ХАН: ЖАҢА ҰРПАҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫ  
АБЫЛАЙ ХАН: ВЗГЛЯД НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
ABLAI KHAN: THE VIEW OF A NEW GENERATION**

Нурмаханова А.Н. Роль и место Абылай хана в укреплении казахской государственности	75-78
Алихан Ә.Ә. Абылай заманы мен қазіргі Қазақстанның сыртқы саясатындағы сабақтастық: салыстырмалы талдау	78-81
Ділдәбек Н.Е. Қазақстан Халқы Ассамблеясы – татулық пен келісім формуласы	82-85

Әлхан З.Б. Абылай хан және тәуелсіздік идеясы	85-89
Абдақова А.Б. Қазақи Бенжамин Франклин	89-94
Секен Д.Қ. Проблемы миротворчества в XXI веке	94-97

**ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛАР  
ИСТОРИЯ И ЛИЧНОСТИ  
HISTORY AND PERSONALITIES**

Оразов Р.Е. Сәлімгерей Нұралыхановтың қоғамдық-саяси қызметі	98-100
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Сатенова М.Р. Султан правитель Западной части Младшего жуза - Айшуак Баймухамед	101-104
Айтбаева А.Р., Шаймерденова К.Г. Подвиги выдающихся казахов-полководцев как основа формирования патриотизма и гражданственности	105-108
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Маргулан А.С. Золотоордынские города западного Казахстана как центр взаимовлияния оседлой и кочевой культуры	108-113

**1 - СЕКЦИЯ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ:  
ТАРИХ БЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН  
СЕКЦИЯ 1 - 30-ЛЕТИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ И СОВРЕМЕННОСТЬ  
SECTION 1 - 30TH ANNIVERSARY OF INDEPENDENCE OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN: PAGES OF HISTORY AND MODERNITY**

Жанақова Н.Т. Университет тарихындағы қоғамтанушы ғалымдардың орны	114-118
Қарабаева З.М. Әлем тілдері университетіндегі білім беру жүйесінің қысқаша тарихы	118-123
Конырбаева К.М. Абылай хан дүниетанымындағы еркіндік идеясы	123-127
Иембеков Е.О. Қазақстанның сыртқы саясаты: жетістіктері мен нәтижесі	128-132
Жумағалиев Р.А., Байсултанова А.В., Хан С.Е. Великое имя Великой степи - Бауыржан Момышулы	132-134
Тасқын А.Т. «Мәдени мұра» – ұлттың рухани бағдарламасы	134-138
Иманғалиева З.Е. Қазақстандық туризмнің ұранына айналған Ұлытау	138-143
Раим С.Н. Ұлттық теңге – тәуелсіздік нышаны	143-146
Өсімбаева И.С. Саяси жүйені жаңғырту үрдісіндегі әйелдердің саяси өмірге араласуының проблемалары	147-152
Сақбекова Ә. Қазақстан ұлттық құрылысындағы бірегейлігінің қалыптасу үрдісіндегі евразияшылдық прагматикасы	152-155
Сайдуллаева И.Х. Великий полководец и дипломат Абылай хан	155-160
Маулен А. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы ролі	160-163
Досжанова А.И., Шілдебай Д.М. Қазақ мемлекеттілігін нығайтудағы Абылай хан мен Бұқар жыраудың ролі	163-165

**2 - СЕКЦИЯ - «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ,  
РУХАНИ САЛАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ  
АЗАМАТТЫҚ**

**СЕКЦИЯ -2. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ,  
ТРАНСФОРМАЦИЯ ДУХОВНОЙ СФЕРЫ, КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ И  
ГРАЖДАНСТВЕННОСТЬ**

**SECTION -2. «RUKHANI ZHANGYRU»: MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS,  
TRANSFORMATION OF THE SPIRITUAL SPHERE, KAZAKHSTAN'S PATRIOTISM AND  
CITIZENSHIP**

Чатыбекова К.К. Страницы истории. Казахстан в начале XX века	166-173
Раев Д.С. Әлем тілдері университеті – әлемдік мәдениет тоғысы (Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-ге 80 жыл толуы қарсаңында туындаған ойлар)	173-178
Ошақбаева Ж.Б. Қазақ хандығы кезеңіндегі мемлекеттілік және мемлекетшіл тұлға идеясы	178-182
Галиев В.В. Порядок вызова исцов и ответчиков на международные съезды России и Китая (конец XIX – начала XX вв.)	182-186
Майлыкутова М.Д., Джекебаева М.А. «Рухани жаңғыру» және ұлттық құндылықтар	187-192
Қарғаев Қ.А. Рухани жаңғыру және ұлттар бірлігі	192-195
Сулеймен Д. Философия власти - аргумент в пользу ненасилия	195-201
Мақсатұлы Н., Кәден Д., Ғылымбек Д. Ағылшын тілін оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың мәселелері	202-206
Vaimukhan B.J., Akhmetova M. The effectiveness of flipped classroom at high school	206-210
Оразханова Н.К. Терроризм как политическое явление в современном Казахстане	211-216
Молдажан А.Е. Қазіргі заманғы фэнтези жанрының пайда болуы және пайда болу көздері	216-220
Маралова Ф.М. Шетел тілі сабағында компенсаторлық құзыреттілікті қалыптастыру үлгісі	221-225
Дюсебаева Г.К. Патриотизм и боевой дух казахов в историческом аспекте	225-229
Nurbekova R.B. The role of a family in modernization of social values	230-234
Майлыбаева Н.З. Этносаралық салт-дәстүрлердің сақталуы Қазақстан халықтары арасындағы ынтымақтастықтың кепілдігі	234-238
Успанова Ф.А., Ануар Ж.А. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы: қоғамдық сананы жаңғырту, рухани саланы трансформациялау, біріктіруші жалпыұлттық құндылықтарды, қазақстандық патриотизм мен азаматтықты терендету	238-241

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Абылай хан атындағы  
ҚазХҚжӘТУ 80 жылдығына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған  
**«II Абылайхан оқулары»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның материалдар жинағы  
14 сәуір 2021

Сборник материалов международной научно-практической конференции  
**«II Абылайханские чтения»**, посвященная 30-летию Независимости Республики  
Казахстан, 80-летию КазУМОиМЯ им. Абылай хана и реализации  
программы «Рухани жаңғыру»  
14 апреля 2021

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference **«II Ablai Khan Readings»**  
dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, the 80th  
anniversary of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
and the implementation of the “Rukhani Zhangyru” program  
April 14, 2021

**ISBN 978-601-270-472-3**

---

Директор издательства  
*Есенгалиева Б.А.*

Компьютерная верстка  
*Ахметова Р.С.*

Подписано в печать 29.05.2021.  
Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>, Объем 15,5 п.л.  
Печать офсетная. Бумага офсетная.  
Заказ № 2020. Тираж 100 экз.



Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200  
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 21-19  
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru